



КАЗАХСКО-РУССКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ҚАЗАҚ-ОРЫС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
KAZAKH-RUSSIAN INTERNATIONAL UNIVERSITY

ВЕСТНИК ХАБАРШЫСЫ BULLETIN

ISSN

2307-5686

Выпуск №1 (18)

АКТОБЕ, 2017 г.



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Международный научный журнал

**«ВЕСТНИК КАЗАХСКО-РУССКОГО
МЕЖДУНАРОДНОГО УНИВЕРСИТЕТА»**

**«ҚАЗАҚ-ОРЫС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ»**

Халықаралық ғылыми журналы

International Scientific Journal

**«KAZAKH-RUSSIAN INTERNATIONAL
UNIVERSITY BULLETIN»**



**ВЕСТНИК КАЗАХСКО-РУССКОГО
МЕЖДУНАРОДНОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

**ҚАЗАҚ-ОРЫС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ISSN 2307- 5686

**Международный
научный журнал**

Выходит 4 раза в год

**Направления: экономические науки, гуманитарные науки, технические и
естественные науки, юридические науки**

2017

Выпуск № 1 (18)

Собственник: Товарищество с ограниченной ответственностью
“Международное высшее учебное заведение” Казахско-Русский
международный университет” (ТОО “МВУЗ” КРМУ”)

LTD “International higher educational
institution “Kazakh-Russian International
University” “LTD “IHEI” KRIU”

Международный научный журнал
«Вестник Казахско-Русского
Международного университета»
издается с 2012 г.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Бердимуратов Темерхан Байбосынович (профессор, доктор
психологии, DBA в сфере управления человеческими ресурсами,
академик Академии Педагогических Наук Казахстана)

Заместитель главного редактора

Алямова Земфира Анвяровна (доцент, к.э.н.)

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

Кусаннов Аскарбек Кабыкенович (профессор, д.п.н., академик,
представитель правления Академии Педагогических Наук
Казахстана)

Алеуова Зарина Жеткергеновна (к.ф.-м.н.)

Утемисов Бактыбай Утемисович (профессор, к.и.н.)

Исайкин Дмитрий Анатольевич (профессор, к.ю.н.)

Каирова Нелля Иمامуратовна (профессор, к.ю.н.)

Кулумбетова Дина Болатовна (профессор, к.э.н.)

Казбекова Гулнур Нагиметовна (доцент, к.т.н.)

Исина Жаннур Аманкелдиевна (доцент, к.ф.н.)

МЕЖДУНАРОДНЫЙ РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Букаев Николай Михайлович (д.ю.н., профессор, академик
РАЕН)

Гатут Л. Будионо (доктор PhD, профессор Университета
Панкасия, Индонезия)

Рогожникова Татьяна Павловна (д.ф.н., Омский
государственный университет им. Ф.М. Достоевского, РФ)

Михалис Глампедакис (профессор по направлению математика,
Технологический образовательный институт, Афины, Греция)

Николас Оурусофф (профессор по направлениям информатики
и психологии, государственный университет в Нью Мексико,
США)

Азрил Азахари (доктор PhD, профессор Университета Трисакти,
Индонезия)

АДРЕС РЕДАКЦИИ

030006 г.Актобе, ул. Айтеке би, 52. Тел. +7(7132) 21-73-65, ф.:21-
42-12.

E-mail: vestnikkrmu@mail.ru, web-site: [http:// www.krmu.kz/](http://www.krmu.kz/)

«ҚОХУ Хабаршысы» Халықаралық
журнал мақалаларының тақырыптамасы
элеуметтік-гуманитарлық және
жаратылыстану техникалық ілімдер
салаларында. Жарыққа шығатын
материалдарда аталған бағыттардағы
өзекті мәселелер, эмпирикалық
зерттеулер нәтижелері қарастырылады.

Тематика статей международного
журнала «Вестник КРМУ» отражает
научные интересы специалистов в
области социально-гуманитарных и
естественно-технических знаний. В
публикуемых материалах рассматри-
ваются актуальные проблемы данных
направлений, обсуждаются результаты
эмпирических исследований

The subject of international journals articles
in “Vestnik KRIU” are socially humanitarian
and natural-technical fields. Urgent problems
of philosophy, psychology and sociology are
considered in published materials. There are
results of empirical researches in the articles

Журнал зарегистрирован в Комитете
информации и архивов Министерства
Культуры и информации Республики
Казахстан (№ 13379-Ж
от 19 февраля 2013 г.)

Территория распространения —
Республика Казахстан,
Российская Федерация
Дата выхода: 30.03.2017 г.

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ / ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

Аманғалиқызы А. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА КӘСПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰСТАРЫ	7
Асанова Н.А. ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ	12
Ахатай Қ. Н. ЖАСЫЛ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ	17
Баймағанбетов Б.У., Дүйсенбаева Б.Б. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК САЯСАТЫ	21
Достанова А.Қ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ СҰРАНЫСЫН ДИФФЕРЕНЦИЯЛАНҒАН ТӘСІЛДЕМЕ БОЙЫНША МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ	26
Жумагулов Ч. Б. УПРАВЛЕНИЕ ФИНАНСОВЫМИ РИСКАМИ ПРЕДПРИЯТИЯ	34
Камбарова Б.Б. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ	38
Кондратова А.Ж. ЫНТАЛАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЫ	42
Садықов Т.У., Садыкова Р.К. ПЕРСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЁНОЙ» ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ	45
Танатов А.Е., Дүйсенбаева Б.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ДАМУ ТАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ	53
Туралиева А.У. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ	58
Турманбетова С.К. КОРРЕЛЯЦИОННЫЙ АНАЛИЗ КРЕДИТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДБ АО «СБЕРБАНКА»	63
Шапқынова Қ. КӘСПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	68

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ / ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ

Айтназаров М.Ш. ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫС КЕЛІСІМ-ШАРТЫНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ	71
Атабекұлы М., Каирова Н.И. ЛАТЕНТНАЯ ПРЕСТУПНОСТЬ КАК ОБЪЕКТ КРИМИНОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ	75
Әбілғазиева А.А., Құлтанова Б.Б., Избасарова А.Б., Жангелдина А.Н. МЕДИАЦИЯ ТАТУЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ	80
Әбшанов О.Ә. ДАРА КӘСПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ	84
Балмағамбетова В.М., Чупина В., Шандыбаева А. К ВОПРОСУ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	88
Бекет Д. Б. ПОНЯТИЕ ВИНЫ, КАК ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ПРИЗНАКА СОСТАВА УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ	92
Едильбаева С.З. АР-НАМЫСТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАЛАУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАЛУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ	97
Жапарова Ж. АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ АДАМЗАТ ПАРАСАТТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ	102
Казиев А.Б. ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ	

КОРРУПЦИОННЫМ ПРЕСТУПЛЕНИЯМ В СФЕРЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ	106
Кәрібеков А.А. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	113
Кәрібеков А.А. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ АДАМ, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ	121
Қаламов Ғ. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ	126
Қаламов Ғ. МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	132
Қуатова А.А., Орынбасар С. ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БОЛДЫРМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛУДА	134
Мусин А.К. К ВОПРОСУ ПРОФИЛАКТИКИ КОРЫСТНО-НАСИЛЬСТВЕННОЙ ПРЕСТУПНОСТИ	139
Намешов А.К. ЖЫМҚЫРУ ЗАРДАБЫ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ	144
Нұрлыбаева А.Қ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘЖІРІБЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	147
Оскинбаев Р. РЕТРОСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	152
Садақбаев Д.Е. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ	156
Садақбаев Д.Е. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	160
Салбаева А.Б. ОБЯЗАТЕЛЬСТВА С УЧАСТИЕМ ТРЕТЬИХ ЛИЦ В ГРАЖДАНСКОМ ПРАВЕ РК	163
Сәдіргалиева Б.Б., Орынбаева Ж.Ж., Әбілсейтова Ж.А., Тәуекел Ж.Ж., Дүйсенбек Д., Каирова Н.И., Избасарова А.Б. ГЕРМАНИЯ МЕДИАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ	168
Сергалиев Н.С. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ	171
Сергалиева А.А., Избасарова А.К. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА	177
Сейтмахамбет С.Н. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САРАЛАУДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	179
Сейтмахамбет С.Н. КЕЙБІР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	182
Татранов А.Е. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП ТЕКСЕРУДІ ҮЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	189
Тлегенов М. К ВОПРОСУ О КОНФИСКАЦИИ ИМУЩЕСТВА КАК МЕРЫ УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ	194
Тулебаев Р.М. АЛҚАБИЛЕР ИНСТИТУТЫН ҚҰРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	198
Тулебаев Р.М. АЛҚАБИЛІК КАНДИДАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	205
Уртамбаев А.М., Али М.Е. ПРАВОВАЯ ПРИРОДА ДЕНЕГ, КАК ОСОБОГО	

ОБЪЕКТА ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА	213
Уртамбаев А.М., Али М.Е. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН ЗА НЕИСПОЛНЕНИЕ ИЛИ НЕНАДЛЕЖАЩЕЕ ИСПОЛНЕНИЕ ДЕНЕЖНОГО ОБЯЗАТЕЛЬСТВА	219

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ / ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Байдильдинова М.В, Габаева И. САМОПОДГОТОВКА К СИНХРОННОМУ ПЕРЕВОДУ	224
Нурадинова Н. Ж. М.ӘУЕЗОВ ДРАМАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЕБЕРЛІК	227
Нурадинова Н. Ж., Дилмагамбетова С. С. ҮШТІЛДІК ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН ҰРПАҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	233
Тағжанова Ғ. ДИСКУРС ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ	238

ТЕХНИЧЕСКИЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ / ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Алитурлиев А.С. АЙМАҚТАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ	242
Арыстанғалиев И.А. ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ НА ПРЕДПРИЯТИИ	248
Бермухамедов М.М. СНИЖЕНИЕ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ТРАВМАТИЗМА	255
Имангазин М. К. Айсиева Ж. Ж. МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ ВОЗДЕЙСТВИИ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ ПОЛИГОНА ПО ПРИЕМУ И ПЕРЕРАБОТКЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ И ХОЗЯЙСТВЕННО-БЫТОВЫХ СТОЧНЫХ ВОД В МУГАЛЖАРСКОМ РАЙОНЕ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	260
Казбекова Г.Н., Нурбаулин С. Б. АҚПАРАТТЫҚ ОРТАДА ҚАУІПСІЗДІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	265
Калиева А.А. РАЗРАБОТКА ОЦЕНКИ ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ	269

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰСТАРЫ

Амангалиқызы Асылай

«Қаржы» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада қазіргі жағдайдағы кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың теориялық жағы да, әдістемелік жағы да сарапталған.

Түйінді сөздер: кәсіпорын, кәсіпорын қаржылары, қаржылық жоспарлау, қаржылық ұйымдастыру, қаржылық қатынастар.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ И ПРАКТИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ ОРГАНИЗАЦИИ ФИНАНСОВ ПРЕДПРИЯТИЯ

Амангалиқызы Асылай

Магистрант специальности «Финансы»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся современного состояние теоретических и практических аспектов организации финансов предприятия.

Ключевые слова: предприятие, финансы предприятия, финансовое планирование, организация финансов, финансовые отношения.

THE MODERN STATE OF THEORETICAL AND PRACTICAL ASPECTS OF ORGANIZATION OF FINANCE OF ENTERPRISES

Amangalikyzy Assylay

Master's Degree student of speciality «Finance»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article discusses the issues concerning the contemporary state of the theoretical and practical aspects of organization of Finance of enterprises.

Keywords: enterprise, enterprise Finance, financial planning, organization of Finance, financial relations.

Кез-келген кәсіпорынның қаржылық жоспарын ұйымдастыру — бұл қаржыны және шектесуші экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау процесі және қаржы жоспарының қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жиынтығы. Сөйтіп, қаржы жоспарын басқару — бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты; қаржы жоспарының механизмі — бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржы жоспарының саясаты — қаржыны жоспарын басқарудың тиісті процесінің түпкілікті қорытынды нәтижесі. Бұл орайда қажетті нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты ықпал жасаудың *әдістерімен тәсілдері* пайдаланылады [1].

Кәсіпорындағы қаржын жоспарын басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерілімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде (ұштасуында) көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржыны жоспарының көрсеткіштерін басқарудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

- басқарудағы демократизм;
- қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме (көзқарас);
- басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі (ұштасуы);
- басқарудың ғылымилығы;
- орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудағы келісушілік;
- басқарудағы жауапкершілік; шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қаржы жоспарын басқарудағы ғылыми көзқарас қаржы қатынастарының әрбір сферасында, олардың әрбір буынында оны басқаруға көп жоспарлы сипат пен жүйелі көзқарасты айқындайды. Заң жағынан қаржылық болжамдар мен жоспарларда, қаулыларда және басқаларда ресімделетін қаржылық сипаттағы басқару шешімдерін әзірлеген кезде экономикалық және заңды талаптарын, өткен шаруашылық кезеңнің қорытындыларының ғана емес, сонымен бірге келешек экономикалық талдаудың нәтижелерін, экономикалық-математикалық әдістер мен қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесін, басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің ұтымды үйлесуін ескерген жөн. Қаржыны ғылыми басқару іс-қимылға жаңа қаржы әдістері мен тұтқаларын енгізу немесе ескілерінің күшін жою жолымен келеңсіз құбылыстарды уақтылы жеңіп отыруды қажет етеді. Сонымен бірге айқын және уақтылы экономикалық ақпарат, ғылыми негізделген көрсеткіштер, жоғары сапалы перспективалық және ағымдағы қаржылық жоспарлау талап етіледі.

Кәсіпорын қаржыларын ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- қаржылық-шаруашылық қызметтегі дербестік;
- өзін-өзі қаржыландыру және басқару;
- жұмыстың түпкілікті нәтижелеріне мүдделілік;
- қол жеткен нәтижелерді еселей түсу;
- қаржы резервтерін жасау;
- қаржыны меншіктік және қарыз деп екіге бөліп ұстау;
- мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс қорлардың алдындағы міндеттерді бірінші

кезекте орындау;

- кәсіпорын қызметтеріне қаржылық бақылау жасау [2].

Қаржылық қатынастар құрамы кәсіпорындағы ақша қатынастарының мына топтарымен тығыз байланыста болады:

- контрагентпен алғашқы табыстарды қалыптастыру қорларды толық белгіленген ішкі шаруашылық негізінде құру және пайдалану (жарғылық капиталы, өндірісті дамыту қоры, көтермелеу (ынталандыру) қорлары және т.б) жөнінде;

- кәсіпорындармен — қаржыларды бөлу тәртібі бойынша, қаржы

- ресурстарының қозғалысы қордан тыс нысанда жүзеге асады (келісім-шарт міндеттерін бұзған жағдайда айыппұлдар төлеттіру және төлеу, әр түрлі пай жарналарын (үлес) енгізу, бірлесіп тындырылған қызметтерден түскен пайданы бөлісуге қатысу, басқа кәсіпорындардың бағалы қағаздарын пайдалану және соның негізінде дивидендтер алу және т.б); өнімді тұтынушылармен жасалған шарттарды орындау барысында

кәсіпорындар келісімдердің нысандары мен түрлерін өздері таңдайды, міндеттердің орындалу шарттарын және санкция қолдану тәртіптерін анықтайды, өзінің өнімдері мен қызметтеріне қарай бағаны қалыптастырады және жеткізушілердің баға негіздерін де бағдарлайды;

- сақтандыру ұйымдарымен міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша;

- банктер жүйесімен алынған сомаларды және қарыздарды өтеуге бағытталған проценттерді төлеуге байланысты есеп айырысу-кассалық қызметтер көрсету, сонымен қатар банктер ұсынған нақты төлеммен уақытша бос ақша қаражаттарын пайдалану мәселелері бойынша;

- мемлекетпен бюджеттік және бюджеттен тыс қорларды құру және пайдалану. Ақша қатынастарының бұл бағыттағы жұмысы бюджеттік және бюджеттен тыс қорларға әр түрлі салықтар, алымдар, жарналар жүйесін енгізу арқылы жүргізіледі;

- бағынышты басқару құрылымдарымен ішкі салаларда қаржы ресурстарын бөлуде "тікелей" және "көлденең" өзара байланыста болуы.

Ақша қатынастарының бұл топтары кәсіпорын қаржыларының тұтас мазмұнын құрайды. Шаруашылық субъектілерінің ақшалай табыстары және жинақтарының қалыптасуына қарай, оларды банк жүйесі алдындағы міндеттерін орындау, ағымдағы шығындар және өндірістің жұмысын кеңейту, еңбеккерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету және материалдық ынталандыруларды қаржыландыру қажеттіліктеріне пайдаланады.

Қаржы механизмі - бұл қаржы ресурстарын ұйымдастыру, жоспарлау және тиімді пайдалануды көздейтін өзара тығыз байланысты мына төмендегі бес элементтердің жиынтығы: қаржы әдістері; қаржы тетіктері; құқықтық қамтамасыз ету; нормативті қамтамасыз ету; ақпараттық қамтамасыз ету.

Нарықтық қатынастардың даму деңгейіне қарай, қаржының өндіріс пен айналыс арасындағы қызметтері коммерциялық есеп айырысуға байланысты. Бұл қаржы-шаруашылық қызметтерінің шығындары мен өндірістің түпкі нәтижелерін ақшалай нысанда бағалау деген сөз. Жалпы алғанда, өндіріске коммерциялық есепті енгізудегі ең басты мақсат — шығынды аз жұмсап, жақсы нәтижеге жету, яғни жоғары деңгейде пайда табу.

Қаржы тетігі — бұл қаржы әдістерін кәсіпорынның іс-әрекеттерінде қолдана білу. Құқықтық қамтамасыз етуге заң актілерінің, қаулылардың, жарлықтардың, басқа да құқықтық құжаттардың орындалуы жатады. Нормативті қамтамасыз ету мыналар арқылы көрінеді: инструкция, нормативтер, нормалар, тарифтік ставкалар, әдістемелік нұсқаулар мен көрсеткіштер және т.б.

Нарықтық қатынастары жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі сұрақтарды қарастыр-мас бұрын, "қаржылық жағдай" дегеніміз немесе "қаржылық жай-күй" дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет "Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оның қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады" деп жазған [3].

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;

- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорын табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;
- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;

Нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызметінің тәжірибелік бағыттылығы кейбір тәсілдер мен осы позициямен бірге жүретін принциптерді нақтылауды талап етеді. Қазіргі кезде қаржылық болжау процесінде алғдыңғы қатарға ақша ағынын дисконттау моделі ұсынылады. Шаруашылық субъектілерінің қаржылық жоспарында ақша ағынын дисконттау және модельдерді есепке алуды құрастырудың қажеттілігі төмендегі жағдаймен анықталады: қаржылық нәтижені болжау кезінде көрсетілетін шығындардың көп бөлігі төлемдер тәртібіне әсер етпейді. Мысалы, шаруашылық субъектілерінің айналым қаражаттары оның шығын ретінде пайда және шығын болжамына түскенге дейін төленеді. Осыған байланысты, төмендегідей тұжырым жасауға болады: пайда есепті шотта немесе кассадағы ақшалай қаражаттардың артықшылығын сипаттамайды, ал нақты ақшаның артық көлемі өз кезегінде кәсіпорын пайда алып жатыр дегенді білдірмейді.

Кәсіпорынның төлем қабілетсіздігі жағдайында бұл маңызды мәселеге айналуы мүмкін, өйткені нақты ақшаның артық көлемі пайдалы жұмысты сипаттамайды. Кейінге қалдырылған кредиторлық қарыздың жоғарғы деңгейін иеленгенде кәсіпорын маңызды қаржылық қиыншылықтарға ұшырауы мүмкін, өйткені кредиторлардың қысымы дебиторлық қарызды алғанға дейін, кәсіпорын қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Ақша ағынының болжам моделін жасаудың негізгі тапсырмасы ақша қаражаттарының түсімі мен шығындалуының синхрондылығын тексеру, кәсіпорынның болашақтағы өтеулілігін бағалау, болып табылады және осылайша қабылданған басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру [4].

Әлемнің дамыған елдеріндегі кәсіпорындардың қаржылық жұмыстарының тәртібі қаржылық болжау процесіндегі алғашқы орында нақты ақша қозғалысын болжаудың алатынын растайды. Бірақ, өнеркәсіптік дамыған елдердің тәжірибесінде нарықтық шаруашылық жағдайында қаржылық болжау ғылыми және тәжірибелік аспектіде қызығушылық тудырады, бірақ оны зерттеу, көшіру үшін емес, республика экономикасының қазіргі жағдайының ерекшеліктері мен экономикалық реформалардың даму дәрежесін есепке ала отырып пайдалану үшін керек.

Қаржылық болжаудың отандық жүйесінің нақты ақша қозғалысының талдауын қамтымайтындағы жөнінде атап айту керек. Бірақ, бұл тапсырма жедел қаржылық жоспарлау процесінде төлем күнтізбесін және кассалық жоспарды құруға жүктеледі, ал бұл дисконттау моделімен салыстырғанда жекелеген ақша ағынын, қаржылық көрсеткіштердің динамикасын қарастыруға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, қаржылық болжаудың әр түрлі концепцияларын салыстырмай тұрып, олардың мәнін анықтамас бұрын ақша ағынының дисконттау моделін (мұнда одан әрі де дисконттауды, тек қана оның жеке құрамы ретінде ақша ағынын алғашқы кезеңге дисконттау коэффициенті арқылы келтіру ғана емес, болжау моделі ретінде қарастыру сөз болады) қарстыру негізсіз болады. Біріншіден, біз неліктен қарастырылып отырған концепцияны ұстанамыз. Екіншіден, болжау объектісі ретінде тек қана жалпы кіріс пен амортизация ғана емес, тұтасымен қаржылық ресурстарды болжауды қолдануды нақты негіздеу талап етіледі. Осы концепциялардың мәні төмендегіше.

Қаржылық болжау объектісі ретінде кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесі алғашқылары болып қолданылады. Осы концепцияның екіншісінде қаржылық болжаудың объектісі ретінде ақшалай қаражаттардың жиынтық қалдығы қатысады. Біздің пікірімізше, концепциялардың екіншісі талғамға ие болып табылады, өйткені ол

болжаудың кең объектісін қамтиды, бір мезетте қаржылық нәтижелерді болжаудың аралық этаптарын да өзіне қамтиды. Қаржылық ресурстардың қозғалысын болжаудың орны мен ролі қатынасында қаржылық болжаудың қарастырылып отырған концепциялары арасында анық қайшылық жоқ сияқты.

Алғашқы шарт бұл жерде уақыт факторына келіп тіреледі. Егер де сөз болашаққа болжау туралы болатын болса, онда қаржылық нәтижелер болашаққа болжау объектісі болады, ал нақты ақшаны болжау мүмкін көп нұсақалы сипатта болады, онда қаржы ресурстарының қозғалысын болжау кәсіпорынның қаржылық жоспарын құру процесінде жедел божау элементі ретінде қарастырылады. Кәсіпорын басшылығы осы кәсіпорынның материалдық – техникалық базасын нығайтуға және оны жаңартуға қатаң көңіл аударуы қажет. Жоғарыда көрсетілген кәсіпорынның негізгі көрсеткіштерін пайдалану нәтижесінде, біздің пікірімізше, негізгі құралдардың табиғи (моральдық) тозуын алдын ала жүйелі түрде болжау арқылы тозу коэффициенті жағымсыз құбылысқа жеткізбей кәсіпорын қаржысын тежеу мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева М.М. Планирование деятельности фирмы: Учебно-методическое пособие. - М.: Финансы и статистика, 2007.
2. Грязновой А.Г. Финансово-кредитный энциклопедический. - М.: Финансы и статистика, 2005.
3. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент: теория и практика. М., 2006.
4. Қайырбаева А.Е. Кәсіпорын экономикасы. А. 2011.
4. Ковалев В.В. Ведение в финансовый менеджмент. - М.: Финансы и статистика, 2007.

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ

Асанова Назгул Аманкуловна

«Қаржы» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада халықты әлеуметтік қамтамасыз ету түсінігін жан-жақты талқылап, әлеуметтік қамтамасыз ету түрлерін, қаржыландыру көздерін зерделеген.

Түйінді сөздер: әлеуметтік қамтамасыз ету, адам, зейнетақы, жәрдемақы, адам құқтары, әлеуметтік қызмет, мемлекет.

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ СОЦИАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Асанова Назгул Аманкуловна

Магистрант специальности «Финансы»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются концептуальные основы понятия социального обеспечения населения, виды социальных обеспечений и источники их финансирования.

Ключевые слова: социальное обеспечение, человек, пенсия, пособия, права человека, социальная функция, государство.

CONCEPTUAL BASES OF SOCIAL SECURITY OF POPULATION

Assanova Nazgul Amankulovna

Master's Degree student of speciality «Finance»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article discusses the conceptual basis of the concept of social welfare, social services and the types of funding sources.

Keywords: social security, people, pension, benefits, human rights, the social function, the state.

Әлеуметтік қамтамасыз етулер мемлекеттің өз азаматтары алдындағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің негізгісі болып табылады. Өйткені әлеуметтік қамтамасыз етулер - елдің тұрақтылығына тікелей әсер ететін стратегиялық маңызы бар мәселе. Әр адам қоғам мүшесі ретінде әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуіне, қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар [1]. Бұл құқық 1948 жылы жарияланаған Адам құқықтарының бірегей Декларациясының 26-бабында тайға таңба басқандай етіп жазылған. Сондай-ақ бұл құқық 1996 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы халықаралық актінің 11-бабында да көрсетілген. Қазақстан Республикасының Конституциясында да азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз етулер туралы былай делінген: «Қазақстан Республикасының азаматына еңбек ақының минималды мөлшері

мен зейнетақы, жасына сай, сырқатына қарай, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік қамтамасыз ету кепілдендіріледі.

Кез-келген азамат қоғам мүшесі ретінде – әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуі және оның қадыр-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары елдің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар [1]. Дамыған мемлекеттерде әрбір адам тек өзінің еңбегі мен жинақтарының арқасында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көмек механизмдерінің көмегімен де қалыпты өмір деңгейін қамтамасыз етуге тырысады. Әлеуметтік қорғау жүйесі мақсаттарының көпшілігі адамдардың табыстарының тұрақтылығын қолдау, медициналық көмек пен қажетті әлеуметтік қызметтерге деген тең қол жетушіліктерді ұсынумен сипатталады. Ұйымдасқан жүйе ретінде – ол әлемнің көптеген елдерінде әрекет етеді.

Экономикалық дамыған мемлекеттерде әлеуметтік қорғау ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Оған деген шығындар бүгінде жиынтық ұлттық өнімінің ширегінен астамын құрап отыр. Әлеуметтік қамтамасыз етудің неғұрлым дамыған жүйесі Еуропалық одақ елдерінде қалыптасқан. Нақты соларда алғашқы әлеуметтік бағдарламалар дүниеге келіп дамыған. Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, барлық азаматтарды қамтитын әлеуметтік қорғаудың ойластырылған жүйесінің өмір сүруі олардың тұрмыс жағдайының жақсаруына ғана емес, сонымен бірге елдің еңбек ресурстарын кеңейтеді және нығайтады, әрі елдің экономикалық өсуіне, саяси және әлеуметтік жағдайлардың тұрақтануына ықпал етеді. Сонымен қатар әлеуметтік қорғау қоғам мүшелерінің арасында әлеуметтік қорғалудың жалпы сезімін қамтамасыз ете және әлеуметтік келісімге жағдай жасай отырып, қоғамға позитивті түрде әсер етеді. Қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері мемлекеттің басты функциясы [2].

Мемлекеттің ішкі функцияларының арасындағы ең маңыздысы - әлеуметтік функция. Әлеуметтік функция – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің саясаты екі бағытқа бөлінеді: бірінші бағыты – адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты – адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті қаражат жұмсау [3].

Әлеуметтік қамтамасыз ету терминінің мағыналары сан-алуан. Мәселен біріншіден, әлеуметтік қамтамасыз ету – бұл зайырлы елдің қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қызметі, ал екіншіден, осал әлеуметтік топтарға, делік, қарт адамдарға, асыраушысынан айрылған адамдарға, еңбекке жарамсыз жандарға, мүгедектерге материалдық көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесі, үшіншіден, әлеуметтік қамтамасыз етулер - қоғамдағы қайта бөлу қатынастарының ерекше формасы, төртіншіден, құқ саласы ретінде, ал бесіншіден, азаматтардың құқы ретінде қарастырылатын өте ауқымды ұғым [4].

Егер әлеуметтік қамтамасыз ету ұғымына зерттеу жүргізетін болсақ, Е.Е.Мацульская өзінің еңбегінде, әлеуметтік қамтамасыз ету – жұмсалған табысты қалпына келтіру мақсатында еңбекшілердің, кәсіпкерлердің жарналары мен мемлекеттің дотациясы есебінен, сондай-ақ табыстарын тексергеннен кейін балалы отбасыларын, мұқтаждығы бар азаматтарға көмек беру үшін мемлекеттік бюджет бөлігін қайта таратумен байланысты құрылатын сақтандыру қорларын тарату процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар жүйесі деп ұсынады [4].

Бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген В.Ш.Шайхатдинов өзінің ғылыми ізденістерінде былай пайымайды: «Әлеуметтік қамтамасыз ету – азаматтардың өмірлік

маңызды мұқтаждықтарын еңбек бойынша ақының орнына, оны алмастыруға немесе оған қосымша ретінде заңмен бекітілген жағдайларға ақысыз түрде, не азаматтың жеке еңбек үлесін есепке ала отырып, қоғамның қаражаты есебінен мемлекетпен құрылған тұтынудың қоғамдық қорларынан қанағаттандырудан туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі [5].

Алайда кейбір ғалымдар әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік қорғауды ұқсастыра отырып, олардың арасында айырмашылық жоқ деген ұйғарымға келген. Мәселен, И.Г.Шанин әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік қорғау екі компоненттен тұрады: әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік көмек..., әлеуметтік қорғаудың екі нысанға бөлінуі ... ең алдымен олар әртүрлі қайнар көздерден қаржыландырылатындығына байланысты деп тұжырымдайды. «Әлеуметтік қамтамасыз ету» термині кең мағынада қаржылық қаражаттардың барлық түрлері есебінен әлеуметтік қолдау жасау мағынасында болса, тар мағынада тек бюджеттік қаражаттар есебінен әлеуметтік көмек көрсету ретінде саналады [6].

Ал Л.П. Якушев әлеуметтік қамтамасыз етуді мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен қамтамасыз етудің жеке түрлерін ұсынумен байланысты әлеуметтік қорғау саласындағы қатынастар жүйесінің неғұрлым тар категориясын анықтау үшін пайдаланды [7]. Неғұрлым терең зерттеу Р.И.Ивановамен жүргізіле отырып, әлеуметтік қамтамасыз етуді қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қамтамасыз ету қорының еңбек ұжымының қатысуымен мемлекетпен әділетті, тегін және қайтымсыз негізде тарата отырып, азаматтардың әлеуметтік мәні бар жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру нысаны ретінде анықталды [8].

Қазіргі жағдайларға сәйкес халықтың неғұрлым әлсіз категориясын әлеуметтік қорғаудың басқа да ұйымдастырушылық – құқықтық нысандарын дамыту қажеттілігі туындап, әлемдік тәжірибеде ежелден пайдаланылатын «әлеуметтік қорғау» термині қолданысқа енгізілді. Сонымен бірге, әлеуметтік қорғау өзінің функционалдық сипаты бойынша дербес әлеуметтік институтты білдіретін біртұтас жүйе бола отырып, онымен көрсетілетін қызметтердің технологиясымен байланысты айрықшаланған ерекшеліктерге ие болады. Зейнетақыны ұсыну технологиясы медициналық көмек, әлеуметтік-реабилитациялық технологиялар және жұмыссыз азаматтарды қамтамасыз ету технологиясынан айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен бір уақытта, «әлеуметтік қамтамасыз ету» ұғымы тар мағынада мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен қамтамасыз етудің жеке түрлерін ұсынумен байланысты әлеуметтік қорғау саласында қатынастар жүйесін анықтауда қолданылды.

Нарықтық экономикасы дамыған жолға түскен елде шаруашылықтың орталықтан жоспарланатын жүйесінде әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың ерекшелігін бейнелейтін «әлеуметтік қамтамасыз ету» термині әлеуметтік қорғау саласында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығының барлығын, әкімшілік құрылымды оның жаңа функцияларын анықтау үшін қолданылуы мүмкін емес. Сондықтан «әлеуметтік қамтамасыз ету» термині айтарлықтай дәрежеде тәжірибелік салада «әлеуметтік қорғау» терминімен ығыстырылып тасталды. «Әлеуметтік қорғау» термині «әлеуметтік қамтамасыз ету» термині «әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы» ретінде әрекет етіп жалғасып отырса да, айтарлықтай шамада әлеуметтік институттың мәнінен сәйкес келеді. Әлеуметтік қорғау, сонымен бірге, бір жан басына шаққанда төмен табысты жанұяларға қатысты өмір сүруге немесе өмірлік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді (реабилитация қаражаттары, тұрғын үй мен емделу ақылары) төлеуге қаражаттың жоқтығы нәтижесі болып табылатын қоғамдық қажетті өмір сүру минимумын қамтамасыз етпеуші ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік қорғау зейнетақы мен жәрдемақы түрінде ақшалай нысанда, заттай нысанда, сонымен қатар әлеуметтік қорғаудың объектілері болып табылатын тұлғаларға әртүрлі қызметтер көрсету жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Ол компенсациялық, сондай-ақ ескертуші профилактикалық сипатта бола алады. Әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік – құқықтық нысандарының бірі болып еңбекке қабілетсіз тұлғаларды тікелей мемлекеттік

қамтамасыз ету табылады. Тікелей мемлекеттік қамтамасыз етудің негізгі белгілері болып – мемлекеттік бюджет есебінен шығындарды қаржыландыру, мемлекеттік үкімет органдарымен анықталатын басымдықтарға сәйкес қамтамасыз етілетін тұлғалар категорияларын және олардың қамтылу дәрежелерін бекіту. Сонымен «әлеуметтік қорғау» (әлеуметтік қауіпсіздік) термині өз кезегінде қарттарға, еңбекке қабілетсіз тұлғаларға және жұмыссыздарға көмек беру бағдарламасын дайындауды ынталандыратын АҚШ-тың «Әлеуметтік қауіпсіздік Заңы» деп аталатын заңдық актісінде алғаш рет 1935 жылы қолданылды. Уақыт өте келе бұл дефиницияның шеңбері жұмыс істейтін азаматтарға еңбекке қабілетсіздік жағдайы туындаған кезде, сонымен қатар еңбекті қорғау және жалақы саласында төменгі еңбекақыға кепілдік беру, әлеуметтік сақтандыру мен қамтамасыз ету бойынша Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық әлеуметтік қамтамасыз ету ассоциациясының конвенциялары мен ұсыныстарын дайындауда және қабылдауда айтарлықтай кеңейе түсті. Онда қартаю, қайтыс болу, мүгедектік және жұмыссыздық жағдайларында АҚШ үшін жаңа міндетті сақтандыру институты ретінде құқықтық негіздеме берілді [9].

Тиімді әлеуметтік саясат жүйесін қалыптастыруда негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады: Бірінші бағыт – халықтың кедей топтарын қолдау (науқастар, мүгедектер, қарттар, көпбалалы отбасылар). Екінші бағыт – еңбекке құқықты қамтамасыз ету. Мемлекет еңбек нарығында субъектілердің тең құқықтылығы мен мамандықты таңдау еркіндігіне кепілдік беруі керек. Үшінші бағыт – халықтың жұмыспен қамтылуын реттеу. Оған экономиканың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларына жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру бойынша бағдарламаларды дайындау және іске асыру, мүгедектерді жұмыспен қамту бағдарламалары жатады.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік бағдарламалардың көптеген нұсқаларын атап айтқанда: мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалармен бірге мүгедектерді, жетімдерді қорғайтын секторалдық және өңірлік бағдарламалар бар. Қаржыландыру көздері әлеуметтік трансферттердің түріне, бюджет көлеміне және жұмыс берушілердің қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты. Мысалы, отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақы жүйесін қамтамасыз ету үшін республикалық және жергілікті бюджеттің, әлеуметтік сақтандыру мен ұйымдардың қаржылары қолданылады [10].

Халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің дүниежүзінде қалыптасқан қаржыландыру механизмдерін қарастыратын болсақ, оның негізгі екі түрі ұалыптасқан:

- Әлеуметтік қамтамасыз етудің үш жақты схемасы;
- Мемлекеттік әкімшілік немесе бюджеттік схемасы.

Әлеуметтік қамтамасыз етудің үш жақты схемасы бойынша:

- зейнетақы алуға ден қойған әрбір еңбекке жарамды, еңбек ететін азамат;
- жұмыс беруші;
- мемлекет.

Мұндай үшжақты қаржыландыру жүйесі АҚШ сияқты барлық алпауыт мемлекеттерде орныққан. Ал әкімшілік қаржыландыру жүйесінде әлеуметтік төлемдерді негізгі қаржыландыру көзі мемлекетке жүктеледі. Қазақстанда қазіргі уақытта ақшалай қаражаттардың қаржыландыру көздеріне тәуелсіз мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыз етулер келесі түрлер бойынша жүзеге асады:

- ақшалай төлемдер зейнетақы, жәрдемақы, компенсациялар, материалдық көмек және т.б.

- натуралды көмек медикаменттер, азық-түлік, мүгедектерге арналған арнайы техникалық құрылғылар

- жеңілдіктер мен қызметтер мүгедектер мен қарттарды интернаттарда жатқызу шығындары, жетімдер үйлерін ұстау шығындары, үйлерге әлеуметтік қызмет көрсету

- мүгедектердің реабилитация мен сауығыуына байланысты, емделуіне байланысты қосымша шығындарды компенсациялау стационар, санаторийлер;

- бір реттік әлеуметтік қамтамасыз етулер:

1) еңбекке жарамсыз жастағы азаматтар: зейнеткерлер, балалар;

2) еңбекке жарамды жастағы азаматтар: жұмыссыздар, уақытша жұмыссыздар,

мүгедектер, көпбалалы отбасылар, аз қамтылған отбасылар.

Кез-келген мемлекеттің әлеуметтік даму мәселелерімен Үкімет те, жергілікті басқару органдары да, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры да айналысады. Ерікті әлеуметтік сақтандыру сияқты әлеуметтік қорғаудың түрлері мемлекеттік заңдық құжаттарда тек қана арнайы мәселелерді шешуде қолданылады. Жоғарыда айтылған түсініктерді пайдалана отырып, әлеуметтік қамтамасыз ету – бұл жанашырлық таныту, қоғам мен мемлекеттің еңбек етуге деген қабілетін толығымен және ішінара жоғалтқан адамдарға, әлеуметтік осал топтардағы адамдарға деген қамқорлық екенін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы. 22-бап. Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10 желтоқсанындағы 217А (III) қарарымен қабылданды және жария етілді.

2. Оразғалиева А.Қ. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің теориялық аспектілері. //Қазақстанның инновациялық-индустриялық дамуына жас ғалымдардың қосар үлесі. Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. – Семей. – 2006. – 294-299 б.

3. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: 1999.

4. Мачульская Е.Е. Правовое регулирование социального обеспечения в Великобритании. Дисс.канд.1991. -С.64

5. Шайхатдинов В.Ш. Теоретические права социального обеспечения. Дисс. Докт. 1984.-С.42-43

6. Шанин И.Г. Развитие социально-трудовых отношений и социальное страхование. Дисс.канд. 1994.- С.19-21

7. Якушев Л.П.: Социальная защита. Учебное пособие. М., 1998. – С.12-13

8. Р.И.Иванова. Социальное обеспечение в государственно-организованном обществе: генезис, развитие и функционирование (правовой аспект): Дисс.докт. 1987. – с. 249-253

9. Аимбетов С. Наша цель - сделать, как лучше: [Пути реформирования социальной защиты населения// Казахстан: Экономика и жизнь. 2006.-№ 6.- С.12-14.

10. Сенгачев В.Е. Экономическая безопасность: геополитика, глобализация, самосохранение и развитие. М.: «Финстатинформ», 2002. С.25-26

11. Жумагулов Г. М., Ахметов А., Ахметова Г. А 95 Право социального обеспечения. Учебник. – Алматы: «Нур-пресс», 2005. – 334 с.

ЖАСЫЛ ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Ахатай Қайрат Нұрабекұлы

«Қаржы» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада жасыл құрылыс түсінігі, артықшылықтары және келешегі сипатталған. Жасыл құрылыстың бүкіл әлемде қолданылатын негізгі халықаралық стандарттарына салыстырмалы талдау жасалған. Сонымен қатар, Қазақстан нарығындағы жағдайлар, мәселелер және болашақтағы мүмкіндіктер бойынша қысқаша шолу жасалған. Жасыл құрылысты және энерготімділікті құрылыстың келешегі зор түрлері ретінде дамыту бойынша ұсыныстар келтірілген.

Түйінді сөздер: жасыл құрылыс, жасыл ғимарат, энерготімділік, су тиімділігі, BREEAM стандарты, LEED стандарты, ЭКСПО – 2017.

ЗЕЛЕНОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО И ПЕРСПЕКТИВЫ ЕГО РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Ахатай Қайрат Нұрабекұлы

Магистрант специальности «Финансы»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52

В данной статье описаны понятия, преимущества и перспективы зеленого строительства. Сделан анализ и сравнение основных международных стандартов зеленого строительства используемых во всем мире. Так же кратко дан обзор по ситуации, проблемам и перспективам на рынке Казахстана. Предложены рекомендации по продвижению зеленого строительства и энергоэффективности как перспективного вида строительства.

Ключевые слова: зеленое строительство, зеленые здания, энергоэффективность, водоеффективность, BREEAM стандарты, LEED стандарты, ЭКСПО - 2017.

GREEN CONSTRUCTION AND PROSPECTS FOR ITS DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN.

Akhatay Kairat Nurabekuly

Master's Degree student of speciality «Finance»

Kazakh-Russian International university, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

This article describes the concepts, advantages and prospects of green building. The analysis and comparison of major was made international green building standard. An overview was given briefly for the situation, problems and prospects on Kazakhstan market. The recommendations were offered for promotion of green building and energy efficiency as a promising type of construction.

Keywords: green construction, green building, energy efficiency, water efficiency, BREEAM standards, LEED standards, EXPO - 2017

Жасыл құрылыс (немесе экокұрылыс) – қоршаған орта мен экологияға ең аз зиян тигізетін, құрылыстың және ғимараттарды пайдаланудың өзекті және перспективалы түрі. Оның ең маңызды міндеттерінің бірі ғимараттың барлық өмір циклында минералды және

энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану: яғни сәулеттік жобалаудан бастап (ғимаратты жоспарлау, құрылысқа орын таңдау) оны қайта жаңғырту немесе бұзуға дейін.

Бұл тақырып бүгінгі күннің өзекті мәселесі, өйткені халық өсімі және оның қажеттіліктерінің өсіміне байланысты, минералды және энергоресурстарды тұтынуды қадағалап отыру үшін маңызды шаралар қажет, өйткені оларды тиімсіз пайдалану планетамызға, яғни бүкіл адамзатқа орны толмас зиян келтіруі мүмкін.

«Жасыл ғимарат» дегеніміз не? Жасыл ғимараттар, сондай-ақ «берік ғимараттар » немесе «жоғарғы өнімді ғимараттар» деген атпен белгілі ғимараттар деп олардың қоршаған ортаға әсерінің барынша азайтатын, жақсы жобаланған, салынған, жөнделген және ресурсты-тиімді нысанда жұмыс жасайтындарды атайды [1].

Жасыл ғимараттар қоршаған ортаға және адам денсаулығына құрылыстың жалпы әсерін азайту үшін мына жолдармен жобаланады:

- Су, энергия және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану;
- Еңбек өнімділігін жақсарту және қызметкерлердің денсаулығын қорғау;
- Қоршаған ортаға зиянын тигізетін қалдықтарды азайту.

Мысалы, жасыл ғимараттар өз конструкцияларында тұрақты экологиялық қауіпсіз материалдар болуы тиіс (өңделген, қайталама шикізаттағы материалдар немесе жаңартылған ресурстардан өндірілген); ең аз ластаушы заттар арқылы ғимараттар ішінде таза атмосфера құру және суды аз тұтынатын өсімдіктер арқылы көгалдандыруды қолдану.

Жасыл ғимарат жасыл құрылыстың 4 маңызды белгілеріне жауап беруі керек:

- энергия тиімділігі;
- материалдың тиімділігі;
- су тиімділігі;
- зиянсыз ғимарат.

Бұл ғимараттың жасылдығын дәлелдеу үшін көрсетілетін негізгі маңызды көрсеткіштер [1].

Бұл маңызды көрсеткіштерден басқа ғимараттың жасылдығын көрсететін бірқатар ерекшеліктер бар:

Жергілікті материал мен еңбек ресурстарын пайдалану. Шалғай өңірлерден қажетті материалдарды тасымалдамаудан басқа, энергия тиімділігіне ықпал етеді. Сонымен қатар, жасыл технологияның басты мақсаты болып табылатын аймақтық экономика аясындағы қаржы ағымдарының рециркуляциясына ықпал етеді [1].

Жергілікті жағдайларға бейімделу. Ғимаратты жергілікті орта ұсына алатын специфика мен стандарттарға сай тиімді пайдалану және үйлесімді жұмыс істеуі үшін жобаланады және бейімделеді [1].

Қоғамдық көлікке қолжетімділікті жеңілдету үшін қаланың қоғамдық көлік жүйесіне ену. Мысалы, құрылыстың қоғамдық қызмет етілетін, негізгі кіре берісі, аялдамаларға, метро станцияларына жақын болатындай етіп салу [1].

Күн ориентациясы. Ғимарат құрылысының жоспарын жасағанда күннің жарығы мен күн сәулелі жылытуды барынша максималды пайдалану арқылы ғимараттың барлық өмір циклінде орасан зор энергия қуатын сақтай алуын ескеру. Сонымен қатар, ғимаратты оңтүстікке бағдарлау және сәулеттік әйнектерді көп мөлшерде пайдалану, сондай-ақ сәулелі құдықтарды шатырда кең көлемде қолдану ғимаратқа қосымша тағы да жарық береді [1].

Объектте энергия қорын жинау қабілеті. Мысалы, жылу және салқындату жүйелерін пайдалану ғимараттың жүктемесін жақсартуға және төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ энергия қорын жинаудың басқа да жүйелері бар, сығылған ауада энергия жинау, роторлық – супермаховик энергия көзі сияқты жүйелер ғимараттың өз жүктемесін азайтуға көмектесе алады [1].

Жасыл құрылыстың осы құрамдас бөліктерін қолдана отырып, біз тұрақты даму мен жасыл экономика тұжырымдамаларына сәйкес келетін экономикалық және экологиялық көрсеткіштермен қоса әлеуметтік көрсеткіштерді де жақсарту аламыз.

Жасыл құрылыс өзінің бастауын ХХ – ғасырдың 70-жылдары алған болатын, яғни алғашқы салауатты өмір салты және қоршаған ортаны тазалау үшін қозғалыс пайда болған кезде. Сол уақытта энергияның балама көздерін енгізу және құрылысқа экологиялық көзқарастарды пайдалана отырып салынған алғашқы үйлер пайда болды. Сол кездің өзінде-ақ дамыған мемлекеттер ішінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық таза құрылыстың маңызы туралы ойлар пайда болған еді. Кейінірек жасыл құрылыстың мақсаты мен міндеттері қалыптасты, ал 1990 жылы Ұлыбританияда BREEAM стандарты енгізілді. BREEAM – бұл ғимараттардың экологиялық тиімділігіне баға беретін «жасыл ғимараттардың» ерікті рейтингі. Бұл рейтингтің көмегімен ғимараттардың жасыл құрылыс критерияларына қаншалықты сай екендігі бағаланады [3].

Мемлекет үшін экологиялық құрылыстың стандарттары жаңа технологияларды енгізу және табиғатты қорғау заңының іске асыруына қолдау көрсетудің тұтқасы, қоршаған ортаны жақсартудың нарықты механизмі болып табылады [3].

1998 жылы АҚШ-та экологиялық жобалау және энергияны тиімді пайдалану бойынша ерікті жүйе – LEED құрылды. LEED -ті сертификациялау жобаланған және салынып жатқан ғимараттар үшін өзекті. Өйткені оның көптеген пунктері құрылыстың тікелей процесіне қатысты [2].

LEED – стандарты үшін 2009 жылы 5 негізгі санат бойынша 100 балдық жүйе ойлап табылды: экологиялық құрылыстың орны, суды пайдаланудың тиімділігі, энергия және атмосфера, материалдар мен ресурстар, ғимарат ішіндегі ортаның сапасы, сонымен қатар жаңашылдық пен дизайн және аймақтық басымдық үшін қосымша балл беріледі. Ғимарат тексерістен өткеннен соң төмендегі 4 сертификаттың біреуіне ие бола алады: қарапайым (40-49 балл), күміс (50-59 балл), алтын (60-79 балл) және платина (80 және одан жоғары) [2].

BREEAM және LEED сертификаттау әдістерінің айырмашылығы неде?

BREEAM және LEED - олардың айырмашылығы стандарттардың пайда болу тарихына байланысты.

LEED – су мен энергияны тиімді пайдалануға бағытталған коммерциялық стандарт [2].

BREEAM – экологиялық мәселелердің кең ауқымына бағытталған ғылыми стандарт. [3]

Тағы да бір маңызды айырмашылығы – талаптардың төменгі деңгейі. LEED – те олар барынша қатал және LEED – тің базалық деңгейіндегі ғимараттарды өзара салыстыру оңай [2]. BREEAM жүйесі ыңғайлы: BREEAM – нің сертификатын алған 2 түрлі ғимарат экологиялық параметрлер жинағы бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді [3].

Тәжірибелік айырмашылықтары:

LEED бойынша сертификаттау кезінде құжаттарды тек ағылшын тілінде империялық өлшемдік бірлікпен қабылданады [2].

BREEAM бойынша сертификаттау кезінде құжат сертификатталатын аймақтағы елдің тілінде қабылданады [3].

Экологиялық стандарттарды енгізу және жасыл ғимараттар құрылысының қажеттілігін түсіну Қазақстан Республикасына да біртіндеп еніп келеді. Жақын уақыттан бері Қазақстанда бірінші LEED – тің платина сертификатымен оқу комплексінің құрылысы жоспарлануда. Бұл таныстыруды қажет етпейтін Алматыдағы ЖОО-ны ҚБТУ-дың оқу қалашығы болып табылады. Құрылысты СЭЗ ПИТ Алатау аймағындағы Іле Алатау етегінде бастау жоспарлануда, көлемі 34га. Комплекс құрамында 2000 студентке арналған оқу корпусі, зерттеу лабораториясы, кампус, қоғамдық орталық және қонақ үйі болады.

Комплексте , жаңа, Қазақстандағы құрылыста қолданылмаған, жанашыл, «жасыл шатырлы» автотұрақ, табиғи жарықтандыратын құдықтар, сумен қамтамасыз етудің, жауын суын жинау және пайдаланудың ерекше жүйесі, геотерминалдық энергиямен жылыту , қалдықтарды қайта өңдеу жүйесі және т.б [4].

ЭКСПО – 2017 көрмесінде энергия аясындағы жаңа жобалар ұсынылады. Көрме тақырыбы - «Болашақ энергиясы». Сондықтан жасыл құрылыстың энерготииімділігін енгізу және дамыту біздің елімізде өзекті мәселе болып отыр [7].

Бірақ жасыл құрылыстың дамуы Қазақстанда кейбір мәселелермен қарама-қайшы болып отыр. Ең негізгі мәселе – жасыл құрылысты енгізудің қажеттілігін түсінбеу. Көптеген компаниялар дәстүрлі, көне құрылыс әдістерін пайдалануды және арзан шикізат пен материалдарды пайдалануды қалайды. Олар арзанға түседі, демек, көп пайда әкеледі. Алайда жоғарыда айтқанымыздай алғашқы жоғары шығындар уақыт өте өзін-өзі ақтайды және ғимарат электроэнергия, су және жылытуға кететін шығындарды үнемдегендіктен көбірек пайда келтіреді [6].

Бұдан басқа жасыл құрылыс бойынша халықаралық сертификатқа ие білікті мамандар жетіспейді. Сол себепті шетел мамандарына деген сұраныс артып отыр. Отандық мамандарды оқыту үшін көп қаражат, уақыт қажет және шет елдерден білікті оқытушылар іздеу қажеттілігі туындайды [6].

Сонымен қатар, елімізде жасыл құрылыстың инфрақұрылымы нашар деңгейде болып отыр. Материалдар мен құрылғыларды шетелден сатып алатындықтан, олар елімізге қымбатқа түседі. Біздің елімізде жасыл құрылыстың материалдары мен құрылғыларын өндіруге өндіріс күші жоқтың қасы, сондықтан біз бұл нарықта оларлы игеруіміз қажет [6].

Сөз соңында айтарым, Қазақстан Республикасындағы жасыл құрылыстың дамуы өте қиын, ұзақ, бірақ өте қажетті процесс. Бұдан басқа жасыл құрылысты енгізудің қажеттілігін түсіндіруге көмектесе алатын семинарлар мен тренингтер өткізу және осы облыстағы білікті маманда даярлау қажеттілігі де бар [9].

Жасыл құрылыс – бұл қоршаған ортаға адамның зиянын азайтуға көмектесетін және өсіп келе жатқан жер халқының табиғатпен өмір сүруге мүмкіндік беретін адамзат дамуындағы жаңа кезең.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Совет по Зелёному строительству США: <http://www.usgbc.org/>
2. Стандарты LEED: <http://www.leed.net/>
3. Стандарты BREEAM: <http://www.breeam.org/>
4. Сергей Панасенко: Первый leed platinum в предгорьях тьянь-шаня. //зеленый город. апрель–май 2013.
5. "Зеленое" строительство экономически выгодно и для девелоперов, и для покупателей // Информационное агентство "Интерфакс-Казахстан". - Октябрь, 2013 http://www.interfax.kz/?lang=rus&int_id=13&news_id=202
6. Казахстанский совет по зеленому строительству "KazGBC". <http://www.kazgbc.kz/>
7. «Зеленый квартал» для «ЭКСПО-2017» построят VI Group и австралийский консорциум// BNews.kz «www.bnews.kz».
8. ЭКСПО 2017: <http://www.expo2017astana.com/>
9. Зеленое строительство // Программа развития ООН/Глобальный экологический фонд. <http://www.undp.kz/>

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК САЯСАТЫ

Баймаганбетов Батырхан Уалиханович

«Қаржы» мамандығының магистранты

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетқызы

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада қазіргі жағдайдағы Қазақстанның екінші деңгейлі банктерінің несиелік саясатының мақсаттары мен міндеттері, өзіндік ерекшеліктері сарапталған.

Түйінді сөздер: банк, банк активтері, банк пассивтері, несие, несиелік саясат, пайыз, қарыз.

СОВРЕМЕННАЯ КРЕДИТНАЯ ПОЛИТИКА БАНКОВ ВТОРОГО УРОВНЯ

Баймаганбетов Батырхан Уалиханович

Магистрант специальности «Финансы»

Дүйсенбаева Ботагөз Баймұханбетовна

Старший преподаватель, кандидат экономических наук Казахско-Русского Международного университета

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются цели и задачи, специфические особенности кредитной политики банков второго уровня Казахстана.

Ключевые слова: банк, банковские активы, банковские пассивы, кредит, кредитная политика, процент, долг.

MODERN CREDIT POLICY OF BANKS OF THE SECOND LEVEL

Baimaganbetov Batyrkhan Ualikhanovich

Master's Degree student of speciality «Finance»

Duissenbaeva Botagoz Baimukhanbetovna

*Senior lecturer, Candidate of Economic Sciences of Kazakh-Russian International university
Kazakh-Russian International university, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52*

This article discusses goals and objectives, the specific features of credit policy of second tier banks of Kazakhstan.

Keywords: Bank, bank assets, bank liabilities, credit, credit policy, interest, debt.

Екінші деңгейлі банктердің жүргізетін несиелік саясатының негізгі мақсаты – банктің несиелік қызметін ұтымды ұйымдастыру, яғни, экономиканың секторларын дамытуға бағытталған жобаларды несиелендіруді, жеке тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қажетті қаржымен қамтамасыз ету. Ал несие дегеніміз, өз кезегінде уақытша бос ақшалай қаражаттарды қайтарымдылық, пайыздылық, мерзімділік және кепілділік қағидалары бойынша орналастыруды айтады.

Коммерциялық банктер – нарық экономикасында қаржылық операциялар мен қызмет көрсететін кредиттік мекемелердің тобын білдіреді. Бүгінгі коммерциялық банктер өз клиенттеріне 200–ге жуық әралуан өнімдер мен қызмет көрсетуге әзір. Мұндай кең көлемді операциялар коммерциялық банктерге өз клиенттерін сақтай отырып, қолайсыз жағдайда өзінде пайдалы жұмыс жасауға септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының банк секторы 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша 38 екінші деңгейлі банк бар. Банк секторының құрылымы төмендегі кестеде көрсетілген.

1-кесте – Қазақстан Республикасы банк секторы құрылымы

Банк секторының құрылымы	01.01.2015	01.01.2016
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде	34	34
- Жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер	1	1
- Шет елдік қатысуы бар екінші деңгейдегі банктер	17	17
- Екінші деңгейдегі еншілес банктер	16	16
Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны	363	362
Ескерту – [6] дерек көзі негізінде құрастырылды		

Банктік жүйенің екінші деңгейлі банктері бір жағынан, шаруашылық субъектілердің уақытша бос ақша қаражаттарын тартатын болса, екінші жағынан, бұл қаражаттар есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың әр түрлі қажеттерін қанағаттандыратын арнайы қаржылық мекеме. Коммерциялық банктің пассивтік операциялар негізінде оның қызметінің жүзеге асырылуы үшін қажетті банк ресурстары жинақталады. Ал банк ресурстары дегеніміз – банктің пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы [1].

Банк активтері дегеніміз – пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары. Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды.

Екінші деңгейлі банктердің активтерін төмендегідей төрт топқа бөлуге болады:

- 1) касса және оған теңесетінақшалай қаражаттар;
- 2) берілген несиелер;
- 3) бағалы қағаздарға жұмсалынған инвестициялар;
- 4) банктің ғимараты мен жабдықтары.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің активтері келесі кестеде көрсетілген.

Кесте –2. Қазақстан Республикасының банксекторы жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.015	01.01.2016	Өсімі,%
--------------------	-----------	------------	---------

	млрд.теңге	жиынтығына % - бен	млрд.теңге	жиынтығына % - бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	1 396,5	8,3%	1 479,3	8,2%	5,9%
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	603,9	3,6%	520,2	2,9%	-13,9%
Бағалы қағаздар	1 859,0	11,1	1 890,3	10,5%	1,7%
Банктік қарыздар және «кері РЕПО» операциялары	10 455,4	62,5%	11 623,0	64,3%	11,2%
Капиталға инвестициялар	381,0	2,3%	325,7	1,8%	-14,5
Өзге активтер	2 035,1	12,2%	2 220,3	12,3%	9,1
Активтер жиынтығы (резервтерді (провизияларды) қоспағанда)	16 730,9	100,0%	18 058,8	100,0%	7,9%
Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес резервтер (провизиялар)	-3 913,0		-4 188,4		7,0%
Анықтама үшін уәкілетті органның талаптарына сәйкес резервтер	-3 796,8		13 870,3		18,4%
Активтердің барлығы	12 817,9		13 870,3		
Ескерту – [5] дерек көзі негізінде құрастырылды					

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2015 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда банктік қарыздар және «кері РЕПО» операциялары бабының 1 167,6 млрд. теңгеге немесе 11,2% - ға, қолма – қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар бабының 82,8 млрд.теңгеге немесе 5,9% - ға, сондай – ақ өзге активтердің 185,2 млрд.теңгеге немесе 9,1% - ға ұлғаюы есебінен 1 052,4 млрд.теңгеге немесе 8,2% - ға ұлғайып, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 13 870,3 млрд.теңге болды. 2015 жылғы желтоқсанда ҚР екінші деңгейдегі банктері активтерінің ұлғаюы 161,4 млрд.теңге болды.

Банктердің несиелік операциялары бойынша мүмкін болар зияндардың орнын жабу үшін провизия (резерв) құру қажеттігі банк қызметіндегі несиелік тәуекелдің болуымен негізделеді. Несиелік тәуекелдерге байланысты провизия құру банк активтерінің сапасының нашарлауын немесе несиелік операциялардың тәуекелдігінің жоғарылығын ескере отырып жүзеге асырылады. Банк үшін провизияның құрылуы, оның қаржылық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді [2].

Жылдың басымен салыстырғанда екінші деңгейдегі банктер активтерінің құрылымында елеулі өзгерістер байқалмады. Активтер құрылымындағы негізгі үлесті

банктік қарыздар мен «кері РЕПО» операциялары алады – 64,3%, қолма – қол ақша, тазартылған қымбат металлдар, корреспонденттік шоттарға 8,2%, ал портфельдегі бағалы қағаздарға 10,5% тиесілі. Жылдың басында тиісінше банктік қарыздар мен «кері РЕПО» операцияларына – 62,5%, қолма – қол ақша, тазартылған қымбат металлдар, корреспонденттік шоттарға – 8,3%, ал портфельдегі бағалы қағаздарға – 11,1% тиесілі еді.

Банк негізгі қарыздың толық сомасына байланысты шығындардың орнын жабу мақсатында ұлттық және шетел валютасындағы барлық несиелік операциялар түрлері бойынша резервтеу коэффициентіне сәйкес провизия құра алады.

Аталған резерв есебінен кейіннен қайтарылмаған несиелер бойынша зияндар шегеріледі. Несиелік тәуекел деңгейіне қарай, яғни қарыз алушының келісімшартта бекітілген мерзімде несие берушіге төлемеген негізгі қарызы мен пайызының сомасына қарай несиелер жіктеледі. Қазақстан Республикасы банк секторының активтері мен шартты міндеттемелерінің сапасын екі жылдық мәліметтерді ала отырып салыстырмалы түрде көрсетейік[3].

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер активтері мен шартты міндеттемелер сапасының құрылымындағы стандарттылар үлесі 46,7% (жыл басында 45,8%), күмәнділер 31,2%(жыл басында 36,9%) болды. Жылдың басындағы 17,3% - бен салыстырғанда үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер деңгейі 22,1% - ға дейін ұлғайды.

Ағымдағы жылдың желтоқсан айында екінші деңгейлі банктердің активтері мен міндеттемелерінің сапасы елеулі түрде өзгерген жоқ. 2015жылғы 1 желтоқсанда стандарттылар үлесі 46,9%, күмәнділер 30,6%, үмітсіздер 22,5% болған еді.

Несиелік портфель дегеніміз – несиелік тәуекелдің немесе одан қорғану тәсілдерінің әр түрлі факторларына байланысты критерийлері бойынша жіктелген несиелерге байланысты банктің қоятын талаптарының жиынтығы.

ҚР банк секторының несие портфелі жылдың басымен салыстырғанда 1 183,8 млрд.теңгеге немесе 11,3% - ға ұлғайып, есепті күні 11 656,6 млрд.теңге болды.

Занды тұлғаларға қарыздар 2015 жылғы есепте 344,5 млрд.теңгеге немесе 5,1% - ға ұлғайып, 2016 жылы 7 049,7 млрд.теңге болды.

Жеке тұлғаларға қарыздар 2015 жылы 511,9 млрд.теңге немесе 25,4% - ға ұлғайып, 2016 жылғы есепте 2 530,4 млрд.теңге болды.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздар 2015 жылғы есепте 316,1 млрд.теңгеге ұлғайып, 2016 жылы 1 870,7 млрд.теңге болды [5].

Кесте –3. Қазақстан Республикасы банк секторының активтері мен шартты міндеттемелерінің сапасы

Көрсеткіштің атауы	01.01.015		01.01.2016	
	негізгі борыш сомасы, млрд.теңге	жиынтығына % - бен	Негізгі борыш сомасы, млрд.теңге	жиынтығына % - бен
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер	15 201,9	100,0 %	16 569,0	100,0
Стандартты	6 957,3	45,8%	7 738,4	46,7%
Күмәнді	5 612,4	36,9%	5 166,2	31,2%
1 – санатты күмәнді	1 682,9	11,1%	1 664,2	10,0%
2 – санатты күмәнді	692,7	4,6%	740,3	4,5%
3 – санатты күмәнді	1 315,3	8,7%	1 385,1	8,4%
4 – санатты күмәнді	432,0	2,8%	496,9	3,0
5 – санатты күмәнді	1 489,5	9,7%	879,7	5,3

Үмітсіз	2 632,2	17,3%	3 664,4	22,1
Ескерту – [5] дерек көзі негізінде құрастырылды				

2016 жылы жұмыс істемейтін қарыздар үлесі – 36,7%, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үлесі – 29,8% болды. Бұл орайда 2015 жылдың басында жұмыс істемейтін қарыздар үлесі – 36,7%, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үлесі – 30,8% болған еді. Несие портфелі бойынша қалыптастырылған провизиялар (резервтер) 2015жылдың басынан бастап 643,2 млрд.теңгеге немесе 19,1% - ға ұлғайып, 2016 жылы 4 008,9 млрд.теңге немесе екінші деңгейлі банктің жиынтық несие портфелінің 34,4% - ы болды. 2016 жылы ЖІӨ 31 442,7 млрд. теңге болды, ал бұл көрсеткіш 2015 жылы 3 870,8 млрд. теңгеге немесе 14% - ға кем болды, яғни 27 571,9 млрд. теңгені құраған. Активтердің ЖІӨ– ге қатынасы 2016 жылы 44,1% болса, 2015 жылы 46,5% болған еді. Несие портфелінің ЖІӨ – ге қатынасы 2016 жылы 37,1%, ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 38,0% құраған еді. Клиенттер салымдарының ЖІӨ – ге қатынасы 2016 жылы 27,1% құрады, ал 2015 жылы 28,3% болған еді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейітқасымов Ғ.С., Омарбекова А.Ғ., Сейтқасымова А.Ғ., «Ақша, кредит, банктер». Оқулық. – Алматы: «Экономика», 2006ж
2. Мақыш С.Б., «Банк ісі». Оқулық. – Алматы:ИздатМаркет, 2007ж
3. Хамитов Н.Н. Банк ісі. Алматы: Экономика, 2006 ж
4. Мақыш С.Б., Сұпығалиева Г.И, Керімбекова Н.Н. Ақша, несие, банктер пәнінен практикум Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті 2004
5. <http://www.afn.kz>
6. <http://www.gov.stat.kz>

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ СҰРАНЫСЫН ДИФФЕРЕНЦИЯЛАНҒАН ТӘСІЛДЕМЕ
БОЙЫНША МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ**

Достанова Айнамкөз Құдайбергенқызы

*Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының
магистрі*

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарындағы білім беру қызметінің маркетингін жетілдіру мәселері қарастырылған. ЖОО-ң білім беру қызметін көрсету кезеңдеріне байланысты тұтынушылардың қажеттілігін, сұранысын ескере отырып құрылған әртарапты зерттеулер нәтижесіндегі кешен ұсынылған. Ол тұтынушылардың ЖОО-ң білім беру қызметін таңдауда шешім қабылдауына әсер ететін факторлармен басқаруға мүмкіндік береді. Ұсынылған зерттеу әдісі тәжірибеде жоғарғы оқу орындарының қызметін жетілдіруде және тәуекелдердің алдын алуда белсенді қызмет атқарады.

Түйінді сөздер: білім беру, жоғарғы оқу орны, маркетингтік зерттеу, тұтынушы, қажеттілік, мамандық, жылжыту, сегмент, еңбек нарығы.

**МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ СПРОСА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ ВУЗОВ С ПОМОЩЬЮ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО
МЕТОДА**

Достанова Айнамкөз Құдайбергенқызы

Старший преподаватель, магистр экономических наук

Казахско-Русского Международного университета

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В статье рассматриваются проблемы совершенствования маркетинга образовательных услуг в вузах. Предложен комплекс маркетинговых исследований основанный на поведение потребителей образовательных услуг и их потребностей в разных этапах предоставления вузом образовательной услуги.

Ключевые слова: образование, вуз, маркетинговые исследования, клиенты, потребности, специальность, продвижение, позиционирование, сегмент, рынок труда.

**MARKETING RESEARCH OF CONSUMER DEMAND FOR EDUCATIONAL SERVICES
OF UNIVERSITIES USING A DIFFERENTIATED METHOD**

Dostanova Ainamkoz Kudaibergenkyzy

Senior lecturer, Master of Economic Sciences of Kazakh-Russian International university

Kazakh-Russian International university, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

In the article consider the problem of improving the marketing of educational services in higher education. Proposed complex of marketing researches, based on the behavior of consumer of educational services and their needs at different stages of university education services.

Keywords: education, higher education institution, market researches, clients, requirements, specialty, advance, positioning, segment, labor market.

Қазіргі таңда білім алу беделдің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы әлемде күн көріс құралы болып қаралады. Білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістерге сезімтал болып келеді, өйткені болашақ ұрпақты дайындауда барлық факторлар ескерілуі қажет. Қазіргі адам күнбе-күн ақпараттар ағынын жан-жақты қабылдайды. Ақпарат адам өмірін қамтитын барлық салалардың қозғаушы күшіне айналуға. Соның бір дәлелі тұтынушылар білім беру орындарын таңдауда рационалды және қолайлы шешімдер қабылдауда. Таңдау білім беру орнының саласына, бағасына, сапасына, еңбек нарығында түлектің бәсеке қабілеттілігіне, білім алу барысында алатын құзіреттіліктерге сүйене отырып қабылданады. Білім беру қызметін тұтынуға негізгі бағыттардың және әсер етуші күштердің өзгеруімен шартталады.

Білім беру саласындағы жаһандық өзгерістер жағдайында ЖОО-ның бәсеке қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі білім беру қызметінің тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруы. Тұтынушылардың қажеттілігін анықтауда маркетингтік зерттеулер маңызды орын алады.

Маркетингтік зерттеу объектісі болып Қазақ-орыс Халықаралық университеті алынды. Жұмыс барысында 2014-2015, 2015-2016, 2016-2017 академиялық оқу жылдарындағы абитуриенттерге көрсетілген қызметтер нәтижесінде алынған мәліметтер және 2012-2016 жылдар аралығында университет студенттерімен және мектеп оқушыларымен жүргізілген сұхбаттар, сауалнамалар және ата-аналардың пікірі мен сұраныстары қаралған. Жалпы қамтылған адам саны 2000, оның 70% абитуриенттер мен студенттер және 30% ата-аналар болып келеді.

Сонымен Ақтөбе қаласында жыл сайын ұйымдастырылатын ЖОО-ң жәрмеңкесіндегі жинақталған, әлеуметтік желілердегі, мерзімді басылымдардағы, барлық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланған мамандықтарды таңдау, жұмыс берушілердің қоятын талаптары мен жұмысшының бәсекеқабілеттілігіне қажетті құзіреттіліктері, жалпы экономикалық жағдайлардың өзгеруіне байланысты ата-аналардың, абитуриенттер мен студенттердің қажеттіліктері ескеріліп мақалада зерттеу тақырыбының өзектілігі, жүргізілген зерттеу жолы мен құралдары және мәселені шешу жолдары көрсетілген.

Жоғарғы оқу орындары өзінің қызметін абитуриенттерге, олардың ата-аналарына, студенттерге, түлектерге, жұмыс берушілерге ұсынады. Көрсетілетін білім беру қызметінің әр кезеңдеріндегі сұраныстар бойынша тұтынушылардың санатын анықтауға болады. ЖОО-ның маркетингінің негізгі міндеті білім беру қызметін тұтынушылардың әртүрлі қажеттіліктерін анықтау және оларды жүзеге асыру.

Кесте 1

Жоғарғы оқу орнының 2012-2016 жылдар аралығында көрсетілген білім беру қызметін тұтынушылардың жіктелімі негізінде құрылған маркетингтік міндеттер

Тұтынушы мен ЖОО арасындағы қарым-қатынас кезеңдері	Тұтынушылар	Қажеттіліктер, сұраныстар		ЖОО-ның маркетингінің міндеттері
Білім беру қызметін жылжыту	Абитуриенттер	ЖОО және мамандықты таңдау	Қызықты білім алу, бос уақытты өткізетін әртүрлі шаралардың болуы, жеке өсуге мүмкіндіктің болуы	ЖОО-ның және мамандықтардың артықшылықтарын жылжыту жүйесін қалыптастыру және
	Ата-		Болашақта балаларының	

	аналар		жұмыспен қамтылуына кепілдік алу	жүзеге асыру
Білім беру қызметін жүзеге асыру	Студенттер және тыңдаушылар	Жоғары сапалы ұйымдас тырылған оқу процесі, алынған білімнің өзектілігі	– ЖОО ережелеріне және жағдайларына бейімделу; – Ақпараттық қоғам жағдайында теориялық және практикалық білім алу; – Еңбек нарығының сұранысына сай тәжірибелік бағытта білім алу; – Сапалы ұйымдастырылған оқу процесінің көмегімен өзекті тақырыптарда білім алу.	Студенттер мен тыңдаушылардың талаптарына сәйкес оқу процесінде алынатын білім мен кәсіптік білімдердің сапалы болуын қамтамасыз ету
Жұмысқа орналасуға көмектесу	Түлектер	Білім алған мамандық бойынша жұмыспен қамтылу және кәсіби біліктілігін жүзеге асыру		ЖОО-мен жұмыс беруші компаниялар арасында тиімді қарым-қатынас жүйесін орнату және түлектерді жұмыспен қамту
	Жұмыс берушілер	Білікті қызметкерді жұмысқа алу, еңбек әлуаттілігі бар қызметкерлердің жаңа ұрпағының арасында жұмыс беруші компаниясының брендін жылжыту		

Білім беру қызметін жылжытуда негізгі тұтынушылар болып абитуриенттер және оның ата-аналары табылады. Бұл сегмент үшін негізгі қажеттілік болашақ мамандықты, жоғарғы оқу орнын таңдау.

Жоғарғы оқу орнының қызметін тұтынушылар төленген ақыға ата-аналар өздерінің балалары үшін жан-жақты теориялық және кепілді түрде жұмыспен қамтылатындай тәжірибелік білім алып шыққанын қалайды. Ал балаларын ондай сұрақтар қызықтырмайды, олар көбінесе оқу процесінің өзгешелігіне, қызықтылығына, бос уақытта үйірмелердің бар болуына, бос уақытты жақсы өткізу үшін шаралар түрлеріне және өзінің жеке тұлға ретінде өсуіне қажетті жағдайларға мән береді.

Күндізгі бөлімге мектептен кейін түсушілерге ата-аналары әсер етеді немесе олар үшін шешім қабылдауы мүмкін, себебі оқуға түсуші әлі өзін қаржылай қамтамасыз ете алмайды және жас ерекшелігіне байланысты ата-аналарының қарамағында болады.

Ал сырттай бөлімге түсетіндер көбінесе олар шешімді өздері қабылдайды, өздерін қаржылай қамтамасыз ете алады, себебі көп бөлігі жұмыспен қамтылған және жастары жоғары болып келеді.

Жоғарғы оқу орнының маркетингтік міндеті – жоғарғы оқу орнының мамандықтар бойынша білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары, танымал компанияларда тәжірибе ұйымдастыру, студенттердің бос уақытын өткізуін қамтамасыз ету сияқты бәсекеге қабілетті артықшылықтарын жылжыту жүйесін қалыптастыру және оның қызмет етуін жүзеге асыру.

Ата-аналар мен абитуриенттердің мінез-құлығын зерттей отыра, тұтынушылар туралы мынадай ақпарат жинауға болады:

- Тұтынушылар ЖОО туралы ақпаратты қандай ақпарат көздерінен алады;
- Ақпаратты іздеу, жинау мерзімі: қай уақытта басталады және қай кезде шегіне жетеді;

- Білім беру қызметін тұтынушылар ақпарат іздеуде, жинауда қаншалықты белсенді және ата-анасы, достары іздеу процесіне қосылады ма;

- Әлуатті тұтынушылар үшін ЖОО-ны және мамандықтар туралы ақпарат құрылымы қандай.

Құжат қабылдау барысында абитуриенттерден сауалнама арқылы қажетті ақпараттарды жинақтап алуға болады. Тікелей сөйлесу арқылы ұзақ, күрделі, әртүрлі сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Сауалнамадағы сұрақтар нақты, дәл, қысқа, оңай болуы тиіс. Әлуатті тұтынушылар жас, тәжірибе ерекшелігіне байланысты өз ойларын нақты, дәл, тез жеткізе алмайды, сондықтан сауалнама өте ыңғайлы болып келеді. Сауалнама сұрақтарында мүмкін жауаптардың барлығы болуы тиіс, бұл сұраққа жауап берушінің уақытын үнемдейді және жалықтырмайды.

Құжат қабылдаушы әңгіме барысында тұтынушының қажеттіліктері туралы ақпараттар жинақтауы тиіс. Құжат қабылдаушының мінез-құлқы өте жағымды, сыпайы, ақпаратпен қамтамасыз етілген, тұтынушының ыңғайын таба білетіндей болғанда ғана әлуатті клиентті қызметті пайдаланатын тұтынушыға айналдыра алады, ал тұтынушы өзіне қажетті ЖОО, мамандық туралы ақпаратты алады.

ЖОО-да «есік ашық күндерді» ұйымдастыруға болады. Ол кезде ақпарат беруге жоғары дәрежелі қызметкерлер шыққан жөн. Мысалы: ректор немесе директор, ректор орынбасары, кафедра меңгерушілері, ЖОО-ның білім беру нарығында жылжытумен тікелей айналысатын оқытушылар.

Қазіргі заман талабына сай маркетингтік шараларды ғаламтор-технологияларының көмегімен ұштастырған дұрыс. Оған ғаламтордағы әлеуметтік желілерде сауалнама жүргізуге болады, ақпараттар таратуға ыңғайлы және әлуатті тұтынушылардың көп бөлігі қамтылады.

Жоғарғы оқу орнының білім беру қызметін жылжыту кезеңіндегі тұтынушы ізденісінің себептері мен факторларын маркетингтік зерттеу алгоритмі мысал ретінде ұсынылып отыр, ол өзіне ЖОО және оның білім беру қызметін таңдауда екі шешім қабылдау кезеңдерін қосады: білім беру қызметтері туралы ақпаратты іздеу және талдау, жоғарғы оқу орны мен оның білім беру қызметтерін таңдау және нұсқаларды бағалау. (сурет 1)

Алгоритмде ақпараттық қоғамның мүмкіндіктерін есепке алған және зерттеу міндеттеріне бейімделген ақпаратты жинау және талдаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері ұсынылған. Сауалнама, жеке сұхбат алу, мінез-құлықтарды бақылау сияқты ақпарат жинау әдістері зерттеу объектілерінің жеке әрқайсысына ұсынылады.

Процесс барысында мәселелерді анықтау үшін сауалнама әдісі пайдаланылады, бірақ ол зерттеу мақсатына толықтай жауап бере алмайды. Жеке сұхбат әдісі арқылы абитуриент пен оның ата-анасымен тығыз қарым-қатынас орнатуға болады, ол өз кезегінде тұтынушылардың қажеттілігі, сұранысы туралы толық ақпарат жинауға мүмкінді береді. Сұхбат барысында ЖОО білім беру қызметі және мамандықтар туралы толық ақпарат алуға болады және сенімді байланыстың максималды деңгейін орнатуға болады. Тұтынушылардың (абитуриенттер, ата-аналар) мінез-құлқын бақылау арқылы олардың өздеріне қолайлы жағдайдағы іс-әрекеттерін талдауға және оларға әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік өте жоғары. Мұндай зерттеулерді университет қабырғасында ұйымдастырылған «есік ашық күндерде», білім беру қызметіне байланысты жәрмеңке, жарыс, концерттерде жүзеге асыруға болады.

Білім беру қызметін және ЖОО таңдау туралы




Сурет 1. Жоғарғы оқу орнының білім беру қызметін жылжыту кезеңіндегі тұтынушы ізденісінің себептері мен факторларын маркетингтік зерттеу алгоритмі

Ғаламтор-технологияларының көмегімен зерттеулерді жылдам, ықшам, территориялық кедергілерге қарамастан және артық шығынсыз жүргізуге болады. Жоғарғы оқу орнының сайтына кіріп шығушылар мониторингін жүргізу ЖОО-на, оның атқаратын қызметіне деген қызығушылық деңгейін анықтауға, бәсекелестерінен артықшылығын табуға, ЖОО-ның өзінің қызметін жылжытудың құралы ретінде сайттың қаншалықты тиімді жұмыс жасап тұрғанын анықтауға, сайттың ақпараттылығына және ыңғайлылығының деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желі білім беру қызметін пайдаланушылардың әлуетті тобын құрайтын жас мектеп және колледж түлектерінің өзара байлыналатын кездесу орны болып табылады. Болашақ абитуриенттердің және олардың ата-аналарының әртүрлі форумдарда және микроблогтарда қоятын сұрақтарын мониторгтен өткізу тұтынушылардың қажеттілігін анықтап және оларды қанағатандыру жолдарын табуға сонымен қатар сұранысты қанағаттандыратын ұсыныстың талаптарын жетілдіруге жол ашады. Неғұрлым тиімді әдістің бірі ғаламтор желісінде онлайн-сұрақ қоя арқылы тұтынушылардың қажеттілігі туралы ақпараттарды жылдам жинап, алынған зерттеу мәліметтерін талдап, нәтижесін өңдеуге болады.

Зерттеу нәтижелерін құжат қабылдау кампаниясының жұмысын жетілдіруге және жалпы оқу процесінің әдістемелік жүйесін қалыптастыруда қолдануға болады.

Ұсынылған зерттеу әдісі тәжірибеде жоғарғы оқу орындарының қызметін жетілдіруде және тәуекелдердің алдын алуда белсенді қызмет атқарады.



Сурет 2. Ақпараттық қоғам жағдайында қазіргі заманғы жоғарғы оқу орындары туралы ақпарат көздері бойынша үлес салмағы

Қызықты, өзекті, перспективті кәсіп иегері болу ықыласының негізінде мамандық таңдалады. Ал мамандық бойынша жұмыспен қамтылу мәселесі бірнеше есе сирек айтылады. Абитуриенттер үшін мамандық бойынша жұмысқа орналысу мәселесі емес, өзінің еңбек нарығындағы жоғары дәрежелі маман иесі ретінде құнының жоғары болуы маңыздырақ болып келеді.

Білім беру қызметін жүзеге асыру кезеңінде студенттер және тыңдаушылардың басты қажеттілігі ЖОО ережелеріне және жағдайларына бейімделу, ақпараттық қоғам жағдайында теориялық және практикалық білім алу, еңбек нарығының сұранысына сай тәжірибелік бағытта білім алу, сапалы ұйымдастырылған оқу процесінің көмегімен өзекті тақырыптарда білім алу және алынған білімнің өзектілігі болып табылады.



Сурет 3. Жоғарғы оқу орнының жарнама хабарламасын қараған абитуриенттердің назарын бөлу құрылымы

ЖОО-ның маркетингтік зерттеу жұмыстарының негізгі міндеті болып студенттер мен тыңдаушылардың талаптарына сәйкес оқу процесінде алынатын біліктіліктер мен білімнің сапалы болуын қамтамасыз ету.

Жұмысқа орналасуға көмектесу кезеңінде басты тұтынушылар түлектер мен жұмыс берушілер. Университет түлектерінің басты қажеттілігі - білім алған мамандық бойынша жұмыспен қамтылу және кәсіби біліктілігін жүзеге асыру. Ал жұмыс берушінің қажеттілігі білікті қызметкерді жұмысқа алу, еңбек әлуеттілігі бар қызметкерлердің жаңа ұрпағының арасында жұмыс беруші компаниясының брендін жылжытудан құрылады.

Жоғарғы оқу орнының осы кезеңдегі әрекеті ЖОО-мен жұмыс беруші компаниялар арасында тиімді қарым-қатынас жүйесін орнату және түлектерді жұмыспен қамтудан тұрады.

Жүргізілген маркетингтік зерттеулер нәтижесі бойынша ЖОО-ның түлектерді жұмыспен қамту процесін үздіксіз қамтамасыз ету кепілі болып университет түлектерімен тығыз және үздіксіз қарым-қатынасты сақтап қалу табылады. Ол үшін мыналар қажет:

- Түлектердің кәсіби жетістіктерін бақылап, тіркеп отыру;
- Түлектермен ортақ мәліметтер база негізінде үнемі байланыста болу;
- Түлектер арасында қазіргі заманғы жұмыс берушілердің талаптарын анықтау мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу;
- Түлектер кештерін ұйымдастыру және өткізу;
- Түлектерді оқу процесіне практикалық сабақтарға және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысушы ретінде шақыру, демеушілікке, жұмыс беруші ретінде, бизнес-серіктес, білім беру қызметін қайта пайдаланушы ретінде шақыруға болады;
- Әлеуметтік желіде барлық білім беру нысандары және құрылымдары бойынша түлектер қоғамын құру.

ЖОО-ң маркетингін ұйымдастырудағы күрделі мәселелердің шешімі маркетингтік зерттеулер барысында жинақталған ақпараттарға және оларды жинақтау жүйесіне байланысты болады. ЖОО-ң білім беру нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізуінің бірден-бір қажеттілігі білім алу жүйесінің және білім беру технологиясының сапалы өзгерісіне сәйкес болу, бәсекеқабілеттілігін жетілдіру.

ЖОО-ң білім беру қызметін көрсету кезеңдеріне байланысты тұтынушылардың қажеттілігін, сұранысын ескере отырып құрылған әртарапты зерттеулер нәтижесіндегі кешен ұсынылған. Ол тұтынушылардың ЖОО-ң білім беру қызметін таңдауда шешім қабылдауына әсер ететін факторлармен басқаруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі жоғарғы оқу орындарына білім беру нарығында бәсекеқабілетті, қазіргі заманғы талаптарға сай, тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыра алатын білім ордасына айналуға бренд ретінде өзін нарықта орналастыруға мүмкіндік береді. Алайда маркетингтік зерттеулер әрдайым және тоқтаусыз жүргізіліп отырылуы керек, себебі сұраныс және ұсыныс нарығы үнемі өзгеріп отырады. Ұсынылаған алгоритм және оның міндеттері абитуриенттер мен студенттерге және олардың ата-аналарына болашақта басты мәселені таңдауға және дұрыс шешім қабылдауға көмек-кеңес көрсете алады.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз» деп үкіметке тапсырмалар беріп, оны қатаң қадағалап отырады. Соның бірі 2020 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, олардың саны 90 пайызға дейін артады, 2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өткен жоо-лар үлесі 30 пайызды құрайтын болады жоспарлануда.

Жоғарғы білім алу туралы шешім әрбір азаматтың жеке таңдауы бола отыра, мемлекеттің алдыңғы ұзақ жылдарға бағытталған саясаты мен жарқын болашағының кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 27 қаңтар.
3. Кейплз, Джон. Проверенные методы рекламы. – М.: Карьера Пресс, 2010. – 376 с.
4. Морозова, Н.С. Этапы планирования рекламной кампании. / Н.С. Морозова // Социально-гуманитарные знания. – 2010. – № 6 – с. 34-39.
5. Фатхутдинов, Р.А. Стратегический маркетинг. – СПб: Питер, 2012. – 352 с.
6. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

УПРАВЛЕНИЕ ФИНАНСОВЫМИ РИСКАМИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Жумагулов Чингиз Бауыржанович,

Магистрант специальности «Финансы»

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актобе, ул. Айтеке би, 52,

В данной статье рассмотрены причины возникновения финансовых рисков на предприятиях. Влияние различных неблагоприятных факторов на финансовую устойчивость предприятия. Описана основная классификация финансовых рисков, а также методы управления финансовыми рисками на предприятиях.

КӘСПОРЫНЫҢ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Жұмағұлов Шыңғыс Бауыржанұлы

«Қаржы» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52,

Осы мақалада кәсіпорындардағы қаржы тәуекелінің шығу себептері қарастырылған. Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына әртүрлі қолайсыз факторлардың тигізетін әсері. Қаржылық тәуекелдің негізгі классификациялары сипатталған, сонымен қатар кәсіпорындардағы қаржы тәуекелін басқару әдістері сипатталған.

FINANCIAL RISK MANAGEMENT OF COMPANIES

Zhumagulov Chingiz Baurzhanuly

Master's Degree student of speciality «Finance»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52,

This article reviews the reasons of financial risks in the companies. Influence of various unfavorable factors on the financial stability of companies. It describes the main classification of financial risks, as well as the methods of financial risk management.

Финансовый риск предприятия возникает в процессе отношений с финансовыми институтами (банками, финансовыми, инвестиционными, страховыми компаниями, биржами и др.). Причины финансового риска – девальвация национальной валюты, инфляционные факторы, рост процентных ставок банка, снижение стоимости ценных бумаг и др.

Финансовые риски в Казахстане остаются высокими, поскольку экономика, которая по-прежнему зависит от сырьевых ресурсов, подвергается давлению в условиях низких и волатильных цен на нефть на фоне существенного ослабления тенге начиная с августа 2015 года. Предприятия, ведущие свой бизнес в тенге, но подверженные влиянию со стороны доллара, должны теперь справляться с еще большей неопределенностью: в случае неблагоприятного изменения в обменном курсе затраты, привязанные к доллару, могут негативно сказаться на прибыли в тенге. Снижение цены на нефть и девальвация национальной валюты оказывает большое влияние на негативные изменения в финансовом положении, как отдельных предприятий, так и отраслей в целом. Таким образом, казахстанские компании теперь должны следить за своими валютными рисками наряду с другими угрозами.

Стремясь стабилизировать социально-экономическое положение предприятий, их финансовую устойчивость, повысить эффективность деятельности и в конечном итоге максимизировать прибыль и достичь стратегических целей или, в крайнем случае, избежать убытков и банкротства, руководители предприятий в современных условиях начинают все большее внимание уделять финансовому планированию. Это, определенно, является одним из факторов нормализации хозяйственного оборота, обеспечения его необходимыми ресурсами, укрепления финансового положения предприятий в условиях неопределенности экономической ситуации.

Финансовая деятельность предприятия во всех ее формах связана с множественными финансовыми рисками, уровень воздействия которых на итоги данной деятельности и степень финансовой безопасности значимо растет в настоящее время. Риски, сопровождающие деятельность предприятия и генерирующие финансовые угрозы, соединяются в особенную группу финансовых рисков, играющих значимую роль в общем «портфеле рисков» предприятия. Портфель – это инструмент, при помощи которого обеспечивается устойчивость дохода при наименьшем риске [1].

Принято различать следующие разновидности финансового риска:

1. Риск снижения финансовой устойчивости (или риск нарушения равновесия финансового развития). Этот риск генерируется несовершенством структуры капитала (чрезмерной долей используемых заемных средств), порождающим несбалансированность положительного и отрицательного денежных потоков предприятия по объемам. Природа этого риска и формы его проявления рассмотрены в процессе изложения действия финансового леввериджа. В составе финансовых рисков о степени опасности (генерированные угрозы банкротства предприятия) этот вид риска играет ведущую роль.

2. Риск неплатежеспособности предприятия. Этот риск генерируется снижением уровня ликвидности оборотных активов, порождающим разбалансированность положительного и отрицательного денежных потоков предприятия во времени. По своим финансовым последствиям этот вид риска также относится к числу наиболее опасных.

3. Инвестиционный риск. Он характеризует возможность возникновения финансовых потерь в процессе осуществления инвестиционной деятельности предприятия. В соответствии с видами этой деятельности разделяются и виды инвестиционного риска – риск реального инвестирования и риск финансового инвестирования. Все рассмотренные виды финансовых рисков, связанных с осуществлением инвестиционной деятельности, относятся к так называемым «сложным рискам», подразделяющимся в свою очередь на отдельные их подвиды. Так, например, в составе риска реального инвестирования могут быть выделены риски несвоевременного завершения проектно-конструкторских работ; несвоевременного окончания строительно-монтажных работ; несвоевременного открытия финансирования по инвестиционному проекту; потери инвестиционной привлекательности проекта в связи с возможным снижением его эффективности и т. п. Так как все подвиды инвестиционных рисков связаны с возможной потерей капитала предприятия, они также включаются в группу наиболее опасных финансовых рисков.

4. Инфляционный риск. В условиях инфляционной экономики он выделяется в самостоятельный вид финансовых рисков. Этот вид риска характеризуется возможностью обесценения реальной стоимости капитала (в форме финансовых активов предприятия), а также ожидаемых доходов от осуществления финансовых операций в условиях инфляции. Так как этот вид риска в современных условиях носит постоянный характер и сопровождает практически все финансовые операции предприятия, в финансовом менеджменте ему уделяется постоянное внимание.

5. Процентный риск. Он состоит в непредвиденном изменении процентной ставки на финансовом рынке (как депозитной, так и кредитной). Причиной возникновения данного вида финансового риска (если элиминировать ранее рассмотренную инфляционную его

составляющую) является изменение конъюнктуры финансового рынка под воздействием государственного регулирования, рост или снижение предложения свободных денежных ресурсов и другие факторы. Отрицательные финансовые последствия этого вида риска проявляются в эмиссионной деятельности предприятия (при эмиссии как акций, так и облигаций), в его дивидендной политике, в краткосрочных финансовых вложениях и некоторых других финансовых операциях.

6. Валютный риск. Этот вид риска присущ предприятиям, ведущим внешнеэкономическую деятельность (импортирующим сырье, материалы и полуфабрикаты и экспортирующим готовую продукцию). Он проявляется в недополучении предусмотренных доходов в результате непосредственного взаимодействия изменения обменного курса иностранной валюты, используемой во внешнеэкономических операциях предприятия, на ожидаемые денежные потоки от этих операций. Так, импортируя сырье и материалы, предприятие проигрывает от повышения обменного курса соответствующей иностранной валюты по отношению к национальной. Снижение же этого курса определяет потери предприятия при экспорте готовой продукции.

7. Депозитный риск. Этот риск отражает возможность невозврата депозитных вкладов (непогашения депозитных сертификатов). Он встречается относительно редко и связан с неправильной оценкой и неудачным выбором коммерческого банка для осуществления депозитных операций предприятия. Тем не менее, случаи реализации депозитного риска встречаются не только в нашей стране, но и в странах с развитой рыночной экономикой.

8. Кредитный риск. Он имеет место в финансовой деятельности предприятия при предоставлении товарного (коммерческого) или потребительского кредита покупателям. Формой его проявления является риск неплатежа или несвоевременного расчета за отпущенную предприятием в кредит готовую продукцию, а также превышения расчетного бюджета по инкассированию долга.

9. Налоговый риск. Этот вид финансового риска имеет ряд проявлений: вероятность введения новых видов налогов и сборов на осуществление отдельных аспектов хозяйственной деятельности; возможность увеличения уровня ставок действующих налогов и сборов; изменение сроков и условий осуществления отдельных налоговых платежей; вероятность отмены действующих налоговых льгот в сфере хозяйственной деятельности предприятия [2].

Под финансовым риском предприятия следует понимать вероятностную характеристику события, которая в определенных условиях может привести к возникновению непредвиденных потерь, в результате его деятельности. При этом для каждого предприятия характерны особенности проявления совокупности факторов рискованных событий, которые необходимо учитывать при обосновании и разработке программ управления финансовыми рисками.

Управление финансовыми рисками предприятия основывается на принципах и методах оценки различных видов финансовых рисков и нейтрализации их возможных неблагоприятных финансовых последствий. Главной целью управления финансовыми рисками является обеспечение финансовой безопасности предприятия в процессе его становления и предотвращение вероятного понижения его рыночной стоимости.

Существуют следующие методы управления риском:

1. Диверсификация – метод управления финансовыми рисками, заключающийся в распределении рисков по различным видам активов с целью снижения их концентрации (диверсификация видов финансовой деятельности, диверсификация кредитного и депозитного портфеля, диверсификация финансовых активов организации, подбор активов, доходы по которым слабо коррелируют между собой).

2. Разделение риска – метод, при котором риск делится между участниками проекта (программы, процесса и пр.) таким образом, чтобы возможные потери каждого стали относительно невелики.

3. Лимитирование – подразумевает установление ограничений на величины рисков и последующий контроль их выполнений. Величина лимита отражает готовность принимать на себя отдельный риск, но при этом не превышать потребностей при каждодневной деятельности подразделений.

4. Страхование – совокупность экономических отношений между его участниками по поводу формирования за счет денежных взносов целевого страхового фонда и его использования для возмещения ущерба и выплаты страховых сумм.

5. Хеджирование – метод уменьшения рисков, вызванных неопределенностью будущих колебаний цен на активы (сырье, ценные бумаги, иностранная валюта). Хеджирование заключается в совершении форвардных продаж или покупок актива на фьючерсном рынке. При хеджировании в качестве финансовых инструментов могут использоваться опционы, фьючерсы, свопы и т.д.

6. Резервирование – создание резервных фондов (самострахование), предназначенных для возмещения убытков в случае возникновения различных непредвиденных ситуаций за счет полученной прибыли. [4].

Изучив различные подходы к определению «управление финансовыми рисками предприятия», а также рассмотрев классификацию финансовых рисков, можно прийти к следующему выводу. Процесс управления финансовыми рисками помогает предприятию достичь целевых показателей прибыльности и рентабельности, а также предотвратить нерациональное использование ресурсов. Проблема управления финансовым риском является одной из ключевых в деятельности предприятия. Она связана с возможностью потери устойчивого финансового положения предприятия в процессе деятельности и составляет неизбежный элемент принятия любого хозяйственного решения.

Создание комплексного контроля над рисками выделены в качестве приоритетных задач обеспечения экономической безопасности Казахстана. Попытки менеджмента отдельных казахстанских предприятий разработать механизмы и инструменты управления рисками пока не могли обеспечить эффективного и системного управления рисками. И происходит это из-за отсутствия полноценной методологии управления рисками на базе современных информационных технологий, отсутствия таких технологий управления рисками, которые бы на сегодняшний день соответствовали бы масштабам и характеру современных угроз устойчивого развития, требованиям инновационного развития производственных комплексов и регионов. Подобная практика на многих крупных казахстанских предприятиях находится на самом начальном этапе осмысления необходимости формирования системы управления рисками.

Список использованной литературы:

1. Брянцев Л.Д. Финансовые ресурсы предприятия. // Финансы. – 2014. – №10. – С. 63-68.
2. Сковородкина Л.В. Финансовый менеджмент. – Учебно-методическое пособие для самостоятельного изучения дисциплины. Ч.2. – Симферополь, 2011. – 137 с.. 2011
3. Бланк И. Управление финансовыми рисками. - Киев: Ника-Центр, 2005. – 600 с.
4. Бакадаров В.Л., Алексеев П.Д., Финансово – экономическое состояние предприятия. Практическое пособие. – М.: издательство «ПРИОР», 2002 – 205 с.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Камбарова Бакзат Базарғалиевна

«Менеджмент» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада индустриалды дамыған елдердің фирмаларындағы адам ресурстарын басқару тәжірибесі мен теориясында бұл жұмыстың ұйымдастырылуына және мазмұндылығына қатысты екі негізгі қарама-қарсы әдістер қарастырылады.

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ

Камбарова Бакзат Базарғалиевна

Магистрант специальности «Менеджмент»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматривается опыт работы в фирмах индустриально развитых стран, основные теории организации и управления человеческими ресурсами это и содержательностью два противоположных рассматриваются методы.

FOREIGN EXPERIENCE OF HUMAN RESOURCE MANAGEMENT

Kambarova Bakzat Bazargalievna

Master's Degree student of speciality «Management»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article are considered experience in firms of industrialized countries, and in this article the richness of the basic theory of organization and human resource management are two opposing methods.

Индустриалды дамыған елдердің фирмаларындағы адам ресурстарын басқару тәжірибесі мен теориясында бұл жұмыстың ұйымдастырылуына және мазмұндылығына қатысты екі негізгі қарама-қарсы әдістер бар.

Американдық фирмаларда адам ресурстарын басқару әдістері бойынша қызметкерлер жұмыс орнының қызметтеріне, мәселелеріне, қызметтік міндеттемелеріне, еңбек жағдайына, еңбек әрекетінің талабына (ағымда мәселелерге қалыптасу) сай келуі керек.

Жапондық фирмалардағы адам ресурстарын басқару әдістері қызметкерлердің жеке әлеуеті мен білім сапасына бағытталған.

«Американдық» немесе «нарықтық» әдіс кезінде адам ресурстарын басқару құралдары негізінен сыртқы еңбек нарығына, экономика жағдайына, нақты тауар сұранысына және т.б. бағытталған.

Бұл тәсіл жұмыс күшінің молдығы мен жұмыссыздықтың шарықтауынан сұранысқа қарағанда көп болуына байланысты кәсіпкерлердің қажет жұмыс күшін оңай тауып алуына мүмкіндік туды, ал үкімет әлеуметтік қамту бағдарламасын жасу арқылы жұмыстан шыққандар үшін жеңілдік жасай отырып, әлеуметтік шиеленісушілікті әлсіретіп отырады.

Бұл жағдайларда өндіріс тиімділігін жоғарлатудың негізгі факторлары ретінде технологияны тұрақты жетілдіру болып саналады, ал жұмыскер болса тек өндірістік

процессе керек белгілі бір шекарада қимылдайтын, анық белгіленген тәртіп бойынша жұмыс істейті қосымша тірек ретінде ғана қабылданады. Осыған байланысты адам ресурстарын басқару қағидалары да жасалды және жазылды. Біліктілігі төмен жұмысшы күшінің көптігіне байланысты лауазымдар кәсіби даярлығы нашар адамдар ғана атқара алатындай етіп жұмыс орны жобаланады. Жұмысты бастаудың алдында, оны орындау шін көп басшылардың келісімін лау қажет болғандықтан, бұл жағдай басқару қызметінің өсуіне және басқарушылық иерархияның дамуына алып келеді.

Оперативті өндіріс процесінің жұмыстарымен жүктелген фирманың төменгі және орта басқару басшылары жоғарыға стратегиялық жоспар туралы сұрақтарды ғана емес, сонымен бірге ағымдағы проблеманы шешу құзырларын беруге тура келді. Жоғары басқарушылардың кішкентай бір тобының шешімін қтардағы орындаушы қызметкерлер міндетті түрде орындауға тиісті болуы басқарудың өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Осыған лайықты, бұл категориядағы қызметкерлерде тәуекелге бел бумауы, өзіне жауапкершілікті алуға тілегі болмауы сияқты жұмысқа деген көзқарасы қалыптасады.

Тауардың жоғары сапасы арқылы жапондық фирмалар сыртқы нарықта американдық тауарларды ығыстырып тастағанда «төбеден тас түскендей» болды. Осыдан есін жиған соң, американдық ғалымдар мен менеджерлер орын алған жағдайдың себебін табу үшін терең зерттей бастады. Құпиясы оңай болып шықты -алдыңғы қатарлы фирмаларда жапондық менеджменттің негізі болып ең алдымен адам факторы саналады екен. [1]

Жапония әлемде бірінші болып барлық қызметкерлерді кәсіпорын мен фирма ісіне, аз шығынды сапалы өнім өндіруге тарта отырып, «адамдық тұлғасы» бар менеджментті дамытты. Жапонияның көптеген кәсіпорындарында басқарушы персонал әр операцияны орындаушыны келесі операцияны орындаушыны өзінің тауарын сатып алушы деп санауы керек деп, оны өзі орындайтын өндірістік процестің бөлігін айрықша ұқыпты орындауға талпындырып, ылғи үгіттеп отырады.

Адам психологиясы олардың әлеуметтік мәртебесін ескертетін көптеген жапон кәсіпорындарында менеджменттегі осы сапалы өзгерістері басқа дамыған елдердегі кадрларды басқарудағы дәстүрлі әдістерін жетілдіруге, түрткі болды.

Осылайша, менеджменттің қазіргі «оянуы» басқару жүйесіне адам, факторларын қосу қажеттігін түсінумен қатар, қызметкерлердің шығармашылық қабілетін дамытумен және жеке бастың өзінің мүмкіндігін толық пайдалануға байланысты [2].

Сөйтіп, басқаруды жетілдіру үшін жүргізілген зерттеу арқылы соңғы жылдары батыс ғалымдары дәстүрлі басқарудың кері салдарын ескеретін және оның орнын толтыратын менеджменттің әдістері мен тәсілдерін қайтадан жасады. Қазіргі заманғы менеджментті дамыту саласындағы адамға бетбұрыс басқарушының іріктелуіне ерекше көңіл бөлу керектігін ескерді. Әрбір басшы барлық мәселелерді өзіне алып, жеке өзі ғана дұрыс шешім табудың орнына, ол басқаратын ұжымда қызметкерлерге жаңалық табуға жағдай жасауы керек.

Мұнда үлкен мағына жатыр, себебі қызметкерлер жаңалықты табуға ұмтылады, ең басты - қабылданған шешімдерді өздерінің немес жеке басының шешімі ретінде қабылдайды да, оны орындауға атсалысады.

Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе жартылай фабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері сондай-ақ, жеке адамдар да болуы мүмкін.

Шағын бизнестің басты проблемасы - ол несие беру саясаты. Несие тек қана кепілдеме ретінде мүлікке беріледі. Ал кепілдікке жарайтын мүлік кәсіпорында жоқтың

қасы, сондықтан шағын кәсіпорындардың керекті несиесіне кепілдік бере алмайды. Сондықтан шағын бизнесті қолдайтын арнайы банк, несие банктің бір бөлімі болуы керек.

Шағын кәсіпорындар кадрларды даярлау, банктік несие алу және информациялық қызметтерге мұқтаж. Шағын кәсіпкерлік фирмалар қазіргі жағдайда делдалдық сферада, сонымен қатар тез айналатын сала сауда - саттық, қоғамдық тамақтану, азаматтық құрылыс, техника және машиналарды жөндеу, т.б. салаларда орын алып отыр. Жоғарыда келтірілген осы жағдайлардың барлығы кәсіпорындағы басқару шараларына келіп сүйенеді. Қазіргі таңда қызметтерді басқару саласы экономиканың көптеген жақтарына маңызды әсерін тигізетін бірден бір факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы жаңа заңдар еліміздің құқықтық, саяси және экономикалық жүйесінің дамуының жаңа кезеңін ескере отырып жаңа өкілеттіктер белгіледі. Оларды біліктілікпен жүзеге асыру, әсіресе кәсіпкерлік сияқты аса маңызды және үнемі дамып отыратын салада, әкімдердің басқарушылық және құқықтық сауаттылығына, олардың жаңашылдық қабілетіне және ең бастысы - бастамашылдығына байланысты болады.

Қазіргі күрделі жағдайда аймақтарда әртүрлі ұйымдық - құқықтық пошымдағы шағын кәсіпкерлікті дамыту бірінші кезектегі іс. Айта кетелік, шағын кәсіпкерлікке заңды тұлға құрмай - ақ кәсіпкерлікпен айналысатын барлық субъектілер және қызметтерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны орта есеппен алғанда есептік көрсеткіштен алпыс мың еседен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдар бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекет нақты қолдау көрсетеді.

Айта кетейік, қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын, жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны орта есеппен алғанда есептік көрсеткіштен алпыс мың еседен аспайтын шаруа қожалықтарының да шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік қолдауға құқығы бар.

Аймақтарды дамытуға қаражат жұмсайтын инвесторлар үшін тікелей қаражат жұмсауды мемлекеттік қолдау туралы заңдарда көзделген тәртіппен және шарттармен бірқатар жеңілдіктер мен преференциялар қолданыла алады. Атап айтқанда, біріншіден, бұл мемлекеттік заттай гранттар; екіншіден, келісімшарт жасалған сәттен бастап табыс салығының, жер салығының және мүлікке салынатын салықтың ставкасын 5 жылға дейінгі мерзімге негізгі ставканың 100 пайызына дейін кеміту, сондай - ақ одан кейінгі 5 жылға дейінгі кезеңге табыс салығының, жер салығының және мүлікке салынатын салықтың ставкасын негізгі ставканың 50 пайызынан аспайтын шекте кеміту, үшіншіден, инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті жабдықтар, шикізатпен материалдар импортына кеден бажын салудың толық немесе ішінара босату [4].

Жеңілдіктер мен преференциялардың мөлшері тікелей инвестиция көлеміне, инвестордың жобаны іске асыру мерзімі жөніндегі міндеттемелеріне, оның өзін - өзі өтеуіне, экономика секторының басымдылығына және басқа жағдайларға байланысты айқындалады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік бюджеттен жыл сайын 50 миллион теңге бөлу жоспарланып отыр.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері заңдық тұлға құрмай тұрып, азаматтық - құқықтық қатынастардың, әсіресе шетелдік заңдық тұлғалармен қатынаста белседі қатысушысы болуы белгілі дәрежеде қиын екендігін мойындау қажет. Сондықтан да соңғы жылдары еліміздің кейбір аймақтарында, әсіресе солтүстікте, шаруа қожалықтарының заңдық тұлға құра отырып, шаруашылық жүргізудің ірірек ұйымдық - құқықтық түрлеріне бірігу фактілері елеулі құбылыс болып отырғаны кездейсоқ емес. Мұндай шешім кәсіпкерліктің осынау жаңа субъектілерінің еңбек, материал және басқа ресурстарын біріктіруге, сондай - ақ

оңтайлырақ еңбек бөлінісін және өндірістің мамандандырылуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ниязбекова Р.Қ., Рахметов Б.А., Байнеева П.Т. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы: Алматы – Экономика, 2008.
2. Таласбеков Ж. «Кәсіпкерлікті қолдау - мемлекеттің басты міндеті» // Орталық Қазақстан, №9. 19.01.2011 жыл.
3. Райхан Н. Шағын кәсіпкерлік: кеше мен бүгін. // Ақиқат, № 5, 2007 жыл.
4. Байсейтов А.С. Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің бүгінгі таңдағы жағдайы // Поиск. - Алматы, 2013. – №1.

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Туралиева Ақтілек

«Менеджмент» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада инвестиция түсінігінің кең ауқымдылығы, экономикалық мазмұны, олардың түрлері мен қолдану аясы кеңінен қарастырылған.

Түйінді сөздер: инвестиция, шетел инвестициялары, тікелей инвестициялар, қоржындық инвестициялар, инвестициялау, инвестициялық қызмет.

ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОДЕРЖАНИЕ И ЗНАЧЕНИЕ ИНВЕСТИЦИЙ

Туралиева Ақтілек

Магистрант специальности «Менеджмент»

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся самого понятия инвестиций, его экономического содержания, видов инвестиций, а также сфер применения инвестиций.

Ключевые слова: инвестиции, прямые инвестиции, портфельные инвестиции, инвестиционная деятельность, инвестирование.

ECONOMIC CONTENT AND VALUE OF INVESTMENTS

Turalieva Aktilek

Master's Degree student of speciality «Management»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article discusses the issues concerning the concept of investment, its economic content, types of investment, and spheres of application of investments.

Key words: investments, direct investments, portfolio investments, investment activity, investment.

Инвестиция термині Қазақстанның нарықтық қатынастарға өтуімен пайда болды. Алайда, орыс тілді әдебиеттерде ол белгілі бір түсінікке ие болған жоқ. Орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің шеңберінде «жалпы капиталдық салымдар» деген түсінік қолданылатын, осы түсінік бойынша жаңа құрылыс пен қайта өңдеуге, шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындарының кеңеюі мен техникалық қайта қамтамасыздандырылуына (өндірістік капиталдық салымдар), тұрғын үй мен тұрмыстық-мәдени құрылысқа (өндірістік емес капиталдық салымдар) жұмсалатын барлық қаржылық құралдар түсіндірілетін.

Инвестициялар ақша құралдары, мақсатты банкілік салымдар, пайлар, акциялар және де басқа құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, қондырғылар, лицензиялар, соның ішінде тауар белгісіне, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектісіне салынатын интеллектуалды бағалықтар, несиелер, кез келген мүлік немесе мүліктік құқықтар ретінде анықталады және осының бәрі – пайда табу мен әлеуметтік жақсы әсерлерге жету

мақсатында пайдаланылады. Осы тұрғыда инвестиция түсінігі нарықтық тәсілге едәуір жақын келеді.

Инвестицияны зерттеу барысы инвестициялық қызметті шаруашылық етудің маңызды құрама бөлігі ретінде жүзеге асырудың жалпы негіздері мен механизмін талдауды, ел экономикасының тұрақтандырылуы жағдайындағы инвестициялық үрдістердің ерекшеліктерін анықтауды қарастырады. Сонымен қатар негізгі байланыстар мен тәуелділіктерді анықтау отандық экономикалық теория мен практикадағы жаңа ұғым инвестициялық қызметпен байланысты маңызды түсініктерді алдын ала нақтылауды талап етеді [1,2;3].

«Инвестиция» термині латынның «invest» деген сөзінен алынып «салым» деген мағына береді. Ғылыми әдебиеттерде инвестиция түсінігінің ауқымы кең. Көптеген авторлар инвестиция мен капиталдық салымдар арасындағы айырмашылықта жасамайды, ол болса инвестиция арқылы өндірістің дамуына әртүрлі салымдарды салуды түсіндіреді.

«Инвестиция» терминіне анықтама берген кезде оның тек мағыналық сипатына ғана көңіл бөлмей, мақсатты түрде бағытталуын да көрсету маңызды. Осы тұрғыдан қарағанда инвестициялар жалпы ұлттық өнім өндірісіне жұмсалатын табыстардың маңызды бөлігін құрайтын жаңа технологияны, материалдарды және басқа да еңбек құралдарын енгізумен байланысты өндірісті кеңейту және жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында жұмсалатын қаражаттардың активтерге салынуы болып табылады. Бірақ осы кезге дейін экономикалық тақырыптағы әдебиеттерде инвестиция деген ұғымға алуан түрлі түсініктер беру орын алып келді. Көптеген авторлар күрделі қаржы мен инвестициялардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ деп көрсетсе, ал кейбіреулері инвестицияны мақсатты бағытталуына байланыссыз салынған қаражат салымының кез келген түрі деп есептейді.

Инвестиция теориясы өз дамуы барысында бірнеше кезеңдерді бастан кешірді. Бастапқы кезде ол австриялық экономикалық мектептің өкілі Е. Бем-Баверктің еңбектерінде көрініс тапса, өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары, қаржы теориясының ғылым ретінде қалыптасуы кезеңінде И.Фишердің пайыздық мөлшерлемесі теориясында орын алды [4].

Сондай-ақ Ф. Вильямстың еңбектерінде капиталдық активтерді бағалауға теориялық негіз жасалды. Классикалық саяси экономияда инвестициялар капиталды қорланумен байланысты болды. Классик экономистер капиталды «еңбек өнімдерінің жинақталған қоры» деп анықтады, яғни өндіріс құралдарының жиынтығы ретінде қарастырды. Сол себепті капиталдың қорлануын олар өндіріс құралдарының материалдық-заттай бөлігінің өсу үрдісі, бүгіндей экономикалық өсу үрдісі ретінде қарастырды [5].

Батыс экономикалық әдебиетінде инвестиция 2 аспектінің: ресурстар (капиталдық құндылықтар) мен салымдардың (шығындардың) бірлігінде қарастырылады. Бұндай тәсіл Дж. М. Кейнстің еңбектерінде көрсетілген, оның пікірінше, инвестиция - бұл сол кезеңдегі табыстың тұтынуға жұмсалмаған бөлігі, сол кезеңнің өндірістік қызметінің нәтижесінде капиталдық мүлік құндылықтарының ағымдық өсімі. Бұл анықтама инвестицияның екі жағын, яғни ресурстарды (табысты жинақтау мақсатында шоғырланған) және капиталдық мүліктердің өсімін қамтамасыз ететін салымдарды (ресурстарды пайдалануды) бөліп көрсетеді. Дегенмен, Кейнстің пікірінше, «инвестициялар мен жинақталған қаражаттар өзара тепе-тең болуы тиіс, себебі олардың әрбірі табыстың тұтынудан асып түсуін қарастырады». Кейнс жинақталған қаражаттарды тек инвестициялау үрдісінің бір бөлігі деп санап, барлық жиналымдар инвестицияға айнала бермейді деген пікірді білдірді. Қозғалыссыз қала отырып, жиналымдар инвестицияға айналмайды. Өз кезегінде, болашақта пайда табу мақсатында өндірісті кеңейтуге салынған жинақ қаражаттар инвестицияға айналады деді [6].

Ресей ғалымдары Г.П. Журавлева, Н.Ю. Малышева инвестицияны жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да құрал-жабдықтарды өндіріске енгізе отырып, өндірісті кеңейту және жаңарту ісіне жұмсалатын шығындар деп есептейді. Бұл

жерде негізгі және айналым қорлары аралығындағы айырмашылықтар, сондай-ақ ғылыми-техникалық үдеріс, еңбек ресурстары т.б. факторлар есепке алынбады [5].

Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициялары туралы» заңында инвестицияға жаңа анықтама беруге және осылайша осы түсінікті капитал салу түсінігімен шектеуді қарастырады: «инвестиция мүліктің бағалығы мен оның құқығына, сондай-ақ интеллектуалды меншік құқығымен пайда табу мақсатында инвесторлармен кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынады». Яғни, инвестициялау – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлері, соның ішінде[7]:

- жылжитын және жылжымайтын мүліктер мен мүліктік құқық, ұстау құқығы, өңдеусіз стауға арналған тауарлардан басқалары;
- акциялар және коммерциялық ұйымдарға қатысудың өзгеде нысандары;
- облигациялар және басқа да борыштық міндеттемелер;
- инвестицияларға байланысты келісім-шарттар бойынша орындалуға тиісті қызметтер, тауарлар, ақшалай сомаларды талап етулер;
- интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне деген құқықтар, оған жататындар: авторлық құқық, патент, тауар белгісі, өнеркәсіп үлгісі, технологиялық процестер, нау-хау, нормативтік-техникалық, сәулеттік, конструкторлық және технологиялық жобалық құжаттар;
- лицензия немесе мемлекеттік органдардан берілетін басқа да нысандардағы кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыруға арналған кез келген құқықтар;
- Қазақстан Республикасының аумағында алынған және кері инвестицияланған пайда.

Жалпы инвестицияның көптеген түсініктері бар. Сондықтан бірнеше анықтамаларды келтіруге болады:

Инвестициялар – бұл ақшалай құралдар, мақсатты банк салымдары, пайлар, акциялар және басқа құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, құрал-жабдықтар, лицензиялар, сол сияқты кәсіпкерлік қызмет нысанына салынатын несиелер, кез келген мүлік құқығы, интеллектуалды құндылықтар және тағы да басқа пайда алу мақсатындағы қызмет түрлері.

Инвестициялар – кәсіпкерлік қызметтің және нәтижесінде пайда (табыс) құралатын немесе әлеуметтік тиімділікке қол жеткізілетін қызметтің басқа да түрлерінің объектілеріне жұмсалған мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлері, ел ішіндегі және шетелдегі капиталдың экономикаға ұзақ мерзімді жұмсалымы.

Инвестиция- пайда алу және әлеуметтік тиімділікке жету мақсатында жұмсалатын ақшалай құралдар, банктік салымдар, пац, акциялар, бағалы қағаздар, техникалық машиналар, жабдықтар: лицензиялар, соның ішінде тауарлық белгі; несиелер, әр түрлі мүлік пен мүліктік құқықтар, интеллектуалды құндылықтар және т.б.

Инвестиция- бұл халық шаруашылығының әр түрлі саласындағы кәсіпорындарға салынатын ұзақ мерзімді капиталды салымдар;

Инвестиция ел ішіндегі және шет елдердің халық шаруашылығының әр түрлі саласында пайда табу мақсатында ұзақ мерзімге мемлекеттік және жеке капиталын жұмсау;

Инвестиция - бұл өндірістік, коммерциялық, әлеуметтік, ғылыми, мәдени немесе қандай да бір басқа саладағы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру және пайда табу үшін барлық ақшалай, мүліктік, интеллектуалдық құндылықтарды салу;

Инвестиция - бұл пайда табу мақсатында елдің немесе шетел экономикасының әр түрлі саласына жұмсалатын мемлекеттік немесе жеке капитал, мүліктік немесе интеллектуалдық құндылықтар;

Инвестиция - бұл халық шаруашылығының барлық саласындағы негізгі қорды ұдайы өндіруді кеңейтуге бағытталған материалдық, ақшалай, еңбек ресурстар шығындарының жиынтығы[8].

Нарықтық экономиканың дамуы шаруашылық тұлғалардан, біріншіден, оның бәсекеқабілеттілігін ұлғайту, екіншіден, өзгермелі экономика жағдайында оның қызмет жасауындағы тұрақтылығын қамтамасыз етуді талап етеді. Жалпы қоғамның және жеке шаруашылық тұлғалардың дамуы ұлттық табыс өсімін қамтамасыз етуде ұдайы өндірістің материалдық құндылықтарына негізделеді. Осы өсімді қамтамасыз ететін құралдардың бірі инвестициялық қызмет болып табылады.

Инвестициялық қызмет объектілеріне жаңадан қалыптастырылған және жаңаландырылған негізгі қорлар мен айналым құралдары, бағалы қағаздар, мақсатты ақшалай салымдар, ғылыми-техникалық өнімдер, меншіктің басқа да объектілері, оған қоса мүліктік құқық пен интеллектуалды меншік құқығы да жатқызылады.

Инвестициялық қызметтің субъектілеріне инвесторлар (инвестициялық іс-әрекетті жүргізетін жеке және заңды тұлғалар), тапсырыс берушілер, жұмысты орындаушылар, инвестициялық іс-әрекеттің объектілерін қолданушылар, сонымен бірге жеткізушілер, заңды тұлғалар (банктер, қамсыздандыру ұйымдары, инвестициялық қорлар) және басқа да инвестициялық үдерістің қатысушылары жатады.

Инвестициялық үдерісті жүзеге асыруда инвесторларға аса мән беріледі, инвестор деп болашақта табыс алу мақсатымен инвестициялық жобаға меншікті қаражатын салатын жеке және заңды тұлғаларды айтады. Капитал нарығы тұрғысынан инвесторларды екі типке бөледі: акционерлер және лендерлер. Акционерлер өзінің қаражатын инвестициялау арқылы ағымдағы пайданың бір бөлігін алу құқығына ие болса, ал лендерлер тұрақты процент түрінде табыс алу құқығын иеленетін тұлғалар.

Жалпы инвестор инвестиция объектілерін және нәтижесін иемденуге, пайдалануға және басқаруға құқығы бар. Сонымен қатар сауда қызметтерін жүргізуге, әртүрлі кәсіпорындарға қайта және қосымша капитал салуға, бағалау қағаздар және капитал салудың басқа да түрлерінен алынған табысты иемденуге құқылы.

Инвестициялық қызметтің негізгі объектісі айналым қаражаты деп түсінетін кейбір қазақстандық экономистер де осыған ұқсас пікірді қабылдайды. Бұл экономистер инвестицияның күрделі қаржыдан басты айырмашылығы инвестицияларды қамту негізгі капиталға салынған қаражат салымдарымен қатар, айналым қаражаттарын толықтыруға бағытталғандығында деп есептейді. Егер ағымды өндірістің белгілі бір бөлігі негізгі капитал көлемін көбейту ісінде пайдаланылатын болса, инвестициялар кеңінен орын алады. Біздің пікірімізше, жеткілікті түрде толық әрі айқын болмағанымен де, келесі анықтаманы негізге алуға болады: инвестиция дегеніміз - капиталды толассыз түрде, ұдайы жаңартып, оны қолдап, көлемін ұлғайтып отыруға жұмсалатын ақша қаражатының шығындары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Городецкий А.В. Инвестиционная политика предприятий. - М.: КНОРУС, 2005. – С8.
2. Аскинадзи, В. М. Инвестиции: учебник для бакалавров / В. М. Аскинадзи, В. Ф. Максимова. — М. : Издательство Юрайт, 2014. — 56с.
3. Игонина Л. Л. Инвестиции. Учебное пособие. М: «Экономистъ», 2005.- С75.
4. С. Фишер, Р. Дорнбуш, Р. Шмалензи - Экономика (ECONOMICS). М: «Дело ЛТД» 1995.- С864.
5. Киселева Н.В., Боровикова Т.В., Захарова Г.В. Инвестиционная деятельность. М: КНОРУС, 2006.-114с.
6. Дж.М.Кейнс. Общая теория занятости, денег и капитала. М: «Эксмо» 2007.- С960.
7. «Шетел инвестициялары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ,997.07.01. N 165.
8. Аленова Н. М. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі. Оқу құралы. - Павлодар : Кереку, 2013. - 25 б.

КОРРЕЛЯЦИОННЫЙ АНАЛИЗ КРЕДИТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДБ АО «СБЕРБАНКА»

Турманбетова Салтанат Кинжибаевна
магистрант специальности «Финансы»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматривается взаимосвязь двух переменных – кредитов, предоставленных АО «Сбербанк» своим клиентам и кредитов в экономике

КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУЫ ДБ АҚ "СБЕРБАНК"

Турманбетова Салтанат Кинжибаевна
«Қаржы» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада АҚ «Сбербанк» өз клиенттеріне берілген заемдар және экономикадағы жібер- кредиттердің қарым-қатынасын қарастырылады

CORRELATION ANALYSIS OF CREDIT ACTIVITY OF SB JSC "SBERBANK"

Turmanbetova Saltanat Kynzhybayevna

Master's Degree student of the speciality «Finance»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article examines the relationship of two variables - loans granted to JSC "Savings Bank" to its customers, and credit in the economy.

АО «Сбербанк» сегодня - это банк, который предлагает широкий спектр услуг для всех групп клиентов, активно участвует в социальной и экономической жизни страны. ДБ АО «Сбербанк» входит в банковскую систему Республики Казахстан и является банком второго уровня, в своей деятельности руководствуется законодательной базой Республики Казахстан, нормативными правовыми актами, в том числе нормативными актами НБ РК. Он предлагает множество различных видов кредитов для юридических и физических лиц.

Нам предстоит определить взаимосвязь двух переменных – кредитов, предоставленных АО «Сбербанк» своим клиентам (X) и кредитов в экономике (Y). Для этого данные сводятся в единую таблицу и используется коэффициент корреляции Пирсона (см. Таблицу 1). Коэффициент корреляции Пирсона (r-Пирсона) применяется для исследования взаимосвязи двух переменных, измеренных в метрических шкалах на одной и той же выборке. Он позволяет определить, насколько пропорциональна изменчивость двух переменных. Данный коэффициент разработали Карл Пирсон, Фрэнсис Эджуорт и Рафаэль Уэлдон в 90-х годах XIX века. Он изменяется в пределах от минус единицы до плюс единицы; характеризует существование линейной связи между двумя величинами. Если связь криволинейная, то он не будет работать.

Чтобы приступить к расчетам коэффициента корреляции r-Пирсона необходимо выполнение следующих условий:

1. Исследуемые переменные X и Y должны быть распределены нормально.

2. Исследуемые переменные X и Y должны быть измерены в интервальной шкале или шкале отношений.

3. Количество значений в исследуемых переменных X и Y должно быть одинаковым.

При расчете коэффициент линейной корреляции Пирсона используется специальная формула. Величина коэффициента корреляции варьируется от 0 до 1. Слабыми сторонами линейного коэффициента корреляции Пирсона являются: неустойчивость к выбросам; с помощью коэффициента корреляции Пирсона можно определить только силу линейной взаимосвязи между переменными, другие виды взаимосвязей выявляются методами регрессионного анализа.

Таблица 1. Данные по кредитам за 2012-2016 года

Годы	Кредиты, предоставленные АО «Сбербанк» X	Кредиты в экономике Y
2012	361,6	8781,4
2013	530,7	9958
2014	755,8	11291,5
2015	1001,9	12105,7
2016	1061,0	12 368,6

Используя данные таблицы 1 вычислим фактический коэффициент корреляции с помощью следующего уравнения:

$$r = \frac{\sum(X-X)(Y-Y)}{\sqrt{\sum(X-X)^2 + \sum(Y-Y)^2}} \quad (20)$$

Решение:

1. Вычисляем сумму значений X и Y

$$X = 361,6 + 530,7 + 755,8 + 1001,9 + 1061,0 = 3711;$$

$$Y = 8781,4 + 9958 + 11291,5 + 12105,7 + 12368,6 = 54505,2.$$

2. Вычисляем среднее арифметическое для X и Y

$$\bar{X} = \sum X / 5 = 3711 / 5 = 742,2$$

$$\bar{Y} = \sum Y / 5 = 54505,2 / 5 = 10901,04$$

1. Вычисляем для каждого испытуемого отклонения от среднего арифметического для X и Y

№	$\bar{X} - X$	$\bar{Y} - Y$
1	380,6	2119,64

2	211,5	943,04
3	-13,6	-390,46
4	-259,7	-1204,66
5	-318,8	-1 467,56

5. Затем мы возводим в квадрат каждое отклонение:

№	$(\hat{X}-X)^2$	$(\hat{Y}-Y)^2$
1	144856,4	4492874
2	44732,25	889324,4
3	184,96	152459
4	67444,09	1451206
5	101633,4	2153732

6. Потом рассчитываем сумма квадратов отклонений: и $\Sigma(Y_{IQ} - \bar{Y}_{IQ})^2$
 $\Sigma(\hat{X}-X)^2 = 358851,1$
 $\Sigma(\hat{Y}-Y)^2 = 9139595$

7. Рассчитываем для каждого наблюдения произведение разности среднего арифметического и значения

№	$(\hat{X}-X) * (\hat{Y}-Y)$
1	806735
2	199453
3	5310,256
4	312850,2
5	467858,1

8. Рассчитываем сумму $(\hat{X}-X) * (\hat{Y}-Y)$

$$\Sigma(\hat{X}-X) * (\hat{Y}-Y) = 1792207$$

9. Подставляем полученные значения в формулу коэффициента корреляции Пирсона:

$$r = \frac{\Sigma(\hat{X}-X) * (\hat{Y}-Y)}{\sqrt{\Sigma(\hat{X}-X)^2 * \Sigma(\hat{Y}-Y)^2}} = \frac{1792207}{\sqrt{358851,1 * 9139595}} = 0.98$$

Необходимо знать, что коэффициент корреляции r показывает нам как силу, так и направление связи между независимой и зависимой переменными. Значения r находятся в

диапазоне между -1.0 и $+1.0$. Когда r имеет положительное значение, связь между X и Y является положительной, а когда значение r отрицательно, связь также отрицательна. Коэффициент корреляции, близкий к нулевому значению, свидетельствует о том, что между x и y связи не существует.

Таблица 2. Определение значения коэффициента корреляции

Значение коэффициента корреляции r	Интерпретация
$0 < r \leq 0,2$	Очень слабая корреляция
$0,2 < r \leq 0,5$	Слабая корреляция
$0,5 < r \leq 0,7$	Средняя корреляция
$0,7 < r \leq 0,9$	Сильная корреляция
$0,9 < r \leq 1$	Очень сильная корреляция

Исходя из того, что при вычислении коэффициент корреляции равен 0.98 , можно отметить следующее - между двумя переменными (кредитами, которые предоставил своим клиентам АО «Сбербанк» и кредитами в экономике за 5 лет) существует очень сильная корреляция, что говорит о прямой зависимости объема ссудного портфеля в экономике РК к выдаваемым ссудам исследуемого банка.

На основании проведенного исследования кредитного портфеля, порядка его формирования и управления, определения его качества и выяснения роли, места и значения кредитных портфелей банков в системе экономических отношений можно сделать следующие выводы:

1. Процессы трансформации экономики РК объективно повышают значения наличия у банков хорошо сформированных кредитных портфелей. Это связано с расширением сферы применения кредита в экономике и развитием в стране сети банковских учреждений, в структуре активных операций которых кредитование играет главную роль.

2. Формирование кредитного портфеля является одним из условий эффективной работы банка. Кредитные портфели взаимосвязаны с обеспечением финансовыми ресурсами экономики. Кроме того, они влияют и на эффективность работы банка. В этой связи большое значение имеет их качество. В банковском учреждении ему следует уделить особое внимание и принимать меры по его улучшению. Для этого должна быть выработана соответствующая кредитная политика. В целях минимизации кредитного риска и повышения качества портфеля необходимо принимать следующие меры:

- диверсификация портфеля;
- предварительный анализ платежеспособности заемщика;
- создание резервов для покрытия кредитного риска;
- анализ и поддержание оптимальной структуры кредитного портфеля;
- требование обеспеченности ссуд и их целевого использования.

Основными методами, применяемыми для обеспечения достаточной диверсификации кредитного портфеля, являются следующие:

1. Рационализация кредита;
2. Диверсификация заемщиков;
3. Диверсификация принимаемого обеспечения по ссудам;

4. Применение различных видов процентных ставок и способов начисления и уплаты процентов по ссуде;

5. Диверсификация кредитного портфеля.

3. Коммерческие банки сегодня испытывают большие трудности при формировании своих кредитных портфелей, их качество можно оценить как удовлетворительное.

Большинство выдаваемых кредитов являются краткосрочными. Кредитные портфели банков характеризуется повышенной рискованностью. Это связано как с проводимой банками кредитной политикой, так и с экономической ситуацией в стране.

Отличительной чертой кредитных портфелей казахстанских банков является плохое качество валютных кредитных портфелей, что связано, прежде всего, с проводимой государством валютной политикой.

Таким образом, анализ состояния кредитных портфелей банков РК показывает наличие следующих противоречий - плохое состояние кредитных портфелей банков обусловлено, в том числе и экономической ситуацией. С другой стороны, на состояние экономики, особенно на проблему инвестиций, оказывает влияние и плохое состояние кредитных портфелей банков. Разрешение этого противоречия является залогом будущего процветания банков и улучшения экономики.

Список использованной литературы:

1. Ассоциация финансистов Казахстана - afk.kz
2. Информационное агентство Zakon.kz - fin.zakon.kz
3. forexaw.com/
4. Капитал - kapital.kz/
5. sberbank.kz

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шапқынова Қалампыр Маратқызы

«Қаржы» мамандығының магистранты,

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52,

Бұл мақалада кәсіпорындарда қаржылық талдаудың жоспарлаудың алғышарттары зерделеніп, қаржылық талдаудың маңызы қарастырылған.

Түйінді сөздер: кәсіпорын, кіріс-шығыс, кәсіпорын қызметі, қаржы ресурстары.

ОСНОВЫ ТЕОРЕТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА ФИНАНСОВОГО СОСТОЯНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ

Шапқынова Қалампыр Маратқызы

Магистрант специальности «Финансы»,

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52,

В данной статье исследованы предпосылки планирования финансового анализа предприятия и рассмотрен его важность применения.

Ключевые слова: предприятие, приход-расход, деятельность предприятия, финансовые ресурсы.

FUNDAMENTALS OF THE THEORETICAL ANALYSIS OF THE FINANCIAL CONDITION OF AN ENTERPRISE

Sharpynova Kalampyr Maratkyzy

Master's Degree student of speciality «Finance»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, St. Aiteke bi 52

In this article considered the prerequisites for planning a financial analysis of an enterprise and examined its important.

Keywords: company, income-expenditure, business activity, financial resources.

Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі сұрақтарды қарастырмас бұрын, "қаржылық жағдай" дегеніміз немесе "қаржылық жай-күй" дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет "Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және мін-деттемелер, яғни пассивтер) сипатталады"[1] деп жазған.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржы ресурстарын жасау, тарату және пайдаланумен сипатталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорынның қалыпты

өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылықпен негізделеді. Кәсіпорынның уақтылы төлеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының тұрақтылығын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

А.И. Ковалев және В.П. Привалов қаржылық жағдай ұғымын былайша түсіндіреді: «Қаржылық жағдай - бұл қаржы ресурстарының қолда барын, үлестіріліп таратылуы және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы» [2].

Профессор И.Т. Балабанов «Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы - бұл оның қаржы бәсекелестік қабілеттілігінің сипаттамасын (яғни төлем қабілеттілігі, несиеге қабілеттілігі) қаржы ресурстары мен капиталды пайдалану, мемлекет алдында және басқа да шаруашылық субъектілерінің алдында өз міндеттемелерін орындау» [3].

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықты "өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процесінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы" деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы деп жазады.

Кәсіпорында тұрақты қалыптасқан табыстық шығынның артуының өзіне тән айнасы - қаржылық тұрақтылық болып табылады. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдаланып, оларды тиімді қолдану арқылы өндіру мен өнімді өткізу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіпорынды кеңейтуге және жаңартуға қажетті шығындарын қаржыландыратын кәсіпорынның қаржы ресурстық жағдайын сипаттайды. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы - бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы.

Қаржылық тұрақтылық - бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өндіру және өнімді сату процесінің үздіксіз болуына жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндіріс-шаруашылық қызметі процесінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады. Ал кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабдыққаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның материалдық- техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік ретінде дәрежеде табыс қалуы қажет.

Бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен В.С. Сайфуллин дәлірек және анығырақ түсіндіреді.

Олар қаржылық тұрақтылықтың мәні — бұл қорлар мен шығындардың қалыптасу көздерінен қамтамасыз етілуі деп түсіндіреді. Кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі немесе "Сауда, несие және басқа да төлем сипатындағы операциялардың нәтижесінде пайда болатын кәсіпорынның төлем міндеттемелерін уақтылы және толық орындау мүмкіндігін көрсететін төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылықтың сыртқы көрінісі болып табылады. Кәсіпорынның жұмысы нарық жағдайына етумен бірге оның

қаржылық жағдайы және оны сауықтыру жолдарын іздеу жөніндегі сұрақтар да шиелінісе түсті.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В.М. Радинова келесідей түрлерге жіктейді.

- 1) пайда болу орнына байланысты - ішкі және сыртқы;
- 2) нәтижесінің маңыздылығына байланысты - негізгі және негізгі емес;
- 3) құрылысы бойынша - қарапайым және күрделі;
- 4) әрекет ету уақыты бойынша - тұрақты және уақытша.

Ішкі факторлар кәсіпорынның өзінің жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар кәсіпорын еркіне бағынышты емес.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қарыздық капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы (мобилизацияланушы) қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Кәсіпорын ақша қаражаттарын қаншалықты көп тар-татын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады, алайда, сонымен бірге қаржылық тәуекелділік те өседі, яғни кәсіпорын өз кредиторларымен уақытында есептесе ала ма, жоқ па? -деген қауіп туады. Және де бұл жерде кәсіпорынның төлеу қабілеттілігінің қаржылық кепілінің бір түрі ретінде резервтерге үлкен рөл берілген[4].

Сонымен бірге тек таза табыстың көлемі ғана емес, сонымен қатар оны тарату құрылымы, әсіресе өндірісті дамытуға бағытталған бөлігі де өте маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

- кәсіпорынның салалық топқа жатуы;
- шығарылатын өнімнің (жұмыс, қызмет) құрылымы және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;
- төленген жарғылық капиталдың мөлшері;
- шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы; қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылымын қоса алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;
- кәсіпорындарды басқару тиімділігі.

Кәсіпорынның қызмет жағдайы және қаржылық тұрақтылығы туралы толық мәлімет алғысы келетін негізгі 4 топты атап кетуге болады. Олар: қысқа мерзімді несие берушілер, ұзақ мерзімді несие берушілер, акционерлер және кәсіпорын басшылары. Қаржылық талдау жүргізу кезінде, әр топтың өзінің көзқарасы болады және басқалардан өзгеше мақсат көздейді. Осы сұрақта негізгі рөл кәсіпорын басшысына жүктелген. Себебі ол басқа үш топтың көзқарасын түсінуі керек.

Жоғарыда көрсетіліп кеткендей қаржылық талдаудың көптеген теориялары бар. Соның ішінде отандық және шетел экономист – ғалымдардың қаржылық тұжырымдамалары кеңінен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ковалев А.И. Привалов В.П. «Анализ финансового состояния предприятия».- М ; Центр экономики и маркетинга, 2000 (с.5)
2. Ковалев А.И. Привалов В.П. «Анализ финансового состояния предприятия».- М ; Центр экономики и маркетинга, 2000 (с.8)
3. Балабанов И.Т. « Финансовый анализ и планирование хозяйствующего субъекта» Издание 2 – е, доп. М: Финансы и Статистика 2000 (с.24)
4. Радинова В.М. « Финансовая устойчивость предприятия в условиях инфляции ». – М.: Издательство перспектива 2000 (с.51)

Айтназаров Мурат Шикалович

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық Университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш, 52

Бұл мақалада тұрғын үйге үлестік қатысудың келісім шарттары туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: тұрғын үй, шарт, үлестік құрылыс, азаматтық кодекс, тұрғын емес үй жайлар.

ЦЕЛЬ УЧАСТИЯ В ДОГОВОРЕ ДОЛЕВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА И ЕГО ПРАВОВАЯ ПРИРОДА

Айтназаров Мурат Шикалович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный Университет, 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52

В этой статье рассмотрены вопросы касающегося договора долевого строительства.

Ключевые слова: жилище, договор, долевое строительство, гражданский кодекс.

AIM OF PARTICIPATING IN AGREEMENT OF BY SHARE BUILDING AND HIS LEGAL NATURE

Aitnazarov Murat Shikalovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

In this article are considered the questions of touching agreement of by share building

Keywords: dwelling, agreement, by share building, civil code

Тауар-ақша қатынастарының бүгінгі күнгі даму деңгейі тұрғын үй объектілерінің негізгі массасы жеке салымшылар: жеке және заңды тұлғалар есебінен жүргізілуіне ықпал етуде. Мемлекет және жергілікті атқарушы органдарының құрылысқа қатысуы, әдетте, инвестициялық жағдайға мемлекеттің не жергілікті атқарушы органның меншігіндегі жер телімдерін беруімен шектелуде. Мұндай жағдайлар көбінесе құрылысшының салынып болған объектіден белгілі-бір бөлігін беру міндеттемесін алуы арқылы көрінеді.

Қаралып отырған шарттың табиғатын анықтау үшін зерттеудің салыстырмалы әдісін кеңінен қолдана отырып кешенді талдау жүргізу қажет. Тұрғын жай құрылысына үлестік қатысуға Азаматтық Кодекс назар аудармаған. С.А. Хохлов атап өткендей «меншікті алу құқығының барлық негіздерін арнайы реттеу өте қиын және барлық дерлік заңнама жүйелерінде бұл бағытта қиындықтар бар. Алайда адамдар заң негізінде өздерін меншік иесімін деп есептеуі үшін меншік құқығын алудың негіздерін арнайы реттеу керек, себебі мүлік олармен заңмен тікелей көрсетілгеннің негізінде алынған» [1, 396 бет].

Қазақстандық азаматтық құқықта шарттар жүйесі әр-түрлі топтастырылу белгілерімен құрылған. Шарттық қатынастарды құқықтық реттеу мынадай ерекшеліктерімен шарттың пәнінің ерекшелігімен, олардың қатысушыларының субъектілер құрамымен шартталады. Осыған байланысты қаралып отырған шарттың құқықтық табиғатын анықтау үшін барлық топтастыру белгілерін бөліп қарау орынды. Бірақ алдымен мейлінше маңызды норматүзуші белгі – міндеттеменің бағыттылығын анықтап алайық. Тұрғын үйге құрылысына үлестік қатысу шартының ерекше реттеу пәнінің болуы. Қатынастар жылжымайтын мүлікке – тұрғын үйге қатысты. Жылжымайтын мүліктің сипаттамасы үлестік қатынас бойынша неғұрлым құқықтық реттелуді қажет етеді, оның біреуі жылжымайтын мүлікке және оған қатысты мәмілелерді мемлекеттік тіркеу.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт заңмен тікелей көрсетілмегендердің қатарына жатады. Құрылысқа үлестік қатысу шартын жасау мүмкіндігі шарт еркіндігі қағидасымен шартталған, оған сәйкес тараптар заңмен немесе өзге де құқықтық актімен көрсетілген не көрсетілмеген шартты жасасуға құқылы (ҚР АҚ-380-бабы). Жаңа және аралас шарт нысандарының пайда болуына М.И. Кулагин «Қызмет көрсету саласының қарқынды даму үрдісіне, сәйкесінше, халық шаруашылығының осы саласындағы шарттардың маңыздылығы және саны артады. Екі немесе одан да көп белгілі шарттардың элементтерін қамтитын шарттар пайда болуда» [2, 259 бет] - деген. И.А. Покровский бұл құбылысты келесідей сипаттаған: «Шарт еркіндігі қағидасы жеке тұлғалардың кез-келген мазмұндағы шарт жасасуға құқылы екенін білдіреді» [3, 106 бет].

Сонымен бірге заңнамамен көзделген шарттардың мазмұны мен өзектілігі өмірдің қажеттілігінен біршама қалып жүреді. Осыған сәйкес сонау рим құқығынан цивилистикада азаматтық айналым субъектілеріне «қарапайым емес мазмұндағы шартты» шарт жасауға құқық беруді бекіту қолға алынған. Алайда осындай шарттардың жеткілікті және қажетті шарты олардың жалпы азаматтық-құқықтық шарттар моделіне сәйкес келуінде болып отыр. Қаралып өткен шарттармен қатар аралас шарттар деген де кездеседі. Олар заңнамамен немесе өзге де құқықтық актімен көзделген әр-түрлі шарт құрылысының элементтерін қамтиды. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 381-бабына сәйкес тараптардың аралас шарт бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімімен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады. Аралас шарттар проблемасы ғалымдардың арасында көп дау тудырады. Мысалы, О.Н. Садиков «егер көрсетілген шарттарды құқықпен көзделген шарт түрлерінің қатарына жатқызбасақ, ондай болса жаңа шарттың пайда болғанын, тек әзірге оның арнайы тәртібі көзделмегенін, міндеттемелік құқықтың жалпы ережелеріне бағынысты екенін, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда шартқа неғұрлым жақын (ұқсастық тәртібінде) ережелермен реттеледі» - деп пайымдаған [4, 331 бет].

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты – екі жақты шарт (өзара, синаллагматикалық), яғни шарт бойынша әр тарап құқықтар мен міндеттерге ие. Шарт бойынша үлескер құрылысты қаржыландыруға міндетті, ал тапсырысшы объект құрылысын ұйымдастыруға және үйді пайдалануға бергеннен кейін үлескерге пәтерді беруге міндеттенеді.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарты табиғаты бойынша ақылы шарт, яғни бір тарап өзінің орындаған міндеті үшін ақы алуына құқылы (ҚР АҚ-нің 384-бабы).

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартының негізгі құқық құрайтын белгілерін қарап осы шарттың мазмұнын анықтайық.

А. Шаханов «Құрылысқа үлестік қатысу шарты бойынша бір тарап (құрылысшы) шартпен бекітілген мерзімде белгілі-бір жылжымайтын мүлік объектісін салып беруге немесе оның құрылысын ұйымдастырып, салынған объектінің бөлігін (үлесін) басқа тарапқа үлесті жаңа пайда болған жылжымайтын мүлік ретінде меншік құқығын ресімдеу үшін

беруге міндеттенеді, ал үлескер белгілі-бір мерзім ішінде құрылысқа салым салуға және ондағы өз үлесін алуға міндеттенеді» [5, 4 бет]. Осы анықтама үлескердің салынып жатқан құрылыстағы үлесі туралы айтады және ол міндеттеменің мазмұнын бірлескен қызмет ретінде түсіндіреді. Келесі түсініктемені Е.Козлова былай деп береді: «Осы шарттың жағдайлары бойынша жеке тұлға ақша қаражаттарын салу жолы арқылы нақты тұрғын үйдің құрылысына қатысады, ал заңды тұлға онымен тартылған ақша қаражаттары негізінде құрылысты жүзеге асырады, құрылыс аяқталған соң жеке тұлға салынған ақша қаражаты сомасы негізінде өз меншігіне пәтерді алады» [6, 82 бет]. Ю.В. Романец осы шарттарды жасалуын «келісім ретінде қарайды, оған сәйкес бір тұлға (үлескер) белгілі-бір мүлктік жарна (ақша, өзге мүлік, мердігерлік жұмыстары орындау түрінде) енгізуге, ол үшін ғимараттың құрылысы аяқталған соң шартпен қарастырылған тұрғын немесе тұрғын жайға ие болады». Осы анықтаманы Ю.В. Романец бұл шартты «мердігерлік міндеттеменің түрі» ретінде қарастырған [7, 77 бет].

Жоғарыда баяндалғанның негізінде тұрғын үй құрылысына үлестік шарт «шарт еркіндігі» қағидасын іске асырылуы нәтижесінде туындаған деген тұжырымға келуге болады. Себебі қазіргі таңда тұрғын үй құрылысының басым көпшілігі тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу негізінде салынып жатыр. Осы шарттың белгілерін анықтай отырып, оның ақылы, синаллагматикалық, мүлкті беру бойынша қарсы міндет екенін айтып өту керек.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңы қолданысқа енгізілді.

Аталған заңмен үлескерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың міндетті талаптарының бірі болып тұрақсыздық айыбының мөлшерін көрсету болды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 7-бабына сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер заңдарда көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өйткені ол әрекеттер азаматтық заңдарда көрсетілмегенімен, олардың жалпы негіздері мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады.

Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер: заңдарда көзделген шарттар мен өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңдарда көзделмегенімен, оларға қайшы келмейтін мәмілелерден пайда болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 393-бабының 1-тармағына сәйкес тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңы тұрғын жайлардың құрылысына үлестік қатысуы үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшаларын тарту есебінен олардың құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт тараптарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кепілдігін белгілейді.

Аталған Заңның 1-бабына сәйкес тұрғын үйдегі үлес - тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша құрылыс жобасына сәйкес салынған тұрғын үйдің құрамына кіретін, үлескерге беру актісі бойынша берілетін тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңының 9-бабымен шарттың міндетті талаптары қарастырылған, атап айтқанда, 2-тармақтың 2-тармақшасымен жобалау компаниясының үлескерге тұрғын үйдегі үлесті беру мерзімі; 6-тармақтың 6-тармақшасымен үлескерге тұрғын үйдегі үлесін берудің шартта көзделген мерзімін жобалау компаниясы бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) мөлшерін көрсету міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 349-бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) – тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272-бабына сай міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 273-бабына сай міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хохлов С.А. Право собственности и другие вещные права. Гражданский кодекс России. Проблемы. Теория. Практика: Сборник памяти С.А, Хохлова / Отв. ред. А.Л. Маковский. Исследовательский центр частного права. М.: Международный центр финансово-экономического развития, 1998.
2. Кулагин М.И. Избранные труды. М.: Статут, 2012г.
3. Покровский И.А. Основные проблемы гражданского права. М., 1998.
4. Садиков О.Н. Специфика регулирования некоторых гражданских отношении // Советское государство и право. 1978. № 3 (Брагинский М.И. және Витрянский В.В. баяндамасы бойынша Указ Соч. С. 33.
5. Шаханов А. Договор долевого участия в строительстве. СПб.: LEX STAR, 2001.
6. Козлова Е. Поиск модели договора долевого участия в строительстве и его учетная регистрация // Хозяйство и право. 2013.
7. Романец Ю.В. Как квалифицировать договоры долевого участия в строительстве? // Хозяйство и право. 2014.

ЛАТЕНТНАЯ ПРЕСТУПНОСТЬ КАК ОБЪЕКТ КРИМИНОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ

Атабекұлы Мейірбек

магистрант специальности «Юриспруденция»

Каирова Нелля Имамуратовна

*Профессор, кандидат юридических наук Казахско-Русского Международного университета
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актобе, ул. Айтеке би, 52*

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты криминологического изучения латентной преступности, ее составные части и методы исследования.

Ключевые слова: латентность, преступность, методы исследования преступности, неучтенная статистика преступности, скрытая преступность.

ҰСТАМДЫЛЫҚ ҚЫЛМЫС ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРДЕЛЕУ

Атабекұлы Мейірбек

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Каирова Нелля Имамуратовна

*Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52*

Бұл мақалада кейбір аспектілері және криминологиялық зерделеу жасырын қылмыстылық, оның құрамдас бөліктері мен зерттеу әдістері.

Түйінді сөздер: латенттық, қылмыс, зерттеу әдістері қылмыс, есепке алынбаған статистика қылмыс, жасырын қылмыс.

LATENT CRIME AS OBJECT OF CRIMINOLOGY STUDY

Atabekuly Meirbek

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kairova Nellya Imamuratovna

*Professor, Candidate of Juridical Sciences of Kazakh-Russian International university
Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

Some aspects of criminology study of latent crime, her component parts and research methods, are examined in this article.

Keywords: latentness, criminality, methods of research of criminality, untaken into account crime statistics, hidden criminality.

Латентная преступность представляет собой реальную, но скрытую или незарегистрированную часть фактически совершенных преступлений.

С криминологической точки зрения под преступностью в целом понимается совокупность всех реально совершенных деяний, запрещенных действующим уголовным законодательством под страхом наказания на данной территории за определенный промежуток времени.

Латентная преступность - один из самых непростых объектов криминологического изучения. Отдельные ученые до сего времени ставят под сомнение саму возможность продуктивного исследования этого феномена. В философском смысле термин «латентная преступность» оказывается весьма емким. Если дословно его трактовать, то содержание этого понятия охватит все, что нами еще не исследовано и не познано в криминальном феномене.

В политической истории очень мало примеров, когда борьба с коррупцией приводила к позитивным результатам, а эффективность государственного аппарата повышалась, если антикоррупционные реформы разрабатывались и реализовывались самим аппаратом, то есть чиновниками, как это происходит в Казахстане. В связи с этим любая административная и антикоррупционная реформа должна идти параллельно с ростом общественного контроля над деятельностью должностных лиц. Следовательно, реформировать надо всю политическую систему, а не отдельные ее элементы. Только в этом случае прозрачность, отчетность перед обществом, многочисленные социальные лифты для карьерного роста благодаря профессиональным данным помогут повышению эффективности госуправления.

При этом Казахстан находится в ТОП-1017 стран с худшими законами о доступе к информации, не смотря на то, что разработка и принятие Закона РК «О доступе к информации» [26] отвечала международным обязательствам Казахстана по обеспечению прав и свобод человека, обязательствам по борьбе с коррупцией, и должна была повысить качество государственного управления.

Следовательно, полноценный эффект может дать не просто борьба с коррупцией и аресты чиновников, а такие превентивные меры, как устранение конфликта интересов, раскрытие конечных бенефициаров владельцев бизнеса, введение декларирования доходов и расходов чиновников, а затем и всех граждан страны.

Таким образом, можно подвести следующие итоги нашего исследования:

1. Коррупция в Казахстане обусловлена совокупностью экономических, политических, социальных, государственно-правовых и иных факторов, характеризующих уровень общественного развития в текущий период времени. В результате изучения этого явления определена его роль в сфере экономической деятельности.

2. Основные пути борьбы с коррупцией в Казахстане видятся через повышение качества государственного управления, повышение уровня транспарентности и подотчетности через раскрытие информации и обеспечение широкого доступа населения к информации о деятельности органов власти, а также снятие коррупциогенности норм, выявленных в правоприменительной практике.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. - Астана, 2007. - 71 с.
2. Сафонов О. А. Финансово-правовые средства обеспечения экономической безопасности . Автореферат дисс. канд. Юр. наук . – Москва, 2007
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию» от 6 марта 2009 года
4. Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.11.2016 г.)
5. Рахимов Т.Г. Анализ понятия «коррупции» в уголовном законодательстве Республики Казахстан// 8 августа 2006. [admins//http://www.kpk.org.ua/2006/08/08/print:page,1,analiz_ponjatija_korrupcii_v_ugolovnom_zakonodatelstve_respubliki_kazakhstan.html](http://www.kpk.org.ua/2006/08/08/print:page,1,analiz_ponjatija_korrupcii_v_ugolovnom_zakonodatelstve_respubliki_kazakhstan.html)
6. Криминология / Под общ. ред. д-ра юрид. наук, профессора А. И. Долговой. – М.: Изд-во НОРМА, 2000.
7. Криминология / Под ред. В. Н. Кудрявцева, Е. Е. Эминова – М.: Юристь, 1997.
8. Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.11.2016 г.)
9. Алипбек Б. Комплексные меры противодействия//Юридическая Россия, 11 ноября 2016 года, № 126, с. 2
10. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.12.2016 г.)
11. Назарбаев Н. А. План нации – путь к казахстанской мечте// akorda.kz, 6 января 2016г.
12. Досым Сатпаев: Антикрупционный бег на месте//http://www.ratel.kz/outlook/dosym_satpaev_antikorrupsionnyj_beg_na_meste, 02 Февраля 2017
13. Указ Президента Республики Казахстан от 26 декабря 2014 года № 986 «Об Антикрупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 – 2025 годы»
14. Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 апреля 2015 года № 234 Об утверждении Плана мероприятий на 2015 - 2017 годы по реализации Антикрупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 2025 годы и противодействию теневой экономике (с изменениями по состоянию на 27.10.2016 г.)
15. План нации 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева// inform.kz, 6 мая 2015 года
16. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан
17. Положение о Национальном бюро по противодействию коррупции (Антикрупционной службе) Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан утверждено приказом Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 5 января 2016 года № 1
18. Казахстан в мировом рейтинге коррупции поднялся на 17 позиций за два года//Караван, 29.10.2016

19. Анализ по выполнению Казахстаном рекомендации 3.6. отчета третьего раунда мониторинга Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией в странах Восточной Европы и Центральной Азии ОЭСР. - Алматы, 2016 – 20 С., с. 5
20. Ведение бизнеса в Республике Казахстан, с. 15//<http://invest.gov.kz/uploads/files/2016/01/26/biznesa-v-respublike-kazakhstan.PDF>
21. Кушекova Г. Электронное правительство против коррупции//«Жамбыл-Тараз» №28 (1263), 8 июля 2015 года, с. 2
22. Айдархан А. Казахстан в рейтинге коррупции: ниже Гамбии и Сьерра-Леоне//Радио Азаттык, январь 27, 2016, <http://rus.azattyq.org/a/transparency-kazakhstan-index/27514143.html>
23. Легализация (отмывание) доходов, полученных в результате хищения бюджетных средств и злоупотребления должностными полномочиями руководителями организаций с государственной долей участия [электронный ресурс]. URL: http://eurasiangroup.org/ru/restricted/embazzelment_rus.doc (дата обращения 25.06.2014)
24. Казахстанский обзор экономических преступлений за 2016 год// <https://www.pwc.kz/en/publications/new-2017/crime-survey-2016-rus.pdf>
25. Колесников ВВ. Преступность в сфере экономической деятельности и её криминологическая характеристика // Вопросы квалификации и расследования преступлений в сфере экономики. — Саратов, 1999. — С. 75.
26. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года № 401-V «О доступе к информации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2016 г.)

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ
ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУЫНА ҚАТЫСТЫ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Кәрібеков Айбат Абдуләшімұлы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор ҚР Құқық қорғау органдарының адам құқығын қорғауына қатысты мәселелерді зерттеп, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Құқықтық мемлекет, Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз құқықтық билік.

**ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В ПРАВОВОМ ГОСУДАРСТВЕ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫМИ ОРГАНАМИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Кәрібеков Айбат Абдуләшімұлы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор исследует проблемы защиты прав человека в правовом государстве правоохранительными органами Республики Казахстан и в связи с этим автор предлагает пути совершенствования действующего законодательства.

Ключевые слова: Правовое государство, Республика Казахстан, Независимая правовая власть.

**PROBLEMS OF PROTECTION OF HUMAN RIGHTS IN THE LEGAL STATE LAW
ENFORCEMENT BODIES OF KAZAKHSTAN**

Karibekov Aibat Abdulashimuly

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article the author examines the problem of the protection of human rights in the state of law enforcement bodies of the Republic of Kazakhstan and in this connection the author proposes ways to improve the current legislation.

Keywords: State of Law, the Republic of Kazakhstan, independent legal authority.

Мемлекет пен оның органдарының қызметінде басым бағыттардың бірі ретінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі дәйекті дамуын, халықаралық аренада Қазақстанның қызметін құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыру орын алатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1]

деп айқын жазылған. Бұл мемлекеттің мемлекеттік және өзге де органдар атынан өз қызметін құқықтық нормалар, Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен азамат арасында өзара заң жауапкершілігін белгілеу негізінде жүзеге асыратынын айғақтайды. Көптеген мемлекеттік органдар үшін олардың қызмет ауқымы, әрине, аталғандарды, аса маңызды болса да, бірақ нақты шектелген міндеттер – құқық тәртібі, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмыстар мен өзге құқық бұзушылықтарға қарсы күрес міндеттерін шешумен бітпейді, құқық тәртібі мен заңдылықты қорғау жөніндегі кейбір функцияларды олар өдерінің негізгі міндеттерімен қатар жол-жөнекей орындайды [2]. Құқық тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз етумен арнаулы органдар тобы айналысады. Оларды құқық тәртібін қорғау органдары, яғни ҚР Конституциясымен, басқа да заңнамалық және құқықтық ұйғарымдармен жалпы мемлекеттің өмірі мен қызмет тәртібін күзетуге арналған органдар деп атайды [3]. Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына құқық қорғау органдары ұғымы өте жақын келеді. Бұл ұғымдар өте ұқсас, бірақ бірдей емес. Олар білдіретін органдар тобы сай келмейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығы бірдей құқық қорғау деп есептелмейді. Дәл осылайша құқық қорғау қатарына кейбір құқық тәртібін қорғау органдарын жатқызуға болмайды [4].

Кейбір авторлар құқық қорғау қызметі ұғымын кең және тар мағынада қарастырады. Кең мағынада – бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, олардың іске асырылуын, заңдылығы мен құқық тәртібін қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік органдардың қызметі. Тар мағынасында – бұл сол немесе өзге органның құзыретіне сәйкес заңнамада белгіленген нысанда жүзеге асырылатын бұзушылықтардан құқықтық қорғау жөніндегі уәкілетті органның қызметі..Алайда, сол немесе өзге мемлекеттік органдарды құқық қорғау қатарына жатқызу кезінде басшылыққа алынуға тиіс өлшемдердің мәнін айқын игеру үшін белгілі шамада шартты түрде алынған, бірақ «құқық қорғау қызметі» атауы сіңісті болған қызмет белгілерін анықтау аса маңызды.

ҚР заңдарына сәйкес құқық қорғау қызметінің бірқатар белгілері бар:

- біріншіден, құқық қорғау қызметі әртүрлі қылмыстың түрлері бойынша мәжбүрлеу және өндіру сияқты заңдық ықпал ету шаралар қолдана отырып, тек заңның негізінде жүзеге асырылады. Бұл жерде құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу шаралары орын алады;

- екіншіден, қолданылатын заңдық ықпал ету шаралары заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге қатаң сәйкес келуге тиіс;

- үшіншіден, құқық қорғау қызметі заңның негізінде белгілі бір рәсімдер сақтала отырып жүзеге асырылады. Мысалы, қылмыс жасағаны үшін ешқандай жаза алдын ала қарамастан қолданылмайды.

- төртіншіден, құқық қорғау қызметі іске асыру сауатты және дайындалған қызметкерлерден тұратын арнаулы және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Айтылғандарды ескере отырып, *құқық қорғау қызметі* ұғымын айқындауға болады – бұл заңдылықты, құқық тәртібін, қоғамның, мемлекеттің, қоғамдық және өзге де бірлестіктердің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, заңда белгіленген тәртіппен заңға қатаң сәйкестікте заңдық ықпал ету шараларын (соның ішінде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары) қолдану арқылы жүзеге асырылатын қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бойынша мемлекеттің оның арнаулы уәкілетті органы атынан жүзеге асырылатын қызмет [5].

Өз мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі күрделі болып табылады. Оның көп жоспарлығы осы мемлекеттік қызмет түрінің негізгі бағыттарымен мазмұны айқындалатын әлеуметтік функциялардың әр түрлілігіне қатысты айқындалады. Мұндай бағыттардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- конституциялық бақылау;
- сот төрелігі;
- оттарды ұйымдық қамтамасыз ету;

- прокурорлық қадағалау;
- қылмыстарды анықтау және тергеу;
- заң көмегін көрсету және қылмыстық істер бойынша қорғау.

Осы бағыттардың әрқайсысы нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған: ҚР Конституциясының ұйғарымдарын бұзуды жою, азаматтық, қылмыстық және өзге де істерді әділ талқылау және шешу, соттардың қалыпты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау; прокурорлық ден қою құралдарының көмегімен заңды бұзуды анықтау және жою, қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшекерелеу және ашу, сотта нақты істерді қарау үшін материалдар дайындау, кімге қажет болса, барлығына білікті заң көмегін ұсыну. Осы нәтижелерге қол жеткізу, ең аяғында, нақты функцияларды іске асыру процесінде пайдаланылатын әдістердің әртүрлілігі мен өзгешелігіне қарамастан, құқық қорғау қызметінің жоғарыда аталған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарын (функцияларын) орындау үшін нақты құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Заң ғылымында құқық қорғау органдарының тобы туралы бірдей пікір жоқ: біреулері олардың қатарына көбейіп, ал екіншілері азайтып көрсетеді. Бұл алақұлалық осы мәселенің заңдық тәртіппен реттелмегендігімен түсіндіріледі, сондай-ақ заң актілерінде де құқық қорғау қызметіне түсінік берілмеген. Бір автор, қылмысқа қарсы тікелей күрес жүргізетіндерді құқық қорғау органдары десе, екіншілері – қылмыстар мен өзгеше қол сұғуларды түбірімен жояды десе, үшіншілері – қоғамдық орындарда тәртіпті қадағалайды дейтіндер. Ғылымда сот құқық қорғау органы болып табылатындығы туралы пікір қалыптасқан[6]. Алайда, біздің ойымызша, соттарды құқық қорғау органдарына жатқызу дұрыс емес, өйткені сот құқық қорғау органдарынан құқықтық мәртебесімен ерекшеленетін айрықша мемлекеттік орган болып табылады. Сот жүйесі туралы Конституциялық заңның 1-бабының 2-тармағына сәйкес соттардың міндеті «азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау, Конституция мен заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, республика халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету» болып табылады.

Құқық қорғау қызметінің анықтамасын, оның функцияларының (бағыттарының) сипаттамасын және қалыптасқан тәжірибені ескере отырып, құқық қорғау органдарына мыналарды жатқызуға болады:

соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдар(ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет және оның облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы әкімшілері);

прокуратура органдары;

қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді және тергеуді жүзеге асыратын органдар (ҚР ПМ, ҰҚК, ӘдМ, Қаржы полициясы агенттігінің кейбір алдын ала тергеу және анықтау органдары);

құқықтық көмек пен құқықтық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін органдар (адвокатура, нотариат).

Соттар (аудандық және оларға теңестірілгендер, облыстық және оларға теңестірілгендер, ҚР Жоғарғы Соты) бізше, құқық қорғау органдарына жатады.

Ата Заңымызда атап көрсетілгендей, ең қымбат қазынамыз – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болса, оны қорғау, орын алған заңсыздықтарды қалпына келтіру құқық қорғау органдарының басты борышы. Бұл ретте қадағалауды жүзеге асрушы орган ретінде прокуратураға заңдылықтың кез-келген бұзылыстарын анықтау мен жоюдың шараларын қолдануға байланысты конституциялық міндеттер жүктелген. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуын прокурорлық қадағалау-дербес және прокурорлық қадағалау саласындағы маңыздылардың бірі болып табылады.

Осы сала дәстүрлі «жалпы қадағалау» деп аталатын, ол қарастырылып отырған саланы прокурорлық қадағалаудың басқа арнайы салаларынан шек қоюға мүмкіндік беретін. Прокурорлық қадағалауды реттейтін қолданыстағы заңнамада «жалпы қадағалау» термині аталмаса да, ол прокуратура органдарының жұмыскерлерін құрастыру кезінен қалыптасып, бұрынғысынша солармен қолданылады. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын келесі институты прокуратура болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83 – бабына сәйкес: Прокуратура мемлекет атынан Республикаының аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме – дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел – іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады» (1-тармақ).

Қарастырылып отырған салада барлық прокурорлар топтары жүзеге асыратын ҚР прокурорлық қадағалаудың мәні және міндеті аса бет-бедерлі белгіленеді. Тап сонда Қазақстандық прокуратура құқықтық мемлекеттің нормативті негізін - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтау үстінен қараушылық заңын қамтамасыз ету бойынша тікелей көрінісі бар. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау, басқа мемлекеттік қоғамдық-жарамды, жасампаз қызмет тәрізді өз мәні мен міндеттері бар.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау саласының мәні ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 28-бабында анықталған[7].

1.«Қазақстан Республикасының аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік комитеттердің, қызметтердің және атқарушы биліктің өзге орталық органдарының, өкілетті (заңды) және жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдардың, әскери басқару органдардың, бақылаушы органдардың, олардың лауазымды адамдарының, басқару органдары мен нысанына қарамастан коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар басшыларының өзге де нормативтік актілердің дәл және бірінғай қолданылуын қадағалауды іске асырады». Прокурорлық қадағалаудың осы бағыттарының өзгешелігі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты құқықтық саласында анықталады.

2. Жоғарыда аталып кеткен «органдармен шығаратын (қабылдайтын) құқықтық актілер заңға сәйкес келетіндігін қадағалау». Прокурорлық қадағалаудың осы бағытын, Қазақстан Республикасындағы азаматтар және адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласы бойынша заңдылық сақтау жөнінде прокурорлар қадағалайтын барлық органдар аталмаған қорытындысын атап кету керек. Мысалы, мыңдаған ұйымдар, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар, қозғалыстар аталмаған. Азаматтар заң бұзушылық жасаса прокуратура органдары заңмен белгіленген жазалау шараларын қолданады. Осыдан, егер азаматтар заң бұзушылыққа барса, олар прокурорлық қадағалаудың субъектілері болады.

Заңдар орындалуын прокурорлық қадағалау саласына ҚР Жоғарғы Соттың Пленарлық мәжілісінің нормативті қаулылары да кіреді. Прокурорлар ҚР (қол қойылған) жасалған немесе оларға қосылған екіжақты және көпжақты халықаралық шарттардың және тағы басқа халықаралық актілердің орындалуын қадағалайды. Онымен қоса ұлттық заңнама халықаралық заңнамаға сай болу қажеттілігін ескере отыру тиіс.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау саласының мәні ҚР «Прокуратура туралы» Заңның 28-бабында анықталған, олар мынадай болып келеді:

1) « Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау құқықтық актілердің және органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың әрекеттері заңнамаға сәйкес болу керек;

2) кез келген бұзушылықты айқындау, осындай заң бұзушылыққа мәжбүр болған себептер мен жағдайларын жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру».

Прокуратура басқа мемлекеттік органдардың орнын баспайды және ұйымдардың қызметі мен азаматтардың жеке өмірлеріне қол сұқпайды.

Басқа мемлекеттік органдар жүзеге асыратын қадағалау мен бақылаудан осы прокурорлық қадағалау түрінің айырмашылығы – заңдар бұзушылық туралы ақпарат прокурордың өз өкілеттіктерін қолдану негізі болып табылады. Осындай ақпаратқа ие болып, прокурор заң атқарушылық тексерістерін өткізеді және басқа да қадағалау әрекеттерін жасайды.

Басқа салалармен салыстырғанда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау саласы, анықтау мен тергеу, соттар және сотпен тағайындалған жазалауды атқаратын органдардан басқа, заңдардың көбін қамтитын аса кең және көп қырлы сала болып табылады. Осы сала өте күрделі және ауыр сала болып табылады. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау саласы - өкілетті және атқарушы өкімет органдары, бақылау органдары, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар заңдарды біркелкі түсініп, бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Осы мақсат белгілі даму кезеңдерінде қоғам мен мемлекет алдында тұрған міндеттерге бейімделіп, прокурорлық қадағалауды реттейтін заңнамада анықталады. Осы қадағалау Қазақстандық прокуратура құқықтық мемлекеттің нормативті негізін – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтау үстінен қараушылық заңын қамтамасыз ету болып табылады. Заңдар орындалуын прокурорлық қадағалаудың негізгі мақсаты дәл осында. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалаудың маңыздылығының себепшісі – заңдарды бұлжытпай орындайтын, әсіресе мемлекеттік басқару және бақылау, құқық қорғау органдары, мемлекет алдында тұрған міндеттерді орындаудың маңызы ерекше мәнді болады. Бірінші кезекте, осы органдарға халықтың өмір деңгейін көтеруге бағытталған заңдарды өмірге өткізу міндеттемелері жүктелген, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті бекіту. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалауды жүзеге асырып, прокурорлар онысымен ҚР рыногтық қатынастардың дамуына, қоғам тұрақтылығының көтерілуіне, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа реформаларды өткізуге жәрдем етеді.

Ақырғы уақыттарда, қылмыстық өсумен байланысты, қылмыстардың алдын алудың алғаш құралы ретінде заңдар орындауына прокурорлық қадағалаудың ролі өсуде. Қадағалауды жүзеге асырып, прокурорлар тек қылмыстарды айқындаумен шектелмейді, ерекше маңыздысы, олар қылмысқа айналатын немесе қылмыс жасау мүмкіндігін туғызатын құқық бұзушылықты айқындайды. Барлық аумақтық және мамандандырылған прокуратураларға қатысты прокурорлық қадағалаудың нақты міндеттері ҚР Бас прокурордың, оның орынбасарларының, облыс прокурорларының бұйрықтары мен нұсқауларында анықталады. Осы актілердің ішінде «Әлеуметтік-экономикалық саласында

адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қолдануына, сақтауына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқау ерекше орын алады. ҚР Бас прокуроры қадағалаудың басым бағытын былайша анықтайды:

- нормативті құқықтық актілер Конституцияға, ҚР Президентінің заңдары мен актілеріне сәйкес келуі;
- мемлекеттік органдардың адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауы;
- қоғамдық және діни бірлестіктердің және де бұқаралық ақпарат қызметтерінің заңдылығы.

Заңдарды орындау бойынша прокурорлық қадағалауды жүзеге асырған кезде прокурордың жалпы түріндегі міндеттері мыналарда:

- заң бұзушылық туралы түскен мәліметке байланысты, прокурор заң бұзушылықты және осыларға әкеліп соқтырған себептерін айқындау және жою шараларын қабылдау жолымен прокурордың міндетті түрде кірісуі;

- құқық бұзушылықтың, бірінші кезекте – қылмыстардың алдын алу заң талаптарын орындау кезінде прокурорлық қадағалаудың барлық мүмкіншіліктерін қолдану;

- заңдарды және заңға сәйкес актілерді орындауын, заңдылық пен құқықтық тәртіпті бекітуін, әсіресе осы органдарда прокурорлық тексерістер өткізу және бағынышты, бақылауындағы және төмен тұратын органдарда, мекемелерде және ұйымдарда тексеріс өткізу тапсырыстарын беру жолмен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бақылау және құқық қорғау органдардың қызметін қарқындату және жетілдіру;

- лауазымына және мүліктік жағдайына қарамастан құқық бұзушылық жасаған, заң алдында бәрі тең қағидатын ескере отырып, заңда белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде, бұлтартпас жауапкершілік қағидатын өмірге белсендірек өткізу;

- радио, теледидар, периодикалық басылым арқылы прокуратура органдарының қызметі жөнінде, оның ішінде заңдар орындалуын прокурорлық қадағалау саласында және олар заң бұзушылыққа қарсы қолданып жүрген шаралары жөнінде және айыпты тұлғалардың аты-жөні, лауазымы, жағдайы айтылып, жауапкершілікке тартылғаны жөнінде және де аймақтың құқық бұзушылық динамикасы халық пен қоғамдыққа жеткізілсін;

- қолданыстағы заңнаманың, қоғамдық қатынастардың нормативті реттеуіндегі тұтынымдарының және өкілетті (заңнамалық) органдарға және заң шығарушы бастамасы құқына ие органдарына сәйкес ұсыныстарын енгізу арқылы, кемістіктерін (ақауларды) айқындау және оларды жою шараларын қабылдау;

- лауазымды тұлғалардың, әсіресе құқықтық актілер мен заңды маңызды әрекеттер жасайтын мемлекеттік органдары басшыларының, коммерциялық ұйымдардың, кәсіпкерлердің және де азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру.

- Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалауға қазіргі кезеңде қойылатын талап – оның нәтижелігін көтеру, ол оның ақырғы қорытындысы – құқықтық тәртіптің заңдылық жағдайына әсер етеді. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын қадағалау бойынша прокурорлық қадағалауды жетік жүзеге асыру үшін прокурорлар анық құқықтарға ие және заңда белгіленген міндеттер атқарады, б.а. сәйкес өкілеттіктері бар. Прокурорлық қадағалауды жүзеге асырған кезде прокурорлардың өкілеттіктері екі топқа бөлінеді: Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерін сақтауын прокурорлық қадағалау бойынша өкілеттіктің бірінші тобы заң бұзушылық пен оларға себеркер (себебі мен жағдайы) және осыған айыпты тұлғаларды дер кезінде айқындауға бағытталған. Осы өкілеттіктер ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 29 бабының 1 бөлігінде бекітілген.

Бірақ, мемлекет өзінің әр даму кезеңінде шешетін міндеттеріне байланысты, әсіресе қоғамдық формациялар ауысу кезінде, заңнама қазір ҚР болып жатқан ең маңызды

өзгерістерге ұшырайды. Жаңадан қалыптасқан қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігі туды, мысалы, мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындарды жекешелендіру саласында, жерге иелік ету институты түйінді өзгерістерге ұшырап жатқан аграрлық салада. Осылармен байланысты жаңа заңдар қабылданады, осылардың орындалуын қадағалау прокурорларға жүктелген. Осы заңдар орындаудан тәуелді әлеуметтік, экономикалық, қорғаныс және тағы басқа салаларда мемлекетпен белгіленген өзгерістерді және де заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайларын өткізуден заңдарды орындауды прокурорлық қадағалаудың бағыттары анықталады. Бағыт – белгілі салада (банктік, салықтық, аграрлық және басқа) қоғамдық қатынастарды реттейтін нақты заңды немесе бірнеше заңдардың орындауын қадағалау болып табылады.

Қазіргі кезеңде мемлекет алдында тұрған міндеттерді, қалыптасқан заң құрылымы мен прокуратура жұмысының тәжірибесін негізге ала отырып, заңдарды орындау бойынша прокурорлық қадағалаудың мынадай бағыттары немесе салаларын бөлу қажет:

- азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтары туралы; азаматтық туралы; босқындар мен амалсыз қоныс аударушылар туралы; еңбек заңы туралы; еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді сақтау туралы; халықтың жұмыс бастылығы туралы; денсаулық сақтау туралы; білім туралы; тұрғын үй заңы туралы; тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы; тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдардың орындалуын қадағалау;

- зейнетақы; жеңілдіктер туралы; нашақорлықпен күрес туралы; кәметке толмағандар туралы; азаматтардың өтініштері туралы заңдардың орындалуын қадағалау (әлеуметтік сала);

- меншік туралы; кәсіпкерлік туралы; мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру туралы; банктер және банктік қызмет туралы; салықтар туралы заңдардың орындалуын қадағалау;

- аграрлық (жер); инвестициялық, жалдау; көлік-жол туралы (экономикалық сала) заңдардың орындалуын қадағалау;

- қорғаныс туралы; қарулар туралы; шекара туралы; төтенше жағдайлар туралы (қорғаныс саласы) заңдардың орындалуын қадағалау;

- сыртқы экономика қызметі туралы; кеден туралы (сыртқы экономика саласы) заңдардың орындалуын қадағалау,

- жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту, әкімшілік бұлтартпау және алдын-алу шараларын қолдану заңдылығын қадағалау.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуына осындай көптеген прокурорлық қадағалау бағыттары (салалары) бөлінеді және олар үнемі прокурорлардың бақылауларында болуға тиіс.

Құқықтық актілер заңдылығын прокурорлық қадағалауға келетін болсақ, бұл жерде оларды өкілдік және атқарушы билік органдарында, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, министрліктер мен ведомстволарда, бақылау органдарында, әскери басқару органдарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдарда шығарылатын құқықтық актілердің заңдылығын қадағалайтын бағыттарға бөлу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл, өзгертулер мен қосымшалар, 2007 жылы 21 мамырда өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, 2011 ж.
2. Гущенко К.Ф. Ковалев В. Правоохранительные органы. -М.:Зерцало, 1996.-8стр.
3. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. -Алматы: Дәнекер, 2000.-7-бет.
4. Чувилев А.А, Чувилев А.А, Правоохранительные органы. -М.: Юриспруденция, 2000. -4-стр.
5. Беленков Р.А. Правоохранительные органы. -М.:ПРИОР, 2000.-3стр.
6. Гущенко К.Ф. Ковалев В. Правоохранительные органы. -М.:Зерцало, 1996.-12стр.
7. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. 21 желтоқсандағы № 2709 Заңы. (2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕГІ АДАМ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

Кәрібеков Айбат Абдуләшімұлы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор құқықтық мемлекеттегі адам, азаматтардың құқықтарын қорғау мемлекеттік аппарат қызметінің негізгі міндеттері ретінде қарастыра отырып, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Құқықтық мемлекет, Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз құқықтық билік.

**ЗАЩИТА ПРАВ ЧЕЛОВЕКА, ГРАЖДАН В ПРАВОВОМ ГОСУДАРСТВЕ КАК
ОСНОВНАЯ ЗАДАЧА В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА**

Кәрібеков Айбат Абдуләшімұлы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор рассматривает защиту прав человека, граждан в правовом государстве как основную задачу в деятельности государственного аппарата и в связи с этим автор предлагает пути совершенствования действующего законодательства.

Ключевые слова: Правовое государство, Республика Казахстан, Независимая правовая власть.

**THE PROTECTION OF HUMAN RIGHTS OF CITIZENS IN A STATE OF LAW
AS A MAJOR PROBLEM IN THE STATE APPARATUS**

Karibekov Aibat Abdulashimuly

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article the author considers the protection of human rights of citizens in a state of law as a major problem in the activities of the state apparatus and in this connection the author proposes ways to improve the current legislation.

Keywords: State of Law, the Republic of Kazakhstan, independent legal authority.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекіткен[1]. Заң талаптарын, құқық нормаларын құрметтеу және оны бұлжытпай жүзеге асыру әрбір азаматтың қасиетті борышы. Құқықтық мемлекеттегі адам, азаматтардың құқықтарын қорғау мемлекеттік аппарат қызметінің негізгі міндеттері екендігінің дәлелі, ол әр адамның және әр азаматтың өзінің конституциялық құқықтарының қолжетімді екендігін сезінуі. Мемлекет қызметкерлері өздерінің атқаратын жұмыстарының негізгі мақсаты халыққа қызмет етіп әр біреунің құқықтарымен бостандықтарының бұзылмауының кепілі бола алу. Бұл бірақ тәжірибеде, көптеген, өзін демократиялық, құқықтық мемлекетпіз деп жариялаған елдерде, соның ішінде,

Қазақстанда адамдармен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толық қамтамасыз ету толық орындалмай жатыр, сондықтан, бүгінгі күннің күрделі мәселесіне айналып отыр. Бұл жағдайдың себептері көп және олар тереңде жатыр, ең негізгілері деп мыналарды атауға болады: мемлекет қызметкерлер арасында, үлкен мөлшерде сыбайлас жемқорлықтың кең тарауы, қоғамдағы адамдардың құқықтық санасының төмендеуі, құқыққорғау органдарының, мемлекеттік биліктің тарапынан қадағалаудың толық орындалмауынан, немесе өз жұмыстарын атқаруға мүмкіншіліктердің болмауы және қолданыстағы заңнамалардың кейбір аса керекті қоғамдық қарым-қатынастарды толық құқықтық реттеудің қамтамасыз етілмеуі, - деп есептейміз. Бірақ, соңғы жылдары, мемлекет тарапынан, қарқынды, аса маңызды іс – шаралар жасалып жатыр, оның көпшілігі мемлекеттік аппаратты жетілдіруге бағытталған. Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметтің сапалы, жоғары деңгейде көрсетілуіне көп көңіл бөлініп жатыр. Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері жаңғыртылды. Мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталатын болды. Конкурстық рәсімдер мансаптық көтерілуіне мүмкіндік жасайды, себебі келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс;
- барлық мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс;
- барлық азаматтық арасындағы жалпы конкурс.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрімен 2015 жылғы 29 желтоқсандағы бекітілген конкурс өткізу қағидаларына сәйкес конкурстың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оның отырыстарына байқаушылар шақырылатыны көзделген.

Сондықтан, қазіргі таңда мемлекеттік органдармен конкурстық комиссияларымен отырыстарына байқаушылар ретінде барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын, БАҚ өкілдерін, мемлекеттік орган, қоғамдық (үкіметтік емес) бірлестіктердің, коммерциялық ұйымдардың, саяси партия өкілдерін, уәкілетті орган қызметкерлерін шақыру тәжірибеге айналған. Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға жекешелендіру құқығынсыз қызметтік пәтерлерді міндетті түрде беру. Тәжірибеге келетін болсақ, 2016 жылы Қызылорда қаласы Тасбоғет кентіндегі Амангелді көшесі № 13 үй 24 пәтерлі арендалық тұрғын үй құрылысына 222,8 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда аталған тұрғын үй қолдануға берілді. Мемлекеттік қызметкерлерді тұрақты түрде оқыту жүйесін заңды түрде бекіту – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру қарастырылған. Осыған байланысты, Облыс әкімінің №199-ө 27.01.2016 жылғы өкімімен 2016-2017 жж арналған жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызметшілерінің имиджін көтеру мақсатында орындалуға жататын шаралар жоспары бекітілді. Бұл жоспар бойынша мемлекеттік қызметтің деңгейін көтеруге бағытталған шаралар, мақалалар жариялау, қоғамдық емес өкілдердің қатысуымен мемлекеттік қызметшінің имиджін көтеруге бағытталған шаралар көзделген [2].

Бұл бағытта әр айдың бірінші жұма күндерінде «ашық есік күндері» өткізілуде, бұл шара азаматтардың келесі сұрақтар бойынша жауап алуға мүмкіндіктері бар, яғни:

-Мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі;

-Әкімдіктің құрылымы мен басқармалардың қызметтері туралы. Бүгінгі күнге дейін өткізілген 2 таныстыру шараларына 30-дан астам азаматтар қатысты. Өңірлік оқу орталығымен бірлесе отырып, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясына түсу мүмкіндіктері жайлы семинар өткізілді. Облыс әкімі аппарат басшысының 20.04.2016 жылғы № 11-4/1-24 бұйрығымен аппарат басшысының орынбасарына этика жөніндегі уәкілдің міндеттерін қоса атқару жүктелді. Қызылорда облысы әкімі аппараты қызметкерлерінің 14.05.2016 жылғы жалпы жиналысында Қызылорда облысы әкімі аппараты қызметкерлерінің қызметтік әдеп кодексі бекітілді.

Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметкерлерді кешенді аттестаттаудан өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы

төлеудің жаңа жүйесін енгізілді. Бұл бағытта Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға енген өзгерістерге қатысты ағымдағы жылдың 9 айында 9 семинар тренингтер өткізілді.

Ағымдағы жылдың шілде айында жергілікті атқарушы органдарда қызмет ететін мемлекеттік қызметшілері арасында сынамалық тесттер қабылдау шарасы ұйымдастырылып, аталған шараға 1485 мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Қазіргі таңда қараша-желтоқсан айларында қосымша сынамалық тесттер өткізу қайтадан өткізу жоспарлануда. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік. Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінің барлығын жазып отыратын бейнетіркегіштермен қамтамасыз етіледі. 2016 жылдың қаңтар айында жергілікті полиция қызметі (бұдан әрі - ЖПҚ) 1006 штаттық бірлік лимитімен ішкі істер органының біріңғай жүйесі негізінде құрылды. ЖПҚ өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. ЖПҚ учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бөлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді. ЖПҚ қызметкерлерінің қызмет өткеру шарттарын қоса алғанда, құқық қорғау органдарының қызметкерлері деген бірыңғай құқықтық мәртебесі бар. ЖПҚ қызметкерлерін материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттеледі.

Жергілікті полиция қызметінің жұмысын үйлестіруді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі дара басшылық және субординация (бағыныстылық) қағидаты негізінде ішкі істер органдарының қызметін регламенттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық және әдістемелік базаға сәйкес жүзеге асырады. ЖПҚ қаржыландыру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады. ЖПҚ функцияларына құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін, қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша шаралар кешенін, жол жүрісін және оның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды және қадағалау жүзеге асыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, қылмыстық теріс қылықтарды тергеп-тексеруді жүзеге асыру, әкімшілік қамауға алынған және белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдауды және ұстау жағдайын қамтамасыз ету және де Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді іске асыру жатқызылған. Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру. Осындай азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттарын және әлеуметтік оңалтудың кешенді Стратегиясын жасау. 2014 жылдан бастап облыста Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатындар және босатылғандарды қайта әлеуметтендіру және қайта оңалту орталығы» жобасы (бұдан әрі-Орталық) жүзеге асырылуда. Бұл жобаны жүзеге асырушы «Қызылорда облыстық Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі (президент- Теңізбаев Серік Мұстафаұлы).

Орталықтың мақсаты бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және босатылған тұлғаларға психологиялық, әлеуметтік, заңгерлік (с.і.практикалық; түрлі

құжаттамалар алу және олардың мүлiктiк, әлеуметтiк құқықтарын қалпына келтiру, т.б.) көмек және кеңес беру; оларға кешендi беймделу жұмысын жүргiзу; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және босатылған тұлғалардың құқықтары туралы ақпараттық-танымдық буклеттер дайындап шығару; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейiн көмек көрсетуге ықпал жасайтын ресми құрылымдарының өкiлдерiмен бұрын сотты болғандардың беймделу саласындағы мәселелерiне және перспективаға арналған кездесулер, дөнгелек үстел өткiзу; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және босатылған тұлғалардың деректер қорын құру; жергiлiктi бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы ақпараттық-түсiндiрме жұмысын жүргiзу (босатылған тұлғалардың әлеуметтiк беймделуi жөнiнде мақала беру, сол сияқты интернет-ресурстарда жариялау); бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және босатылған тұлғалармен семинар, әлеуметтiк тренингтер өткiзу (брошюралар, буклеттер және т.б. көрнекi құралдар ұсынып тарату). «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды және босатылатындарды қайта әлеуметтендiру және қайта оңалту Орталығы» жобасын тиiмдi жүзеге асыру мақсатында Қызылорда облыстық Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы қоғамдық бiрлестiгi мен Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесi департаментi өзара бiрлескен iс-шаралар жоспарын бекiттi. Жоба аясында 458 адам заңгерлiк кеңес, 385 адам психологтың көмегiн алған, 18 кездесулер және «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды және босатылатындарды қайта әлеуметтендiру және қайта оңалту Орталығы» жобасының басты бағыттары, мақсаттары мен мiндеттерi», «Тiркеуге алу, жеке куәлiк, жүргiзушi куәлiгiн қалпына келтiру және т.б.», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың әлеуметтiк бейiмдеу мәселелерi», «Жұмыссыздыққа тiркелу. Өңгiмелесуден қалай өту керек?» тақырыбы бойынша 10 семинар өткiзiлдi, соның 2-уi облыстағы түзеу мекемелерiнде өттi. Сонымен бiрге, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және босатылатын тұлғалар үшiн «Сотталғандардың құқықтары мен мiндеттерi», «Жұмысқа орналасу. Өңгiмелесуден қалай өту керек?» атты брошюралар арналып шығарылған. Сонымен қатар, ағымдағы жылы облыс орталығында бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан азаматтарға арналған «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтiк бейiмдеу және оңалту орталығы» (бұдан әрi-Орталық) коммуналдық мемлекеттiк мекемесi ашылды. Орталықтың мамандары аталған азаматтарға әлеуметтiк-құқықтық, психологиялық көмек көрсетуге, жұмысқа орналастыруға, кәсiптiк мамандық игеруге, қайта даярлаудан өтуге ықпал жасауда. 2017 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша жұмыспен қамту орталықтарына 324 адам жұмыссыз ретiнде тiркелдi, соның iшiнде 268 (82,7%) пробация қызметiнiң есебiндегiлер, ал 56 (17,3%) – жазасын өтеп шыққандар. Жұмыспен қамту бойынша 206 (63,6%) адам - тұрақты жұмысқа орналасса, 47 (14,5%) адам- қоғамдық жұмыстарға, 7 (2,1%) адам - кәсiптiк оқыту және қайта даярлау курстарында, 7 (2,1%) адам - әлеуметтiк жұмыс орындарына жолданды. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында 5 (1,6%) адам несие алған (Арал ауданы- 3, Қармақшы-1, Сырдария-1 адам). Бiлiм беру жүйесiнде – жоғары сыныптар мен жоо-ларда ағылшын тiлiнде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестiк қабiлетiн арттыру және бiлiм беру секторының экспорттық әлеуетiн көтеру. Облыста 79-қадам бойынша бекiтiлген iс-шара жоспарына сәйкес физика, химия, биология, информатика пәндерiн ағылшын тiлiнде оқытуды кезең-кезеңiмен iске асыруда оқушыларға ағылшын тiлiн еркiн меңгертудi қамтамасыз ету үшiн ағылшын тiлiн жетiк меңгерген пән мұғалiмдерiн даярлау жұмыстары жүргiзiлуде. Екi жақты қол қойылған меморандумға сәйкес (облыс әкiмдiгi мен «КАТЕУ» халықаралық қоры арасында) М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледж базасында негiзгi мектептiң ағылшын тiлiн меңгерген бастауыш сынып мұғалiмдерiн және мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдарының тәрбиешiлерiн даярлау iске асырылуда. 2016-2017 оқу жылынан бастап iске асырылатын облыстағы 41 мектеп-лицейдiң

(гимназиялардың) 5-11 сыныптарында аптасына 5 сағаттан беріліп, ағылшын тілін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және қазақ-түрік лицейлерінің методикасымен оқыту бойынша ЖОБА әзірленді. Сонымен бірге ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бойынша шетелдік мамандар шақыртылып, пән мұғалімдерінің шет елден іс-тәжірибе алмасуы және волонтерлер шақырту жоспарлануда. Нәтижесінде 2019-2020 оқу жылында 46 мектеп-лицейдің (гимназияның) 11 сыныптарында, 2020-2021 оқу жылында 10-11 сыныптарда жаратылыстану бағытындағы бір пән ағылшын тілінде оқытылатын болады. Мәселен, Шымкент қаласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ еңбеккері А.Ақбердиев Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын бұдан әрі ілгерілетудің маңыздылығына назар аударады. «Барлық құндылықтар, экономикалық және мәдени игіліктер адам еңбегі арқылы жасалады. Нағыз өнімді еңбек біздің әлеуметтік жаңғырту саясатымыздың негізі болуы тиіс. Еш жерде, ешбір елде бәріне бірдей және бірден қол жеткізу мүмкін емес. Еңбек етіп, өз әлеуетімізді туған Қазақстанымызда пайдалануымыз керек», – деп жазады автор [3].

Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған іс-шаралардың барлығы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, бірақ бұл іс шаралар түгелдей құқықтық мемлекетке тән қағидалардың орындалуын қамтиды деп айтқан дұрыс болмайды, себебі қоғамда болып жатқан барлық әкімшілік құқық бұзушылықтармен қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны жылдан-жылға артып бара жатыр, әрбір құқық бұзушылық болғанда бір адамның немесе бірнеше адамның құқықтары бұзылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл, өзгертулер мен қосымшалар, 2007 жылы 21 мамырда өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, 2011 ж.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
3. «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі Ұлт жоспары – 100 нақты қадамды» қолдаған хаттар мен жеделхаттар <http://www.akorda.kz/kz/ev> 9 қыркүйек 2015

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Қаламов Ғазиз

*«Құқықтану» мамандығының магистранты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш.52*

Бұл мақалада сауданың қазақ даласында даму ерекшеліктері мен сауда объектілері туралы айтылады.

Түйінді сөздер: сауда, меншік, саудагер, сатып алу-сату.

ОБЪЕКТЫ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Қаламов Ғазиз

*Магистрант специальности «Юриспруденция»
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би 52*

В данной статье рассматриваются особенности торговых отношений в казахской степи и объекты торговли .

Ключевые слова: казахское общество, объекты, гражданско – правовые отношения, обычай, традиции.

OBJECTS OF TRADE RELATIONS THE KAZAKH SOCIETY

Kalamov Gaziz

*Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»
Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.*

This article discusses the features of trade relations in the Kazakh steppe and trade objects.

Keywords: Kazakh society, objects, civil - legal relations, customs and traditions.

Қазақ қоғамында сауда - саттық қатынастары айырбастан кейін дамыды. Дәстүрлі әдет құқығы бойынша мүліктің меншік иесі ғана сату керек болды. Дегенмен азаматтық айналымда кейбір жағдайларда мүлікті басқа адамның сатуына рұқсат беретін жағдайларда кездеседі. Ол ең жақын туыстары болса, сенімхат негізінде, бастықтың өкіміне сәйкес. [1]

Әйел адам тек ерінің рұқсатымен ғана сауда жасай алады. Ал рұқсатсыз сатылған зат қайтарылады. Бірақ жесір әйелге ерік берілген. «Вдовь у киргизов не возбраняется торговать» - деп көрсетеді. [1, 94 б] Сонымен қазақтардың әдет құқығында сатып алу - сату шартының толық құқықты субъектілері ретінде: от ағасы, енші алған ұлдар, енші алмаған, бірақ кәмелетке жеткен ер балалар және жесір әйелдер болса, ал шектеулі құқықпен сауда жасай алатындар: кәмелетке жетпегендер әкесінің рұқсатын алуы қажет және күйеуі бар әйел күйеуінің рұқсатымен ғана сауда жасай алатындығы белгілі болды.

Сауда жасаудың да өзіне тән талабы, рәсімі болғандығы белгілі. Соның ішінде бір-біріне ризалық білдіріп, қол алысудың өзі сатып алу – сату шартының жасалғандығын білдіреді. Сауда шартын жазбаша жасауды онша талап етпеген, қазақтарда ауызша келісімнің өзі жазбашадан кем түспеген, себебі қазақ бір ауыз сөзге, берілген сертке,

қабылдаған антқа, айтқан сөзге тұрған халық. Ол туралы: «Письменная форма при купле-продаже хотя и встречается изредко но обязательной, как корпус сделки не бывает» - деп көрсетеді. [2, 172 б.]

Сауда жасауда куәгерлерде қажет болмаған, дегенмен «если контрагенты не знают друг-друга, то бывают поручители,» - деп көрсетеді зерттеушілер. [1, 126 б.]

Сондай-ақ, екі жақтың саудасын келістіруші базарларда маклерлер болған. [2] Сауда шартынан туындайтын заңды қатынастарға тоқталсақ әдет құқығында ол жауапкершілік жүктеп, келіскен бағаны төлегенге дейін сатып алушы затты беруді талап ете алмайтын болды, ал сатушы мүлікті керек - жарағымен түгелдей беруге міндеттенеді. Сатылған заттың кемшілігі болмауға тиіс, ал егер болған болса ол туралы алдын - ала ескертілуге тиіс, ескертілмей сатылып, кемшіліктері кейін айқындалса онда саудаласқан зат қайтарылуы да мүмкін. Бұл ойымызды зерттеу еңбектерде қолдайды. Ол туралы: « если такие недостатки обнаруживаются впоследствии, то, по требованию покупателя, продажная цена может быть уменьшена, или сделка совершенно уничтожается», - деп [2, 109 б.] көрсетсе, мұндай заңның өзге де халықтардың заңдарына сәйкес қолданылатын әдіс-тәсілдерінің бар екендігін көреміз, яғни: «уменьшение покупкой цены, встречается в римском праве, почти во всех иностранных законодательствах и в обычаях русских крестьян» - деп көрсетеді. [3, 135 б.]

Сауданың бұзылатын жағдайы қазақтарда көбіне малмен байланысты жағдайларда бұзылады және шарттың бұзылуы 2-3 күннен аспауға тиісті болған. Әсіресе сауда-саттықта алдап сатуға, кем өлшеуге өте жауаптылықпен қараған. Ол туралы: «в случае же обвеса, обмана и обсчитывания, учинитель иного обязан дать присягу в свой невинности, но когда присяги той на срок не достовить, то должен удовлетворить в иск обиженного», - деп [4, 181 б.] көрсетеді. Ал сатылатын малды тандаған кезде сатушы жақ сатып алушыға түгелдей ерік беріп «алсаң өз еркің, алмасаң да өз еркің» деп малды түгел қарауға жағдай жасаса, онда кейін ол малдың кемшілігін даулау заңсыз болып есептелген. Ол туралы «и тем не менее покупатель нашел возможность купить животное, тогда весь риск падает на покупателя, и животное ни в каком случае не подлежит возврату», - деп [1, 128 б.] көрсеткенімен сауданы келістіруші маклер сатып алушыдан малға қоятын кінәсі болса сол бойда айтуын өтінген. Кейін тек көзге айқын көрінетін мал ақсақ, сарық болса, ертеңінен қалдырмай ескертуді талап еткен.

Ал бір зат қатарынан екі адамға сатылса, ол заттың пұлын бірінші төлеп, қол алысқан адам алады. Ал екінші адамға ақша ешбір айыпсыз қайтарылған. Ал сатылып қойған затты қайта басқа адамға сатса бірінші келісіп саудаласқан адам, талап етуге құқылы, ал сөзге тұрмаған саудагер айыбымен қайтарған. Себебі бірінші саудаласқан адамның саудасы заңды деп танылған «признается в силе первый договор, а вторая сделка может получить силу только в том случае, когда первый покупатель выразит согласие на уничтожение договора и получить обратно плату за вещь». [3, 151 б.]

Яғни кім бірінші бағасын төлеп, қол алысса сол затты алған болып есептелген және екі жақта бас тарта алмаған, егер тек сатушы сатып алушыдан белгілі бір суммаға затты қайтаруды келісіммен қайтармаса, яғни қазақ қоғамындағы әдет құқығында сатылған зат қайтарылмағандығын көреміз. [1] Міне осындай талаптарға негізделген сауда қатынастары қазақ даласында ежелден –ақ қалыптасып, көршілес елдермен сауда байланысы күшее түскен. Ол туралы: «уже в XVI веке русские караваны ходили вверх по Иртышу, а «бухарские» караваны направлялись через Киргизский край в Европейскую Россию», - деп көрсетеді. [5, 288 с.]

Қазақ даласына орыстардың енуі сауда байланысын күшейтті. Ол үшін 1764 жылдан бастап ақша бөлініп, Орынбор, Торғай шекараларында көпестер үшін мешіттер, керуен сарай салып, жағдай жасалды. Көпестердің керуендерінің қауіпсіздігін өкімет өз

бақылауына алып, оларды қорғау үшін қазақтарды жіберді. Петропавол қаласындағы сауда біршама жақсы жүріп, кеден бақылауын да ұйымдастырды, сауданы жақсарту үшін салықты жеңілдетті. 1831 ж. қазақтардан келетін тері, майға салық жеңілдесе, 1835 жылы қазақ даласына жіберілетін астық пен жер өңдейтін құралдарға жеңілдік берілді. [5]

Ал 1845 жылдан бастап көпестер қазақ даласына айырбас сарайларын салып, емін-еркін саудаға кірісті 1868 ж. реформадан кейін қазақ даласын төрт аймаққа бөлу саудада бүкіл салықтарды жойып, көпестерге көптеген мүмкіндік берді. Әкімшілік басқару реформасы дайындалып жатқан кездің бастап-ақ, қазақ даласын зерттеушілердің бірі В.Доменский «сауда өзіне өзі жол ашады, тек әкімшіліктің сәл жәрдемі керек», - деді. [6, 27с.] Ал «1867 – 1868 жж. реформаны дайындау комиссиясының құжаттарында қазақ даласының сауда ісін дамытуда аса қолайлы екені айтылып, мұнда біздің осы өлкемен және Орта Азиямен саудамыздағы ең маңызды бұйымдардың бірі - мануфактура өнімдерін, орыс саудагерлерінің өздеріне үлкен пайда келтіре отырып, малға айырбастауына немесе ақшаға сатуына мүмкіндігі бар» - деп атап көрсетеді. [7]

Міне осы тұста патша чиновниктерінің көпшілігі қазақтармен өзара тиімді сауда байланыстарын дамытуға жергілікті халық арасында орыстық бағытты күшейтудің және аймақта үкіметтің позициясын нығайтудың аса нәтижелі құралы ретінде қарады.

Осылайша қазақ даласына айырбас, жәрмеңкелік және тұрақты (отырықшы) сауда орындары ашылды. Айырбастаушылар өз тауарларымен қазақ даласын кезіп тауарын малға, жүнге, мал өнімдеріне айырбастап, оны Троицк, Орынбор, Орск, Петропавлск, Омск базарларына сатып, ол Ресейдің ішкі рыногіне жөнелтілді «Обороты этой торговли можно считать до миллиона рублей в год», - деп көрсетеді. [5]

Сауданың екінші, бір түрі жәрмеңкелерде фабрика өнімдерін мал өнімдеріне айырбастау еді. Осының ішінде Ақмола облысындағы үш жәрмеңкеге тек Ресей, Түркістан ғана емес Европадан көпестер келген. Ол туралы 1900 ж. Ақмола облысындағы Константиновск, Атбасарда-Петровск және Петропавл уезіндегі Тайшыкөл жәрмеңкелеріндегі сатылған тауарлар туралы мынадай деректер бар: яғни қазақ даласынан мал және мал өнімдері жүн, ет, малдың қорытылған майы, тері сатылса ал Ресейден келген көпестер мауфактура, фабрикаларда тоқылған маталар, кілемдер, металдан жасалған құрал саймандар қазақ даласына аса қажет болды.

Міне дала төсіндегі барлық сауда рыногын өз қолдарына жинақтаған Ресей өкіметі шет аудандармен ашықтан-ашық тонаушылық сипаттағы айырбас немесе сауда жүргізді. Далалық аудандарда көптеп жәрмеңкелер ашылып, онда өз ережелерін бекітті. Торғай облысының Орта Азиямен байланыс орнатуға қолайлы жеріне орналасқан Ырғыз бекінісінің ірге тасы 1845-жылы қаланып, 1869-ж. Ырғыз уездік қала статусын алды. Осы мерзімнен бастап Ырғыз бекінісі 1 мыңға жуық тұрғыны бар уездік қала сапытына көшіп, негізінен қазақтар, татарлар, башқұрттар қоныстанып, олар қала халқының 87% құрады. Қала халқының 33% әскерилер мен саудагерлер болды. [7] 1870-ж. 12 (19) қарашада Ресей ішкі істер министрі генерал-адъютант Тамашев Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісі жанында ашылған жәрмеңкенің жұмыс ережесін бекітті. Соның бірі 1870 жылы 12 (19) қарашада Ресей ішкі істер министрі генерал-адъютант Тамашев Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісі жанында ашылған жәрмеңкенің жұмыс ережесін бекітті. Бұл ереже жәрмеңкенің ашылу мақсаты мен жәрмеңкеге келген саудагер көпестердің және сатып алушылардың негізгі құқықтары былайша көрініс тапты:

Ырғыз жәрмеңкесінің ережесі бойынша саудагерлер мен сатып алушылардың азаматтық және еңбек құқықтарының сақталуы

1. Торғай облысының қазақтарының өз қарамағындағы малдарын өткізу және өздеріне қажетті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етуіне қолайлы жағдай жасау, үшін

және қазақтардың малдарын орыс саудагерлерінің сатып алуын жеңілдету үшін Торғай облысында екі жәрмеңке тағайындалады: біріншісі Елек уезінің Ақтөбе бекінісінде, екіншісі Ырғыз уезінің Ырғыз (бұрынғы Орал) бекінісінде.

2. Бұл жәрмеңкелердің өткізілетін мерзімдері: Ақтөбе жәрмеңкесі үшін 15-шілдеден 15-тамызға дейін, Ырғыз жәрмеңкесі үшін 10-қыркүйектен 10-қазанға дейін.

3. Басқа қалалардан келетін көпестердің қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін уезд бастығының жарлығымен жергілікті бекініс горнизонынан шынайы қажеттілікке сәйкес команда тағайындалады.

4. Жәрмеңкедегі қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты сақтау ісін қадағалау жәрмеңкелердің ерекше комитетіне жүктеледі. Бұл комитет құрамында: уезд бастығы немесе оның көмекшісі, одан басқа 4 мүше: қазақтардың өздері қалағанша 2 ордалық ақсақал және жәрмеңкеге келген орыс саудагерлері арасынан сайланған екі адам болады. Осы көрсетілген комитеттердің әрқайсысының жанында жәрмеңкеге айдап әкелінген малдарды қарап, тексеріп отыратын ветеринарлық дәрігер болады. Сонымен бірге комитет қарамағында түрлі қажеттіліктер үшін қазақтарда тағайындалады.

5. Сонымен бірге жәрмеңке комитетіне мынадай міндеттер жүктеледі: а) жәрмеңкеге келген саудагерлерді ұрлық пен тонаудан қорғау, б) жәрмеңкеге келушілерді қажетті жазбаша құжаттарсыз келуден сақтандырып, алдын – ала тексеру, в) әртүрлі бақытсыздықтардан сақтандырудың полициялық шараларын алу, г) сауда уставының XI томдық 2857 статьясына сәйкес қазақтар және орыс саудагерлерінің арасында болған барлық істерді ауызша сот арқылы талдап, кінәлілерге айып тағу, арызданушылардың талабын тез арада шешу. Егер арызданушылар қабылданған шешімге риза болмаса, онда олар 1868 жылы 21-қазанда бекітілген Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша Ереженің 124, 135 және 142- статьяларына сәйкес өз шағымдарын қанағаттандыру туралы уездік сотқа шағымдануына болады немесе қазақтардың халықтық дәстүріне сай шешулеріне болады.

6. Жәрмеңкеге келген саудагерлердің паспорттары болуы шарт және олар келген бойда паспорттарын комитетке көрсетіп, олардың келгендігі туралы мәліметтердің барлығы арнаулы тіркелу кітабына жазылып, келгендердің қайта кеткендеріне дейін сақталады.

7. Комитет паспорттарын көрсеткен саудагерлерге орын тағайындайды.

8. Жәрмеңке алаңында әкелінген товарлар қойылатын номерленген орындар саны 200-ден артық болмауға тиіс.

9. Әрбір орын 3 шаршы сажень болуы шарт.

10. Жәрмеңке жинағының пайдасына мануфактура және тері - терсек сататын саудагерлерден әрбір орын үшін 2 рубль төлем алынды.

11. Жәрмеңкедегі сауда орындары саудагерлердің өзара таласын тудырмау үшін әр жәрмеңкеде барлық саудагерлердің қатысуымен жеребе тарту арқылы бөлінеді.

12. Бір орынды екі қожайын ала алмайды.

13. Сүт тағамдарын сататын саудагерлер ерекше қатарда орналасады, олар әрбір шаршы сажень күміспен 50 тиын төлейді.

14. Сүт тағамдары қатарынан қызыл қатарға ауысып орналасқысы келгендер, онда жеребе бойынша бөлінген әрбір орынға 2 рубль төлеуге міндетті.

15. Көрсетілген алым-салықтар әр жәрмеңкеде бөлек төленеді.

16. Орындарды бөлуге жеребе жәрмеңкенің бірінші күні бір-ақ рет төленеді.

17. Жеребе арқылы ие болған сауда орындарында саудагерлер сауданы арба үстінде, шатырда, балағанда, киіз үйлерде, жылжымалы және тұрақты лавкаларда жасай алады.

18. Егер ағаштан жылжымалы немесе кірпіштен тұрақты лавкалар салғысы келген саудагерлер болса, онда оларға жеребе арқылы бөлінген орындарға өз лавкаларын салуға рұқсат етіледі.

19. Лавка салуға жеребе тартқан саудагер қатарына 3-тен артық емес лавка салуға ғана құқылы.

20. Жылжымалы немесе тұрақты лавканың қожайыны жәрмеңке аяқталған соң келесі жәрмеңке үшін акциздік төлем жасауға міндетті. Егер бұл шарт орындалмаса, онда жәрмеңке комитеті оның орнын жеребе тарту арқылы басқа саудагерге беруге құқылы. [7] Осындай жәрмеңкелер Семей облысы Ботов (Қоянды) жәрмеңкесі Қарқаралы уезінде орналасқан жылдық сауда айналымы туралы: «в 1900 до 1.644 тыс. рублей из них произведени степи образовалось на 955 тыс руб., остальная же сумма приходилась на фабрично-заводская изделия Чарская (в Семипалатинском уезде) с оборотом 310 тыс руб., Покровская (в Баян-Ауль) - на 210 тыс руб., Ивановская (в Песчанном) – на 134 тыс руб., и др » - деп көрсетеді. [5, 290 б.] Жәрмеңкелерден пайданың көптігін сезген патша өкіметі оны жыл санап көбейтіп, оның үстіне қазақ даласына ішкерілей енуді көздеген саясатта ұстады. Сондықтан өзінің әрі экономикалық, әрі саяси билік ету аймағын кеңейту мақсатында тауар сатудан жылдық табыстары мыңдаған рубльге шығатын жәрмеңкелер саны жыл санап өсе түсті. Солардың ішінде: «В Тургайской области значительные ярмарки находятся: в Актюбинске на 326 т.р., две в Кустанае – на 614 т.р., в Тургае – 186 т.р. и две в Иргизе – на 296 т.р.». [5,290 б.] Бұл жәрмеңкелерде негізінен мал өнімдерінен басқа, астық өнімдері сондай-ақ «азиядан» келетін Бухара, Ташкент кілемдері, жібек шапан, маталар мен кептірілген жемістер әкелінген. Ал көшпелі қазақ халқы үшін ең қажеттісі ол – мануфактурадан шығарылған өнімдер мен үй шаруашылығына керекті бұйымдар - самаурын, леген, қалақ, өзге де темір бұйымдармен, айыр- күрек, кетпен сияқты шаруашылық құралдарын сатып алған.

Ресей империясы көпестердің қауіпсіздігін сақтау үшін және қоғамдық тәртіпті қорғау үшін жәрмеңкелер кезінде оларды қорғайтын әскерлері жіберіп тұрды. Ал жергілікті чиновниктердің көпшілігі отарлаушы саудагерлердің алдамшылығынан және алаяқтығынан қарапайым халықтың мүддесін қорғамақ түгел, өздері приказчиктер мен агенттердің көмегі арқылы сауда-саттық пен айналысты.

Сонымен сауда қазақ даласында отарлық сипат алды. Мұнда Ресейдің ең төменгі сорттағы, яғни өзінің ішкі аймағындағы жәрмеңкелердің бәрінде болып шыққан және мүлде өтпеген өнеркәсіп бұйымдары әкелінді. [8] Бұл бұйымдардың жергілікті халыққа өте ауыр шарттармен жоғары бағаға сатылуы да сауда саясатының отарлық сипатын анықтады. Көпестер қазақтармен арада жүрген саудадан түскен мол пайда есебінен байып алды. Ол дала халқының сауда ісіндегі тәжірибесінің аздығын, өз құқықтарын дұрыс түсіне алмауын пайдаланды.

Сауданың отарлық сипаты орыс көпестері сатқан бұйымдардың бағасының жаппай өсіріліп, керісінше жергілікті халықтың малы мен шаруашылық өнімдерінің бағасы жасанды түрде төмен есептелгені байқалды. Дегенмен қазақтар сауда жасауға үйрене бастады. Қазақ өлкесі малға бай, бірақ өнеркәсіп бұйымдары жоқ ірі тұтыну рыногіне айналды. Сондықтан қазақ өлкесі патша үкіметінің метрополия ретінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін шикізат көзіне айналдыру мақсаты толығымен, ойдағыдай іске асты.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Гродеков Н.И. Киргизы и Каракиргизы Сыр - Даринской области, Ташкент, 1899, Т.1, 198 с
2. Мякутин А.И. Юридический быт киргизов, I Вещное право. II Обязательственное право. Оренбург, 1910 (на обложке 1911)Труды Оренбургской ученой архивной комиссий, Вып XXV.Б.т. Б.ц.
3. Пахмань С.В. Обычное гражданское право в России. «Юридические очерки». Том 1-ый. С.-Петербург. 1877г.
4. Ковалевский М. Современный обычай и древний закон. Том первый. Москва. 1886г.
5. Россия полное географическое описание нашего отечества. Настольная дорожная книга для русских людей под редакцией В.Б.Семенова, том 18. Киргизский край. С-Петербург. издание А.Ф.Девряна, 1903 г.
6. Доменский В. Об устройстве Киргизской степи. СББ, 1865. 167с.
7. ҚР ОМА 25 қор, 1 т., 486-іс, 2 п., узаконений о киргизских степных областях. Оренбург. 1898. 249 б.
8. Добросмыслов А.Е. Торговля в Тургайской области. – Оренбург. 1898. – 134 с.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қаламов Ғазиз

*«Құқықтану» мамандығының магистранты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш.52*

Мақалада меншік объектісі ретінде мемлекеттік меншікті басқару ісіндегі өзекті мәселелер қарастырылған.

Түйінді сөздер: мемлекеттік меншік, басқару, объект.

ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБЪЕКТАМИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СОБСТВЕННОСТИ

Қаламов Ғазиз

*Магистрант специальности «Юриспруденция»
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би 52*

Данная статья рассматривает актуальные проблемы управления объектов государственного имущества.

Ключевые слова: управление, объект, государственное имущество.

MANAGEMENT PROBLEMS STATE PROPERTY

Kalamov Gaziz

*Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»
Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.*

This article examines current problems of management of objects of state property.

Keywords: control, object state property.

Бүгінгі таңда өзектілігі жағынан алдыңғы қатарлы мәселелердің біріне айналып отырған меншік нысандарына байланысты туындайтын мәселелер. Атап айтқанда меншіктің негізгі нысандарының бірі – мемлекеттік меншік. Осы мемлекеттік меншіктің қандай да болсын объектілерін басқару тиімділігін арттыру нарық заманында қажетті шарт болып табылады. Мұндай мәселелермен айналысатын Қазақстандағы бірден бір орган Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұрын Департамент деп аталған болатын). Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен «Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру туралы» қаулы қабылдады. Сол қаулыға сәйкес мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету жөнінде жұмыс басталғанымен, ол тиісті түрде жүргізілген жоқ. Бұл арада салалық министрліктер мен ведомствалардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда айтылған қаулысын орындауға тиісті жауапкершілікпен қарамағанына, нақтылап айтсақ, жауапсыздық көрсеткеніне назар аударған жөн. Ол жөнінде Комитет өкілдері есеп беру кездеріне нақты фактілермен атап көрсеткен. Дәл қазіргі уақытта осы мәселелерді реттеу, қадағалау мақсатында Қаржы министрлігі мен Әділет министрлігі алдында мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі қатынастарды реттейтін «Мемлекеттік мүлік туралы»

Қазақстан Республикасы заңнамаларын жетілдіру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Осыған орай мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру саласындағы заңдарды жетілдіру мақсатында мемлекеттік активтерді иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі заңдарды реттейтін «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының нормативтік актілері одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Онда қазіргі уақытта орын алған мәселелер туралы және олардың шешу жолдарын қарастыру жөнінде пікір, ұсыныстар білдірген. Осыған орай туындаған бірқатар мәселелер тізбесін ұсынуды жөн көріп отырмыз, оларды атап айтатын болсақ:

Мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласындағы негізгі мәселелерге мыналар жатады:

- мемлекеттік меншіктің объектілерін үлгілер бойынша оларды басқарудың мақсаттарына, міндеттеріне және механизмдеріне байланысты жіктелімнің жеткіліксіз болуы;

- мемлекеттік меншік объектілерінің әртүрлі үлгілері жөнінде, оның ішінде жекелеген экономиканың стратегиялық жағынан маңызды салаларында жұмыс істейтін Республика үшін аса маңызды ұйымдар («Ұлттық компаниялар») бойынша шешімдері қабылдаудың дәл рәсімдерінің болмауы.

Мемлекеттік мүліктің есепке алуда қазіргі бар мәселелер:

- мемлекеттік мүліктің әр түрлерін есепке алуды әртүрлі министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырады (Қаржы министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және т.б.), мемлекеттік мүлікті есепке алудың сәйкестендірілген жүйесі жоқ;

- мемлекеттік органның және өзге де ұйымдардың мемлекеттік мүлікті есепке алудың анықтығы мен дәлдігіне жауапкершілік айқындалмаған;

- мемлекеттік мүліктің жай-күйі туралы толық құнды мемлекеттік статистикалық есептік жоқ;

- мемлекеттік меншікте тұрған мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесінің әдіснамасы анық емес;

- мемлекеттік пайдасына заңды тұлғалардың өндіріп алынған, сондай-ақ өндіріп алу сатысында тұрған мүліктерді есепке алу жоқтың қасы.

Осы мәселелерді талдай отырып, мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру және жекешелендіру ісін тұрақты бақылауға алу істерін маңызды жұмыстары қатарына енгізуге болады. Ондағы мақсат – қандай меншік болса да оны тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Міне, зерттеу объектісі ретінде мемлекеттік меншік қатынасы тұрғысынан туындайтын мәселелер қатары осындай. Өркениетті ел қатарына дамып келе жатырған Қазақстан үшін бұл ең елеулі проблемалар қатарында деп ойлаймыз. Яғни, бірқатар зерттеулер барысында маңызды мәселелер деп ұсынылған – жерді реформалау, тұрғын үй алу үшін қажетті ипотекалық несие алу, сонымен қатар мемлекеттік мүліктерді тиімді пайдалану мен жүзеге асыру істерін бүгінгі күнгі көкейкесті мәселелер деп айтуға әбден болады. Демек, бұл қарастырылған проблемалар халық арасында жиі кездесетін жағдайлар бойынша туындап отыр, сондықтан олар еліміздегі әр азаматты алаңдатары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, А-2015
2. Ғ.А.Жайлин. ҚР Азаматтық құқығы (ж.б). А-2014

**ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БОЛДЫРМАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛУДА**

Қуатова Айгуль Акимовна

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Орынбасар Сұнгат

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің студенті

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Экологиялық қауіпсіздік ол – халық қауіпсіздігінің маңызды бір бөлігі. Экологиялық қауіпсіздік бағытында мемлекеттік саясаттың мақсаты, ол – табиғи жүйені қолданудың қорғалуы.

**ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ
РАССМАТРИВАЮТСЯ**

Қуатова Айгуль Акимовна

Старший преподаватель, магистр юридических наук Казахско-Русского Международного университета

Орынбасар Сұнгат

Студент Казахско-Русского Международного университета

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтекеби, 52;

Экологическая безопасность – это важная часть безопасности населения. В направлении экологической безопасности целью государственной политики, он – естественный применения системы защиты.

ENVIRONMENTAL SECURITY IN TODAY CONSIDERED

Kuatova Aigul Akimovna

Senior lecturer, Master of Juridical Sciences of Kazakh-Russian International university

Orynbasar Sungat

Student of Kazakh-Russian International university

Kazakh-Russian International university, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

Environmental security - an important part of public safety. The environmental safety of the direction of public policy objective, it is - a natural application of the protection system

Қазақстан үшін экологиялық қауіпсіздік мәселелері мен жағдайлары бүгінгі таңда маңызды орын алып тұр. Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен бірге жаңа экологиялық қауіпсіздік жүйелерін басқару да бой көтеріп келеді. Дұрыс басқару қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік саясатын уағыздап, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану үшін өте қажет. Өкінішке орай Қазақстанда көптеген жылдар бойы өндірісте табиғи шикізаттарды өндіргенде, қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару көп мөлшерде болды.

Елімізде экологиялық қауіпсіздікті және тұрақты экономикалық дамуымызды қамтамасыз ету мақсатымен, 2003 жылдың 3 желтоқсанында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік

концепциясы жарияланды. Бұл концепция қабылдағаннан бастап көптеген маңызды өзгерістер болып жатыр. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтар негізі құрылды. Бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды. Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі құрылды. Концепция қоршаған ортаны қорғау мониторингінің біркелкі жүйесімен іске асыруды ұсынады.

Экологиялық қауіпсіздік ол – халық қауіпсіздігінің маңызды бір бөлігі. Экологиялық қауіпсіздік бағытында мемлекеттік саясаттың мақсаты, ол – табиғи жүйені қолданудың қорғалуы. Адам өміріндегі ең маңызды жағдайларды ескере отырып, табиғатқа зиян тигізбеу. Өндірісті дамытумен қатар ғылыми-техникалық зерттеулерді күшейту. Экологиялық қатерді болғызбау үшін халық шаруашылығын, өндірісті байланыстыра отырып, экологиялық-экономикалық талдаудың әдістерін пайдаланып, қоршаған ортаға шығарылатын ластағыштар деңгейін салааралық модель арқылы талдап көрсету қажет-ақ. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін технологиясы бар мемлекеттің келешегі зор. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылғы Жолдауында халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде тоқтала келіп былай деді: «2006 жылы біздің экологиялық заңнамаларымызды халықаралық озық актілермен үйлестіруге, жаңа стандарттарға көшуге, мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған Экология кодексі қабылдануға тиіс» [1]. Сол себепті 2007 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі бекітілді. [2] Қазіргі уақытта көптеген ғылыми еңбектердің ішінде экономика және экология мәселелері, экологиялық қауіпсіздік туралы теориялық ізденістердің ішінде отандық ғалым М.С.Тонкопийдің «Экономика и экология» еңбегін атап өтуге болады. [3]

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттері:

-климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту;

-биоәртүрлілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу;

-экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту;

-Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу;

-су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу;

-табиғи ластануларды, әуе бассейнінің ластануын, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және олардың алдын алу;

-өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту;

-табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу.

Қойылған міндеттерді шешу үшін:

-Қазақстан Республикасының заңдарын, табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың және экологиялық мониторингтің экономикалық тетіктерін жетілдіру және жүйеге келтіру;

-табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыру;

-қоршаған ортаны қорғау, экологиялық статистика, экологиялық білім беру, экологиялық үгіт-насихат және жұртшылықтың қатысуы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту;

-халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолымен қол жеткізіледі.

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіз дамуы мынадай қағидаттарға негізделеді:

-табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық мүмкіншіліктерін айқындайтын және қоршаған ортаны сапалы теңгермелі басқаруды қамтамасыз ететін шектеулердің, нормативтердің және шаруашылық әрі өзге де қызмет жүргізу ережелерінің ғылыми-негізделген кешенін енгізу жолымен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін барлық қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік тәсіл;

-экологиялық қауіпсіздіктің өңірлік және жергілікті міндеттерінің экологиялық қатерлердің алдын алудың жаһандық және ұлттық мақсаттарына бағыныштылығы;

-қоршаған орта мен адамның денсаулығына келтірілген залалды өтеудің міндеттілігі (табиғат пайдаланушылар мен ластаушылар төлейді);

-өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгермелігі (экологиялық сыйымдылық пен аумақтық жоспарлау қағидаттары);

-шаруашылық және өзге де қызметінің қоршаған ортаға әсерін одан кейінгі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалармен бағалаудың міндеттілігі;

-халықтың экологиялық ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету және оның экологиялық проблемаларды шешуге қатысуы;

-халықаралық ынтымақтастықтағы әріптестік және халықаралық құқық нормаларын сақтау және т.б.

Жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің адамзат өркениетінің даму жолында ұзақ әрі күрделі тарихы бар. Қауіпсіздіктің өзі бірнеше салаларды қамтитын кешенді ұғым. Жалпы қабылданған тұжырым бойынша, қауіпсіздік — белгілі бір нысанның сыртқы және ішкі қатер әсерінен қорғана білу ахуалы. Ал ол қатер бірнеше сипатта болуы мүмкін. Солардың бірі экологиялық сипаттағы қатер. Елбасымыздың тікелей қолдауымен бұл бағыттағы проблемаларды шешуге аса көңіл бөлінуде. Соның арқасында Қазақстандағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының бірқатар тетіктері қалыптастырылды. Қазақстан мемлекеті бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдерге қол қойған, экологиялық проблемаларды шешудің халықаралық деңгейдегі ұсыныстарына ие субъекті. Мемлекеттің экологиялық қатынастарды реттеуге қабілеттілік таныта алатын құқықтық қоры белгілі деңгейде қалыптасқан. Әсіресе, солардың ішінде «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» және басқа да бірқатар заңдардың мәні зор. Қоршаған ортаның қауіпсіздігі — ол тиісті ортаның антропогендік және басқа да факторлардың қатерлі әсерінен қорғалуының жай-күйі. Демек, қоршаған ортаны қорғау динамиканы құраса, ал экологиялық қауіпсіздік — табиғатты тиімді, кешенді пайдалану және қоршаған ортаны тиісті деңгейде қорғалу нәтижесін құрайды. Дұрыс нәтижеге жету немесе адам баласының талабын қанағаттандыратын қауіпсіздік көрсеткішінің сақталуы, осы бағыттағы заң нормаларының тиімді болуы мен тікелей байланысты. Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихы көрсетіп отырғандай кез келген мемлекеттің қатардағы адамдарының әл-ауқаты, ең алдымен оларды қоршаған табиғи ортаның қауіпсіздік дәрежесіне байланысты екендігін анық көрсетіп отыр. Кей уақыттарда экологиялық ахуалды жақсарту үшін атқарылатын шаралардың басымдықтарын, шарттарын, негіздерін, ерекшеліктерін, принциптерін, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді белгілеп береді. Осының аясында бірқатар құқықтық шаралар іске асырылады. Дегенмен де аталған тұжырымдамада көрсетілген бірқатар құқықтық шаралар іске асырылмай қалады олар:

1. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды басқару жүйесінің тиімді шешілмеуі. Дәлірек айтқанда, қоршаған ортаны қорғау органдарының жергілікті атқару немесе басқа да органдардан тәуелсіздік мәселесі шешілмейінше, бұл бағыттағы қандай да бір өзгеріс өз нәтижесін бермейді. Жергілікті және орталық атқару органдары үшін экологиялық мүддеден экономикалық мүдде басымдығы жоғары болып отыр. Бұған біздің заңдарымыз да мүмкіндік береді. Заң ешқашанда өздігінен жүзеге аспайды. Заңның орындалуы оны талап етуші субъектінің әрекетіне байланысты. Сондықтан қоршаған ортаны

қорғаудың құқықтық негіздерінің тиісті қоғамдық қатынастар мазмұнына сай орындалуы, оған күштеуші негіз болатын мемлекеттік басқару органдарының, сәйкестілік жүйесінің қалыптасуына тікелей байланысты. Бұл мәселелерді оңтайлы шешудің тиімді ұсыныстары мен теориялық қағидалары профессор Д. Байделдиновтың еңбегінде («Правовой механизм государственного управления в области экологии») өте жан-жақты тұжырымдалған. [6]

2. Реттеуші экологиялық заңдар мен тиісті қоғамдық қатынастар мазмұнының, сәйкессіздігінің нәтижесінде құқық нормаларының декларациялық сипаталуы қандай да бір қоғамды заңға негіздеп құру, дамыту мүмкін емес. Керісінше заң қоғам ерекшелігіне негізделіп, оның дамуына ықпал жасап отыруы қажет. Бұл жерде сапа көрсеткіші тиісті қоғамдық қатынастардың реттелу нәтижесімен бейнеленеді. Заңның тиісті қатынастар ерекшелігімен үндесуі ғана тиімді нәтижеге қол жеткізетіндігі ғалымдар тарапынан нақты тұжырымдалған. [4]

Әрқашанда тиімді заңдар болуы үшін, ол заң тиісті қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне сай мазмұнда болуы қажет. Сонда ғана құқықтық реттеу өз нәтижесін береді, заңдар тиісті заңдық күшке ие болады.

3. Экологиялық қауіпсіздік — қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың оң нәтижесі. Бұл нәтижеге қол жеткізуде экологиялық жауапкершілік институтының алар орны ерекше.

Біздің құқықтық жүйеде экологиялық жауапкершіліктің көптеген жетілмеген теориялық және практикалық мәселелері көп. Тиісті жауапкершілік көрсетілген нормативтік актілердің өзі бағытталған құқық бұзушылардың мазмұнымен мүлдем сәйкессіз. Әкімшілік жауапкершілік санкциялары өте жұмсақ тұрғыда қарастырылған. Материалдық жауапкершіліктің тетіктері жетілдірілмеген. Мұндай құқықтық база елдің экологиялық қауіпсіздігі мәселелерін шеше алмайды.

Жауапкершілік нормалары басқа нормалардың іс жүзіндегі орындалу мүмкіндігінің негізгі тетігі. Экологиялық заңдарды бұзудың салдарынан келтірілген материалдық жауапкершілікті өтеудің басқа да заң бұзушылықтан келтірілген материалдық жауапкершіліктен өзіндік ерекшелігі бар. Аталмыш бағытта да соңғы кездері нәтижелі табыстарға жеткен теориялық зерттеулер бар. [5] Елдің экологиялық қауіпсіздігі, азаматтардың бұл құқықтарының сақталуы -өркениеттіліктің ажырамас белгісі. Осыған орай жауапкершілік институтын жетілдіру туралы бірнеше ғылыми еңбектер жазылып, маңызды тұжырымдар жасалған. Осы тұжырымдарды іс жүзіне асыру, заң шығару барысында оны пайдалану, яғни жоғарыда көрсетілген үш мәселенің құқықтық тұрғыдағы міндеттерін шешу экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің оң жетістіктері болар еді.

Бүгінгі таңда экономика мен энергетиканы дамыта отырып, экологиялық қауіпсіздікті назардан тыс қалдырмау қажет. Бұл осы күнгі жаһандық күрделі проблема. Қазіргі заманғы ғаламдық үдеріс жағдайындағы энерго-экологиялық мәселелерді шешу жолдары қазақ елі Президентінің ғаламдық энерго-экологиялық стратегиясында көрініс тапқан. Экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері — бүгінгі таңдағы ең ауқымды әрі маңыздылығы өте жоғары, кезек күттірмейтін жаһандық күрделі проблемаға айналып отыр. Энергетикалық және экологиялық қауіпсіз әлемді қалыптастыру мәселелерінен қазақ елі шет қалмақ емес. Мемлекет басшысының бастамасымен ХХІ ғасырдағы тұрақты дамудың ғаламдық энерго-экологиялық стратегиясы әзірленді. Экология, экономика және энергетика. Әлем елдері алдағы уақытта осы үш бағыттың тепе-теңдігін қамтамасыз етуі керек. Яғни, тек энергияны теңгерімді пайдаланудың бірлескен жолын даярлағанда ғана әлемдік қауымдастық жаһандық экологиялық қауіпсіздіктің негізін құра алады. Ғаламдық энерго-экологиялық стратегияда осы мәселе айқындалған. Ең бастысы — экономика мен энергетиканы дамыта отырып, экологиялық қауіпсіздікті қалыс қалдырмау қажет.

Оған анық дәлел ретінде Еуропа мен Азияны байланыстыратын трансконтинентальды магистральдар қиылысында орналасқан Қазақ елі халықаралық көрмені өткізу

жауапкершілігін мойнына ала отырып, әлем назарын ғаламдық қуат көздерінің таусылу мәселесіне аударуға және баламалы энергетиканың дамуына дәнекер болатынына сенім білдірген Президент «ЭКСПО — 2017» көрмесіне «Болашақ энергиясы» деген тақырып ұсынды. Себебі, дәстүрлі қуат тасымалдаушылардың шектеулі мүмкіндігі мен олардан туатын экологиялық дағдарыс қазірдің өзінде дүниежүзіне үлкен қауіп төндіріп тұр. Қуат тапшылығынан құтылудың алғышарты ретінде Қазақстан Еуропа мен Азия арасында «Жасыл көпір» құру бастамасын көтерді. Бұл идея ақиқатқа айналса, Батыс пен Шығыстың күші бірігіп, ғылыми зерттеу жұмыстарының ортақ нәтижелеріне қол жеткізіледі.

Соңғы уақытта күн энергетикасы — 28,1, жел энергетикасы — 48, геожылу энергетикасы — 7,5, дәстүрлі энергетика — 2,2 пайызға өсті. Алайда бұған мән беріп жатқандардың қарасы соншалықты көп емес. Осы орайда Қазақстанның өзгелерге үлгі боларлық әрекеттерге қадам жасап жатқанын айта кеткеніміз жөн. Баламалы энергетиканы адам игілігіне жаратуды көздеген Қазақстан 2015 жылға қарай тұтынылатын жалпы электр қуатының 1 пайызын жаңартылған қуат көздерінен алуды жоспарлап қойды. Ал 2050 жылға қарай біздің ел көмірқышқыл газының ауаға таралу көлемін 25 пайызға азайтпақшы. Бұл үшін жаңа технологиялар мен жаңартылған энергия көздері қолданысқа енгізіледі деп күтілуде. Қазір жоғарыдағы мақсатқа жету үшін Назарбаев университетінде құрылған энергетикалық зерттеулер орталығы ізденіс үстінде. Бұл әрине болашаққа деген үлкен қадам. Әрбір жасаған қадамымыз ең бірінші қоршаған табиғатқа жат әсерін тигізбеуі тиіс. Бұл ұлан-байтақ жер анамызда өмір кешіп жатқан адамдарға қойылатын негізгі талап!. Сондықтан экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету қазіргі инновациялық елдердің негізгі мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауы. — Астана, 2006.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексі // «Параграф» мәліметтер жүйесі, 2013.
3. Тонкопий М.С. Экология и экономика природопользования. — Алматы: Экономика, 2003. — 592 с.
4. Мухитдинов Н.Б. Проблемы совершенствования природо-охранного законодательства и правотворческий процесс. — Алматы, 1997.
5. Әбдірайымов Б. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі. — Алматы, 2001.
6. Байдельдинов Д. Правовой механизм государственного управления в области экологии. — Алматы, 1998.

ПАЙДАКҮНЕМДІК-ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН

Мусин Арай Кайратович

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Каирова Нелля Имамуратовна

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада теориялық аспектілері алдын алу пайдакүнемдік-зорлық-зомбылық қылмыс және алдын алу бойынша шаралар көшедегі зорлық-зомбылық.

Түйінді сөздер: пайдакүнемдік-насильственная преступность, құқық бұзушылықтардың алдын алу, алдын алу шаралары, көше зорлық-зомбылық.

К ВОПРОСУ ПРОФИЛАКТИКИ КОРЫСТНО-НАСИЛЬСТВЕННОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

Мусин Арай Кайратович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Каирова Нелля Имамуратовна

Профессор, кандидат юридических наук Казахско-Русского Международного университета

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассматриваются теоретические аспекты предупреждения корыстно-насильственной преступности и меры по профилактике уличного насилия.

Ключевые слова: корыстно-насильственная преступность, профилактика правонарушений, меры предупреждения, уличное насилие.

TO QUESTION OF PROPHYLAXIS OF MERCENARILY-VIOLENT CRIMINALITY

Musin Arai Kairatovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kairova Nellya Imamuratovna

Professor, Candidate of Juridical Sciences of Kazakh-Russian International university

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article the theoretical aspects of prevention of mercenary-violent crime and measure are examined on the prophylaxis of street violence.

Keywords: mercenary-violent criminality, prophylaxis of offences, warning measure, street violence.

В теории криминологии предупреждение преступности рассматривается, как многоуровневая система государственных и общественных мер, направленных, с одной стороны, на воспрепятствование возникновению причин и условий, способствующих совершению преступления, а с другой – на пресечение или нейтрализацию криминогенных действий. Разработка мер предупреждения преступности, как социального явления в целом и

отдельных его видов, в т.ч. и корыстно-насильственных преступлений, совершаемых в отношении женщин, является важным аспектом криминологического исследования [1].

Профилактическая деятельность предполагает использование системного подхода, множества элементов, находящихся в отношениях и связях друг с другом, образующих определенную целостность и единство. Системный подход, в частности, включает в себя комплекс социально-экономических, организационных, правовых и тактических мер, направленных на предупреждение уличной корыстно-насильственной преступности.

Комплекс мер по предупреждению корыстно-насильственных посягательств осуществляется на трех основных уровнях профилактики: общесоциальном, специально-криминологическом и индивидуальном.

Функция общесоциальной профилактики последовательно осуществляется всем прогрессивным развитием общества, а ее успех определяется социально-экономической политикой, проводимой государством.

Специально-криминологическая профилактика осуществляется специальными субъектами на профессиональном уровне, в число которых входят и органы внутренних дел, и включает меры, направленные именно на устранение, ослабление, нейтрализацию криминогенных факторов. Именно специальная предназначенность и целенаправленность на борьбу с преступностью отличает эти меры от мер общесоциальной профилактики.

Индивидуальный уровень профилактики предполагает деятельность в отношении отдельных лиц, совершивших или могущих совершить преступления. Меры индивидуального предупреждения направлены на психолого-педагогическую коррекцию указанных категорий лиц с целью формирования у них таких качеств, которые могут обеспечить неуклонное соблюдение социальных норм и правил общественной морали [1].

В наиболее общем виде мероприятия, направленные на предупреждение корыстно-насильственных посягательств, могут находить отражение в целевых программах и планах, но такие документы, как показало проведенное исследование, отсутствуют как на республиканском, так и региональном (областном) уровне.

Однако, несмотря на существование такого рода комплексных планов и программ по усилению борьбы с преступностью, успех профилактической работы зависит в немалой степени от реализации планов социально-экономического развития страны, которые сильно влияют на эффективность этих программ борьбы с преступностью. Недостаточное финансирование и пробелы в механизме реализации этих программ приводят к тому, что различные организационные и тактические мероприятия, касающиеся контроля над преступностью в целом, и уличной корыстно-насильственной преступностью в частности, осуществляются далеко не в полном объеме. Более того, анализ целевых программ по борьбе с преступностью, как на республиканском, так и на региональном уровнях, свидетельствует, что профилактика «уличного» насилия на протяжении ряда лет не находит должного отражения в этих программных документах.

Деятельность по предупреждению уличного насилия строится на сложной правовой основе, включающей в себя нормы государственного, административного, уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного, гражданского, семейного и других отраслей права. В этом направлении должны занимать основное место и играть главную роль в профилактике уличного насилия законодательные акты.

Юридической науке и практике известны различные пути и методы превенции с целью недопущения нарушений социально-экономических, политических, социально-культурных и других прав и законных интересов граждан, общества и государства.

Одной из таких действенных форм является *принятие* компетентными субъектами (гражданами, общественными организациями, судами и правоохранительными органами) в конкретных социально-правовых ситуациях адекватных *превентивных мер*. Реализация превентивных мер позволяет эффективно контролировать целый ряд негативных тенденций

в обществе и государстве, бороться с их причинами, а не тратить огромные усилия и средства на восстановление нарушенных прав и интересов.

Проблема имеет важное научное и практическое (юридическое, политическое, экономическое, нравственное и т.п.) значение в настоящее время в связи с низким уровнем правосознания граждан, их правовой пассивностью, высоким уровнем криминализации и правонарушений в современном обществе [2].

В этом смысле превентивная функция права и правоприменительной деятельности, несомненно, обладает значительным потенциалом. Сегодня можно говорить о том, что превентивная функция правоохранительной деятельности уже не отождествляется с карательной, правосстановительной и компенсационной функциями права. Посредством уголовно-правовых норм, касающихся разбоев, посредством применения этих норм при решении практических задач членами общества «сообщается» о наказании виновного именно за разбой.

Деятельность органов внутренних дел, решения судов сводятся к тому, что они доводят сведения о наказаниях за разбой до населения. При этом демонстрируется, что уголовные законы – не пустые угрозы. Эффективность общего предупреждения разбоев обеспечивается в той мере, в какой наказания удерживают граждан от приобретения оружия, которое они, в противном случае, могли бы использовать в преступной деятельности.

Еще одно направление деятельности по профилактике корыстно-насильственных преступлений – *совершенствование мер контроля над оборотом оружия*. Работа по контролю за оборотом оружия должна проводиться, с одной стороны, с целью обеспечения соблюдения правил его законного оборота, с другой стороны, недопущение перетекания оружия из сферы легального оборота в незаконный. Для этих целей в Казахстане проведена акция по изъятию оружия у населения с оплатой в 100%, 50% от стоимости оружия. С 2016 года ограничено приобретение в установленном порядке огнестрельное гладкоствольное длинноствольное оружие, газовое оружие, искровые разрядники и механические распылители отечественного производства.

Первичная информация о правонарушении определяет и организацию раскрытия преступления по «горячим следам». При ее получении оперативный дежурный отдела внутренних дел обязан выяснить данные о времени, месте и обстоятельствах преступления, внешности преступника или преступников, наличие у него (них) особых примет, оружия и автотранспорта, направлении его (их) движения с места преступления, состоянии потерпевших, наличии свидетелей и очевидцев преступления и, наконец, данные о лице, заявившем о преступлении.

Эта деятельность исходит от социальных норм (в т.ч. и правовых) и соответствующей деятельности исполнительных органов государственной власти, городского самоуправления и органов местной полиции в пределах, установленных законами и состоит в широком охвате и влиянии на разные слои населения, проводимых профилактических мероприятий, которые имеют своей целью:

- противодействие криминогенным процессам, укрепление в микрорайонах атмосферы спокойствия и стабильности;
- устранение угроз правам, свободам и законным интересам личности, возникающих в связи с возможностью совершения в отношении них преступлений;
- создание эффективной системы социальной защиты граждан от возможной виктимизации;
- повышение и активизация защитных свойств населения от преступлений;
- оказание социальной помощи жертвам преступных посягательств.

Достижение указанных целей на общем уровне виктимологической профилактики предполагает решение её субъектами следующих задач:

- выявление детерминантов виктимности, их анализ и обобщение;

- разработка и реализация мер направленных на устранение либо нейтрализацию виктимогенных факторов и ситуаций;
- изменение законодательных положений с учетом обеспечения необходимой поддержки жертвам преступлений, создание новых государственных и негосударственных структур, работа которых направлена на их защиту;
- оказание воздействия на отдельные слои населения с целью снижения или недопущения их виктимизации, воспитание граждан и повышение их правового сознания;
- обучение кадров для работы с пострадавшими.

К мерам общей виктимологической профилактики можно отнести:

- правовое воспитание;
- деятельность по разработке и внедрению стандартов безопасности от преступлений (стандарты безопасности – это государственные правила и нормативы, обеспечивающие защиту личности, общества и государства от преступных посягательств, включая градостроительные, экологические, технические, информационные, медицинские и др.);
- криминологическую экспертизу нормативных актов;
- меры организационного, правового и иного воздействия на виктимогенные процессы[3].

Привлечение общественности, различных категорий граждан к предупреждению уличной корыстно-насильственной преступности и охране общественного порядка в жилых массивах, населенных пунктах и на объектах массового пребывания граждан для органов внутренних дел является одним из проблемных направлений предупредительной деятельности в сфере уличного пространства. Связано это с тем, что прежние формы участия общественности и граждан в предупреждении уличных, в т.ч. корыстно-насильственных преступлений, а также охране общественного порядка сегодня не действуют, они себя попросту исчерпали. Новые формы не приобрели массового характера и зависят, главным образом, от профессионализма и целеустремленности отдельных сотрудников полиции.

Тем не менее, без привлечения общественности и различных категорий граждан проблемы профилактики уличного насилия не решить, поэтому инициатива должна исходить, прежде всего, от органов внутренних дел (местной полиции).

Интересным представляется имеющийся опыт некоторых зарубежных стран (США, Германия), которые считают эффективным средством защиты организацию своего рода «системы соседского присмотра». Граждане, проживающие по соседству друг с другом, по договоренности присматривают за домами друг друга, особенно во время длительного отсутствия, обращая особое внимание на появление посторонних или подозрительных лиц[3]. При необходимости они обращаются в полицию. Также полицией повсеместно практикуется информирование населения:

- об установке нескольких запоров или замков на дверях и окнах жилищ, складов и т.п.;
- о смене замков при въезде в новую квартиру или при утере ключей;
- о необходимости маркировки наиболее ценных вещей и предметов (гравировки, нанесения меток несмываемой или бесцветной краской в виде различных кодовых знаков, номеров, инициалов и т.п., которые уменьшают притягательность данных предметов, ограничивают возможность их реализации, а также снижают стоимость при их реализации) которая оказывает психологическое воздействие на преступника;
- об обязательной установке дверных «глазков» и цепочек, средств электронной сигнализации, видеонаблюдения и тд.

Целесообразным было бы создание профилактическими службами МВД-ДВД, местной полиции в рамках локальных (городских, районных) компьютерных сетей своего сайта, который бы позволил потенциальным жертвам знакомиться с различными

рекомендациями и информацией, направленной на виктимологическое обучение и правовое воспитание населения, обмениваться интересующей граждан информацией виктимологического содержания с другими пользователями данной сети, сообщать по указанному электронному адресу правоохранительным органам сведения о виктимогенных факторах, ситуациях и лицах, имеющих виктимную направленность.

Список использованной литературы:

1. Алауханов Е.О., Зарипов З. Предупреждение преступности. Алматы. Юрлит. 2013.
2. Криминология: учебник под ред. Рогова И.И., Алауханова Е.О. Алматы. НИИ Криминологических исследований. 2014.
3. Алауханов Е.О., Каирова Н.И. Преступное насилие в отношении женщин. Алматы. Юрлит. 2009.

**ЖЫМҚЫРУ ЗАРДАБЫ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ БЕЛГІСІ
РЕТІНДЕ**

Намешов Абылай Кайратович

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық Университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш, 52

Бұл мақалада Бөтеннің мүлігін алу және/немесе айналдыру алу іс-әрекеттері деп түсінуге байланысты әр түрлі көзқарастар қарастырылған

Түйінді сөздер: қылмыс, жымқыру, бөтеннің мүлкі, меншік иесі

**ПОСЛЕДСТВИЯ ХИЩЕНИЯ – КАК ПРИЗНАК УГОЛОВНОГО
ПРАВОНАРУШЕНИЯ**

Намешов Абылай Кайратович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный Университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье рассмотрены разные взгляды ученых связанных с данной проблемой

Ключевые слова: преступление, хищение, чужого имущества, собственник

CONSEQUENCES of THEFT - AS SIGN OF CRIMINAL OFFENCE

Nameshov Abilay Kairatovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article the different looks of scientists are considered related to this problem

Keywords: crime, theft, stranger property, owner

Қылмыстық құқық ғылымында жымқыру ұғымы мен оны сипаттайтын негізгі элементтерді ашу жымқырудың барлық нысандарына тән белгілерді анықтауға және дараландыруға, нақты жымқыру нысандарын талдауды жеңілдетуге, меншікке қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратуға, қылмыстық жазаланбайтын іс-әрекеттерден ажыратуға көмектеседі.

Қылмыстық құқық теориясында бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарының негізгі белгілерін оның анықтамасына сәйкес анықтайды. Дегенмен заң шығарушы «жымқыру» ұғымын заңда белгілеу арқылы теориялық пікірталастарға тоқтам жасады.

Заңға сәйкес «жымқыру деп бөтен мүлікті осы мүліктің иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы қайтарымсыз, тегін алып қоюын және (немесе) айналдыруын айтамыз».

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 17-бөлігінде берілген жымқыру ұғымын талдай келе, оның мазмұнын құрайтын мынадай белгілерді бөліп көрсетуге болады:

- мүлікті кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына алу;
- меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіру;

- құқыққа қайшы алу және/немесе айналдыру;
- ақысызалужәне/немесеайналдыру;
- бөтенніңмүлкіналужәне/немесеайналдыру;
- пайдакүнемдікмақсат. [1]

Осы белгілердің ішіндегі жымқыру зардабын сипаттайтын - меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіруді қарастырып көрейік.

Жымқыруға салудың объективтік жағының барлық белгілерін анықтау, оның қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді [2].

Меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіру белгісі жымқыру құрамын материалдық құрамға айналдырады.

Осы залал келтірілген уақыттан бастап қылмыс құрамы аяқталған деп танылады. Келтірілген залалдың мөлшері жымқыруға ұшыраған мүліктің, заттың құнымен есептеледі.

Жымқырудың қоғамдық қатынастарға зардабының дәрежесін анықтау үшін, заң шығарушымен келтірілген зардаптар материализацияланған, себебі осындай сыртқы нысанға ие болғанда ғана біз оларды нақтылай аламыз.

Осылай материализацияланған нысандағы жымқыру зардабы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының міндетті белгісіне айналып қылмыстық құқықтық категория болады [3].

Сонымен қатар, жымқыру зардабы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының факультативтік белгісін құрайды.

Осы негізде – қылмыстық құқық бұзушылық құрамындағы объективтік жағында зардаптың міндетті белгісі ретінде қаралса материалдық, ал керісінше болса формальді құрам ретінде есептеледі [4].

Оған қоса, жымқырудың қоғамға қайшы бағыты – меншік иесіне қарасты тауарлық-материалдық құндылықтар болып табылады.

Ал осы құндылықтар өзінің сыртқы нысанынсыз, материалдық негізінсіз экономикалық категория ретінде саналмайды. Және жоғарыда көрсетілгендей заңда бекітілген қоғамдық қатынастарға қарсы әрекеттік көрініс алу және/немесе айналдыру нысандарында болады.

Бөтеннің мүлігін алу және/немесе айналдыру алу іс-әрекеттері деп түсінуге байланысты қылмыстық құқық теориясында әр түрлі көзқарастар бар.

Мәселен, О.Ф. Шишов жымқырудың белгісі ретінде алу ретінде бөтеннің мүлкін қолмен алу және айналдыру арқылы оған иеленуге, пайдалануға және заңсыз билік етуге мүмкіндік алады. Алу ұрлық, алаяқтық, тонау үшін кінәлі ашық немесе жасырын, күштеп немесе күш қолданбай, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлікті алу жүргізіледі [5].

Профессор А.П. Рарог бөтеннің мүлкін алу меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен кінәлінің иелігіне өтуін түсінеміз. Алуды бұл жерде кең мағынада түсінеді, мәселен мүлік барлық жағдайда заңды иеленушісінің билігінен, қолынан емес, кейде оған құқығы алаяқтың қолына өтуі мүмкін.

Профессор И.Ш. Борчашвили «алу» белгісі қарақшылықтан басқа барлық жымқыру тәсіліне тән. Қарақшылық құрамы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында басқа құрамдар секілді материалдық құрам емес, формальдық құрам ретінде құрылған. Қарақшылық кезінде қылмыстың аяқталу сәті бөтеннің мүлкін алумен байланыстырылмайды, қылмыс жәбірленушінің мүлкіне иелену мақсатында шабуылдаған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі [6].

Алу ұғымы бөтеннің сеніп тапсырылған мүлігін иемдену немесе ысырап ету құрамында «алу» бар ма деген сұрақты заң шығарушы шешіп берген, яғни алу кінәліге меншік иесінің сенім білдіруі арқылы берілген мүлікті өзінікі секілді алу арқылы иемденуді немесе ысырап етуді білдіреді.

Олай болса жымқыру белгісі ретінде бөтеннің мүлкін алу дегеніміз меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің мүлкін кінәлінің немесе өзге үшінші тұлғаның пайдасына алу немесе айналдыру.

Кінәлінің немесе үшінші тұлғалардың пайдасына мүлікті алу айналдыру. Профессор М.С. Нарикбаев жымқыру бөтеннің мүлкі меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен белсенді іс-әрекеттер жолымен істеледі. Жымқырушы адамның әрекеті мүлікті алумен шектелмейді. Алынған заңсыз мүлік кінәлінің билігіне өтуі тиіс. Билігіне айналдыру кінәліде мүлікті иеленуге, пайдалануға немесе билік етуіне фактілік түрде үстемдік ету [7].

Егер мүлік меншік иесінің немесе өзге де иеленушісінің иелігінен белгілі бір себептермен (қоқысқа тастау, түсіріп алу, жоғалту және т.б.) шығып қалса бөтеннің мүлкін заңсыз иелену қалай шешілетіндігі сот-тергеу тәжірибесінде пікірталасты. Бұндай жағдайда бөтеннің меншігіне заңсыз иелену жымқыру құрамын құрамайды.[8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пирзадаев А.Н. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері // [www. Kazguu.kz](http://www.Kazguu.kz)
2. Пирзадаев А.Н. Общественная опасность и структура последствий от преступных деяний // Экономика. Налоги. Право. – М., - 2012. - №1. – С. 67-70.
3. Пирзадаев А.Н. Қылмыс зардабының сипаттамасы және оны саралау белгілері // Материалы Международной научно-практической конференции «Образование, наука и инновация в высшей школе: вчера, сегодня и завтра», посвященной 80-летию Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова 23-ноября 2012 года. – Уральск, - 2012. – С.141-143.
4. Пирзадаев А.Н. Формы, виды и состав преступных последствий в уголовном праве Республики Казахстан // Политика и общество. – М., - 2011. - №12(90). – С. 50-57.
5. Комментарий к уголовному кодексу Российской Федерации: в 2 т. / под ред. О.Ф. Шишова. – М.: ООО Изд-во «Новая Волна» 1998. – Т. 2. – 576 с.
6. Борчашвили И.Ш. Уголовно-правовые проблемы борьбы с преступлениями против собственности. – Караганда, 1997. – С. 17.
7. Нарикбаев М. Некоторые аспекты борьбы с корыстно-насильственными преступлениями // Борьба с преступностью в Казахстане: вопросы теории и практики: матер. науч.-практ. конф. – Алматы, 1998. – С. 12-18.
8. Ахметшин Х.М., Дубовик О.Л., Дьяков С.В. и др. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / Генеральная прокуратура РФ; под ред. В.М. Лебедева, Ю.И. Скуратова. – 2-е изд., изм. и доп. – М.: ИНФРА-М – НОРМА, 1999. – 832 с.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ
РЕТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Нұрлыбаева Ақжан Қожабергенқызы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада жаһандану жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы экологиялық құқықтық қауіпсіздіктің сақталу заңдылығын реттеудің заң және тәжірибе жүзіндегі мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Экологиялық құқық, заңмен қорғалу, адамзат, қоғам, зиян, табиғат.

**ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ УПОРЯДОЧНОСТИ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ И
ПРАКТИЧЕСКИХ ОБЕСПЕЧЕНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РК**

Нұрлыбаева Ақжан Қожабергенқызы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В этой статье на основании законодательство РК в условия глобализации соблюдения законодательных и практических проблемных вопросов.

Ключевые слова: Экологическое право, защищенности законом, человечество, общество, вред, природа.

**LEGAL PROBLEMS OF ORDERLINESS LEGISLATIVE AND PRACTICAL
ENSURING OF ECOLOGICAL SAFETY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Nurlibayeva Akzhan Kozhabergenkyzy

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

The article is about problem in practice and law of regulation legal, ecological safety in Republic of Kazakhstan at the period of globalization.

Keywords: Environmental law, security law, humanity, society, harm, nature.

Қазіргі таңда экологиялық фактор экономикалық даму мен адамдардың өмір сүру сапасында маңызды роль тақарып отыр. Бұл жағдай қазір кейбір елдір үшін де тіпті ғаламдық мәселеге айналып отыр десек артық айтпаймыз. Бүгінгі таңда әлемде қоршаған ортаның орасан зор ластануы, табиғи ресурстардың дегредациясы, азып-тозу, жер қыртысын белсенді өңдеу мен ақыр соңында экономикалық өсуге байланысты техногендік тип қалыптасуда. Адамзат цивилизациясында күннен күнге артып бара жатқан экологиялық қауіп тезісі формасы жалпы қолданысқа ие болды және халықаралық ұйымдардың құжаттарында, көптеген елдердің бағдарламасында, стратегиялық жоспарларында кездесуі мәселенің қаншалықты күрделі екенін көрсетеді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасын да айналып өткен жоқ.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттік жүйеде қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың басқарудың, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрылуы мен қалыптасуы жүрді. Бұл жаңашылдық қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды рациональды қолдану аймағында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бірақ осыған қарамастан соңғы онжылдықтарда табиғат пайдаланудың шикізат жүйесі үшін табиғат қолдануда жоғарғы жылдамдықтағы экстремальды техногенді жүктемені қолдану өте қауіпті болып отыр, өкінішке қарай экологиялық ситиуацияның біршама өзерісін көріп отырғанымыз жоқ, бұрынғыдай табиғат жүйесінің дегредациясының сипат беруі биосфераның баланстан ауытқауына, қоғамның өмір сүру жағдайына әсер етуші қоршаған ортаны қорғаудың сапасын жоғалтуға әкеп соғып отыр.

Қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері мемлекеттік саясатта тұңғыш рет Қазақстан Республикасы президентімен бекітілген «Экологиялық қауіпсіздік концепциясында» жарық көрген еді. Бұл концепцияда өтпелі кезеңнің экологиялық жай-күйіне арналған табиғат қорғау жүйесінің заңнамасы, мемлекеттік бақылау мен сараптаманы, табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін, қоршаған ортаның мониторингі қамтылған еді.

Заңнаманы әлі шындау үшін халықаралық стандарттар мен дамыған елдердің заңнамаларына жақындатып алғанын байқаймыз. Экологиялық сараптама жүйесі жақсы жолға қойылған және бақылау-инспекциялық жұмыстар шешімін тапқан. Осыған қарамастан Қазақстан Республикасында экологиялық тығырыққа тірелген аймақтар мен шешімін таппаған мәселелер мемлекет үшін жұбатуға келмейін статус болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында экологиялық саясатта құқықтық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері қандай болып отыр?

Біріншіден – мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау бойынша тиімді де біртіндеп жүретін саяси ерік-жігерінің тапшылығы және жоқ болуы. Табиғатты қорғау әркеті іс жүзінде қорғаудың маңыздылығы сөзімен пара-пар. Нәтижесінде берілген сферадағы мәнді нормалардың барлығы дерліс іс жүзінде жүзеге аспай қалуда.

Екіншіден – бұл әлі де жеткілікті шындалмаған, жиі өзгеріске ұшырап отырған заңнама. Елімізде Экологиялық кодекс және басқа нормативтік құқықтық актілер қабылданғанына қарамастан олардағы көрнеу кемшіліктерін жасыру мүмкін емес, кейбір жағдайларды үстірт қарау, лицензиялау, сертификаттау, аудит, табиғатты қорғау бойынша мониторингте экологиялық қатынастарды тиімсіз ретту процедуралары байқалады. Заңнаманың жиі өзгеріске ұшырауы іс жүзінде біркелкі құқық қолдануды қалыптастыра алмайды. Заңға негізделген құқықтық актілермен немесе халықаралық-құқықтық нормалармен қайшылыққа келуі де кездеседі.

Үшіншіден – қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру арасында кемшіліктер кездеседі. Елімізде экологиялық заңнама талаптарын орындауды қамтамасыз етуге шақыратын мамандандырылған мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі жоқ. Мысалы. Қазақстанда қоршаған орта жағдайы бойынша мониторинг, бақылау сұрақтары өзара экологиялық төлем, айыппұл немесе басқада төлемдер алудан жарысып отырған бірнеше уәкілетті органдардың қолында, олар бұл жағдайда өздерінің бастапқы қағидаларын ұмытуына әкеледі.

Төртіншіден – қазіргі билік жүйесінің коррупциямен күресуін нықтылау керек, өйткені экологиялық рұқсаттар, сертификаттар, әртүрлі келісілген құжаттар мен нормативтерді берудегі сыбайлас жемқорлық көрінісі мемлекетке, табиғатқа үлкен зиянын тигізері анық.

Бесіншіден – табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғаудағы әрекеттері үшін мадақтаулардың заңи бекітілген экономикалық механизмін бекіту, экологиялық таза өндіріс пен технология еңгізу.

Алтыншыдан – Қазақстан Республикасының заңнамасына экологиялық төлемдер мен айыппұлдар, қоршаған ортаға тигізген кері әсері мен сөгістері үшін өндіріп алынған қаражаттар есебінен Экологиялық ұлттық фонд құру мен қалыптастыру қарастыруды ұсынамын. Мемлекеттік экологиялық мәселелерді шешудің қосымша мәселелері ретінде халықаралық бірігіп жұмылдыруды жолға қоюға болады. Жоғарыда айтылғандарды шешуді жолға қойсақ қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтып, табиғат пайдалану процессін жүйелеуімізге болады. Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалау қажеттілігі көрініп тұр. Соңғы жылдары Қазақстандағы ірі мұнай-газ өңдеу жобалары қоршаған ортаны ластау, «қоршаған ортаға келтірілген зияндарымен», қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті орындары салған әкімшілік санкцияларға байланысты көптеген тексерістер мен салықтық айыптауларға жиі ұшырауда. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы айқын қалыптаспағандығын қоршаған ортаны қорғаудың нормативті базасының ортасы болып танылатын уәкілетті органдар табиғат қолданушыларға қарсы тіпті, ұлттық және халықаралық стандарттарды сақтай отырып, қоршаған ортаны қорғаудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жаңа заманғы технологиялар мен тәжірибені қолданып отырса да үнемі қарсылық білдіріп тұрады.

Осы жерде Қазақстандағы трансұлттық энергетикалық корпорация «Шефрон» жобасы туралы айтып кетсек болады. «Шефрон» корпорациясы 2012 жылдың қараша айында өз бастамалары бойынша Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы заңнамасына өзгеріс еңгізуді ұсыну өзін ұсыныстарын дайындады. Бұл инициативаны жүзеге асыру үшін өте ауқымды жұмыстар жүргізілді, яғни барлық ғалымдар, мамандар, сарапшылар, әр түрлі саланың заңгерлері, экологтар, технологтар, оның ішінде докторлар, ғылым кандидаттары, арнайы ғылыми атағы жоқ бірақ өз мандығының шебері болып саналатын мамандарда тартылды. Берілген жұмыс бойынша неғұрлым құзыретті ресурстарды тартуға тырыстық. Барлық жұмыс төрт этаптан тұрды. Бірінші этапында Қазақстан Республикасының өзі қолданыстағы экологиялық заңнамасына талдама жасалды. Әрі қарай, неғұрлым экологиялық аймақ болып саналатын шет ел мемлекеттерін атап айтар болсақ, Норвегия, Канада, Сауд Аравиясы секілді елдердің заңнамасын қарастырдық. Осыдан басқа Ресей Федерациясы мен Европалық одаққа кіретін (Франция, Германия, Австрия, Швеция, Польша, Финляндия, Швецария) елдерінің заңнамасы зерттелді. Экологиялық тартысты жағдайларды шешетін қолжетімді Қазақстандық сот тәжірибиесі зерделенді. Осы этапта сондай – ақ Қазақстандық табиғат пайдаланушылардың өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Осы кездесуде тәжірибие жүзінде пайда болып отырған ірі мәселелік сұрақтар қатынас пәні ретінде қарастырылды.

Екінші кезеңінде пайда болған мәселе сұрақтарының шешімдерінің мүмкін болатын нұсқалары, сондай- ақ қолданыстағы заңнаманы келіп түскен ұсыныстар бойынша шыңдауды, оптимальды шешімдер жинағы іріктеуді және көрсетілген шешімдерді заңды тұрғыдан қалыптастыруды ұсынды. Сондай- ақ қолданыстағы экологиялық заңнамаға енізілетін жаңа заң жобаларын дайынды. Осыған қоса, тиісі құжаттар (концепция, түсіндірме жазба, салыстыру кестесі және т.б.) дайындалды.

Үшінші этапта, өңделген құжаттар едәуір ірі табиғат қолданушылары мен сонымен қатар әр түрлі мамандандырылған ассоциациялар мен таныстырылды. Берілген этапта қызығушылық білдірген табиғат пайдаланушылар өкілдері санынан құрылған жұмыс тобы жасақталды. Бұлар ұсынылған қалыптастыру мәтіндерін шыңдау үшін жұмыстарын жалғастыруда неғұрлым тиімді, қолжетімді шешімдер жинағын іріктеу арқылы көтерілген мәселелік сұрақтар шешімін табудың жаңа ұсыныстарын өңдеп шығара білді. Жұмыс тобы «Тенгизшевройл», «Карачаганак Петролеум Оперейтинг», «Nort Caspian Operating Company» ірі компаниялар өкілдерінен құралды. Осыдан көріп тұрғанымыздай заңнаманы реформаландырудың ұсыныстары жеткілікті болды, егер барлық ұсынылған сұрақтар қаралған талданған болса, біздің ұсынысымыз айтарлықтай оңалғанын көреміз.

Төртінші этапта заң жобаларын қалыптастыруды шыңдау жұмыстары жалғастырылды, қажеттіліктерін қатарына (заңдық, салық, әкімшілік және экологиялық) іздену үшін сарапшылар тартылды. Яғни заң жобасын толық сараптаудан өткізді. Қазіргі таңда Астана қаласында қоршаған ортаны қорғаудың кейбір сұрақтары бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді кездейтін жаңа заң жобасын қабылдауды ұсынатын экологиялық форумды концепция өткізуге ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Экологиялық заңнамадағы ұсынылған өзгерістер мүдделі тұлғалар тәуелсіз сарапшылар мен әзірленгенін шешімдер нұсқасының объективті екендігін атап кетуімізге болады. Алдағы уақытта бұл жұмыс процесінде аталған ұсыныстар белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшыруы мүмкін. Жоғарыда келтірілген ұсыныстарды дайындай отырып табиғат пайдаланушылар мен мемлекет мүддесін әр азаматтың жағымды қоршаған ортаға құқығын ең басты орынға қойдық.

Экологиялық заңнамада ұсынылып отырған өзгерістер келесі сұрақтарды қамтиды.

Біріншіден, қолданыстағы экологиялық заңнамаға толық көлемде тексеріс жүргізілді, заңнамалық терминдер және пән анықтамасы мен оларды жүйелеу құқықтық статусының неғұрлым анық анықтамасы, соның ішінде құқықтық әрекеттің пайда болуымен байланысты субинституттар қарастырылды.

Екіншіден, эмиссияға экологиялық рұқсат рәсімдеген кездегі әкімшілік барьерді төмендетуге байланысты өзгерістер ұсынылды. Жеке айтсақ, «бір терезе» қағидасын енгізу, сондай-ақ экологиялық рұқсат рәсімдеу үшін өтінімді қабылдауды, қарастыру процесін бөлуде бұл құжаттарды бөлек процедура ретінде құптау мен бекіту кезінде экологиялық келісімді рәсімдеудің презумциясы, рәсімдеу мерзімін қысқарту қарастырылған еді.

Үшіншіден, эмиссияға экологиялық өтінімді қайта рәсімдеудің құқықтық регламенттелген қатарын енгізу табиғат қолданушыларына енгізілген шарт бойынша көпшілік алдында тыңдауды ұйымдастыру. Бұл жағдайда экология сферасындағы өкілетті органдардың міндеттері нақтыланады, заңнамадағы кейбір үстірт қараулар жойлады.

Төртіншіден, қоршаған ортаға табиғат қолданушылардың келтірілген зияны бойынша жауаптылықтарын реттеу сұрақтарын қарастыру. Институттың өзі жауаптылықтың бар болуымен қайта толықтырылуын қамтиды. Атап айтсақ, жалпы құқықтық және салалық принциптерге сәйкес экологиялық заңнамамен қарастырылған экологиялық құқық бұзушылық үшін «үш жақты» жауаптылық қарастырылған.

Қоршаған ортаға келтірілген нақты зиянның талдамасы енгізіледі. Республика аймағында баршаға ортақ, заң алдында азаматтардың барлығының тең болу принципті бойынша заң бұзушылық жойылады. Табиғат қолданушылардың экологиялық төлемдерімен, қоршаған ортаны зиянды әрекеттеріне арналған төлемдерін жинақтап, тұтастай ұлттық экологиялық фонд құру және бұл қаражаттың барлығын тікелей табиғат қорғау және табиғатты қалпына келтіру шараларына жұмсалуды қадағалау ұсынылады.

Қорыта айтқанда, экологиялық зиян табиғаттың өзінің жай күйін қозғайды. Ол материалдық көрініс бермейді, өйткені табиғат объектілері өз болмысында құны болмайды.

Кез келген мемлекеттің экологиялық проблемаларға дер кезінде жауап беру мүмкіндігі бүкіл әлем қауымдастығының қауіпсіз өмір сүруінің қажетті шарты болып табылады. Қауіпсіздің қамтамасыз етілмеген жағдайда даму болмайды. Сонымен, біздің ойымызша табиғат ортасына келтірілген кез келген зиян экологиялық құқық бұзушылық деген сөз емес. Оның үстіне табиғи ортаның ластанумен келтірілген зиян бірнеше жыл немесе ондаған жылдар өткен соң білінуі мүмкін.

Бұдан мынаны айтқан жөн: тек табиғатқа ғана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушылардың мүдделерімен мемлекетке келтірілген зиян экологиялық құқық бұзушылықтың негізгі ерекшелігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 ж.
2. Проблемы правового регулирования экологических отношений в Казахстане: законодательство и практика. Ж.С.Елюбаев 2013 ж.
3. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік ұғымы және жалпы сипаттамасы. Б.Ж. Айтимов 2012 ж.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХИ ТАЛДАУ

Оскинбаев Расул

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Каирова Нелля Имамуратовна

*Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52*

Бұл мақалада би сот және Қазақстандағы медиация дамуының тарихи талдау талқылайды.

Түйінді сөздер: медиация, делдалдық, ретроспективті, би сот, би, дауларды шешу.

РЕТРОСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Оскинбаев Расул

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Каирова Нелля Имамуратовна

*Профессор, кандидат юридических наук Казахско-Русского Международного университета
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52*

В данной статье рассматриваются исторический анализ суда биев и развития института медиации в Казахстане.

Ключевые слова: медиация, ретроспектива, суд биев, бий, разрешение споров.

RETROSPECTIVE DEVELOPMENT OF THE MEDIATION INSTITUTE IN KAZAKHSTAN

Oskinbayev Rasul

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kairova Nelly Imamuratovna

*Professor, Candidate of Juridical Sciences of Kazakh-Russian International university
Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52*

This article examines the historical analysis of the biys court and the development of the institution of mediation in Kazakhstan.

Key words: mediation, retrospective, court of biys, biys, resolution of disputes.

Медиация для Казахстана является исторически сложившимся институтом, вековым правоприменительным опытом. В процессе исторического развития медиация как процедура разрешения спора претерпевала множество изменений, до того какой является в настоящее время.

Разрешение родовых споров и конфликтов согласно неписанному закону традиционно было присуще и для казахского общества. Институт биев, существовавший в 18 веке в течение нескольких столетий, считается исторической предпосылкой обращения к медиации в Казахстане.

Исторически для казахского общества присуще традиционное обычное право, выраженное в устной форме, передаваемой из поколения в поколения. Само обычное право

казахов состояло из трех источников: обычай (адат или зан); практика суда биев; положения съезда биев (ереже). Все эти три источника между собой тесно связаны. Практика суда биев или так называемый судебный прецедент, а также положения суда биев, так называемое «ереже», постоянно дополняли, изменяли существующие правовые обычаи. Все разрешения споров, в том числе и уголовные, носили, примирительный и компенсационный характер, такие как кун (выкуп), айп (штраф), вознаграждение за убытки и другие.

Суд биев, как суд высокой морали, строился и основывался на таких фундаментальных принципах, составляющих его незыблемые основы, как неподкупность судьбы, справедливость, как суть и моральная ориентация судебных решений, доступность и публичность суда, владение судьей ораторским искусством как средством доказывания и обоснования судебного решения, ориентированность суда на примирение сторон и полное возмещение причиненного правонарушением ущерба.

Суд биев является исторически сложившимся и удачно сформированным институтом медиации. Особенностью суда биев было демократичность, а право казахов (в объективном смысле) предоставляло диспозитивную возможность в выборе судьи. Бий в свою очередь, избирался из ряда высокого авторитетных, уважаемых и опытных аксакалов, чья компетенция не вызывало сомнения у участников данных отношений. Отсюда и самообеспеченная независимость «судьи», т.к. нарушения данного принципа могло повлечь спорность кандидатуры в дальнейшем, и как следствие, сомнение в авторитетности и компетентности принятых решений. Поэтому деятельность биев сопровождалась весьма ответственным подходом к разрешению спора.

Как отмечал академик НАН РК Зиманов С.З. в монографии «Суд биев – уникальная судебная система», изданная в 2009 году, основными критериями высокого уровня нравственных и морально-этических качеств судов – биев являлись: «независимость, профессионализм, философское размышление, ораторство, предельная справедливость и честность, свободомыслие и народнические идеалы, овладение богатством оборота и стиля народного красноречия, полемические способности, рассудительность и находчивость в поисках выхода из разбираемых конфликтных ситуаций» [1, с. 23].

Неслучайно, в ст. 15 Закона РК «О медиации» от 28 января 2011 года законодатель предусмотрел требования к непрофессиональным медиаторам: имеющие большой жизненный опыт, авторитет и безупречную репутацию [2].

Одна из ярких особенностей суда биев — в его духовности и являлось его социальное назначение, которое сводилось к примирительной функции при разрешении спора, тем самым оказывая положительное влияние на поддержание стабильности отношений в обществе. Суд биев основывался в первую очередь, не сколько на нормах правового обычая, а сколько на нравственно-этических и моральных установок, сложившихся в обществе, вследствие решения суда биев имели гуманистическую направленность.

Современные ученые доказали, что право казахского народа – есть культурное наследие, созданное в течение многих веков в виде кратких и емких изречений, норм обычного права, основанного на демократических традициях. Уникальность права казахского народа заключается в том, что оно выражало дух народа, его чаяния и устремления к свободе, справедливости [3].

Академик Зиманов С.З. отмечал: «Ничто в казахском обществе не ценилось выше, чем царство Слова и царство Закона». Царство слова проявлялось в том, что в Великой степи были востребованы и ценились сила красноречия, правдивого слова. Особенно это проявлялось в бийском правосудии» [1, с. 22].

Дат – этим кратким словом обозначалось требования лица быть выслушанным, высказать свои претензии, свое мнение. Царство правосудия обеспечивалось непререкаемым авторитетом биев. Правосудие в казахском праве проходило с соблюдением принципов

состязательности, гласности, ясности, а также путем красноречивого изложения и доказывания обстоятельств дела в равной мере сторонами.

Казахское право в жизни кочевого общества выполняло следующие функции: регулятивную, управленческую, объединительную, охранительную и гуманистическую. Казахское право есть достижение казахского народа, уровень правовой культуры. Оно возникло и развивалось синхронно, динамично. «Казахское право, как отмечал академик Зиманов С.З, есть закон и власть, источник общественного бытия и нравственности, искусство и духовная ценность». То есть казахское право было фундаментом, стержнем, механизмом развития общественных отношений. Также казахское право уникально тем, что оно не было основано на нормах религии. Его основными источниками были обычаи, ханско-бийские правовые уложения и сборники, культурные традиции Великой степи [4].

Некоторые нормы казахского обычного права сохранились, и существуют по сей день. Оно является общественным достоянием, наследием, имеющим историческую ценность в жизни современного общества Казахстана.

Институт суда биев выполнял разнообразные функции – осуществлял правосудие, стремился примирить стороны, формировал идеи права в казахском обществе. Бии обладали особой сметливостью и находчивостью, умели емко и точно выражать свои мысли, могли найти выход из самых запутанных и сложных ситуаций, обладали даром красноречия. Принимаемые судами биев правовые решения основывались на судебных прецедентах, ханском законодательстве, а также на обычаях кочевого общества и общественно-управленческих отношений в нем. Эти правовые решения обладали не только формально-императивными характеристиками, но и морально-этическими качествами. Это высоко ценилось в кочевом обществе.

По мнению Ибраевой А.С., для соискателя на статус бия предъявлялось множество требований. Будущий бий должен был знать не только нормы казахского обычного права, но также обладать непререкаемым авторитетом. Именно этот критерий особо ценился в кочевом обществе, так как суд биев был посредником между представителями кочевой знати (хан, султаны) и народом [3].

Суды биев играли также большую роль в формировании казахской кочевой правовой культуры. Именно они были творцами, созидателями правовой культуры. По этому вопросу в отношении них из поколений в поколение передались такие афоризмы как: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «У справедливого судьи нет предвзятости, перед ним все равны. У несправедливого судьи нет чести и авторитета среди народа». Решения, принимаемые биями, должны были не только соответствовать нормам обычного права, но и побудить и формировать в сознании общества идеи, взгляды о гуманности.

По мнению Ибраевой А.С. основная функция суда биев заключалась не в материальном возмещении ущерба, а в обеспечении торжества справедливости. По своему характеру данный институт является демократическим, гуманным. Это особенно ярко выражалось в разрешении спора относительно куна, т.е. выплаты возмещения за лишение жизни. В разрешении данных категорий дел бий использовал правовые средства, направленные на примирение сторон [3].

На современном этапе развития общества применяются различные методы разрешения споров (конфликтов). Особо ценятся такие правовые институты, которые носят гуманный, демократический характер. Таковым является институт медиации как альтернативный способ разрешения споров вне суда. Данный институт представляется в казахстанской юридической науке как результат существования и развития казахского обычного права и института биев. Именно бии были лицами, осуществлявшими функцию медиатора в казахском народе в седой древности.

Бекназаров Б. отмечает схожесть института медиации с судом биев. «Хотелось бы отметить, что исторические предпосылки обращения к институту медиации в Казахстане

есть. Можно провести аналогию между медиацией и судом биев, которые разрешали споры в казахской степи многие века. Как и медиаторы, бии действовали как посредники в возникавших спорах, при этом не существовало какого-либо формального назначения на данную должность» [5].

Таким образом, ретроспективный анализ показал, что институт медиации для современного Казахстана имеет свои исторические корни. И для дальнейшего развития данного института можно использовать опыт, принципы, идеи, ценности кочевого общества. Возрождение в правовом государстве института медиации призвано обеспечивать правопорядок, справедливость, согласие и спокойствие в обществе.

Список использованной литературы:

1. Зиманов С.З. Суд биев – уникальная судебная система. Алматы, 2009. – 233 с.
2. Закон Республики Казахстан «О медиации» № 401-IV от 28 января 2011 года (с изменениями и дополнениями от 31.11.2015г)
3. Ибраева А.С., Алимбекова М. Актуальные проблемы совершенствования судебной власти Республики Казахстан. //http://nbilib.library.kz/elib/library.kz/ journal/Ibraeva
4. Зиманов С.З. К оценке казахского права в истории мысли // Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 2 том. Алматы, 2004. С. 15-24.
5. Бекназаров Б. Материалы международной конференции «Внедрение института медиации в Казахстане». //Kazinform. 30.11.2012 //http://www.inform.kz/ru/voprosy-vnedreniya-instituta-mediicii-v-kazahstane

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚОҒАМҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ МӨЛШЕРІ

Садақбаев Дархан Есетұлы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор сыбайлас жемқорлықтың қоғамға келтірілген зияндардың түрлерімен мөлшерін зерттей отырып қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының заңдары, әлем елдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа ұсыныс.

ФОРМЫ И ОБЪЕМЫ ВРЕДА, НАНОСИМЫХ КОРРУПЦИЕЙ В ОБЩЕСТВЕ

Садақбаев Дархан Есетұлы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор исследует формы и объемы вреда, наносимых коррупцией в обществе и в связи с этим предлагает пути совершенствования действующего законодательства

Ключевые слова: Законы Республики Казахстан, антикоррупционная политика во всем мире, предложение к политике по борьбе с коррупцией.

FORMS AND VOLUMES OF HARMFUL INFLUENCES IN CORRUPTION IN THE SOCIETY

Sadakbaev Darkhan Yesetuly

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article, the author examines the forms and amounts of harm caused by corruption in society and, in this regard, suggests ways to improve the current legislation

Keywords: Laws of the Republic of Kazakhstan, anti-corruption policy worldwide, proposal for a policy on combating corruption.

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады [1].

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Жемқорлықтың кеңістік ерекшеліктерін талдау кезінде айқындалғандай, елдегі сыбайлас жемқорлықтың өріс алу дәрежесі экономиканың даму деңгейіне тікелей байланысты. Алайда керісінше фактіні байқауға да болады.

Халықаралық Валюта қоры жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша жемқорлықтың ел экономикасының дамуына едәуір кедергі келтіреді. Сондай – ақ елге келетін инвестициялар легін қысқартатыны, дарынды адамдарды өнімсіз жұмысқа тартатыны, бай табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануға жол беретіні, сонымен қатар мемлекет басында холдингтерді, министрліктерді басқа да ұлттық компаниялар мен корпорацияларды басқарып отырған адамдардың «ұйымдасқан қылмыстық топ» құрулары арқылы миллиардтаған ақшаны жымқыру ішкі жалпы өнімді төмендетіп экономикадағы өсімді тоқтатаны белгілі. Бұл дегеніміз біз өмір сүріп жатқан қоғамдағы барлық тіршілікке зиян екені сөзсіз [2].

Білім беру жүйесі экономиканың өрістеуінің аса маңызды жетістіктерінің бірі болып саналады. Қоғамның білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым моральдық – адами және құқықтық нормалардың бұзылуы өте сирек кездеседі. Осыған байланысты, қоғамның білім деңгейі мен сана сезімін көтеру ел үкіметіне тапсырма ретінде қарауға болады.

Сыбайлас жемқорлықтың дамуына ықпалын тигізетін саяси факторларға мемлекеттік құрылымның ерекшеліктерін жатқызуға болады. Қоғамның демократиялануына байланысты сыбайлас жемқорлық «жаңа» салаларды игерді, бұл – саяси партияларды, электораттық лауазымдық қылмыстарды қаржыландыру, сайлауда сайлаушылар дауысының басым көпшілігін алуды қамтамасыз ету үшін саяси демеушілер жүйесін дамыту. Демократияландыру үдерісі саяси қызметті жүзеге асыру үшін орталық биліктің біршама өкілеттіктерін аймақтық және жергілікті билікке беруді көздейді, ал мұндай жағдай кейбір басшыларға жаңа конституциялық өкілеттіктерін асыра пайдалануға мүмкіндік береді. Осы пікірге Швейцария мемлекеті дәлел бола алады, ондағы демократияның тарихи тамыры тереңде жатыр. Тарихи дерек көздері көрсеткендей, мемлекетте басқару нысанының күрт өзгеруі де мемлекеттік құқық бұзушылықпен қатар жүреді, ал халық ондаған жылдар

бойы саяси тұрақсыздықтан зардап шегеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құралы ретінде әлеуметтік – құқықтық бақылау Жапония мен АҚШ – кең өріс алды [3].

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

- бостандыққа ие азаматтық қоғам – мемлекетте жемқорлық деңгейі өте төмен болуының кепілі.

- саяси тұрлаулылық, үкіметтің, басшылардың жиі ауысуы, сыбайлас жемқорлықтық өрістеуінің басты шарты.

- мемлекеттің жалпы саяси бағытының жиі өзгеруі елдегі әлеуметтік – экономикалық ахуалдың тұрақсыздығына әкеп соғады.

Құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқорлық субъектілері өз заңдарына бағындырады. Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі жазаға тартылмағандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ – та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз коиссия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мүлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек [4].

Президент «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты өзінің жыл сайынғы Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін айтып, Үкіметке тапсырма берді, бұл дегеніміз жемқорлықты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сенімдеміз [5].

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Қызмет құзыреті бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің «Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы»ережелері талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы қылмыстың одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Қылмыстық кодексі» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ заңы.
2. Қазақстан Республикасының «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қараша № 410-V заңы.
3. Алданжаров А. Борьба с коррупцией в Англии. // Юридическая газета. - № 7. 2005.- С. 13 - 14
4. Лунеев В.В. Коррупция: политическое, экономическое, организационные и правовые проблемы.//Государство и право. 2000. №4 – С. 2.
5. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы [<http://akorda.kz>]

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Садақбаев Дархан Есетұлы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға қатысты мәселелерді зерттеп, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынады.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының заңдары, әлем елдеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа ұсыныс.

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ

Садақбаев Дархан Есетұлы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор исследует проблемы формирования антикоррупционной политики и в связи с этим предлагает пути совершенствования действующего законодательства

Ключевые слова: Законы Республики Казахстан, антикоррупционная политика во всем мире, предложение к политике по борьбе с коррупцией.

PROBLEMS OF FORMATION ANTI-CORRUPTION POLICY

Sadakbaev Darkhan Yesetuly

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article, the author explores the problems of forming an anti-corruption policy and, in this connection, suggests ways to improve the current legislation

Keywords: Laws of the Republic of Kazakhstan, anti-corruption policy worldwide, proposal for a policy on combating corruption.

Сыбайлас жемқорлық – біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлем елдерінде ежелден күресіп келе жатқан індет. Республикамызда тәуелсіздік жылдан бері жемқорлыққа қарсы жұмыстар белсенді түрде жүргізіліп келеді. 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы пәрменді Заң қабылданғаннан бері президент Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында бұл мәселеге ерекше тоқталады [1]. Өкінішке орай, әлі күнге дейін қоғамда кең етек жайған парақорлық ауыздықталмай отыр.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз заң тілімен айтсақ: «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу

немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [2]. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық – әртүрлі лауазымдағы мемлекет ісінен гөрі, өз жеке басының қамын жоғары қоятын қызметкерлердің жауапсыздығынан туындап отырғаны да жасырын емес. Сондықтан әрдайым мемлекеттік қызметкерлердің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен жеке басының тәртібі талап етіліп, баға берілуі қажет. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерден Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңын, «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін» нормаларын, ережелерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және басқа да заңдарды білу талап етілді. Сыбайлас жемқорлық көрінісі белең алған қоғамның экономикалық даму қарқыны төмендей түседі.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажет – деп, Үкіметке тапсырма берген болатын. Алдағы уақытта ел Үкіметі осы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін 2017 жылға концепция дайындауға тиіс [3].

Бүгінгі күні күрделі мәселеге айналған осы қылмыспен күресу шет елдерде де жақсы қарқынмен дамуда.

Жемқорлықты болдырмау ең бірінші сол елдің халқының сана – сезімдеріне тікелей байланысты, мысалы: Азия елдеріндегі Сыбайлас жемқорлық индексі төмен елдердің бірі ол Сингапур, Малайзия, Қытай, Жапония сияқты елдерді атап өтуге болады. Сингапур мен Малайзия елдерінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жолындағы көп жылдық стратегиялары жақсы деңгейде орындалған болса, Қытай елінің заңы қатал. Бұл елде жыл сайын жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасаған адамдар орта есеппен алғанда 30 - 40 адам өлім жазасына кесіледі. Ең қызықтыратыны Жапон елінің мәдениетінің де, жемқорлықты жою жолындағы стратегиялық мақсаттарының бір сарынды дұрыс бағытта қалыптасуында. Дәл осындай елдер қатарына Финляндия мемлекеті де кіреді. Бұл елде «пара» алмақ тұрмақ өз байлығын паш етіп көрсету көргенсіздік болып саналады, дәл осындай мәдениет еуропа елдерінде де қалыптасқан, бұл мемлекеттерде қылмыс жоқ деп айтуға болмайды, дегенмен біздің елмен салыстырғанда жемқорлық деңгейі төмен және дамыған елдер қатарында. Жемқорлықпен күрес өте жақсы дамыған елдердің қатарында АҚШ – та бар. Бұл ел сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнамалық бастамаларды тек өз елінің шегінде ғана қабылдап қоймайды, сонымен қатар халықаралық тәжірибеге де сүйенетіні ойлантарлықтай. АҚШ шетелдік шенеуніктерге пара беруге тыйым салатын «Сыбайлас жемқорлықтың шетелдік тәжірибесі туралы» атты Заңды (1977 ж) тұңғыш қабылдаған ел болып табылады [4]. Егер біз алдыңғы қатардағы мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенбесек, жемқорлықты түбірімен жою үшін өз білгеніміз аздық ететіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы. Кей

мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

2016 жылы бақылау-қадағалау өкілеттігін жүзеге асыру барысында құқықтық статистика органдары 2578 тексеріс, 29 мыңнан аса салыстыру жүргізді, олар бойынша 188 мыңнан астам бұзушылық анықталды, олардың негізінде 6740 лауазымды тұлға тәртіптік жазаға тартылды, соның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке – 32 және әкімшілік жауапкершілікке – 65 адам тартылды. 2016 мен 2017 жылдар аралығында мемлекет басқарып отырған беделді азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандары үшін, яғни қылмыстық кодекстің 366 – бабы (пара алу) бойынша қамауға алынды [5].

Бұл дегеніміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастырудағы жұмыстардың жеткіліксіздігі. Сондай-ақ, мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет.

Біздің ойымызша сыбайлас жемқорлыққа қарсы көп жылдық Ұлттық стратегия әзірлеп, жалпы халықтың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру және барлық мемлекеттік мекемеге ұлттық сананы көтеру жолында БАҚ өкілдерімен және халық кеңінен пайдаланатын әлеуметтік желілер арқылы сыбайлас жемқорлықтың Отанымызға тигізетін зиянын ұғындырып, ұлттық сананы көтеріп мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Қылмыстық жазаға тартылған адамдардың темір тордың аржағындағы жайсыз өмірі жайлы халыққа және мемлекеттік қызметшілерге видео роликтер көрсетіп, жемқорлықтың қоғамның барлық таптарына тигізер зиянын ұғындыру аса қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңды күшейту және жоғары шенді адамдар сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстарын отанын сатумен теңестіру, яғни өлім жазасынан кейінгі ең жоғарғы қатаң жаза тағайындау керек деп ойлаймыз. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік, мемлекеттік мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар және жемқорлыққа қарсы мониторингтер.

Мемлекетімізде жүрген әр - бір азамат Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы.
2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қараша № 410-V Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Нью – Йорк, 2003 ж. 31 қазандағы Конвенциясы
5. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сайтынан алынған [<http://pravstat.prokuror.kz>]

**ҚР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТА ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН
МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Салбаева Аида Бауржановна

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Қазіргі кезеңде қатысушылардың теңдігі, еркіндігі және мүліктік дербестігіне негізделген азаматтық айналым оның міндеттемелік байланыстары аясында туындайтын өрістеуші алуан түрлі болуымен сипатталады. Міндеттемелерден алынған талаптар құқықтары қоғамдық өмірдегі субъектілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру тұрғысында қолданыстағы құрал бола бастайды, ал міндеттеменің өзі субъектілік құрамы жағынан, сондай-ақ, мазмұны аясында елеулі жылжымалылығымен ерекшеленеді. Нәтижесінде көптеген құқықтық байланыстар өзінің өмір сүру процесінде бір бірін өзгеріссіз шарттайды, ал сондайлық міндеттеме окшауланған құқықтық вакуумда емес, оған үшінші тұлғалардың елеулі ықпал ету жағдайларында орналасады.

**ОБЯЗАТЕЛЬСТВА С УЧАСТИЕМ ТРЕТЬИХ ЛИЦ В ГРАЖДАНСКОМ ПРАВЕ
РК**

Салбаева Аида Бауржановна

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

На современном этапе гражданский оборот, основанный на равенстве, воли и имущественной самостоятельности участников, характеризуется возрастающим многообразием возникающих в его рамках обязательственных связей. Права требования из обязательств становятся действенным инструментом в деле удовлетворения потребностей субъектов общественной жизни, а само обязательство отличается значительной подвижностью, как в части субъектного состава, так и в области содержания. В результате многочисленные правовые связи в процессе своего существования неизменно обуславливают друг друга, а обязательство как таковое располагается не в изолированном правовом вакууме, а условиях значительного влияния на него третьих лиц.

OBLIGATIONS INVOLVING THIRD PARTIES IN CIVIL LAW OF RK

Salbaeva Aida Baurzhanovna

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

At the present stage of civil turnover based on equality, goodwill and property independence of participants, is characterized by an increasing diversity emerging in the framework of contractual relations. Right of demand obligations become an effective tool in meeting the needs of subjects of social life and the obligation has considerable mobility, both in terms of the subject composition and in the content area. As a result of numerous legal relationships in the course of its existence invariably cause each other, while the obligation as such is not an isolated legal vacuum, and a significant effect on third parties.

Правоотношения собственности опосредуют процесс присвоения материальных благ и в силу этого носят абсолютный характер. Обязательства же опосредуют процесс перемещения материальных благ от одного лица к другому и поэтому всегда устанавливаются между строго определенными лицами, т.е. приобретают относительный характер. Обязательство не создает обязанностей для лиц, не участвующих в нем в качестве сторон (для третьих лиц). [1]

В ст. 269 ГК РК говорится о том, что в обязательстве в качестве каждой из его сторон – кредитора или должника – могут участвовать одновременно несколько лиц. В этих случаях возникает долевое, солидарное или субсидиарное обязательство в соответствии с правилами, установленными ГК РК.

Недействительность требований кредитора к одному из лиц, участвующих в обязательстве на стороне должника, равно как истечение срока исковой давности по требованию к такому лицу, сами по себе не затрагивают требований кредитора к остальным таким лицам.

Обязательства с участием третьих лиц составляют особую разновидность обязательств с точки зрения их субъектного состава. К ним относятся:

- регрессные обязательства (по переложению исполненного долга на третье лицо) (ст.289 ГК РК);

- обязательства в пользу третьего лица (а не кредитора) (п.3 ст. 270 ГК РК);

- обязательства, исполняемые (за должников) третьими лицами (ст.276 ГК РК). [2]

Регрессные ("обратные") обязательства возникают в тех случаях, когда должник по основному обязательству исполняет его вместо третьего лица либо по вине третьего лица (в последнем случае речь, по сути, идет о регрессной ответственности, по традиции облакаемой в форму обязательства). Так, солидарный должник, полностью исполнивший обязательство, получает право обратного требования (регресса) к остальным содолжникам (п. 3 ст. 287 ГК РК), а исполнивший обязательство субсидиарный должник получает аналогичное право по отношению к основному должнику (ст. 288 ГК РК). Ведь в обоих случаях обязательство исполнено должником и за других лиц. Поскольку закон допускает исполнение обязательства лишь одним из содолжников (или субсидиарным должником), остальные содолжники (или основной должник в субсидиарном обязательстве), не исполнившие обязательство, рассматриваются в такой ситуации в качестве третьих лиц, становящихся затем должниками в регрессном обязательстве.

Хозяйственные товарищества и производственные кооперативы обязаны законом к возмещению вреда, причиненного их участниками членами в случаях осуществления ими предпринимательской или иной деятельности такого юридического лица (п. 2 ст. 921 ГК РК). Последнее затем получает право обратного требования (регресса) к полному товарищу или члену кооператива в размере выплаченного по их вине возмещения (п. 1 ст. 933 ГК РК). Иначе говоря, между товариществом или кооперативом как должником и потерпевшим как кредитором возникает деликтное обязательство, в котором непосредственный причинитель вреда (полный товарищ или член кооператива) не участвует, т. е. рассматривается в качестве третьего лица. После возмещения причиненного им вреда возникает регрессное обязательство, в котором юридическое лицо, бывшее в деликтном обязательстве должником, занимает место кредитора, а полный товарищ или член кооператива (третье лицо), по вине которого возник вред, становится на место должника (т. е., по сути, наступает его регрессная ответственность).

Таким образом, регрессное обязательство всегда возникает в силу исполнения другого, основного обязательства, причем должник по основному обязательству превращается в кредитора по обязательству регрессному, а третье лицо занимает в нем место должника. Регрессное обязательство становится новым, самостоятельным обязательством, а не представляет собой замену кредитора (перемену лиц) в основном обязательстве.

Вместе с тем оба эти обязательства тесно связаны. Об этом свидетельствует, в частности, то, что исковая давность по регрессным обязательствам начинает течь лишь с момента исполнения основного обязательства (п. 4 ст. 180 ГК РК). Но регрессное обязательство нельзя рассматривать как дополнительное (акцессорное) по отношению к основному обязательству. Акцессорное обязательство (например, по уплате неустойки в виде штрафа или пени) существует лишь постольку, поскольку имеется главное обязательство, и автоматически прекращается с его прекращением. Регрессное обязательство, напротив, возникает при прекращении основного обязательства (вследствие исполнения) и только в этом смысле производно от него. [3]

Не всякий должник может в регрессном порядке переложить свой долг или его часть на третье лицо. Это допустимо лишь тогда, когда исполнителем (должником) по основному обязательству должно было бы стать такое третье лицо, но в силу закона или договора им стал должник. Поэтому

регрессным можно считать всякое обязательство, в силу которого должник обязан совершить для кредитора определенные действия в связи с тем, что кредитор совершил аналогичные действия в пользу иного лица вместо должника или по его вине

В большинстве случаев регрессные обязательства, по существу, представляют собой разновидность гражданско-правовой ответственности.

Обязательства в пользу третьих лиц представляют собой обязательства, исполнение по которым должник обязан произвести не кредитору, а указанному (а иногда и не указанному) им в договоре третьему лицу, которое вправе требовать такого исполнения в свою пользу, по сути, становится новым кредитором

Однако множественности лиц на стороне кредитора здесь не возникает, ибо такое третье лицо вправе требовать исполнения обязательства полностью для себя, не будучи, однако, ни солидарным, ни субсидиарным, ни тем более долевым кредитором. При этом третье лицо получает право требования к должнику, но не может нести никаких обязанностей, поскольку оно не участвовало в формировании данного договорного обязательства (п. 3 ст. 270 ГК).

Примерами таких обязательств могут служить:

- обязательства из договора банковского вклада, внесенного в пользу третьих лиц (ст. 764 ГК), например родителями на имя своих детей;

- обязательства, вытекающие из договора страхования риска ответственности за причинение вреда жизни, здоровью или имуществу других лиц, поскольку он считается заключенным в пользу таких лиц, которым может быть причинен вред и которые заранее вообще могут быть неизвестны (ст. 833 ГК РК);

- обязательства из договора личного страхования (на случай причинения вреда жизни или здоровью застрахованного гражданина), заключенного в пользу не страхователя, а другого лица (выгодоприобретателя).

Третье лицо в силу договора должника с первоначальным кредитором приобретает право требовать исполнения в свою пользу. Этим обязательство в пользу третьего лица отличается от обязательства, исполняемого третьему лицу, а не кредитору, т. е. от переадресования исполнения. Речь идет о праве кредитора указать должнику на необходимость произвести исполнение не ему, а другим (третьим) лицам, когда, например, кредитор по денежному обязательству просит должника уплатить не ему, а указанному им лицу (обычно - одному из своих кредиторов) или оптовый покупатель просит отгрузить купленные им товары не на свой склад, а непосредственно в адрес розничных продавцов (транзитом). В таких случаях третьи лица не приобретают никаких прав требования в отношении должника, остающегося обязанным только перед своим кредитором.

Чтобы получить право требования по обязательству в пользу третьего лица, последнее должно прямо выразить должнику свое намерение воспользоваться данным правом.

Обычно это происходит после возникновения обязательства, а в обязательстве личного страхования в пользу третьего лица соответствующий договор вообще может быть заключен лишь с предварительного письменного согласия застрахованного. До этого момента (либо при отказе третьего лица от своего права) обязательство может быть изменено или прекращено по соглашению должника и первоначального кредитора (п. 2 и 4 ст. 391 ГК) без участия третьего лица. Так, до выражения третьим лицом намерения воспользоваться правами вкладчика первоначальный вкладчик может изъять внесенный на имя третьего лица вклад полностью или в части (п. 2 ст. 764 ГК). Следовательно, в таких обязательствах сохраняется и первоначальный кредитор, который по общему правилу может воспользоваться правом требования, например при отказе третьего лица от этого права. Поэтому обязательства в пользу третьего лица нельзя рассматривать в качестве одного из случаев замены кредитора (уступки права требования). [4]

После указанного момента изменить или прекратить обязательство в пользу третьего лица без его согласия стороны первоначального договора уже не вправе (если только иное прямо не предусмотрено законом, иными правовыми актами или договором). Однако должник в таком обязательстве может выдвинуть против требований третьего лица все возражения, которые он мог бы противопоставить первоначальному кредитору (п. 3 ст. 391 ГК).

Обязательство, исполняемое третьим лицом, представляет собой возложение должником исполнения своего долга на третье лицо ("перепоручение исполнения"). Оно допускается в большинстве обязательств, поскольку кредитору в принципе безразлично, кто его произведет (например, в денежном обязательстве), если только речь не идет об обязательствах личного характера. Таким образом, исполнение обязательства по общему правилу может быть возложено должником на третье лицо, причем кредитор обязан принять от последнего такое исполнение (п. 1 ст. 276 ГК РК), если только обязанность должника лично произвести исполнение прямо не вытекает из закона, иного правового акта, условий обязательства или его существа. Ясно, что такая возможность обычно соответствует интересам должника.

Так, покупатель может получать товар не только непосредственно от своего контрагента, например оптового поставщика, но и по его указанию - от изготовителя, который в этом случае в качестве третьего лица исполняет обязанности за продавца (не будучи стороной договора с этим покупателем); в силу указаний транспортного законодательства обязательства из договора железнодорожной перевозки пассажира или груза исполняются не только железной дорогой пункта отправления, но и не участвующими в этом договоре другими железными дорогами, по которым последовательно перевозятся пассажир или груз. Нередко такие случаи прямо предусматриваются законом. В частности, осуществляющий строительство объекта подрядчик вправе привлекать для производства отдельных видов работ субподрядчиков (п. 1 ст. 619 ГК); экспедитор в договоре транспортной экспедиции может возложить исполнение некоторых своих обязанностей на других лиц (ч. 1 ст. 711 ГК РК) и т. д.

Во всех таких случаях третье лицо, исполняющее за должника его обязательство или отдельные составляющие его обязанности, не может рассматриваться в качестве дополнительного должника. Кредитор не вступает с ним ни в какие правоотношения, и обязанным лицом перед ним все равно остается первоначальный должник, целиком отвечающий перед кредитором за надлежащее исполнение всех лежащих на нем обязанностей, в том числе за их неисполнение или ненадлежащее исполнение привлеченными им третьими лицами (ст. 363 ГК РК). Иначе говоря, допускаемое законом или договором возложение должником исполнения своего обязательства на третье лицо не освобождает его от обязанности исполнения и от ответственности за недолжное исполнение.

Вместе с тем третье лицо в некоторых случаях вправе исполнить кредитору обязательство за должника и по своей инициативе - за свой счет и даже без согласия должника (п. 3 ст. 276 ГК РК). Такая ситуация возможна, если из-за неисполнения обязательства должником связанное с ним правоотношения третье лицо подвергается опасности утратить имеющееся у него право на имущество должника. Например, в связи с обнаружившейся неплатежеспособностью арендатора здания и угрозой досрочного расторжения арендного договора с изъятием арендованного имущества субарендатор помещения вправе сам внести арендную плату арендодателю и в отношении этого долга выступить перед арендатором уже в роли кредитора.

В качестве редкого исключения специальным законом иногда могут предусматриваться случаи, когда ответственность перед кредитором за нарушение обязательства несет третье лицо, являющееся непосредственным исполнителем. Так, в соответствии с транспортным законодательством ответственность за нарушение обязательств из грузовых перевозок несет железная дорога назначения, а не отправления

Но и в таких ситуациях первоначальный должник также не устраняется из обязательства, ибо не происходит перевода долга на третье лицо - исполнителя, а кредитор тем самым получает право по своему выбору требовать исполнения от одного из них.[5]

Но в этом случае первоначальное обязательство не прекращается и не заменяется регрессным обязательством между третьим лицом и должником. Оно лишь изменяет субъектный состав, ибо место первоначального кредитора в нем занимает исполнившее обязательство третье лицо. Иначе говоря, в таком обязательстве происходит только замена одной из сторон в соответствии с правилами о перемене лиц в обязательстве (п. 2 ст. 276 ГК). Поэтому и речь здесь следует вести не об исполнении обязательства третьим лицом, а об одной из форм замены участвующего в нем кредитора.

Список использованной литературы:

1. Диденко А.Г. (ред.) Гражданское право. Общая часть. Курс лекций. Алматы: Нур-Пресс, 2006г.;
2. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин.- Алматы: “Жети жаргы”, 2007.;
3. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (общая часть) 27 декабря 1994 года. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2016 г.);
4. Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года № 126-ІІ «О страховой деятельности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.03.2016 г.);
5. Жайлин Г.А. Учебник. Гражданское право Республики Казахстан. Алматы, 2006г.;

ГЕРМАНИЯ МЕДИАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ

*Сәдіргалиева Бақытгүл, Оринбаева Жансая, Әбілсейтов Жүсіпбек,
Тәуекел Жадырасын, Дүйсенбек Дидар*
«Құқықтану» мамандығының студенттері
Каирова Нелля Имамуратовна
«Құқықтану» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты
Избасарова Асель Бектургановна
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ. Әйтеке би көшесі, 52
030006

Бұл мақалада медиация ұғымына түсінік беріліп, Германия Федеративтік Республикасындағы медиацияның даму моделі туралы жазылған.
Түйінді сөздер: Медиация, дау, шешім, тараптар, медиатор.

МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ МЕДИАЦИИ В ГЕРМАНИИ

*Сәдіргалиева Бақытгүл, Оринбаева Жансая, Әбілсейтов Жүсіпбек,
Тәуекел Жадырасын, Дүйсенбек Дидар*
Студенты специальности «Юриспруденция»
Каирова Нелля Имамуратовна
Профессор, кандидат экономических наук кафедры «Юриспруденция»
Избасарова Асель Бектургановна
Магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Юриспруденция»
Казахско-Русский Международный университет, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52 030006

В данной статье рассмотрены понятие о медиации, также модель развития института медиации в Германии.
Ключевые слова: медиация, споры, решения, стороны, медиатор.

THE DEVELOPMENT MODEL OF MEDIATION IN GERMANY

*Sadirgalieva Bakitgul, Orinbaeva Zhansaya, Abilseitov Zhusipbek, Tauekel Zhadirasyn,
Duisenbek Didar*
Students of speciality «Jurisprudence»
Kairova Nellya Imamuratovna
Professor, Candidate of Juridical Sciences at the Department of «Jurisprudence»
Izbasarova Assel Bekturganovna
Master of Juridical Sciences, Senior lecturer at the Department of «Jurisprudence»
Kazakh-Russian international University, Aktobe, Aiteke bi street 52 030006

This article considered the concept of mediation, such as the model of development of mediation Institute in Germany.
Keywords: mediation, disputes, decisions, the parties, the mediator.

Медиция дегеніміз не? Және ол не істей алады? Даулар негізінен тараптардың бірін бірі жеткілікті дәрежеде түсінбегендіктен және мәселе бойынша толық ақпарат алмағандықтан туындайды. Тараптар екі жақтыда қанағаттандыратын шешім болатынына сенбеген. Сол себептен тек соттың көмегіне ғана жүгінетін болған. Кейіннен пайда болған жас ғылым болып табылатын медиация институты ең алғашында бірден дамымаған. Сенімсіздік болғаны сөзсіз. Заңгерлер үшін де дауласушы тараптар үшін пайдалы болып табылатын медиация қолданысқа енгізілгеннен кейін қарқынды түрде дамыған.

Медиация-соттан тыс дауларды шешудің жолы болып табылады. Оны көптеген салаларда қолданады. Акционерлердің арасындағы дауды, тапсырыс берушілер және іскерлік серіктестер арасындағы даулармен тіпті отбасылық дауларда қолданылады. Медиацияға жүгінгенде тараптар бір бірінің талаптары мен ұсыныстарын тыңдап, ашық әңгімелесіп оң шешімдерін табыға жол ашатын бірден бір шешім. Тағы бір жағымды жағы, медиацияда кез келген адамға қаражат жағынан тиімді болады. Сотқа берілген істің шығыны медиациямен шешілген істің бірнеше есе мөлшері болады.

Мақтаарал аудандық сотының судьясы А.У.Утемисов өз мақаласында «Медиатор-тәуелсіз, бейтарап болады. Медиатор негізінен екіге бөлінеді, оның біріншісі арнайы біліп алып тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар, ал, екіншісі – кәсіби емес, оқымаған медиаторлар. [1]

Жалпы айтқанда, медиация рәсімі дүниежүзінде жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында дами бастаған. Алдымен дамыған елдерде- Америка, Ұлыбритания, Австралия, Германияда, ал кейін Еуропаның басқа елдерінде таралған. Шетелдердегі сот саласында бұл тәжірибе бұрыннан қолданылып келеді. Мысалы, Америкада істердің 95%, Англияда 87%, кішкентай ғана Словения елінде 35% бітімгершілік жолмен өз нәтижесін табатыны белгілі болып отыр.

Сол секілді Предпринимательство и право инфармационно-аналагической парталда Бирюков П.Н., Пронин А.В. -ның «Об институте медиации в Германии» мақаласында ең алғаш Германиядағы медиация 1977 жылдан бастап қолданылған. Азаматтық процеске медиацияны енгізу Германиялық заңгерлердің өздері ұсыныс білдірген. Бірден заң қабылданған. 1979 жылы Конгрестік сотта Германия Федеративтік Республикасының Конституциялық сотының президентінің халық алдында сөйлегеннен кейін медиацияға ерекше қызығушылық арта бастаған.

"Судья-медиатор" институты неміс заңнамасына жаңа нәрсе болып есептеледі, және ол 2012 жылдан бастап заңға енгізілді. Мұндағы мақсаттың барлығын соттың үкімінсіз мәселені шешу» делінген. [2]

Жалпы 2000жылы медиацияға байланысты федеративтік бірнеше заңдар қабылданған. Ең бірінші медиация туралы заң Баварияда шыққан, кейін Баден-Вютерберг және одан кейін Германия Федеративтік Республикасының басқа да жерлерінде кеңінен тараған. Солай медиация процесі азаматтық процеске мықтап кірген. Мысалға 2008-2010 жалдары Берлиннің соты медиацияның қарауымен 5747 іс өткізген. Медиациялық процесс қатаң түрде конфиденциалды түрде өткізіледі. Заңда «сертификатталған медиатор» қамтамасыз ету үшін бөлімдер бар. Бұндай статусты тек Германия Федеративтік Республикасында әділет министрлігінің бағдарламасы арқылы ғана білім алған азамат ала алады. Бұған қоса, сертификатталған медиатор өз біліктілігін, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет.

Қазіргі таңда неміс медиациясы дамыған деп толық айтуға болады. Медиацияны дәл соттың алдында да қолданады. Ол мемлекетте бұл сала міндетті ету керек процедуралардың бірі болып табылады. Қазірде медиация жаңа дайындалып жатқан заңгерлерге де белгілі дәрежеде түсіндіріліп, оқытады. Өйткені Германияда заңгер мамандығына түскен кез келген студент медиация факультетін міндетті түрде оқиды. Ол

жалғыз отбасы дауларында емес сонымен қатар әкімшілік құқықта да, жалпы құқықтық істердің басым көпшілігінде қолданылады.

2012 жылғы заң бойынша медиацияның үш түрі ерекшеленеді: 1) стандартты соттан тыс медиация; 2) соттың ұсынысы бойынша соттан тыс медиация; 3) заңды кеңес кезіндегі медиация.

Германияда дәл қазіргі уақытта осы 3 бағыт бойынша қарқынды түрде жұмыс жасап жатыр. Осы секілді біздің елімізде де медиация институты алдағы уақытта үлкен сұраныстарға ие болып, жақсы дамиды деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мақтаарал аудандық сотының судьясы А.У.Утемисовтің мақаласы
2. Предпринимательство и право информационно-аналогической паргалда Бирюков П.Н., Пронин А.В. -ның «Об институте медиации в Германии»

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Сергалиев Нуралы Сергалиевич

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Мақалада Қазақстан Республикасындағы қылмысқа күрес тиімділігінің теориялық негіздері, соның ішінде жазаны қолдану барысындағы қазіргі мемлекеттік саясат және оның ерекшеліктері жан – жақты зерттеліп қарастырылған.

Түйінді сөздер: Қылмыскерлік, қылмыс, жаза.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ И ЕЕ УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ

Сергалиев Нуралы Сергалиевич

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В статье изложены теоретические основы эффективности борьбы с преступностью в Республике Казахстан.

Ключевые слова: Преступность, преступление, наказание.

THE EFFECTIVENESS OF COMBATING CRIME AND IMPROVING IT

Sergaliev Nurali Sergalievich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

The article are expounded theoretical bases of efficiency of fight against criminality in Republic of Kazakhstan.

Key words: Crime, punishment.

Қазіргі таңдағы экономикамыздың өркендеуіне, халық белсенділігінің дамуына байланысты елімізде жүргізіліп жатырған реформаларды іске асыруда барлық заңды мүдделерді қорғау үшін қылмыстылықпен күрес шаралары күшейтуді қажет етеді. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» дей отырып қоғамға, адамзатқа қарсы іс-әрекеттерді жасауға тыйым салады [1]. Қолданылып жатқан, құқықтық және ұйымдастыру шараларына қарамастан еліміздегі қылмыстық ахуал күрделі күйінде қалып отыр және техниканың дамуы мен көбеюіне, өндірістік қызметтердің қарқынды жүргізілуіне

байланысты заңмен қорғалатын құғдылықтарғаабайсызда зардаптар келуінің мүмкіндігі де артуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қылмыстылыққа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі мәжілісте қылмыстылықпен күресудің және құқық тәртібін нығайтудың ауқымды, әр тиімді бағдарламасын ұсынды. Сонымен қатар Президент өзінің мазмұнды баяндамасында «еліміз әлеуметтік қайта құру және демократиялық мемлекетті құру жолында ең күрделі түрде қарқынды дамыған қылмыстылықпен қақтығысудың шегіне жетті. Бұл шын мәнінде реформа саясатына, қоғамның тұрақтығына, азаматтардың өмірі мен игіліктеріне қауіп тудырады», - деді [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында үшінші тармақ ретінде мынаны келтірген «Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады. Өткен жылдар ішінде елдің құқық қорғау және сот жүйелерінің криминалдық көріністерге қарсы тұратын, азаматтарымыздың өмірі мен құқықтарын қорғайтын әлеуеті едәуір нығайды. Дегенмен, олардың қызметінде елеулі кемшіліктер бар. Құқық қорғау және сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарының әділ де тиімді қорғауын, бизнеске заңсыз араласуды болдырмауды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл саладағы басымбағыт – жазалаушы іс – әрекет емес, құқық бұзушылықтарды абайлату мен олардың алдын алу болуға тиіс». [3].

Р.Т.Нұртаев өзінің бір еңбегінде «Елде қылмыстық саясатты әрі қарай гуманизациялау мен либерализациялау бағытына біздің мемлекеттің күш жұмсауы, заң ғылымдары мен оның негізгі өзгерістерінің жетістіктерін дұрыс және жан – жақты ескерген жағдайда тиімділік көрсетуі мүмкін» - деді [4].

Сондықтан да қазіргі қоғамның әлеуметтік – саяси және экономикалық даму жағдайын, кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық құқығының жетістіктерін ескере отырып, алдағы уақыттарда практика талаптарына сай келмейтін қылмыстық заң нормаларын қайта қарау қажет болуы да мүмкін.

Қылмысты зерделеу барысында «қылмыскерлік» деген ұғымды кездестіруімізге де болады. «Қылмыскерлік» ұғымы көбіне қылмыстың көптігі туралы, олардың статистикалық жиынтығы туралы сөз болған жағдайда қолданылады. «Қылмыскерлік – таптық қоғамның белгілі бір мемлекетте, белгілі бір кезеңде жасалатын барлық қылмыстар жиынтығынан тұратын, әлеуметтік, қылмыстық – құқықтық сипаты бар құбылысы» деп жазады Н.Ф.Кузнецова [5].

Профессор Е.О.Алауханов «Криминологиялық зерттеулер қылмыскерліктің әртүрлі элементтерінің заңдылықтағы өзара байланысын ашады, оның ортаның өзгерісіне «бейімделу» қабілетін, тіптен ортаны өзінің тұрақтануы және дамуы үшін «бейімдейтіндігін» растайды. Жаңа жағдайларда оның көрініс табу формасы түрін өзгертеді, қылмыскерліктің қоғамға кері ықпалы да байқалады», - деп айтады [6].

Қылмыстың түсінігі әртүрлі сыныптық қоғамдық – экономикалық құрылымдарда бірдей болған емес. «Қылмыс – тарихи құрылымалы заңи түсінік», - деп профессор Н.Д.Дурманов әділ бағасын беріп өткен [7].

Біздің елімізде қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттырудың мәселелері туралы теорияны жасау қазіргі кезде заң ғылымдарының дамуындағы негізгі бағыттарының бірі болып отыр. Жауаптылықтан туындайтын жазаның орындалмай қалмау қағидасын жүзеге асыру мен оны қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саясатын жүргізуді әрі қарай ізгілендіру және ымырашылдық жасау мақсатында, қылмыстық құқықтық қудалау шараларын үнемді қолдану негізінде және жасалған қылмыс үшін жауаптылықпен жазаны жекешелендіру мен дұрыс оқшаулаудан туындайды. Осы мақсатта қылмыспен күрес тиімділігін арттыру үшін мәселелердің тап осылай қойылуының өзі,

қылмыстылықты зерттейтін ілімдер теориясы мен практикасының дамуы және оның жетілдіруіне байланысты үйлесімді ұйымдастыру шараларын қылмысқа қарсы күреске ықпал етуімен тығыз байланысты болады. Елдегі қылмыстық саясатты дұрыс жүргізудегі кең көлемді мәселелерді шешу шарттарының негізі деп, қылмысқа қарсы күрес пәрменділігін арттыруға баса назар аудару айтылады. Өз кезегінде, қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттыру міндетінің онда шешілуі біздің елімізде қылмыспен күрес тиімділігін қамтамасыз ету барысында сенімді теориялық негізді жасауды алға қояды.

Егер қылмыспен күрес тиімділігінің теориялық жағын айтар болсақ, Қазақстанда бұл мәселе аз әңгімеболып жүрген мәселелердің бірі десек қателеспейміз. Құқық бұзушылықтың көбейіп, оның жазасыз қалуы, ешқандай демократияның, өркениетті нарыққа, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жеткізбейтініне мән берілмейді. Қылмысқа қарсы тиімді күрес жүргізу және демократиялық қағидалармен қабылданған нақты заңдардың болуы үшін кейбір ішкі сыртқы күштердің (билікте, саясатта, бизнесте, БАҚ және құқық қорғау органдары жүйесінде) бұл туралы ойланбайтыны бүгінде анық байқалды.

Айта кету керек, алғашқы кездері аталмыш мәселелердің қойылуы кезіндегі құқық тиімділігі ұғымы бұл – құқық нормаларының пәрменділігі, дәлелдігі және пайдальылығы терминдерімен толықтай немесе ішінара өзара байланыста қарастырылған. Яғни, құқық тиімділігі деп құқық нормаларының ерекше белгілері аталған. Олар:

1. Құқықтың өзі қоғамда (елдегі барлық азаматтар мен ұйымдар үшін) біртұтас тәртіп орнатуға арналғандықтан, құқық нормасына баршаға бірдей ережелер тән болады. Яғни, құқық нормалары баршаға бірдей міндетті деген сөз.

2. Өзге әлеуметтік нормаларға қарағанда құқық нормалары мемлекет тарапынан жасалады және олардың тиісті дәрежеде мүлтіксіз жүзеге асуы мемлекет тарапынан қатаң бақыланады [8].

Құқықтың басты міндетін (қоғамдағы тәртіпті реттеу, мемлекет көлеміндегі тәртіпті қалпында ұстап, оларды тиісті дәрежеде қамтамасыз ету т.б.) ескере отырып, құқықтың негізі болып саналатын құқықтық нормалар жүйесіне жан – жақты зерттеу қажет болады. Мұндай зерттеу жұмыстары кейін осы нормалардың өмірде қолдану нәтижесі мен потенциалының жүзеге асырылуы мен одан ары ізденістер жүргізілуіне мүмкіндік берері сөзсіз. Әрбір құқық нормасы барлық адамдарға тең және кейбір қажетті жағдайларда қолданылатын жалпыға бірдей ережелерден тұратындықтан құқық нормасының жалпыға бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ету аясында оның жүзеге асырылуы үшін объективті жағдайлар туғызуын жатқызамыз. Содан соң құқық нормасының жалпыға бірдей ережесі өз көрінісін халыққа уақытылы жеткізілуі және арнайы белгіленген нақты тұлғалардың сол ережелерді мүлтіксіз орындауы арқылы табады. Сондықтан құқық нормаларының тиімділігін зерттеудегі негізгі бағыттарының бірі – аталмыш нормалардың басты ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Құқық нормасы мәселесін зерттеудің тағы бір мәселесі – құқық нормаларына байланысты мемлекеттік институттардың заң шығару қызметіндегі тиімділікке байланысты туындайтын мәселелер. Атап айтқанда, өкілетті мемлекеттік органдардың құқықты жүзеге асыруға байланысты қызметінің тиімділік деңгейіне және құқық бұзушылыққа байланысты қолданатын шаралардың пәрменділігіне байланысты туындайтын мәселелер. Пашков А.С., Чечот Д.М. «Құқық нормаларының тиімділігі мәселесін түсіну, нақтылықты, нәтижелілікті, яғни қоғамға пайдалы бағытта анықталған қоғамдық қатынастарға әсер ету мүмкіндігін түсінуге негізделген» - дейді [9].

Құқық теориясында құқықтық нормалардың мәні мен міндетіне байланысты қалыптасқан ой – пікірлерге сүйене отырып, олардың тиімділігіне байланысты потенциалды мүмкіндіктерге (құқық нормаларының құқық практикасында қолданылу мен қабылдану тиімділігі) аса назар аударып, құқық тиімділігі мәселесінің теориялық зерттелуіне байланысты туындаған мәселелердің дұрыс жолда екендігін ескере кеткен жөн.

Құқық тиімділігі мәселесі жөніндегі бірқатар ғалымдардың пікірлерін топтастыра келе Л.И.Спиридонов былай дейді: «...бірқатар авторлардың теорияны жетілдіру бағытындағы зерттеулері, мұндай қылмыстық – құқықтық тыйым салу шараларының тиімділігіне әкеп соқтыратын алғышарттарын қалыптастырады, оларға:

1. заңдарда қылмыс деп жарияланған, қоғамға қауіпті іс – әрекеттердің мазмұнын уақытылы, дұрыс және толық ашып көрсету;
2. қылмыстық заңның мазмұнының адамгершілік нормалар мен құқықтық сана – сезімнің деңгейіне сәйкес келуі;
3. заң талаптарының қоғамның әлеуметтік – экономикалық және саяси даму заңдылықтарына сәйкес келуі;
4. адамдардың әрекеттерін қылмыстық құқықтық тәсілдерімен реттеу процесінде адамның әрекет етуіне әсер ететін әлеуметтік (ең бастысы экономикалық) факторларды ескеру;
5. қылмыстық заңдардың тұрақтылығы және оны қолданудың біркелкілігі;
6. қылмыстық- құқықтық санкцияның қоғамға әсер ету шараларымен ұштасуы;
7. халықтың қылмыстық заң нормаларының мазмұнымен, оның ішінде санкцияларынан хабардар болуы;
8. жасаған қылмысы үшін адамдардың жазасыз қалмайтындығы сезінуі;
9. қылмыстық саясаттың тұрақтылығы жатады».

Л.И.Спиридонов құқық пәрменділігінің осы алғышарттарын қорытындылай келе, «ғылыми тұрғыдан алғанда, заң нормалары тек қоғам дамуының заңдылығы мен объективті жағдайларына, халықтың қоғамдық сана – сезіміне, оның ішінде олардың құқықтық сана – сезімі мен адамгершілік қағидаларына және құқықтық нормалар басқа да құқық нормаларымен сай болғанда ғана тиімді болмақ. Сонымен қатар социологтардың жүргізген тәжірбиелік зерттеулерімен хабардар болу – адамның мінез – құлқының (оның ішінде ауытқымалы мінез – құлқының) басқа да түрлеріне байланысты қылмыстық құқық нормаларының бұзылғанын анықтап, соның негізінде теориялық жағынан да, іс жүзінде де қылмыстылықпен күрес тиімділігінің жаңа алғышарттарын жасауға негіз тудырады» - деп жазады. [10]

Сондықтан профессор Л.И.Спиридоновтың тұжырымдары мен ұсыныстарын қылмыстылықпен күрес тиімділігін жетілдіру барысында негізге ала отырып қолдану қажет. Шынында да, жауапкершілік белгілейтін қылмыстық заңның тиімділігін қамтамасыз ету мақсатындағы мәселелерді шешкен кезде, заң қылмыс деп жариялаған қоғамға қауіпті іс – әрекеттердің уақытылы, дұрыс және толық қамтылатындығы ескерілуі керек.

Заңгер ғалымдар осыған байланысты құқықтық нормаларының тиімділігін талдаудан нақты құралдарды, яғни тарихи субъектілердің нақты әрекеттерін алып тастау негізсіз деп есептейді. Нормативтік құқықтық актілердің «таза» қолданылуы ешнәрсеге сай келмейді. Заңның әлеуметтік топтарға байланысты емес, жеке адамдарға байланысты пайдаланылуын қарастырсақ, оның қажетті деңгейде қолданылуы құқықтың өзінен емес сонымен қатар, субъектінің де көптеген сипатына байланысты болып келеді. Мақсатпен нәтиже арасындағы тиімділікті анықтаудың қиындығы жалғыз норманың түрлі – түрлі мақсаттар емес, сонымен қатар сол норманы зерттеу барысында оның еш нәтижесі болмайтындығында. [11].

А.А.Игнатъев «Кез – келген жүйе белгілі – бір қойылған мақсатқа жету үшін құрылады және сол үшін қызмет етеді. Тиімділік мәселесі осы қойылған мақсатқа жетуге байланысты жүйенің пайдалы түрде қызмет жасау қажеттілігін анықтауға байланысты туындайды» деген сенімді түсінік берген. [12].

Жоғарыда келтірілген ой – пікірлерге сәйкес, құқық тиімділігі деп оның жалпыға танымалдығын, оның сөзсіз орындалатындығын, құқық нормаларының қайшылыққа ұшырамауын және түсініктілігін, әлеуметтік мақсаты мен оған жету тәсілдерінің сәйкестігін,

құқықтың әділет органдары мен өзге де құқық қорғау органдары жүйесімен тығыз байланысты қамтамасыз етілгенін айтамыз.

Жазаның мақсаты әлеуметтік әділеттікті қайта орнату немесе қайта қайтару немесе қайта қалпына келтіру, сондай – ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Сондай – ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарындағы санкциялар кінәліге дәл жазалау шарасын қолдану болып табылады.

Жазаның мазмұны мен мақсаты туралы тарихта және қазіргі таңдағы қылмыстық құқық теориясындағы пікірталастық сұрақ болып табылады. Яғни жаза өткенге жатандықтан, ол жауап берумен, шектеу немесе айыру сондай – ақ адам тұлғаның немесе жалпы тұру заңын орындалуын мемлекет тарабынан міндеттеуі, ол жаза болашаққа жататындықтан бізге мәлім мақсаттарға жету үшін, ол мемлекеттік құқықтың орындалуын қарастырады.

Жазаның мақсаты оның орнатылуы мен орындалуы органикалық бірлікпен орындалады. Жаза әділетті болуға тиіс, яғни қылмыс жағдайына байланысты және қоғамға кінәлімен келтірілген қауіпті есептелуі, ескерілуі тиіс. Сол жағдайда ғана жаза өз алдына қойған мақсаттарына жетеді. Сондай – ақ берілген жазаның бұлжытпай орындауы қажетті.

И.С.Нойдың пікірінше жазалаудан басқа, жаза мазмұнына мәжбүрлеуді жатқызған, жазадан бос, жазаны мәжбүрлеумен сендіруге қарама қайшы элемент деп таныған, көрген. [13].

Шорогородский М.Д. –нің ойынша жаза ол жазалау деп санаған, бірақ онымен тоқталмайды, «жаза мазмұны болып – оның жазуы бойынша жаза сияқты, сондай – ақ тәрбиелеу деген». [14].

С.И.Дементьев пен А.С.Ременсон айтулары бойынша:

1. Жаза ол – жазалау. [15].

2. Жаза түсінігі әр түрлі авторлардың трактаттары бойынша мәжбүрлеу арқылы қиындық кешу, яғни мәжбүрлеу арқылы азапталуын туғызу.

Сонымен қатар ол «жазалау қылмыстық құқықта ол – кек деп, өш алу, әділеттіктің үлгілі, тәртіпті шарасы деп айтқан».

Сонымен жаза дегеніміз не? В.К.Дуюновтың пікірінше: әділетті соттау, мемлекеттің мәжбүрлеудің сотталушының нысаны. [16].

Қоғамның әлеуметтік өміріндегі жазаның орны, бәрінен бұрын, адамгершіліктен, адамға деген қамқорлықтан барып анықталуға тиіс. Мәжбүрлеудің қылмыспен күрес тәсілдерінің бірі екендігін ескере отырып, бірақ ақтық соңында тек мақсаты тәрбие мен сенім арқылы ғана адамға ықпал жасауға болатындығын, солар арқылы ғана адамның сезімі мен ойын, көзқарасын, идеясын, дағдысы мен мінез- құлқын өзгертуге болатындығын мойындау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы

2 Назарбаев Н.А. законопослушание и правопорядок – основа нашей стабильности //Казахстанская правда 30.03.2002 г.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл- ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2008. -22 ақпан.

4 Нуртаев Р.Т.Основные направления реализации эффективной уголовно – правовой политики современного Казахстана в контексте Концепции правовой политики. /Государство и право. – Алматы, 2000. №5.- С. 47-56.

- 5 Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. – М.: Изд. Моск. Ун., 1969. -232 с.
- 6 Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану). Оқулық. – Алматы, 2005 -192 б.
- 7 Дурманов Н.Д. Понятие преступления. – М., -Л.: Изд –во АН ССР, 1948. -311 с.
- 8 Общая теория государства и права. Академический курс в 2-х томах /Под ред. Проф. М.Н.Марченко. Том 2. Теория права. –М.: Зерцало, 1998. -415 с.
- 9 Пашков А.С., Чечот Д.М. Эффективность правового регулирования и методы ее выявления. /Советское государство и право. –М., 1965. -№8. –С.3.
- 10 Спиридонов Л.И: Социология уголовного права. –М., 1986. -341 с.
- 11 Пашков А.С., Явич Л.С., Спиридонов Л.И. Эффективность действия правовых норм. – ЛГУ, 1977. -335 с.
- 12 Игнатъев А.А. Уголовно – исполнительное право. –М.: Новый Юрист, 1997. -304 с.
- 13 Дементьев С.И. Лишение свободы: уголовно – правовые, исправительные, трудовые аспекты. – Ростов, 1981. -345 с.
- 14 Кругликов Л.Л. Смягчающие и отягчающие обстоятельства в советском уголовном праве. – Ярославль.1977.
- 15 Уголовное право РФ. Общая часть. –М.:Юрист, 1996. -458 с.
- 16 Дуюнов В.К. Наказание в уголовном праве РК//Государство и право, 1997. - №11. – С.67.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Сергалиева Айгерім

«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті

Избасарова Асель Бектургановна

«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада тұтынушылардың тауарды айырбастау және қайтаруға жатпайтын тауарлар туралы жазылған. Қандай тауарлардың қайтаруға келетінін және қандай тауарлардың қайтарылуға жатпайтындығы айтылған.

Түйінді сөздер: тұтынушы, құқық, тауар, шағым, сапасыз тауар, арыз.

ПРАВА ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ГЛАВНОЕ ВНИМАНИЕ

Сергалиева Айгерім

Студентка 2 курса специальности Юриспруденция

Избасарова Асель Бектургановна

Магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры Юриспруденция

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул.Айтеке би. 52

В этой статье написано об условиях обмена товаров и о товарах не подлежащих возврату.

Ключевые слова: потребитель, право, жалоба, некачественные товары, заявление

RIGHTS FOR CONSUMERS ARE MAIN ATTENTION

Sergalievа Aigerim

Student of 2 course of speciality «Jurisprudence»

Izbassarova Assel Bekturganovna

Senior lecturer, Master of Juridical Sciences at the Department of «Jurisprudence».

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, Aiteke bi. 52

In this article it is written about the terms of exchange of commodities and about commodities non-returnable.

Keywords: consumer, right, complaint, off-grade commodities, statement

Сатып алушылар үшін тауарларды алмастыру және қайтаруға байланысты мәселелер әлі күнге дейін ең өзекті мәселе болып табылады. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңда анық осындай жағдайлар көрсетілсе де, оған қарамастан, көптеген сатушылар әр түрлі себептермен ақшаны немесе тауарларды ауыстыруға асығар емес.

«Тауарлар айырбастауға және қайтаруға жатпайды», - бұл сөздер барлық дерлік сауда нүктелерінде кездеседі. Осы істері заңдыма? Әрине - жоқ. Сіз өнімді сатып алған жердің маңызы жоқ – ол базар болсын немесе дүкен болсын, есіңізде сақтаныз - сіз үшін «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңы қолданыста. Тауарлар жоғары сапалы, бірақ өлшемін сәйкесінде келмесе, егер киім немесе аяқ киім болса - сіз оны айырбастауыңызға болады,

бірақ босы жағдайда, - егер тауарды қолданбаған болсаңыз, тауарлық түрі сақталған болса, зауыттық жапсырмалары және ол айырбастауға жатпай тауарлар тізіміне енгізілмеген болса.[1]

Сатып алушы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңына сәйкес сатып алынған тауар, оның талаптарына сәйкес келмесе немесе қажетті қасиеттеріне ие болмаса, айырбастауға құқылы. Міндетті айырбастау шарттары - тауарлық түрін сақтау, тұтыну қасиеттері сақтау және бірге сатылған элементпен тұтынушыға сатушы берген, жәдігерлер немесе кассалық түбіртек, мөрлер немесе жапсырмаларды сақтау. Сол тауар алмасу уақытында сатушыға қол жетімді болмаса, сатып алушы ауқымы сол тауармен бірдей басқа тауарға ауыстыруға немесе сол тауардың құны мөлшерінде ақша алуға немесе сол тауар қайта сатылымға түскенде айырбастауға құқылы.

Заңнамаға сәйкес, тұтынушы стап алған күнінен бастап 14 күн ішінде сатып алған затын қайтаруға құқылы. Бірақ, кейбір тауарлардың айырбастауға жатапайтының ұмытпау керек. Азық-түлік емес заттарды айырбастауға жатпайтын арнай тізім бар. Бұлар - дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, іш киімдер, шұлық-ұйық бұйымдар, жануарлар мен өсімдіктер, метрлеп сатылатын тауарлар, атап айтқанда, барлық түрдегі талшықтардан жасалған маталар, тоқыма және перделік кенеп маталар, жасанды терілер, кілем бұйымдар, тоқыма емес материалдарды, ленталарды, шілтерді, таспаны, сымдарды, бауларды, кәбілдерді, линолеумды, багеттер және т.б.. Әрине, қайтаруға жатпайтын өнімдер қатарына азық-түлік жатады. Ал ол өнімнің ақауы бар екенің байқасаңыз, оны дәлелдеу үшін сараптама жасауыңыз қажет, соның көмегімен сіз өнімнің сапасы нашар екенің дәлелдей аласыз[2].

Өзіңіздің құқығыңызды қорғаудан қорықпаныз. Айырбастау мен тауарды қайтару үнемі жанжалмен аяқталмайды. Көп жағдайда дүкенге қонырау шалып жағдайды түсіндірсеңіз, келесі күні сізге курьер арқылы сізге ақшанызды қайтарады. Егерде бұл жағдай сізге көмектеспесе, төмендегідей іс әрекеттер жасаныз:

Біріншісі: Екі данада талап арыз жасаңыз. Шағым жазбаша түрде болуы тиіс, ол шартта дүкеннің директоры мен сіз туралы толық ақпарат болуы тиіс. Келесі, сіз талаптың мәнін баяндайсыз, яғни – нені, қашан және қай жерде алғаныңыз және сатып алғаннан тауар қандай себептермен сізге ұнамағаны туралы жазасыз. Қолыңызды қойып, өтінімді берген күн көрсетесіз.

Ең маңыздысы – сапасыз тауарды қайтару уақытын созған дұрыс емес. Дүкенге барып, сату нүктесінің директоры атына өтініш жазу қажет. Егер сізде кассалық түбіртек болмаса, сіз куәгер іздегеніз жөн немесе сіз сатып алған күні мен уақытын айтуыңыз қажет. Бұндай жағдайда сатушылар сізден тауарды қайтып алып, орнына ақшанызды қайтаруға міндетті. Есіңізде сақтаныз – 90% табыс - тиісті жазбаша өтініште. Тіпті, егер сізге теріс жауап берсе де, бұл жауап болып табылады. Оның көмегімен, сіз кез келген сотқа барып, сізге ақшанызды қайтаруға бас тартқанын айтуға құқылысыз. Бұл жағдайда сізде растау құжаты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Азбука потребителя. «Товар возврату и обмену не подлежит» <https://www.zakon.kz>
2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы (2016.21.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САРАЛАУДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейтмахамбет Султанахмет Нурмахамбетович

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық заңды қолданудың теориялық проблемасын, сыбайлас жемқорлық құқықтықтарына қарсы нормативтік заңнаманың тиімділігін зерттеу.

Түйінді сөздер: жемқорлық, қылмыс, субъект, жауапкершілік, құқық.

ПРОБЛЕМЫ КВАЛИФИКАЦИИ КОРРУПЦИИ В УГОЛОВНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ

Сейтмахамбет Султанахмет Нурмахамбетович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В этой статье применение проблемных теории в уголовном праве по коррупционных преступлений, эффективность нормативно-правовой исследовании против явлений коррупции.

Ключевые слова: коррупция, преступление, субъект, ответственность, право.

PROBLEMS OF QUALIFICATION OF CORRUPTION CRIMINAL LAW

Seitmakhambet Sultanakmet Nurmakhambetovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, 52 Aiteke bi St.

In this article the use of problem of theory in criminal law on crimes of corruption, efficiency of legal research against the phenomena of corruption.

Keywords: corruption, crime subject, responsibility, right.

Қылмыс – бұл ең алдымен қоғамдық қауіпті әрекет. Қоғамдық қауіп – сыбайлас жемқорлық қылмысының ажырамас қажетті белгісі, оның материалды нышаны, ол әлеуметтік маңызын ашады. Сыбайлас жемқорлық қылмыс қылмыстық заңды бұзып, көбінесе сол мезетте құқықтың басқа салаларының заңнамалық нормаларын бұзады. Мысалы, лауазымды адамдар лауазымдық құзыреттерімен заңсыз пайдаланып азаматтардың меншікті мүлкімен пайдалану, иелену, билік жүргізу құқығын бекітетін монополияға қарсы заңнаманы, лицензиялау туралы заңды, азаматтық-құқықтық нормаларды бұзады. Мұндайда құқықтың басқа салаларының нормаларын бұзу, одан қалды мораль нормаларын бұзу қоғамдық қауіпті іс-әрекетті қылмыстық деп мойындауға жеткіліксіз. Міндетті түрде бұл іс-әрекет қылмыстық-заңсыз болып табылғаны керек, яғни қылмыстық заңмен қарастырылуы қажет. Қолданыстағы қылмыстық заңнамалықта қоғамдық қауіп және қоғамдық заңсыздық, қылмыс түсініктемесінде қалыптасып, ажырамасыз. Тек қана, осы екі белгінің болуы қылмыс деп белгілейді. Соған қарамастан маңызды белгілерден басқа - қоғамдық қауіп және

қоғамдық заңсыздық - қылмыстық заңнама қылмыстық жауапкершілік пен жазалауды егер адам қылмысты жасаса ғана қарастырады, яғни ол оны әдейі немесе байқамай жасаған болса. Қылмыстық жауапкершілік – демек адамды жасаған қылмысы үшін соттау, мемлекет атынан кінәлау үкімінде келтіру, тіпті бұл адам заң қарастырған негіздер бойынша қылмыстық жазалаудан босатылса да, ҚР ҚК 20 бабының 1 бөліміне сәйкес әдейі жасалған қылмыс болып тікелей немесе жанама жымысқылықпен жасалған іс-әрекет болып мойындалады. Осы баптың 2, 3 бөлімінде қылмыс тікелей жымысқылықпен жасалған болып мойындалады, егер адам өз іс-әрекетінің қоғамдық қауіптілігін сезіне отырып, қоғамдық қауіпті салдарын көре білді және соның болғанын қалады, қылмыс жанама жымысқылықпен жасалған деп мойындалады, егер ол қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің болуын білді, болғанын қаламады, бірақ санамен оның салдарының бойын білді немесе немқұрайлы қарады. Сондықтан адамның қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған мезетте өзінің іс-әрекетін сезінуі, білуі, оларға басшылық жасауы, яғни саналы болуы кінәнің міндетті бөлшегі болып табылады. Қылмыстың тағы бір белгісі – оны жазалау, бірақ ол міндетті түрде қылмыстың соңынан келетін іс емес. Жазалауды жазалау қауіпінің келуі деп түсіну керек. Қылмыс құрамы қылмыс объектісін, объективті жағын, қылмыс субъектісін және субъективті жағын сипаттайтын 4 белгі тобын құрайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстың нақты құрамдары ҚР ҚК баптарында беріледі.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әлеуметтік-құқықтық іс болып, қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қоғамдық қауіпті әрекет жасау болып табылады. Мұндай қылмыстар қауіпті, себебі қоғамға және қоғамның мүшелеріне саяси, материалды және басқа зиян келтіреді. Соңғы бес жылда сыбайлас жемқорлық қылмыстардың өсуі байқалады. Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттелген адамға және оларға теңелген адамдарға қатысты қылмыстық істер саны 23,8 % (922-ден 1141-ге дейін). ҚР экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша, сыбайлас жемқорлық қылмысқа жататын қылмыстың жеке түрлері арасында пара алу фактілері 8,3% (302-ден 327-ге дейін), билікті және лауазымды құзыретті асыра пайдалану – 5,3% (57-ден 60-қа дейін) өсті. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық қылмыс негізінен сот арасында жіберілген (0-ден 22-ге), ПО қызметкерлері арасында – 79,7% (59-дан 106-ға дейін), Әділет – 13,6 (22-ден 25-ке дейін), Қорғаныс министрігі – 3,5 рет (2-ден 7-ге дейін) өсті [1].

2007 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы елдің 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындады. Өткен жылдары мемлекеттік және қоғамдық институттардың қарыштап дамуына ықпал ететін, Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бір қатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданды.

Тұжырымдаманы іске асырудың басты қорытындылары ұлттық заңнаманың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық, банктік, салық, қаржы, кеден, экологиялық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнама) айтарлықтай жаңаруы болды [2].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әлеуметтік-құқықтық іс болып, қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қоғамдық қауіпті әрекет жасау болып табылады. Мұндай қылмыстар қауіпті, себебі қоғамға және қоғамның мүшелеріне саяси, материалды және басқа зиян келтіреді. Соңғы бес жылда сыбайлас жемқорлық қылмыстардың өсуі байқалады. [3].

Қылмыстық кодекстің сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарастыратын барлық баптарына тән нәрсе. Мұндай қылмыстардың субъектілері ретінде арнайы субъектілер шығады – жалпы белгілерден басқа (белгілі бір жасқа келу және ақыл-есі дұрыс), оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ерекше қосымша белгілері де болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 20 қарашасында «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық

актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен ҚК-нің 41-бабының өзінде сыбайластық ретінде танылатын қылмыстардың тізімі берілген ескерту мен толықтырылуы. Бұл қылмыстар ҚК-нің 176 бабының 2-бөлімінің «г» тармағында, 193-бабында, 308-бабының 4-бөлімінің «в» тармағында, 310-315 баптарында, 380 баптарында ескертілген [3].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-тарауы жаңаша редакциялауда ұсынылған: «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы коррупциялық және басқа да қылмыстар». Коррупциялық қылмыстар бірқатар ортақ белгілерге ие болып келеді. Олар арнайы субъектілермен – мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілетті тұлғамен немесе мемлекеттік қызметкерлермен және жергілікті өзін-өзі басқару органының қызметкерімен жасалуы мүмкін. Өзінде субъект ортақ болып келетін ҚК-ның 312 және 313 баптары ғана айрықша болып келеді. Бұл қылмыстар қызметтік жағдайдың арқасында жасалады және қызметтік қажеттілікпен қатысты болып табылмайды. Аталмыш әрекеттер мемлекеттік аппарат пен жергілікті өзі-өзі басқару аппаратының дұрыс, заңды іс-әрекетін бұзады, қызмет мүдделеріне қарсы жасалады. Объект – көпшіліктік басқару аппаратының заң шығарушы, атқарушы, сот билігіндегі мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі атқару органдарының атынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріндегі, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарындағы басқару аппаратының солардың алдына қойылған міндеттерді орындау бойынша қалыпты түрдегі іс-әрекеті [4, 178 б.].

Барлық қылмыстарды субъектінің қылмыстық-құқықтық мәртебесіне қарай шартты түрде жекелеген топтарға бөлуге болады. Жалпы лауазымдық қылмыстар мемлекеттік аппарат пен жергілікті өзін-өзі басқару органдар қызметінің жауапкершілігі осы тараудың нормаларымен қарастырылған кез-келген саласында жасалуы мүмкін. Арнайы лауазымдық қылмыстар мемлекеттік аппарат пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары іс-әрекетінің жекелеген буындарымен салаларында ғана және қосымша ерекше белгілерге ие болатын лауазымды тұлғалармен жасалуы мүмкін [5, 64 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы агенттіктің сайты: Жаңалықтар бөлімі.
2. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 20 қарашасындағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері жөніндегі кебір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.
4. Козлов А.П. Понятие преступления. – СПб. 2004. - 819с.
5. Молдабаев С.С. Проблемы субъекты преступления в уголовном праве РК: Монография.-Алматы.1998.- 129с.
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі.

КЕЙБІР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейтмахамбет Султанахмет Нурмахамбетович

«Юриспруденция» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлық қылмыстарын саралаудың проблемалық мәселелерін жаңа заңнамаға сыбайлас жемқорлықтың жаңа қылмыстық құрамдарын енгізу.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлық, сыйақы, пара, құқық бұзушылық.

КВАЛИФИКАЦИЯ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРОБЛЕМНЫХ ВОПРОСОВ НЕКОТОРЫХ КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Сейтмахамбет Султанахмет Нурмахамбетович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье внесение состав новых преступлений к новым законодательству проблемных вопросов квалификации коррупционных преступлений.

Ключевые слова: коррупция, вознаграждения, дача взятки, правонарушения.

QUALIFICATION AND IDENTIFY PROBLEMATIC ISSUES, SOME CORRUPTION CRIMES

Seitmakhambet Sultanakhmet Nurmakhambetovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

In this article, the introduction of the new offences, the new law problem questions of qualification of corruption crimes.

Keywords: corruption, rewards, bribery, offense.

Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған формаларының бірі, қазіргі кезде, меншіктің әртүрлі формасындағы кәсіпорындарда мемлекеттік қызметкердің коммерциялық қызметпен айналысуы.

Қылмыс субъектісінің белгілерін анықтағанда ондай қызметпен айналысқандық құжат бойынша расталынуы керек. Ондай мәліметті Салық Комитеті, Қаржы полициясы арқылы алуға болады.

Сонымен қатар лауазымды адам «өз» ұйымының ерте ме, кеш пе тексерілетінін біліп, ондай ұйымдардың басшыларымен мәмілеге келеді. Ол үшін басшы «өз» фирмасына департаменттен немесе басқадай қорлардан келіп түскен ақшаны жұмыс орындады деп жалған шарт жасасып, еркін айналымда ақшасы бар фирмаға аударады. Кейін ол соманы қолма-қол ақшаға айналдырады (2 – 5 % қолүздік береді). Бұлай табылған ақша еш жерде есепке алынбайды, оның бір бөлігі шенеунікке пара ретінде беріледі.

Қылмыстардың бұл түрін дәлелдеудің қиындығы сонда, қазіргі заңда «сенім білдірілген тұлға» дегеннің нақты анықтамасы жоқ. Біздің ойымызша, сенім білдірілген тұлға жеке адам да, заңды тұлға да, лауазымды адамның туған-туыстары да болуы мүмкін.

Азаматтық құқық нормаларында сенім білдірілген тұлға деп тиісті өкілеттік берілген тұлғаны айтады.

Сонымен егер азаматтық заңнама ережелеріне жүгінсек, «сенім білдіретін тұлғаға» лауазымды адам атынан кәсіпкерлік қызметпен айналысуға жазбаша сенімхат берілуі тиіс, ол жоқ болса лауазымды адамның әрекетіне заңдық баға беру қиындығы туындайды.

Лауазымды адамның отбасы мүшелеріне, әсіресе, бірге тұратын жұбайына, біздің ойымызша, сенімхат берудің қажеті жоқ, себебі олардың қатынасы отбасы заңнамасының нормаларымен реттеледі. Лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметке өзінің отбасы мүшелері арқылы қатысуына жазбаша сенімхат керек емес.

Жедел қызметкерге лауазымды адамның отбасы мүшелері және олардың жұмыс орындары туралы мәлімет алудың маңызы зор. Мұндай мәліметтерді жедел жолмен тиісті орындардан алуға болады. Сонымен қатар жедел қызметкер облыстық әкімшіліктің қай бөлімшелерінің өз бухгалтериясы, банкте есеп шоты бар екендігін білуге тиісті. Мұндай бөлімшелердің басшылары бюджеттің ақша қаражатын өздері билейді. Олардың қаржы департаментінен тікелей емес, тиісті департаменттерден қаржыландырылатын, меншіктің әртүрлі формасындағы бағынышты ұйымдары болады, соларға «басқа көңіл бөлінеді».

Практика көрсетіп отырғандай, заңсыз кәсіпкерлікпен лауазымды адамдар қатарына кірмейтін мемлекеттік қызметкерлер де айналысуда.

ҚР ҚК-ның 214-бабының салмағын арттыру үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін бұл бапты мына редакцияда баяндаған жөн:

214-1-бап. Заңсыз кәсіпкерлік

Лауазымды адамның, сондай-ақ лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметкердің немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы, не мұндай ұйымды басқаруға қатысуы, сондай-ақ заңда белгіленген тыйымға қарамай өзінің туыстары, не өзге адамдар арқылы жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысуы, егер бұл іс-әрекет мұндай ұйымға немесе адамға жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзгедей формадағы жақтаушылықпен байланысты болса, бес жылға дейін мерзімге билік органдарында белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жүзге дейін ең аз есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекет:

- а) пайдакүнемдік немесе өзгедей жеке мүдделілік ниетпен;
- б) алдын ала уәделескен адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен;
- в) мемлекеттік қызмет атқарушы немесе субъектінің мемлекеттік қызметін атқарушы адаммен, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысымен жасалса,- бес жылға дейін мерзімге билік органдарында белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жүзден бес жүзге дейін, ең аз есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейін мерзімге белгілі бір қызмет атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Бұл ұсынылып отырған норманы мінсіз деуге болмайды, дегенмен, біріншіден, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мемлекеттік қызмет туралы заңда көзделген тыйымдар қызметкерлердің барлық санаттары үшін белгіленген.

Екіншіден, біз бұл бап ережесінің сыбайлас жемқор шенеуніктердің қылмыстық жауапкершіліктен құтылып кетуіне мүмкіндік беретін қазіргі редакциясын өзгертуге талпындық.

Сонымен қатар бұл норманы қабылдау құқық қорғау органдарының қылмыстың мұндай түрімен күресінің тиімділігін арттырады деп санаймыз.

Ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бірі – пара алу (366-бап).

Сонымен қатар сот-тергеу практикасы көрсетіп отырғандай, қылмыстық істердің жартысына жуығы қылмыстық құрам не оқиға болмағандықтан қысқаратын көрінеді. Жедел-ізвестіру және тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің жіберетін қателіктері бір. Олар бәрінен бұрын, парақорлық субъектісі болып табылмайтын адамдарға қатысты іс қозғайды, алдын ала тергеу материалдарын толық жинастырмайды, жедел-техникалық құралдарды пайдаланбайды немесе дұрыс пайдаланбайды.

Жедел-ізвестіру бөлімшелерінің қызметкерлерін пара алған адамды ұстағанда оны қылмыстың осы түрінің субъектісіне, яғни лауазымды адамға жатқызу мәселесі қинайды.

Пайдақорлықты тергеудің ерекшеліктеріне мыналар жатыды:

куә айғақтарын пайдалану мүмкіндіктерінің шектеулілігі;

параның берілгендігі мен алынғандығын растайтын нақты дәлелдемелерді айқындау;

куәлар көрсетпелеріндегі алшақтықтың себептерін мұқият тексеру;

мұндай алшақтыққа дұрыс баға беру.

Бірақ мұндай талаптар әрқашан орындала бермейді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, парақорлық жөніндегі және басқадай да мемлекет мүддесіне қарсы қылмыстық істерді тергегенде тергеушілердің көпшілігі сот-психологиялық сараптаманың мүмкіндіктерін сезіктіге қатысты сирек пайдаланады (ресейлік әріптестеріне қарағанда – автордың ескертпесі).

Мұндай сараптаманың қажет екендігін Сібір мен Забайкальенің тергеу және сот практикасына Шығыс Сібір көлік прокуратурасы қызметкерлерінің жүргізген зерттеулері көрсетіп отыр, олар куәлар мен айыпталушылардың психологиялық ерекшеліктеріне, мінез-құлқына баса назар аударған.

Мұндай психологиялық сараптамалар айыпталушының жеке басын сипаттайтын мәліметтер береді, соларға сүйеніп, тергеуші одан жауап алудың тәсілдерін жоспарлайды.

Бірақ, біздің пікірімізше, сот-психологиялық сараптамасы қылмыстық эпизодтары көп, айыпталушылар қамауда отырған ірі парақорлық істерде ғана қолданылуы тиіс.

Пара мен «жәй сыйлық» арасын айқындаудың қажет екендігі түсінікті. 1984 жылы профессор Б.В.Волженкин былай жазған: «Сатып алуды көздеген пара алғыс ретінде берілген параға қарағанда едәуір қауіпті. Лауазымды адамның жасалып қойған әрекеті үшін алдын ала келісілмей парақорлық жасалғанда, пара берушінің сылтауына және сол параның нендей нәрсе екендігіне назар аудару керек. Егер алғыс ретінде алынған заттың құндылығы елеусіз болса (гүл, конфет, т.б.), онда бұл жерде қылмыс емес, тек лауазымдық теріс қылық орын алады» [1, 4 б.].

ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясы қабылдаған Модельдік қылмыстық кодексте (17.02.1995 жылғы) жария қызметкердің жасалып қойған әрекеті (әрекетсіздік) үшін, алдын ала келісімсіз алған сыйы оның қызметтік міндетін бұзбаса және ол сыйдың құны заңда белгіленген бір ең аз айлық мөлшерінен аспаса, оны қылмыс деп санамау жөнінде ұсыныс бар.

Егер лауазымды адам мұндай сый берушінің заңды мүдделерін бұзатындай әрекет (әрекетсіздік) жасаймын деп, оны қорқытып сый алатын болса, онда мәселе басқаша болады. Лауазымды адамға оның қызметтік іс-әрекетін өзгерту үшін немесе оның жасаған заңсыз әрекеті үшін берілген сыйақы да сый деп саналмайды.

Сонымен алған лауазымды адамға да, оны берген адамға да ешқандай жауапкершілік жүктемейтін «жәй сыйдың» парадан айырмашылығы оның құнының аздығында ғана емес екен.

Қызмет бабына байланысты немесе қызметтік міндетін орындауына байланысты лауазымды адамға берілген сыйақы, өзінің мөлшеріне қарамай, мына жағдайларда парақорлық болып саналады:

Егер ол сыйақы бопсалаушылық орын алса;

Егер сыйақыда (немесе ол жайындағы келісімде) сатып алушылық сипат болса;

Егер сыйақы лауазымды адамға ең аз бес айлық мөлшерінен аспайтындай етіп бөлшектеп беретін жағдайды да ескеру керек. Әрине бұл ретте қайта-қайта берілген «жәй сый» емес, бөлшектеп берілген пара орын алады.

Материалдық құндылықтарды ұдайы алып тұру да, берген «сыйының» жалпы құны ең аз бес айлық мөлшерінен асатын қызметкерге басқалардан бөлекше көңіл бөлу де – бір қылмыстың жалғасы болып саналады.

Тағамдар да, сәнді бұйымдар да (сақина, сырға) параға жатады.

Егер ірі мөлшердегі пара бөлініп-бөлініп берілсе, бәрібір ол ірі мөлшердегі пара алушылық болып табылады. Егер ақша, өзгедей құндылықтар, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның жақындарына көрсетілсе, ол лауазымды адам оны біле тұра қарсы болмаса және пара берушінің пайдасына өз өкілеттігін пайдаланса, оның бұл әрекетін де пара алу деп саралау қажет.

Қызметтегі жалпы қамқорлық немесе жол бергендік үшін лауазымды адамның қандай да сыйақыны ұдайы алып тұруында өзара байланыстылықтың бар-жоғын анықтау керек. Неше рет қайталанғандық белгісі болмаса, мұндай әрекеттерді ҚК-тің 366-бабының бірінші бөлігі бойынша, ал ондай белгі болса – сол баптың үшінші немесе төртінші бөліктері бойынша жалғасушы қылмыс деп саралау қажет.

Пара алғандық үшін жауапкершілік өзінше дербес қылмыс болып саналатын басқа әрекет үшін де қылмыстық жауапкершілікке тартудан босатпайды. Мұндай жағдайларда жасалған әрекет қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланады.

Пара берушінің немесе оның өкілінің мүддесі үшін өзге қылмыстың құрамы бар заңсыз әрекет жасаған пара алушы қылмыстар жиынтығы бойынша – ҚК-нің 366-бабының екінші бөлігімен және ҚК-тің тиісті бабы бойынша жауапқа тартылады.

Өкілеттігі болмағандықтан немесе өз қызмет бабын пайдалана алмайтындықтан жүзеге асыруы мүмкін емес әрекетті (әрекетсіздікті) жасаған болып, лауазымды адам ақша және басқадай құндылықтар алса, ал ол адамда бұл құндылықтарды иеленуге ниет болса, оның бұл әрекеті 190-бап бойынша алаяқтық деп сараланады.

Сонымен қатар, тергеу тәжірибесінде ұрлық белгісі бола тұра күдіктінің әрекетін пара алушылық деп саралау сияқты қателіктер кездеседі.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мемлекеттік қана емес, солармен бірдей функция атқаратын жеке нотариустардың да құқық бұзушылығымен жиі кездеседі.

Нотариалдық қызмет дегеніміз – азаматтық айналым саласында жасалынатын заңдық әрекеттерде тиісті талаптардың сақталуын бақылау. Ал субъекті құрамының өзгеруін мемлекеттік-басқару қызметін басқарудың мемлекеттік емес формасымен алмастыру деп қарастыруға болмайды. Бұл жерде мемлекеттік аппарат қызметінің бір бағытын жүзеге асыру тетігінде жаңа элементтер ғана пайда болды. Сондықтан да мемлекеттік нотариус болсын, жеке нотариус болсын, олардың өз өкілеттіктерін теріс пайдалануы мемлекеттік аппарат қызметінің қалыпты жұмысына нұқсан келтірмей қоймайды.

Арнайы әдебиетте аталып өткендей, «іс-әрекетті саралау үшін лауазымның немесе мекеменің (ұйымның) қалай аталатындығы емес, адамның қызметте атқаратын міндеттерінің сипаты шешуші рөл атқарады».

Нотариустарды екіге бөлгенмен олар атқаратын жұмыстың сипаты өзгерген жоқ.

«Мемлекеттік және жеке нотариустардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы теория бойынша да, практика жүзінде де билік өкілдерінің функцияларын атқару деп мойындалуы тиіс», - дейді Ю.Филимонов [2, 31 б.].

Билік өкілдерінің қатарына құқық қорғау немесе бақылау органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты заңда белгіленген тәртіпте билік жүргізе алатын лауазымды адамдар жатады.

Нотариустардың өкілеттігі олар шешетін мәселелердің мәнінен туындайды.

Мысалы, азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың нотариалдық әрекеттер жасауға байланысты өтініштері олардың уәкілетті адамға (нотариуска) функционалдық туәлділігінің туындануына себеп болады. Нотариус басқарудың өзіне берілген заңдық құралдары арқылы екінші тарапты басқарады, одан өзіне қажетті барлық құжаттардың берілуін, ауызша немесе жазбаша түсініктеме беруі үшін мүдделі адамдардың немесе олардың өкілдерінің нотариалдық кеңсеге келуін талап етеді. Сонымен қатар нотариус шешілетін іске қатысы бар барлық заңды және жеке тұлғаларға ресми сұрау сала алады.

Көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушыларға қатысты нотариус ерекше ескерту шарасын қолдана алады – нотариалдық әрекеттер жасаудан бас тартады.

Ең бастысы, жеке нотариус, мемлекеттік нотариус сияқты, нотариалдық әрекеттер жасағанда мемлекеттік функцияны жүзеге асырады және мемлекет атынан әрекет етеді. Бұл мән-жай оның әлеуметтік-құқықтық мәртебесінен анықтауға тиіс.

Жеке және жергілікті нотариустарға тиісті өкілеттікті Әділет министрлігі немесе оның тапсырмасы бойынша жергілікті әділет органдары береді. Айту кету керек – жеке нотариус өзінің орындайтын нотариалдық функциясын өзгерте алмайды. Оның қызметінің ауқымы қатаң шектелген.

Жеке нотариустар атқаратын нотариалдық функциялар Әділет министрлігінің қызмет көрсетуді және құқықтық көмекті ұйымдастыру жөніндегі функциясының жалғасы болып табылады. Аумақтық әділет органдары (департаменттер) Әділет министрлігіне бағынады және оның тапсырмасы бойынша жұмыс істейді. Туындаған даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтындар негізінен солар.

Сонымен нотариалдық қызметте мемлекеттік-билікті, жария-құқықтық сипат бар, олай болса, негізгі субъекттер – нотариустар, өз түрлеріне қарамастан, қылмыстық заң тұрғысынан лауазымды тұлға болып табылады.

Аталып өткендей, мемлекеттік нотариустар сияқты жеке нотариустар да мемлекеттік функцияларды орындайды және Қазақстан Республикасының атынан әрекет етеді. Олай болса, неге, бір функция орындайтындардың біреуі лауазымды адам деп саналып ҚК-ның 13-тарауының нормалары бойынша, ал екіншісі – 8-тараудың баптары бойынша жауапқа тартылады [3].

Әділет министрлігі немесе оның тапсырмасы бойынша жергілікті әділет органдары берген өкілеттікті жеке нотариустардың теріс пайдалануы, алдымен, мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметін реттейтін қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық болып табылады, себебі олар сол аппараттың функциясын орындайды.

Біздің пікірімізше, жеке нотариустардың құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің қол сұғу объектілерін анықтау үшін олар орындайтын функциялардың сипатына мән беру керек, ал бұл функциялар мемлекет атынан, Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының тарапынан жүзеге асырылатын болғандықтан, бұл органдардың қалыпты қызметін реттейтін қоғамдық қатынастар осы қарастырылып отырған қылмыстардың негізгі объектісін құрайды.

Ондай қол сұғушылықтардың қосымша объектілеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қатынастардан басқа қоғамның, коммерциялық және өзге де ұйымдардың мүдделерін, меншік қатынастарын, лауазымдық өкілеттікті теріс пайдаланғанда жиі кездесетін әлеуметтік игіліктерді, салақтықты жатқызуға болады. Сол

себепті жеке нотариустың да, мемлекеттік нотариустың да өз өкілеттігін пайдаланып жасаған қылмыстарының орны ҚК-тің 13-тарауында болуға тиіс.

Таза кәсіби немесе техникалық міндеттер орындайтын мамандардың мемлекеттік басқаруға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілігі тураы мәселе даулы болып тұр. Қылмыстық құқық теориясынан білетініміз: егер маманға кәсіби міндеттерді орындаумен қатар ұйымдық-билікті немесе әкімшілік-шаруашылық функциялар жүктелетін болса, ол бұзылған жағдайда маман лауазымдық қылмыс үшін жауапкершілік көтереді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұл ережені әрқашан ескере бермейді. Сондықтан да ауруға көмек көрсеткені үшін сыйақы алған оқытушы лауазымдық қылмыс үшін жауапқа тартылады.

Қазіргі кезде бірдей міндет орындайтын мамандар жасаған бірдей әрекеті үшін, өздерінің жұмыс істеп жүрген ұйымдарының немесе мекемелерінің сипатына және меншік формасына қарай әртүрлі жазаланатын болды.

Бірақ барлық жағдайларда да, дәрігер болсын, оқытушы болсын, өз ұйымдарындағы жұмыс тәртібін бұзғанымен мемлекеттік басқарудың заңға сай практикасына қол сұқпайды, дегенмен көп жағдайларда экономика саласындағы қатынасты бұзады (мысалы, заңсыз сыйақы алады).

Пара, заңсыз сыйақы алудың түрі ретінде коммерциялық сатып алудан субъектінің ерекшеліктері бойынша ғана емес, бұзылған қатынастардың сипаты бойынша да басқаша. Пара, өзін саралауға әсер етпейтін, бірақ жазаның түрі мен мөлшерін анықтауда маңызы бар екі формада көрініс табады, олар: сатып алу және сыйақы. Сатып алу парасында беруші мен алушының арасында көрсетілетін қызмет орындалғанға дейін оның бағасы жайында сөз байласу болады. Төлем қай уақытта (пара берушінің пайдасына әрекет жасалғанға дейін немесе одан кейін) берілсе де бәрібір.

Сыйақы ретінде берілген пара қызмет көрсетіліп қойғаннан соң білдірген алғыс есебінде болады.

Коммерциялық сатып алуда заңсыз сый берудің мұндай формасы болмайды, себебі «сатып алу» терминінің өзі көрсетілетін қызметтің бағасы туралы алдын ала келісуді талап етеді.

Параны коммерциялық сатып алудан бөлектейтін белгіге ақыға көрсетілетін қызметтің көлемін жатқызуға болады. Пара алған адам өзінің қызметін міндетін тікелей орындау арқылы да, өз қызмет бабымен ықпал ету арқылы да әрекет етуі мүмкін.

Коммерциялық сатып алу пара алушының тек өз өкілеттігі шегінде ғана әрекет етуін көздейді. Қазір көптеген мекемелерде көпсатылы парақорлық жүйесі қалыптасқан, онда көрсетілетін қызметтің қаншалықты күрделі екендігіне және пара алушының лауазымына қарай тариф жасалған. Жылдар бойы қалыптасқан бұ технология парақорлықпен күресті қиындатуда, ал Заңнама ҚК-тің 417-бабын («Парамен коммерциялық сатып алуға не парақорлыққа арандату») енгізу бұл қылмыспен күреудің мүмкіндігіне күдік тудырып отыр.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік жүргізген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін жауапкершілікті қатайту керек екендігін көрсетті. Мысалы, «Сізде пара алу мүмкіндігі болды, бірақ оны не себепті алмадыңыз?» деген сұраққа респонденттердің 41,8% «қылмыстық жауапқа тартады деп қорыққандығымнан» деп жауап берген.

«Парақорлық, сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершіліктің қатайғанына келісесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 45,8%-ы «иә» деп жауап берген.

«Сыбайлас жемқорлықты не тоқтата алады?» деген сұраққа респонденттердің 48,6%-ы «қатаң қылмыстық жауапкершілік» деп жауап берген [3, 23 б.].

Сонымен, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық заңдар халықты да, құқық қорғау органдарын да қанағаттандырмай отыр, бұл жағдай назардан тыс қалуға тиіс емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волженкин Б.В. К вопросу о понятии должностного лица, как субъекта должностных преступлений // Советское государство и право .— 1991.— № 11.
2. Филимонов Ю . Нотариус — лицо должностное? //Российская юстиция. 1996.— № 9.— С.31.
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі.
4. Результаты исследований по вопросам в РК. Агенство по делам государственной службы РК.

**СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП ТЕКСЕРУДІ ҰЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУДЫ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Татранов Азамат Есенұлы

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор сотқа дейінгі тергеп тексеруді ұзу және қайта бастауды жүзеге асыруда қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді зерттеп, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Сот реформасы, Құқықтық мемлекет, Қазақстан Республикасы, іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу.

**ПРОБЛЕМЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ПРИОСТАНОВЛЕНИЯ СУДЕБНОГО
ПРОИЗВОДСТВА ПО ДЕЛУ И ПРЕРЫВАНИЯ СРОКОВ ДОСУДЕБНОГО
РАССЛЕДОВАНИЯ**

Татранов Азамат Есенұлы

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В данной статье автор исследует проблемы, касающиеся приостановления судебного производства по делу и прерывания сроков досудебного расследования и в связи с этим автор вносит предложения по совершенствованию действующего законодательства.

Ключевые слова: Судебная реформа, Правовое государство, Республика Казахстан, приостановление судебного производства по делу, прерывание сроков досудебного расследования.

**PROBLEMS CONCERNING THE SUSPENSION OF PROCEEDINGS IN THE CASE AND
BREAKING THE TERM OF PRE-TRIAL INVESTIGATION**

Tatranov Azamat Esenuly

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st Aiteke bi. 52

In this article the author examines the issues relating to the suspension of the judicial proceedings and interruption of pre-trial investigation in this connection the author makes suggestions for improving the current legislation.

Keywords: judicial reform, rule of law, the Republic of Kazakhstan, the suspension of the court proceedings, the interruption pre-trial investigation.

2016 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстан жаңа құқықтық және институттық орта жағдайында өмір сүруде - Д.Назарбаева 2016 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстан жаңа құқықтық және институттық орта жағдайында өмір сүруде. Адамның бәрі бірдей, сондықтан да, біздің елдің Ата Заңы бойынша бірде-бір адам жазықсыз жапа шекпеуі қажет. Ал оны қамтамасыз ете алатын тек сот ғана [1]. Осы айтылған ұлағатты сөзге сай қоғамдағы елдің қамын ойлайтын азаматтар және мемлекеттің барлық билік тармақтарының өкілдері құқықтық орта жағдайын өміріміздің барлық саласында құруы қажет, соның бір бөлігі сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізетін лауазымды адамдарға да қатысы бар деп есептейміз.. Қылмыстық процестің басты міндеттерінің бірі - қылмысты жедел әрі толық, объективті жасаған қылмыскерді әшкерелеу болса, осы міндеттерге қол жеткізу үшін алдын ала тергеудің нәтижелі жүргізілуінің маңызы өте зор. Ендеше аталған міндет,мақсаттардың орындалуының өзі қоғамдағы қылмыстылыққа тоқтау салудың шарты болады.Сондықтан да қылмыстық іс бойынша өндірісті толық аяқтаумен қатар, қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұру институттарының да алар орны ерекше. Қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтата тұру үшін де, қылмыстық процессуалдық заң талабына сәйкес келетін негіздер болуға тиіс. Осы қылмыстық процестің кодексінің 45-бабында көрсетілген әрбір негіздерді жіктеп,оның құқықтық және процессуалдық мәнінен ерекше сипат беруде теориялық ілімдерді меңгерумен қатар практикалық ерекшеліктерімен ұштастыра отырып, мазмұндаудың өзіндік мәні бар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестің Кодексінің 45-бабының 7-ші бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері мына жағдайларда үзіледі:

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмаған; күдікті, айыпталушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болған;

- күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған не олардың болатын жері басқа да себептер бойынша анықталмаған;

- күдіктінің, айыпталушының жүйкесінің уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқасы заңда көзделген тәртіппен куәландырылған;

- осы Кодекстің 59-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты процестің әрекеттер орындалған;

- хабарсыз кеткен адам табылмаған;

- күдіктінің, айыпталушының қылмыстық қудалаудан иммунитеттен айыру не оларды шет мемлекетке ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселені шешуге байланысты іске нақты қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайларда үзіледі.

- Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген кезде процеске қатысушыларды бұл туралы жазбаша хабардар етеді. Тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

- Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдері оларды үзуге негіз болған мән-жайлар жойылған кезден бастап қайта басталады, бұл туралы прокурор жазбаша хабардар етіледі.

Қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әрекеті деп табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды түсінген жөн [2]. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру институты-қылмыстық іс жүргізудің әрекеттерінің бірі болып табылады. Тоқтата тұрудың өзіндік ерекшеліктері,мәні,маңызы,занмен белгіленген негіздері мен тәртіптері қолданылған кезде, заңдылық қағидасы жүзеге асырылады. Алдын ала тергеудің мақсаты ол қылмыстардың тез және әрбір қылмыс жасаған әділ жазаға тартылуы үшін заңдарды дұрыс қолдану. Бұл қылмыстық оқиғаларын анықтау,белгілі бір тұлғаны оны жасауына қатыстылығы туралы дәлелдемелерді жинау және тексеру,осы тұлғаларды кінәлі ретінде жауапқа тарту және олардың соттық талдауда қатысуын қамтамасыз ету жолымен жетіледі.

Бірақ істерді тергеу процессінде, тергеуші айыпкерді қылмыстық процессте қатысуын қамтамасыз ете алмайтын жағдайлар кездесуі мүмкін. Бұндай жағдайда ол алдын ала тергеуді тоқтата тұруға құқылы. Юридикалық әдебиетте алдын ала тергеуді тоқтата тұру ол бір қатар себептерге немесе қылмыстық-процессуалдық заңмен көрсетілген жағдайларға байланысты уақытша үзіліс деген пікір ең кең тараған болып табылады. Бұндай ұғымдарға,тоқтата тұрудың мәні,тергеушінің дәлелдемелерді жинау және зерттеу әрекеті тоқтатылады, қылмыстық іс қозғаусыз болады деген тұжырыммен шектеледі, ал қылмыстық-процессуалдық заң жүйесін зерттеуі, алдын ала тергеуді тоқтата тұру өзгеше сипатта болатындығын корсетеді [3].

Алдын ала тергеу,тергеушінің дәлелденген қаулысымен тоқталы тұрады. Іс тоқтатылғанда, анықтау органдары, тергеушінің тапсырмасы бойынша айыпкерді іздестіруін жүргізеді, ал ашылмаған қылмыстар туралы істер бойынша, тергеу немесе анықтау үшін, шараларды қолдана береді, яғни анықтау органдарының әрекеті де алдын ала тергеуді тоқтата тұру этапының құрамдас бөлігі болып табылады. Осылай да алдын ала тергеуді тоқтата тұрудың заңдылығын қадағалайтын, тоқтата тұруға әкелген жағдайларды жоюға шаралар қолданылатын прокурор жөніндегі сұрақты шешеді. Ал сонымен қатар анықтау органына және тергеушіге қажетті іздестіру және тергеу әрекетінің өндірісі туралы жазбаша нұсқаулар береді, анықтау органдарға, тоқтатылған істер бойынша іздестіру шараларын қолдануын тапсырады. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік кодексі бойынша тоқтатылған істер, кінәліні іздестіру үшін немесе қылмыстарды алу үшін белсенді жұмысты қажет етеді. Тергеуді тоқтата тұру ұғымы өзгеше белгілі енгізу сұрағының тоқтатыла тұруынан кейін жүргізілетін және кінәлінің тұрағын және қылмыстың ашылуына бағытталған, тергеушінің, анықтау органының және прокурордың білімді әрекеті ретінде қарастырудың әрине маңыздылығы бар. Бұл ұғымның тиімді, оның құқықтық институтпен ара-қатынасын есепке алусыз толық емес болуы.

Мысалы, кейбір авторлар, тергеудің тоқтатыла тұруын, тергеу әрекетінің уақытша тоқтатылу ретінде түсінеді. Қылмыстық іс бойынша тергеу және басқа да процессуалдық әрекеттерден уақытша бас тартуы. Субъективтік (мысалы, тергеушімен жіберген созалаң және объективтік) маңызды куәгерлердің немесе жәбірленушілердің кетуі себептерге байланысты болуы мүмкін. Айтылған жағдайларда істі тоқтата тұру мүмкін емес, өйткені заң бұл жағдайларда, тоқтата тұрудың негіздер тізбегіне енгізбейді. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру институты, басқада кеңес қылмыс процесстің институттарды сияқты, әрбір қылмыстық іс бойынша ақиқаттың орындалуына бағытталынған, барлық қылмыстардың ашылуына, кінәлі тұлғалардың әшкереленіп, жазалуына көмектеседі. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру, барлық жағдайларда қажетсіз шара болып табылады, сондықтан да, зиянды көрсетілген жағдайлар бойынша тоқтата тұру, уақытша ғана емес, сонымен қатар тергеудегі мәжбүрлі үзіліс болып табылады. Сонымен, алдын ала тергеуді тоқтата тұру ол заңда көрсетілген жағдайларға байланысты туындаған қылмыстық істерді тергеудегі уақытша және мәжбүрлі үзіліс, бұл үзіліс мезгілінде тергеу әрекеттері жүргізілмейді, бірақ осы істі тоқтата тұруын туғызған кедергілер мен жағдайларды жойылуына бағытталған шаралар жүзеге асырылады. Айыпталушының мекен - жайының белгісіздігіне байланысты өндірістің тоқтатылуының бірінші негізі. Оның мәні, алдын ала тергеу органы, тергеуді заңмен орнатылған тәртіпте анықтай алмайды, өйткені кінәлінің қай жерде екені белгісіз [4].

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік кодексі бойынша алдын тергеуді мына жағдайларда тоқтатылады: Біріншіден,айыпталушы тергеуден немесе соттан жасырынып жүрсе және мекен жайы белгісіз болса. Екіншіден, айыпталушының тұрағы, басқа да себептерге байланысты анықталмаса. Тұлға тергеуден жасырынып кеткен категориясына жататын шарттар бойынша, юридикалық әдебиетте ортақ пікір жоқ. Қылмыстық құқық оқулығы бойынша, тұлға тергеуден немесе соттан жалтарған болып табылады, егер ол біреудің фамилиясымен немесе тіпті құжатсыз және пропискасыз

тұрғаның, жүйені орыннан – орынға көшкені анықталса. Бұл жағдайда айыпталушының тергеуден немесе соттан жасырынуы, адам қылмыстық жауапкершіліктен бұларды деп ойлауға негіз беретін бірқатар белгілер мен негіздерді. Сонымен қатар тұрған мекен-жайын ауыстыруы, тұлғаның жалған құжаттарды пайдалануы белгілі бір мақсатты көздеген екені қылмыстық жауапкершіліктен қашуы, тергеу немесе соттан жасырынып кетуін анықтау қажет. Қылмыстан жалтару әртүрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін: мекен-жайды жасырын ауыстыру, жалған құжаттар бойынша тұру, құжатсыз туысқандарда немесе таныстарда пропискасыз тұру және тағы басқа. Осының барлығы айыпталушының жағдайын заңсыз ретінде мінездейді. Яғни, тұлға тергеуден немесе соттан жасырын жүрген болып табылады, егер қылмыстық жауапкершілікке тартылуын біле тұрып, алдын ала тергеу органдарымен, оның тұрағын анықтауы қиындататын шараларды, қасақана түрде қолданады. Қылмыстық жауапкершіліктен жалтару үшін қолайлы немесе белсенді шараларды қолданбаған айыпталушы, тергеуден және соттан жасырынып жүрген тұлға ретінде қарастырылмайды. Осы категорияға сонымен қатар қылмыс жасағаннан кейін немесе қарулы күштерде қызметін аяқтағаннан кейін, мекен жайын, прописка ережелерін сақтай отырып ауыстырған тұлғалар кіреді. Айыпталушының науқасы, психикалық немесе басқа да ауыр науқасы, алдын ала тергеудің тоқтата тұрудың екінші негізі болып табылады. Заңда психикалық аурудың басқа да қылмыстық істің тоқтатылуына әкелетін психикалық ауруларды айыра алуға мүмкіндік беретін белгілер көрсетілмейді. Егер қылмыстық істі тергеу процессінде, тұлға қылмыс жасағаннан кейін психикалық аурумен ауырғаны және бұл ауру жан сезім аурулық уақытша ауруы болып табылады екені анықталады, қылмыстық іс айыпталушының сауығуына дейін тоқтатыла тұру керек. Істі басқа да ауыр науқасқа байланысты тоқтатқанда, аурудың мінезін немесе оның ауырлық дәрежесін анықтау керек. Бірақ, тәжірибеде тергеушілер кей жағдайда айыпталушының ауруы туралы хабарды алуымен ғана шектеледі және осы мәліметтерді анықтау және нақтылау үшін шаралар қабылдайды. Мысалы, айыпталушы өзінің қарамағында болған материалдық құндылықтарды ұрлап жасырынып кетті. Тергеу кезінде тергеуші айыпталушының жұқпалы ауру ауруханасында емделіп жатқалы туралы хабар алды. Осының негізінде ол қылмыстық істің мынандай дәлелмен тоқтата тұрды: «Осы қылмыстық істі тергеу барысында анықталған, кінәлі жұқпалы ауру ауруханасында емделіп жатыр, сол себепті тергеу заңмен көзделген мерзімдерде аяқтала алмайды». Бірақ істің зерттеуі, оның материалдарына аурудың мінезін, ауырлығын, әрі қарай дамуы туралы мәліметтер жоқ екенін көрсетті. Айыпталушының ауыр науқасы әртүрлі формаларда өтіп, әртүрлі жағдайларда өтіп, әртүрлі салдары бола алады. Кейбір аурулар созылмалы түрде бола алады және аурудың күшею кездерінен басқа қылмыстық істің тоқтатылу негізі болып санала алады. Айыпталушыны осы кезеңде қылмыстық процесске тарту мүмкіндігін жояды. Ақыры, қылмыстық іс, айыпталушы ретінде тартылатын тұлға анықталмаған жағдайда тоқтатылады. Ал қазіргі уақытта, тергеушіге қандай жағдай болмасын қылмысты ашу міндетін жіктеуі мақсатында енгізілген. Істі тоқтата тұру негіздерімен қатар, заң тоқтата тұру сұрағын шешкенде, міндетті түрде ашылатын шарттарды көрсетеді. Өзінің табиғаты бойынша, тоқтата тұрудың шарттары – ол тергеуші қылмыстық істі тоқтата тұру қаулысын шығарғанға дейін, белгілі бір процессуалды іздестіру әрекетін орындауды міндеттейтін заңды нұсқауы. Өздерінің мақсаттары бойынша, олар бір жақтан қылмыстық істің тоқтата тұруына әкелетін жағдайларды пайдалануына, екінші жақтан, бір тоқтата тұрудың негізділігін, заңдылығын қамтамасыз етуге көмектесуге арналған. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-ші бабында көрсетілген негіздер бойынша тергеуді тоқтата тұруынан бұрын, тергеуші айыпталушының жоқ болған жағдайда, өндіре алатын барлық тергеу әрекеттерді жасауға және де оның табу үшін, сонымен қатар, қылмыс жасаған тұлғаны анықтау үшін барлық шараларды қолдануға міндетті. Алдын - ала тергеуді, айыпталушы ретінде тартылуға жататын тұлға анықталмаған деген негіз бойынша тоқтата тұру, тергеушімен қылмыс жасаған тұлғаның табу үшін, барлық

мүмкіндіктер қолданылған соң ең соңғы жағдайда қолданылады. Алдын-ала тергеуді тоқтата тұру, тергеу органдарының барлық тырысушылықтарына, жасалған барлық тергеу шараларына қарамастан, осы уақытта қылмыстық сот өндірісінің мақсаттары орындалмайтын істер бойынша тоқтатыла алады. Сондықтан да барлық тергеу әрекеттері бітпей тұрып, алдын ала тергеуді тоқтата тұруға болмайды. Тергеуді тоқтата тұру болып табылады, егер осы тергеліп жатқан іс бойынша туындаған жағдайларды әрекеттерді жүргізсе. Юридикалық әдебиетте бұл ереже алдын ала тергеуді тоқтата тұрудың бірінші шарты деп аталады. Тергеуді тоқтата тұрудың екінші шарты көрсетілген істе қылмыстық белгілері бар, дәлелденген әрекеттің болуы. Егер тергеліп жатқан әрекет анықталмаған болса және оның қылмыстық штаты жоқ болса, онда іс тоқтата тұрмай өндіріс тоқтатылмайды. Үшінші жағдай заңда көрсетілген негіздердің біреуі болып табылады: Айыпталушының тұрғылығының белгісіздігі; Уақытша психикалық немесе басқа да науқас жағдайында; Қылмыс жасаған тұлға анықталмаған жағдайда. Жалпы шарттар әрбір қылмыстық іс бойынша, тоқтатылудың негізіне байланысты, міндетті түрде орындауға жатады: - Тұлғаны айыпталушы ретінде тартылғаннан кейін ғана істі бірінші немесе екінші негіз бойынша тоқтатуға рұқсат; -Тергеудің ,орнатылған мерзімінің анықталғанға дейін, істі бірінші- үшінші негіздері бойынша тоқтатуға тиым салу; -Істі екінші негіз бойынша тоқтатқан жағдайда, айыпталушының ауруын, міндетті түрде дәрігерлік мекемеде істейтін дәрігердің куәландыруы.

Алдын ала тергеуді қайтадан жалғастыру туралы айыпталушы мен қорғаушыға, сондай-ақ жәбірленушіге, оның өкліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, олардың өкілдеріне хабарланады. Сонымен, алдын ала тергеуді тоқтата тұру ол заңда көрсетілген жағдайларға байланысты туындаған қылмыстық істерді тергеудегі уақытша және мәжбүрлі үзіліс, бұл үзіліс мезгілінде тергеу әрекеттері жүргізілмейді, бірақ осы істі тоқтата тұруын туғызған кедергілер мен жағдайларды жойылуына бағытталған шаралар жүзеге асырылады. Алдын ала тергеудің мақсаты ол қылмыстардың тез және әрбір қылмыс жасаған әділ жазаға тартылуы үшін заңдарды дұрыс қолдану. Бұл қылмыстық оқиғаларын анықтау, белгілі бір тұлғаны оны жасауына қатыстылығы туралы дәлелдемелерді жинау және тексеру, осы тұлғаларды кінәлі ретінде жауапқа тарту және олардың соттық талдауда қатысуын қамтамасыз ету жолымен жетіледі. Бірақ істерді тергеу процесінде, тергеуші айыпкерді қылмыстық процессте қатысуын қамтамасыз ете алмайтын жағдайлар кездесуі мүмкін. Бұндай жағдайда ол алдын ала тергеуді тоқтата тұруға құқылы.

Біздің пікірімізше, қолданыстағы заңнаманың мәтіні орыс тілдегісі мен қазақ тіліндегісі тең делінген, бірақ, ҚР Қылмыстық процесстік кодекстің 45 бабының 7-ші бөлігі әртүрлі құрастырылған, бұл өрескел қате, бұны тез арада жою қажет деп есептейміз, сондықтан, оның мына редакциясын ұсынған дұрыс деп санаймыз, яғни: Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік Кодексінің 45-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері *«мына жағдайларда үзіледі»* деп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамның» орындалу барысы 2016 жылғы 9 шілде <http://www.new.inform.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Астана, Ақорда, 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ
3. Юридический энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, 1984, 257-бет. II.2.
4. Төлеубекова Б.К. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Алматы, 2012.

МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ СІЯҚТЫ ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕ

Тлегенов Марат Саясович

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Каирова Нелля Имамуратовна

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада жаңа көзқарас ұғымына мүлікті тәркілеу шаралары ретінде қылмыстық ықпал ету.

Түйінді сөздер: қылмыстық жаза мүлікті тәркілеу, қылмыстық ықпал ету.

К ВОПРОСУ О КОНФИСКАЦИИ ИМУЩЕСТВА КАК МЕРЫ УГОЛОВНО-ПРАВОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ

Тлегенов Марат Саясович

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Каирова Нелля Имамуратовна

Профессор, кандидат юридических наук Казахско-Русского Международного университета

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52

В данной статье рассматриваются новые подходы к понятию конфискации имущества как меры уголовно-правового воздействия.

Ключевые слова: уголовное наказание, конфискация имущества, меры уголовного воздействия.

CONFISCATIONS OF PROPERTY AS MEASURES OF CRIMINAL INFLUENCE

Tlegenov Marat Sayasovich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kairova Nellya Imamuratovna

Professor, Candidate of Juridical Sciences of Kazakh-Russian International university

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article the new going is examined near the concept of confiscation of property as measures of criminal influence.

Keywords: criminal punishment, confiscation of property, measure of criminal influence.

С 1 января 2018 года вводится в действие статьи 48 УК РК, такого вида наказания как конфискация имущества. Ранее, до введения нового Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года, понятие конфискации имущества было только дополнительным наказанием, но теперь впервые применяется также по решению суда как мера уголовно-правового воздействия.

Расширяя применение конфискации имущества как меры уголовно-правового воздействия, имплементированного в соответствие с международными Конвенциями о борьбе против коррупции, с терроризмом, с отмыванием преступных доходов, конфискацию

имущества как меру уголовного наказания следует отличать от конфискации имущества как меры правового воздействия. Общими признаками рассматриваемых определений конфискации имущества являются: принудительность конфискации, безвозмездность конфискации, поступление имущества в результате конфискации в собственность государства.

Согласно статьи 48 УК РК конфискация имущества – это есть принудительное безвозмездное изъятие и обращение в собственность государства имущества, находящегося в собственности осужденного, добытого незаконным путем либо приобретенного на средства, добытые незаконным путем, а также имущества, являющегося орудием или средством совершения уголовного правонарушения. Из данного определения и содержания наказания в виде конфискации имущества следует, что принудительному безвозмездному изъятию и обращению в государственный доход подлежит имущество осужденного:

- добытого незаконным путем;
- приобретенного на средства, добытые незаконным путем;
- орудия или средства совершения уголовного правонарушения [1].

Согласно же части второй данной статьи уголовного закона, конфискации подлежат деньги и иное имущество:

- 1) полученные в результате совершения уголовного правонарушения, и любые доходы от этого имущества, за исключением имущества и доходов от него, подлежащих возвращению законному владельцу;
- 2) в которые имущество, полученное в результате совершения уголовного правонарушения, и доходы от этого имущества были частично или полностью превращены, или преобразованы;
- 3) используемые или предназначенные для финансирования или иного обеспечения экстремистской или террористической деятельности либо преступной группы;
- 4) являющиеся орудием или средством совершения уголовного правонарушения;
- 5) переданное осужденным в собственность других лиц [1].

Если конфискация определенного предмета, входящего в имущество, указанное в частях первой и второй 48 статьи, на момент принятия судом решения о конфискации данного предмета невозможна вследствие его использования, продажи или по иной причине, по решению суда подлежит конфискации денежная сумма, которая соответствует стоимости данного предмета.

Конфискация имущества применяется с целью лишения виновного имущества, полученного в результате совершения правонарушения, восстановления отношений собственности и нормальной экономической деятельности, устранения экономических основ терроризма и организованной преступности, изъятия орудий и иных средств совершения преступлений, обеспечения возмещения ущерба, причиненного преступлением.

В случаях, предусмотренных разделом 15 УПК РК, конфискация имущества может применяться по решению суда как мера уголовно-правового воздействия.

Таким образом, из нормы данного закона следует, что в случае установления судом, что имущество было продано, использовано, то подлежит конфискации денежная сумма, которая соответствует стоимости данного предмета.

По мнению судьи Е. Арипова [2] законодатель четко не указал о необходимости в уголовном деле актов ревизий, оценки специалистов, наличия соответствующих экспертиз, на основании которых суду необходимо определить стоимость имущества, подлежащего конфискации, поскольку конфисковать определенные предметы невозможно вследствие их использования или продажи при вынесении судом решения, а лишь ссылаясь на статью 113 УПК в досудебном производстве о конфискации, доказыванию подлежит следующее:

- 1) принадлежность имущества подозреваемому, обвиняемому или третьему лицу;

2) связь имущества с преступлением, являющимся основанием для применения конфискации;

3) обстоятельства приобретения имущества третьим лицом, либо дающие основание полагать, что имущество приобретено в результате правонарушения.

В случае установления обстоятельств, свидетельствующих о сокрытии подозреваемым, обвиняемым имущества путем его переоформления на других лиц, лицо, осуществляющее досудебное расследование, обращается к прокурору с ходатайством о решении вопроса об обращении в суд в интересах государства или потерпевших по уголовному делу с иском о признании недействительными сделок (купли-продажи, дарения, передачи в аренду, доверительное управление и других) в порядке гражданского судопроизводства.

Признав, что в производстве о конфискации собраны достаточные доказательства о том, что имущество получено незаконным путем, лицо, осуществляющее досудебное расследование, составляет заключение. Прокурор, рассмотрев заключение, обращается с ходатайством о конфискации в суд, которому подсудно уголовное дело о преступлении, расследуемое органом уголовного преследования.

Суд по результатам рассмотрения ходатайства о конфискации выносит постановление, при вынесении которого, судом разрешаются следующие вопросы:

1) связано ли имущество подозреваемого, обвиняемого с преступлением, являющимся основанием для конфискации, в случаях, предусмотренных статьей 48УК РК;

2) приобретено ли имущество третьего лица способом, предусмотренным статьей 48УК РК;

3) подлежит ли применению конфискация и к какой части имущества она должна быть применена;

4) как поступить с арестованным или изъятым имуществом, в отношении которого не применяется конфискация;

5) каков размер расходов на производство о конфискации и на кого они возлагаются [3].

Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 25 июня 2015 года № 4 «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания» дает следующее разъяснение не подлежат конфискации:

1) имущество, необходимое осужденному или лицам, находящимся на его иждивении, согласно перечню, предусмотренному уголовно-исполнительным законодательством;

2) деньги и иное имущество, легализованные в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества», в случае, если они получены в результате совершения уголовного правонарушения, по которому этим же Законом предусмотрено освобождение от уголовной ответственности [4].

Положения пункта второго части пятой статьи 48 УК РК не применяются к вступившим по состоянию на 1 сентября 2014 года в законную силу судебным актам, а также не распространяются на легализованное имущество и деньги, которые не подлежали легализации.

При этом при конфискации имущества государство не отвечает по долгам и обязательствам осужденного, если они возникли после принятия органами дознания, следственно-прокурорскими, судебными органами мер по сохранению этого имущества и при том без согласия этих органов. В отношении претензий, подлежащих удовлетворению за счет конфискованного имущества, государство отвечает лишь в пределах актива, при чем в отношении очередности удовлетворения претензий соблюдаются правила, установленные гражданским процессуальным законодательством.

Кроме того, изучение норм действующего уголовного закона показывает, что конфискация имущества применима по любому уголовному делу.

В связи с чем, возникает вопрос: есть ли необходимость указывать в законе конкретный исчерпывающий перечень правонарушений, за совершение которых может быть применена конфискация имущества, чтобы исключить в дальнейшем возникновение ряда вопросов. Стоит ли применять, например, конфискацию имущества в случае совершения правонарушения по неосторожности. Не урегулирован еще и порядок исполнения судебного акта о конфискации имущества.

В этой связи необходимо законодательно запретить конфискацию легализованного имущества, поскольку в настоящее время государство принимает ряд мер для стабилизации экономики, проводит легализацию имущества и денежных средств.

Список использованной литературы:

1. Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями от 28.12.2016 г.)
2. Арипов Е. Конфискация имущества как мера уголовно-правового воздействия. *Zakon.Kz.* от 23.11.2015г. // <http://www.zakon.kz/4761969-konfiskacija-imushhestva-kak-mera.html>
3. Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V(с изменениями и дополнениями от 10. 02.2017)
4. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 25 июня 2015 года № 4 «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания»// sud.kz

АЛҚАБИЛЕР ИНСТИТУТЫН ҚҰРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тулбаев Руслан Мерекеевич

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор алқабилер институтын құрудың құқықтық және әлеуметтік мәселелерін қарастыра отырып, қолданыстағы жаңа заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Сот реформасы, Құқықтық мемлекет, Қазақстан Республикасы, Алқа билерінің қатысуымен сот ісін жүргізу.

ПРАВОВЫЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЗДАНИЯ ИНСТИТУТА ПРИСЯЖНЫХ ЗАСЕДАТЕЛЕЙ

Тулбаев Руслан Мерекеевич

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор рассматривает правовые и социальные проблемы создания института присяжных заседателей и в связи с этим автор вносит предложения по совершенствованию действующего законодательства.

Ключевые слова: Судебная реформа, Правовое государство, Республика Казахстан, судебный процесс с участием присяжных заседателей.

LEGAL AND SOCIAL ISSUES OF THE INSTITUTE JURORS

Tulebaev Ruslan Merekeevich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

This article author consider legal and social problems of creation of jury trials and in this connection the author makes suggestions for improving the current legislation.

Keywords: judicial reform, rule of law, the Republic of Kazakhstan, the trial by jury.

Бүгінгі таңда демократиялық даму, сот билігі жүйесін нығайту мақсатында бұрынғы дана, шешен билеріміздің өнегесін жалғастыра отырып, еліміздің сот жүйесіне алқабилер институтын енгізу – заман талабына сай маңызды мәселеге айналды.

Алқабилер институтын енгізу мүмкіндігі Қазақстан Республикасы Конституцияның 75-бабының 2-бөлігінде: «Заңда көрсетілген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады» [1].

Елбасы 2005 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елімізде сот билігін алқабилердің қатысуымен жүзеге асыру керектігін міндеттеп атап өткен болатын. Сотталушының, айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігін анықтау мәселелерін қарау кезінде кәсіби судья мен алқа заседательдері бірігіп жүзеге асыру үшін алқабилердің

қатысуымен өтетін соттың құрылықтық жүйесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағына сәйкес енгізілді.

Ал, Қазақстан Республикасы үшін құрылықтық және классикалық үлгілерді саралай отырып, шетел үлгілерін нақ солай көшірмей, біздің қоғамымыздың ерекшеліктеріне лайықты, қолайлы жүйені таңдау маңызды. Бұл жөнінде еліміздің белгілі заңгерлері бұқаралық ақпарат құралдарына сан рет пікірлерін де білдірді.

Жалпы, әлемде сот ісін жүргізудің бірнеше үлгілері бар екендігін бізге мәлім. Олардың қатарына: классикалық немесе англо-американдық, франко-германдық немесе құрылықтық үлгілерді жатқызуға болады. Бұл ретте құқықтық жүйесінің дамуы жөнінен көптеген шетел мемлекеттерінде алқабилер соты тиімді түрде жалғасын тауып келеді. Австралия, Дания, Бельгия, Испания, Норвегия, Швейцария секілді елдерде құрылықтық жүйе бойынша іс қараудың тәсілдері пайдаланылуда.

Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, бүгінде кейбір елдер алқабилер сотының классикалық үлгісінен бас тартуда. Мысалы, Францияда халық заседательдерінің өзіндік мәні болса да, іске шеффендердің құқығында (кәсіби судьямен бірыңғай алқа) қатысуы орын алған. Германияда жеке шеффендердің ұлттық институты құрыла отырып, аудандық соттарда судьямен бірге халық өкілдері де алқа заседательдері құқығында емес, алқа заседательдерінің қатысуымен қаралады деп көрсетіледі.

Ұзақ пікірталастар мен талқылаулардан кейін біздің еліміз үшін құрылықтық жүйе лайық деп табылды. 2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» Заңға қол қойылды. Ол Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енеді. Алқабилер соты дегеніміз – заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның кінәлі не кінәсіздігі туралы ар-ұятқа жүгіне отырып кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады. Ресей ғалымы М.И.Календаров: «Алқабилер тікелей сот актісін шығаруға қатыспайды, олар оны жазбайды және оған қолдарын қоймайды бірақ қылмыс жасаудағы айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі тураы ішкі сеніммен кәсіби судьяның қатысуынсыз өз бастамаларымен кесім шығарады» - деп көрсетеді. Яғни, ар-ұятқа сүйене отырып, өзінің көзқарастары мен өмірлік тәжірибесінің негізінде шығарады.

Жалпы, алқабилер деп тиісті ценздік жағдайлардағы талаптар сақталған, қабылданға тізімдегі адамдар санынан тұратын, таңдалып, тағайындалатын тұлғалар тобын айтуға болады. Алқабилерді тағайындау мәселесі де терең қарастыруды талап етеді.

Билер мемлекеттік тілді толық меңгерген, жоғары зерделі, ойлы, жан-жақты, білімді, өмірден түйгені мол, ұйымдастырушылық қабілетке ие, парасатты, шешен әрі жасанды мінез-құлықтан жат, жалған әрекеттерге жол бермейтін, өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын, ел мүддесін ойлайтын, тиісті тексерістен өткен тұлғалар болуы қажет.

Алқабилер міндетін атқару - әрбір тізім бойынша тағайындалған азаматтың міндетті борышы. Сондықтан әрбір сайланушы алқаби әділ сот билігін жүзеге асыруға өз үлесін қосып, мемлекет тарапынан жүктелген міндетке құрметпен қарауы керек.

Былтырдан бастап Қазақстанның сот жүйесіне алқа билер институты енгізіліп, құқықтық реформа жолындағы қадамдар одан әрі жалғасуда. Ел азаматтарының конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамсыз етудегі демократиялық жаңа үрдіс пайда болды. Ендігі мәселе халық өкілдері тоғысқан алқа билер сотын әділеттіктің алдаспанына айналдырып, оның құрамын жаны да, ары да таза, өмірлік білімі мен тәжірибесі мол адамдармен толықтыруға кепіл тіреледі.

Елімізде алқа билер институты енді ғана қолға алынып жатқандықтан, кемшіліктердің кездесуі әбден мүмкін. «Көш жүре түзеледі» демей ме? Өз арнасына түскеннен кейін олқылықтардың орны әлі-ақ толығып кетеді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесін құру мен басқару саласында сот реформасы жедел қарқынмен жүргізіліп келеді. Соның бір дәлеліндей алқа билер институтын енуі сот билігінде демократиялық қадам жасаудың негізі болып табылады.

Алқа билер сот – отандық әділсот тарихындағы елеулі жаңалық. Бұл -халықтың сот билігіне араласудың бірден бір мүмкіндігі. Сондықтан бұған ерекше көңіл бөлініп, конституциялық норманы іске асыру барысында біраз жұмыстар атқарылды. Оның үстіне сот ісіне халық өкілдерін қатыстыру және оған көпшіліктің бақылауын ұйымдастыру демократиялық қоғамның бір көрінісі. Алқа билер жүйесі жаңа әрі күрделі нысандағы институт. Мұндай институт сыртқы әсерлерден тәуелсіз болуы шарт. Ол мемлекет пен халық ортасындағы көпір, сондықтан елімізде билікті жүзеге асыруға азаматтарды тарту қоғамды демократияландыру тәсілдерінің бірі. Осы институт субъектісі болып табылатын алқа билер істерге қатысу кезінде судьямен бірдей тең құқықтарға ие болады. Тарихтан бастау алатын билер соты көне заманнан жалғасын тауып келеді.

Конституцияда көзделген сот әділдігін алқабилердің қатысуымен атқару қағидатын іс жүзіне асыру алдымыздан міндет болатын. Осыған байланысты қылмыстық құқықты одан әрі ізгілендіру мақсатында алқа билердің әлемдік тәжірибедегі озық үлгілері жете зерттеліп біздің құқықты одан әрі ізгілендіру мақсатында алқа билердің әлемдік тәжірибедегі озық үлгілері жете зерттеліп, біздің қоғамға лайықтысын таңдап алуда көптеген ғылыми-тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылды. Ерекше бір атап айтар жәйт – Елбасының қалауымен «алқа билер» деп термин сөздің құқықтық заңнамалардан түпкілікті орын алуы. Ана тілімізде ғасырлар бойы қаыптасып, билер соты құрылған ежелгі заманнан бері жадымызда жатталып, әбден құлақсінді болған «алқа» және «билер» деген екі сөздің бірігіп, бір атауға айналуы халықтың көңіліне қонымды, жүрегіне жылы тиді. Өйткені, Қазақ елінің қоғамында билік айтуға қақысы бар әр талапкердің алқалы отырысқа қатысуына билер соты ешқашан шектеу қоймаған.

Бұл термин «присяжный, заседатель» деген қажеттілігі алғаш рет 1998 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына енгізілген өзгерістерде қылмыстық істерді алқа билердің қатысуымен қарау көрсетілген еді.

Соның негізінде жан-жақты сарапталған ұсыныс-пікірлер мұқият талқыланып, «Алқа билер туралы» заңның жобасы 2003 жылы-ақ дайын болды. Дегенмен, бұл мәселе бойынша белгілі бір тұжырымға келу әлі ерте болатын. Ол үшін алдымызда алқа билерге тән екі үлгінің бірін таңдап алу жауапкершілігі тұрды. Еліміздің сот тарихына көз жүгірткен адам кеңестік дәуірде халық заседательдер сот процесіне үнемі араласқанын жақсы біледі. Ал біз өзіміз құрып жатқан құқықтық мемлекеттегі тәуелсіз сот билігінің басты талабы ретінде, яғни адам құқықтары мен бостандығын шынайы қорғайтын, қылмыстық құқықты барынша ізгілендіретін, кеңес заманындағы халық өкілдеріне мүлдем ұқсамайтын алқа билер институтын көзделді. Сөйтіп, алдымен алқа билер институтын құқықтық жағынан кең тұрғыда зерттеп, әлемдік қолданыстағы үлгілерді кешенді түрде зерттеу еліміздегі сот жүйесін дамытудағы құқықтық тұжырым жобасына сай жүргізілді. Алқа билер институтының барлық елдерге кеңінен тараған құрылықаралық және англо-саксондық үлгілерінің біздегі құқықтық жүйеге тиімді келетін тұстары мұқият талқыланды. Алқа билер институтын жан-жақты зерттеу жұмыстары ұстанған тұжырымды тиянақтауда зор маңызға ие болды. Әсіресе, көрші Ресеймен тығыз байланысты болып, Республика судьяларының үлкен тобы тағылым алып қайтты. Бұған қоса Германия, АҚШ, Ұлыбритания; Франция сияқты елдердегі қылмыстық сот ісіне алқа билердің қатысуын үнемі зерттеп жүрді. Осындай ауқымды жүргізілген тындырымды жұмыстардың арқасында алқа билер сотының қызметі мен оның сот өндірісіне беретін тиімділігі анықталды. Бұл ретте біздің елімізге етене жақын келетін роман-гермен құқықтық жүйесінің неғұрлым үйлесімді екені тарихи тұрғыдан тағы бір дәлелденді. Өйткені, осы жүйедегі мемлекеттің бірі Фрнация алқа билердің құрылықаралық үлгісін ұстанады. Бұл елдегі сот өндірісіндегі қылмыстық істерді жеребе арқылы анықталған тоғыз алқа билер және кәсіби үш судья қарайды. Сот шешімі алқа билердің және судьялардың қатысуымен кеңесу бөлемсінде көпшілік дауыспен қабылданған соң, сот тергеуінің нәтижесі бойынша сотталушының кінәсі толық анықталып, оған тиісті

үкімін шығарады. Мысалы Франциядағы алқа билерді сот ісіне қатыстырудың үлгісі бір жағынан сот әділдігін атқаруға халық өкілдерін қатыстыруға толықтай мүмкіндік туғызып, оны бақылауды өздері қамтамасыз етеді. Ал екінші жағынан соттың кәсіптік деңгейі мүлтіксіз сақталады. Нәтижесінде сот шешімінің заңды әрі негізді болуына кепілдік береді. Аяғында Жоғары сот пен Әділет министрлігі дайындаған алқа билердің құрылықаралық үлгідегі заң жобасын Президент жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия мақұлдап, өмірге жолдама берді. Сот әділдігін жүзеге асыруды әртүрлі деңгейдегі халық өкілдері арасынан алқа билерге лайықты азаматтарды таңдап алуды қамтамасыз ету – ең жауапты да маңызды мәселе.

«Алқабидің міндетін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін». Міне ақ қағазға қара қалам ұшымен жазылған осы ант 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының сот жүйесіне қара қылды қақ жарған кәсіби судьялармен қатар абыройы мен ынсабы, адамгершілігі мен парасаттылығы, иманы мен инабаттылығы алдыңғы қатарда тұратын, өмір заңы заңы бойынша ой түйетін алқабилерді алып келмек [2].

Алқаби – демократия қағидаларының жарық көрінісі, яғни мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылады.

Қылмыстық сот процесінде алқабилердің әділдікті орнатудағы бірден-бір қаруы – ұшқыр, таза ой, өмірлік білім мен тәжірибе, себебі «таза ой» кәдуілгі қалыпты адамның парасаттылығы, қолайлы ақыл-ойы, өмірлік даналығы.

Атақты ұлы тұлға Т.Фуллер «егер қаз сотталушы болса, онда түлкіге алқабилер арасында орын жоқ», - деген. Сонда алқабилердің тоғыз қос жанары қылмыстық сот процесінде болып жатқан адам тағдырын өздерінің ой елегінен өткізіп қана қоймай, жалғандық пен әділетсіздікті анықтап, оны әшкерелеп, ақиқаттың орнаныуына өз септігін тигізері хақ.

Қылмыстық дәлелдемелер өмірден алынады. Бұл дерексіз дәлелдер емес, болмыс, шындық. Өмірлік білімнің арқасында тоғыз мүшеден тұратын алқабилер шындықты өтіріктен айыруға көмектесетіні дұрыс, толыққанды нақты сұрақ қою арқылы осы процеске қызығушылығы бар мүдделі тұлғалардың жалған дәлелдемелер келтіруіне тойтарыс береді. Бұл әрине бір ғана ой, бір ғана пікір.

Конституция талаптарына сай сот ісіне араласа бастайтын білімді де, беделді азаматтардың жаңа құрылымын бірде алқа заседательдері десек, енді бірде халық өкілдері алқа билері деп атап жүр.

Тарихтан дана халқымыздың сотсыз, түрмесіз, тіпті ешбір құқық қорғау мекемесінсіз-ақ ғасырлар бойы кең сахарада темірдей тәртіпке ие болғаны белгілі. Билеріміз дау-дамайды алысқа ұзатпай-ақ жалғыз ауыз сөзбен шешіп, ақ пен қараның ара-жігін ажырата білген. Әрине, кешегі өткен би мен бүгінгі жоғары білімді құқық қорғау қызметкерінің арасында жер мен көктей айырмашылықтың бар екендігін ұмытуға болмайды. Сол себептен де соңғы жылдары көптеген беделді заңгерлеріміз бұл мәселе турасында баспасөз бетінде өз пікірлерін ортаға салып жүр. Қылмыстық сот ісіне алқа заседательдерінің билердің қатысуы белгіленген.

Елбасының тапсырмасы бойынша Жоғарғы Сотта алқа заседательдері тұжырымдамасы әзірленді. Ресей, Швеция, Алмания, Франция, АҚШ және басқа да мемлекеттердің бұл жөніндегі тәжірибелері зерттелді. Өткен тарихқа үңілсек адамзат алқа заседательдерін бірде қолдап, бірде олардан бас тартып отырған. Десек те, күні бүгінге дейін адам тағдырын қорғаудың одан асқан әділ түрі табылмай келеді.

Тарих қойнауынан бастау алатын алқа заседательдері көне заманнан бері адам тағдырын шешуге араласып, оны жөнсіз жазадан қорға отырған. Бізге олардың екі түрі

жеткен: бірі алқа заседательдерінің классикалық түрі, екіншісі алқа заседательдерінің кеңейтілген түрде сот ісіне араласуы.

Бүгінде алқа заседательдері АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Канада, Австрия, Бельгия, Дания, Ресей тағы да басқа елдердің сот тәжірибесінде кеңінен қалыптасып отыр. Ұлыбритания мен АҚШ-та алқа заседательдері қылмыстық іс жүргізуімен қатар азаматтық іске араласады. Ұлыбританияның 1215 жылғы Ұлы хартиясынан бастап адам тағдырын шешуге белсене араласқан алқа заседательдерінің мол тәжірибесін күні бүгіндері әлемнің басқа мемлекеттері де пайдаларына жаратып отыр [3].

Ресейде алқа заседательдері 1864 жылғы реформадан соң кейбір өзгерістермен Қазан революциясына дейін сот ісінде қолданылып, 1993 жылғы 16 шілдеде қайта заңдастырылды. Ол алғашқы жылдары Ресей Жоғарғы Кеңесінің шешімімен тоғыз өлке мен облыстардағы сот ісіне араласса, қазір біртіндеп жаппай қолданысқа айналып келеді. Бұл елде алқа заседательдері өлкелік, облыстық, федералды жағдайдағы қалалық соттар ісіне араласа отырып, мемлекеттік опасыздық, қарулы төңкеріс, қарақшылық, жансыздық, зұлмат және жауаптылықты ауырлататын кісі өлімін қарайды.

Алқа заседательдеріне қанша жастан бастап сайланады деген мәселе төңірегінде де айтар әңгіме аз емес. Ресейде ақыл-есі түзу, бұрын сотталмаған, сайлауға құқығы бар 25 жасқа толған азаматтар іріктелініп алынса, бұл жас АҚШ-та кәмелетке толған 21 жас, ал Францида 30 жас деп белгіленген. Ал біздің мемлекетімізде азаматтардың бұл іске кемеліне жетіп, ақыл тоқтатқан 30 жастан бастап араласады.

Бұл жерде бұрынғы соттарға халық өкілдерін сайлағандай ізбен кетпей, керісінше бақа мемлекеттердің тың тәжірибесін негізге ала отырып, алқа заседательдігіне өкілетті, атқарушы органдар басшыларын, олардың орынбасарларын, заңгерлерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, ақыл-ойы кеміс адамдарды, жасы ұлғайған азаматтарды сайламайды.

Алқа заседательдерін қылмыстық сот ісін жүргізуге араластыруды құп санайтын көптеген заңгерлеріміз оған біздің қоғамымызда, азаматтарымыз да біршама дайын деп есептейді. Тек оны жүзеге асыру үшін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, қаражат мәселесін шешіп алсақ жетіп жатыр. Ал керісінше бұл іске сенімсіздікпен қарайтындар асығыстық қажет емес екендігін айтып, сот ісіне білікті мамандар ғана араласқанын жөн деп санайды. Алайда саяси-әлеуметтік ортаның өзгеруі, мемлекетіміздің демократия жолындағы қол жеткізген жетістіктері және бүгінгі заман талабы алқа заседательдерін пайдалануға барлық мүмкіншіліктің бар екендігін көрсетеді.

Әңгімеміздің басында алқалы сот заседательдерінің екі түріне тоқтап өттік. Классикалық англосаксон түрінде алқа заседательдері қылмыскердің жазықты немесе жазықсыз екендігі туралы жеке шешім қабылдайды, ал неміс және француз сотында алқа заседательдері білікті соттармен бірігіп отырып бірегей өкім шығарады. Төл тарихымызда билердің халықпен кеңесіп шешім қабылдап отырғаны белгілі. Олай болса бізге алқа заседательдерінің екінші түрі қолайлы.

Алқа заседательдерінің жалпы саны қанша болуы керек деген мәселеде тағы да сол неміс тәжірибесін негізге ала тырып, өлім жазасына кесілген немесе оны жыл бас бостандығынан айыруғасотталғандар тағдырын шешуге төрт алқа мүшесін қатыстырсақ жетіп жатыр. Ал АҚШ, Англия және Ресей мемлекеттері алқалы сот мүшесін он екіден белгілеп, оның екеуі кейінірек араласуға дайын болуы қажет деп есептейді [4].

Алқа заседательдерінің санынан гөрі сапасының, білімді, адамгершілік қасиеттерінің жоғары болуы дау тудырмайтын мәселе. Олар сотқа қалай шақырылады, қызметтеріне сол мезгілде қалай босатылады. деген сауалдың әзірге басы ашылмай отыр. Сондықтан көршілес Ресей мемлекетінің тәжірибесін негізге ала отырып, алқа заседательдерін сот ісіне араластыруды біртіндеп жүзеге асырған тиімді болар еді.

Әрине, алқа заседательдерін тез арада қажеттілікке айналдыра қою оңай іс емес. Оны тәжірибе жүзінде жетілдіріп, заңдастырдық. Алқа билер туралы арнайы заң қабылданды және Қылмыстық іс жүрізу кодексіне бір тарау енгізілді. Сөйтіп, Конституция талабына сай болуын қамтамасыз етілді.

Сонымен алқабилер сот жүйесінің тәуелсіз мемлекеттік билік құрылымына айналуына, заңдылықтың сақталуына, ең бастысы азаматтарымыздың конституциялық мәртебесіне ешкімнің қол сұқпасына кепіл болары сөзсіз.

19 баптан тұратын «Алқабилер туралы» Заңда бірталай мәселелер қамтылыпты. Онда мәселен, алқабидің мәртебесі, алқабилікке кандидаттардың тізімдерінің қалай жасалатыны, кімдердің алқабиді бола алатыны, кімдердің бола алмайтындығы, алқабилердің құқықтары мен міндеттері, олардың іс-әрекетіне қойылатын шектеулер т.б. нақты-нақты айтылған.

Бұл айтылып отырған шектеулердің бәрі логикаға, қисынға келеді. Көңілге қонады. Сот пен прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тізімге енгізілмейді деуі алқабилер үкім шығарғанда қолында сондай билігі бар, осы салаға қатысты адамдардың ықпалы мен қысымы болмауы тиіс деген ойдан туса керек. Яғни барынша объективтілікке ден қоюдың амалы.

Сондай-ақ, алқабилікке ұсынылғанда азаматтардың ұлтына, нәсіліне, тілі мен дини наным- сеніміне, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайы мен мүмкіндігіне қарамайтындығы айтылған. Мұнысы да заңның демократиялық сипатының көрінісі.

Аталған заңның 13-бабында алқабилердің құқықтары мен міндеттері және істі қарау барысында оларға қойылатын кейбір шектеулер қамтылып, көрсетілген.

Ол бойынша алқабиге төрағалық етуші арқылы сот процесіне қатысушылардың кез келгеніне сұрақ қоя алады. Заттай дәлелдемелерді, құжаттарды, жерді және үй-жайларды қарауға, сот тергеуіндегі басқа да іс-әрекеттерге қатысуға құқылы.

Бұларға қоса, бірқатар талаптар мен міндеттерді сақтауы тиіс. Мысалы, оған тыңдау кезінде сот залынан кетуге, істі тыңдау барысында төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот құрамына кірмейтін басқа адамдармен іс бойынша сөйлесуге болмайды.

Осы баптың аяғында былай делініпті: Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ, осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады [5]. Осындағы соңғы жолдар субъективизмге апарып соқпай ма? – деген қауіп бар. Сондықтан тек төрағалық етуші емес, сонда отырған бүкіл алқабилер құрамы кеңесіп, талқыға салып шешсе жөн болар еді деп ойлаймыз. «Көш жүре түзеледі» демекші, бұл заңның заманның талабына қарай әлі де толықтырылып, түзетілетін шығар.

Біздің еліміз қабылдаған үлгі бойынша істі тек судья және тоғыз алқабиден тұратын барлығы он бір кісілік құрам қарайтын болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Әлгі айтылған алқабилердің құрамы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 58-бабының екінші тармағында қамтылды.

Өткен замандарда классикалық далалық билер сот қалыптастырған біздің халық «кеңесіп пішкен тоң келте болмас» деп билік пен төрелік айтудың ұжымдық үлгісін еш уақытта теріс көрмей, қайта оны құптап отырған.

Сол себепті де қоғамның бір ауыр дерті саналатын қылмыстық істерді қарауда жаңадан құрылғалы отырған алқабилер сотына үлкен үміт артылмақ.

Тек олар кеңес заманындағы халық заседательдері секілді сотқа формальді түрде қатынасып, немқұрайлы бағыт ұстанбай, белсенді позиция ұстанса, адамдардың тағдырына әділдік пен әділет тұрғысынан шынайы араласса деймін.

Осы сияқты әу баста алқабилер құрамы жасақталарда оған енгізілетін үміткерлерге де көзі қарақты, белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтар іріктелетіндей биік талап пен талғам тұрғысынан қарап, сондай саясат ұстанса дұрыс болар еді [6].

Жаңадан басталған істе кем-кетік бола береді. Қай нәрсенің де дұрыстығын уақыт және өмірлік тәжірибе көрсетеді. Өткен ғасырлардың өзінде біздің ата-бабаларымыз қандай да бір дау-дамайдың ақылға, талқыға салынып, көп болып (билер сотының) ұйғарым-үкімімен шешілгенін қалаған. Соны қисынды және уәж санаған.

Көрнекті ағартушы ғалым Шоқан Уәлихановтың өзіміз талай оқыған әйгілі «Сот реформасы жайындағы жазбалар» деген еңбегінде мынадай жолдар бар: «Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немқұрайдылық пен әр түрлі ресми керітартпалықтың жоқтығы... ол істе некен-саяқ болмаса, жалғыз шешпейді; оған қатысатын адамға да шек қойылмайды, ал тіпті кейде олар ақтаушы да болып көрінеді...» - дейді [7].

Сол айтқандай, алқабилік те атына сай болып, ешкімге бұра тартпай халықтың көңілінен шықса, онда үміт пен сенімнің ақталғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Сот төрелігі – бұл әділдік» // Заң газеті. - 2001 ж. - 11 маусым.
3. У.С.Жекебаев, Т.К.Айтмұхамбетов. // «Қазақстан Республикасында алқа билер сотын енгізудің жетістіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Алматы, 2002 ж.
4. Шурыгин А. «Алқа билер соты бүкіл Ресейде қызмет етуі тиіс» // Ресей әділеті. - 2000 ж. - №4.
5. «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы № 121-III Қазақстан Республикасының Заңы
6. Алқа билерінің қатысуымен сот ісін жүргізу бойынша анықтама материалдары // Жоғарғы сот бюллетеньдері. – Астана. – 2005 ж. - №4.
7. Ш.Уәлиханов. «Сот реформасы туралы жазбалар». - Алматы, 1999 ж.

АЛҚАБИЛІК КАНДИДАТТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тулбаев Руслан Мерекеевич

«Құқықтану» мамандығының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Бұл мақалада автор алқабилік кандидаттарға қойылатын талаптардың ерекшеліктерін зерттеп, қолданыстағы жаңа заңнамаларды жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

Түйінді сөздер: Сот реформасы, Құқықтық мемлекет, Қазақстан Республикасы, Алқа билерінің қатысуымен сот ісін жүргізу.

ОСОБЕННОСТИ ВЫДВИГАЕМЫХ ТРЕБОВАНИЙ ПЕРЕД КАНДИДАТАМИ В ПРИСЯЖНЫЕ ЗАСЕДАТЕЛИ

Тулбаев Руслан Мерекеевич

Магистрант специальности «Юриспруденция»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52

В данной статье автор исследует особенности выдвигаемых требований перед кандидатами в присяжные заседатели, и в связи с этим автор вносит предложения по совершенствованию действующего законодательства.

Ключевые слова: Судебная реформа, Правовое государство, Республика Казахстан, судебный процесс с участием присяжных заседателей.

FEATURES RETRACTABLE REQUIREMENTS BEFORE PROSPECTIVE JURORS

Tulebaev Ruslan Merekeevich

Master's Degree student of speciality «Jurisprudence»

Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52

In this article, the author explores the features of the requirements put forward before the jurors, and in this connection the author makes suggestions for improving the current legislation.

Keywords: judicial reform, rule of law, the Republic of Kazakhstan, the trial by jury.

Қазіргі таңда соттардың қоғамдағы орны нақтыланып, беделі мен мәртебесін арттыруға бағытталған құқықтық реформа жолындағы қадамдар жалғасуда. Сот жүйесін жетілдірудің қол жеткен жетістіктерінің маңыздысы - қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарау.

Қазақстан Республикасында алқабилер соты 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс жасайды. Өткен төрт жыл қылмыстық сот ісін жүргізудің бұл моделі сот төрелігін жүзеге асыруға халық өкілдері қатысуының қажетті нысаны болып табылады деп тұжырымдауға негіз береді.

Алқа билердің қатысуымен істерді қарау – демократия қағидаларының жарқын көрінісі. Мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып

табылса, алқа билер соты Ата Заңымызбен бекітілген осы негізгі құндылықтарды қорғауға бағытталған. Алқа билер тиісті заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның кінәсі немесе кінәсіздігі туралы кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады.

Алқа билердің қатысуымен сот ісін жүргізуді енгізудің қажеттілігі Елбасымыздың Жарлығымен бекітілген құқықтық саясат тұжырымдамасында және Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген. Жалпы ТМД бойынша біздің еліміз Ресейден кейін осы институтты енгізген екінші мемлекет болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты басшылығының тарапынан осы бағытта іргелі істер жүзеге асырылып, қыруар жұмыс атқарылғаны баршамызға мәлім.

Алқабилердің (халық өкілдерінің) сот әділдігін жүзеге асыруға қатысуы қоғамды демократияландырудың маңызды элементі болып табылады және азаматтардың сот әділдігіне деген сенімін арттыруға, сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға, тұрғын халықтың әлеуметтік белсенділігін және олардың адам тағдыры, сондай-ақ жалпы қоғам тағдыры үшін жауаптылығын жаңа сапалы деңгейге көтеруге бағытталған [1].

Қазақстанда алқабилер алқасы – он азаматтан құралатын негізгі құрамнан және екі азаматтан құралатын қосалқы құрамнан тұрады. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді.

Айыпталушы өзіне қатысты қылмыстық істің алқабилердің қатысуымен қаралуы туралы қай кезде өтініш білдіре алады?

Айыпталушыға алдын-ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлаған және істің барлық материалдарын танысу үшін ұсынған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын-ала тыңдауда, бірақ соттың басты сот талқылауын тағайындауына дейін оның істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш мәлімдеуге құқығы бар.

Алқаби дегеніміз кім және алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптар қандай?

Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының жиырма бес жасқа толған азаматы болып табылады.

Алқабилерді іріктеу процесіне ел азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар жыл сайын алқабиге кандидаттар іріктелетін жылдың 1 желтоқсанына кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдерін жасайды.

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік органдар мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан осы Заңның 10-бабына белгіленген, алқаби кандидаттарына қойылатын талаптарға азаматтардың сәйкес келуін тексеру үшін қажет ақпаратты сұратуға құқылы. Жергілікті атқарушы органдардың сауалдарына жауаптар сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, олардың мекен-жайына жіберілуге тиіс.

Кандидаттар тізімдері әліпбилік тәртіппен жасалады. Тізімдерге алқабиге кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (жасы жиырма бесте болса – қосымша күні мен айы) және тұрғылықты жері көрсетіледі.

Алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдеріне енгізілетін азаматтардың саны тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы жыл сайын ұсынатын алқабиге кандидаттардың санына негізделеді. Тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынуы сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізімдері бойынша алқабилерді іріктеу жүргізілетін жыл алдындағы 1 қыркүйегінен кешіктірілмей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жіберілуге тиіс. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жыл сайын облыстық және оған

теңестірілген сот төрағасының ұсынуын алған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей, әрбір ауданнан (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары алқабиге кандидаттардың саны туралы хабардар етеді.

Алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімін жасау үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданнан алқабиге кандидаттардың саны туралы хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрақты тұратын азаматтар қатарынан тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сайлаушылар тізімдерінің негізінде, Алқабилер туралы Заңның 10-бабында белгіленген алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға сай келмейтін адамадрды сайлаушылар тізімдерінен шығарып тастау арқылы алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімін жасайды;

2) алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімін жасау аяқталған кезден бастап жеті күн ішінде азаматтардың жергілікті атқарушы органның үй-жайында алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, тізімдегі қателер мен дәлісіздіктер туралы өтініштерді қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

3) тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы айқындаған санды, жеке-жеке әр аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша алқабиге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімінен азаматтарды кездейсоқ таңдап алуды жүргізеді;

4) кездейсоқ таңдап алу нәтижелері бойынша алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімін жасайды, оны жергілікті атқарушы органның мөрімен бекітеді және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жібереді.

Алқабилердің сот процесіндегі ролі қандай?

Алқабилер сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға, заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, төрағалық етушіге заңнама нормаларын түсіндіруді сұрап өтініш жасауға, сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы. Бұл алқабиге істің жағдайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасы алдында қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Кеңесу бөлмесінде судья және негізгі құрамдағы алқабилер (он адам) нақты қылмыстық іс бойынша әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме?, бұл әрекетті сотталушы жасағаны дәлелденді ме?, бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме? деген үш негізгі сұраққа және қылмыстық іске қатысты қойылған басқа да жеке сұрақтарға жауап береді. Бұл ретте, судья мен алқабилер барлық мәселелерді шешуде тең құқыққа ие.

Алқабиге болу - сотта атқарылатын құрметті міндет, себебі сот өндірісінде алқабидің қатысуы әділ және объективті шешім қабылдануын қамтамасыз етеді, өйткені, алқабилер шешімі істің мән-жайын мұқият зерттеу нәтижесінде қалыптасқан олардың ішкі нанымына, ар-ожданына және өмірлік тәжірибесіне негізделеді.

Кім алқабиге үміткер бола алады?

- Жасы 25-тен асқан Қазақстан Республикасының жергілікті азаматы,

- өтелмеген не алынбаған соттылығы жоқ,

- әрекетке қабілетті,

- психоневрологиялық, наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтын азамат алқабиге үміткер бола алады.

Алқабилерге үміткерлер қалай іріктеледі?

Алқабилерге үміткерлердің алдын-ала тізімін, сот төрағасының ұсынуы бойынша, компьютер арқылы кездейсоқ таңдау рәсімі жолымен жергілікті атқарушы органдар жасайды.

«Алқабилер туралы» ҚР-сы Заңының 10-бабының талабына сай алқабиге үміткерлерге қойылатын талаптарға жауап бермейтіндер алып тасталады, олар:

- жасы 25 жасқа толмағандар,
 - өтелмеген не алынбаған соттылығы барлар,
 - сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар,
 - судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері,
 - наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерде есепте тұрғандар.
- Аталған тұлғалар алқаби бола алмайды [2].

Алқабилерге үміткерлер тізімін жасап болып, жергілікті атқарушы органдар азаматтарға осы құжатпен танысуға және қателер мен дәлсіздіктер табылған жағдайда оларды түзетуге мүмкіндік беруі тиіс.

Кім алқабиге үміткерліктен бас тарта алады?

Алқабиге үміткерлердің тізімдерінен өздерінің жазбаша өтініші бойынша келесі адамдар алып тасталады:

- қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар,
- өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар,
- жасы 65 жастан асқан адамдар,
- діни қызметшілер.

Содан соң, алдын-ала тізім негізінде кездейсоқ таңдау арқылы алқабилерге үміткерлердің бірыңғай, қосалқы және қосымша тізімдері дайындалады. Бұл құжаттарды жергілікті атқарушы органдары соттарға жібереді.

Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге үміткерлер арасынан алқабилерді іріктеу рәсімі қалай жүргізіледі?

Нақты қылмыстық іс бойынша алқабиге үміткерлердің қажетті саны компьютер арқылы кездейсоқ таңдау жолымен жасалады. Сот мәжілісінде үміткерлер арасынан алқабилерді іріктеу рәсімі 4 этаптан тұрады.

- 1-ші - төрағалық етушінің алқабиге үміткерлерді істі қарауға қатысудан босатуы,
- 2-ші - үміткерлердің өздігінен бас тартуы туралы мәселелерді шешуі,
- 3-ші - үміткерлерге қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу,
- 4-ші алқабиге үміткерлерге дәлелсіз қарсылық білдіру мәселесін шешу.

Алқабилерді іріктеудің әр этапына толығырақ тоқталсақ. ҚР-сы ҚПК-нің 644-бабына сәйкес сотта істі қарайтын алқабилер алқасы негізгі құрамдағы (алқабилер алқасының құрамын құрайтын) он және қосалқы екі алқаби құрамында жеребе тастау арқылы құрылады.

1-ші этап. Төрағалық етушінің алқабиге үміткерлерді істі қарауға қатысудан босатуы ҚР-сы ҚПК-нің 647-бабында қарастырылған негіздер бойынша жүргізіледі, яғни үміткерлерге сұрақтар қою арқылы келесілер істі қарауға қатысудан босатылады;

- қылмыс жасады деген күдіктілер немесе айыпталушылар,
- сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін үміткерлер, сондай-ақ мылқау, саңырау, зағип адамдар,
- мүгедек деп танылғандар, егер олардың сот отырысына толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге ұйымдастырушылық не техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда.

Сонымен қатар, алқабиге үміткер іске қатысудан өздігінен бас тартуды мәлімдеуге құқылы келесі жағдайларда, егер:

- жасы 65 жастан асқан болса,
- 3 жасқа толмаған балалары бар әйелдер болса,
- өзінің діни нанымына байланысты сот төрелігіне қатысу мүмкін емес деп есептейтіндер,
- қызметтік міндеттерін атқарудан алаңдатуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге едәуір зиян келтіруі мүмкін адамдар (дәрігерлер, мұғалімдер, әуежолдарының пилоттары және басқалар).

Сонымен қатар, қаралатын істің мән-жайы туралы іс жүргізу көздерінен емес, басқа көздерден білу салдарынан іс жөнінде оғат пікірде болғандар, немесе осы себептен үміткердің объективтілігіне негізді күмән туған жағдайларда, ол алқаби міндеттерін атқарудан босатылуы тиіс. Бұл мәселе де сұрақ қою арқылы анықталады.

2-ші этап. ҚР-сы ҚПК-нің 639-646 баптарында көзделген талабына сай алқабиге үміткерлердің әрқайсысы өзінің алқаби міндетін орындауына кедергі келтіретін дәлелді себептерді көрсетіп өздігінен бас тартуды мәлімдеуге құқылы.

3-ші этап. ҚР-сы ҚПК-нің 639-641 бабында белгіленген тәртіп бойынша іске қатысушылар алқабиге үміткерлерге дәлелді қарсылық білдіре алады, егер:

- алқабиге үміткер қаралатын іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, куә ретінде шақыртылса не шақыртылуы мүмкін болған жағдайда;

- алқабиге үміткер қаралатын қылмыстық іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот отырысының хатшысы, сот приставы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, айыпталушының заңды өкілі, жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде іс жүргізуге қатысқан жағдайда;

- алқабиге үміткер іске қатысушылармен, яғни жәбірленушімен, азаматтық талапкермен, азаматтық жауапкермен немесе олардың өкілдерімен, сотталушымен немесе оның заңды өкілімен, прокурормен, қорғаушымен туыстық қатынаста болған жағдайда, сондай-ақ, істі жүргізген анықтаушымен, тергеушімен жегжаттық, туыстық қатынаста болған жағдайда;

- алқабиге үміткер қаралатын іске жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болған жағдайда [3].

Заң талабы бойынша алқаби ретінде қылмыстық істі қарауға қатысуға кедергі келтіретін мән-жайлар аталады және араларында аталған себебі бар үміткерлер болса айтуы сұралады. Ондай үміткерлер процеске қатысушылардың және тараптардың қарсылық білдіруі бойынша іске қатысудан босатылады.

4-ші этап. Алқабилерге дәлелсіз қарсылық білдіру.

Егер сотталушы дәлелсіз қарсылық білдіру құқығынан бас тартса үміткерлерге қарсылық білдіру жеребе тастау арқылы жүргізіледі, яғни үміткерлерің аты-жөні көрсетілген билеттер жәшікке салынып араластырылып, ішінен үш билет алынып тасталады.

Содан соң, Алқабилер алқасы ҚПК-нің 639-646-баптарының талабына сай жеребе тастау арқылы құрылады. Қарсылық білдірілмеген 12 алқабиге кандидаттың билеттері арнаулы жәшікке салынып, араластырылады. Содан кейін жәшіктен бір-бірлеп билеттерді алып, билеттердің жәшіктен алыну ретімен билетке реттік нөмір қойып, алқабиге үміткерлердің аты-жөндерін жариялап, алқабиге үміткерлер алқабилерге арналған орындықтарға отыруға шақырылады.

Алқабилер алқасын құру кезінде алқабилер алқасын құрудың дұрыстығына әсер ететін қандай-да бір бұзушылыққа жол берілгені туралы арыздар болмаған жағдайда алқабилер алқасы құрылды деп танылады.

Жеребе тастау арқылы іріктелген алғашқы он алқаби – негізгі құрамның алқабиі, ал соңғы екеуі – қосалқы алқаби деп есептеледі

ҚР ҚІЖК-нің 639-бабының талаптары бойынша алқабилер өз қызметін Ант қабылдау рәсімінен бастайды.

Қосалқы екі алқабидің ролі қандай?

Өмірде түрлі жағдайлар болады. Мысалы, 10 алқабидің біреуі аяқ астынан ауырып ұзақ уақыт ауруханаға жатып қалды дейік. Қылмыстық істі тоқтатпай, не қайтадан бастамай-ақ, сол ауырып қалған алқабиді қосалқы алқабимен ауыстырып, істің сот мәжілісінде қаралуын әрі қарай жалғастыруға болады, яғни істі созбалаңға салмай уақытылы аяқтауға мүмкіндік береді.

Адам алқаби ретінде қылмыстық істі қарауға қанша рет қатыса алады?

Перевод – это деятельность, целью которой является передача смысла и содержания текста на одном языке средствами другого языка. В нашей статье мы хотим поговорить об устном виде переводе, а именно о синхронном переводе. И возможно ли научить студента переводу или все - таки это должна быть самостоятельная работа под руководством тренера – преподавателя. Сам процесс устного перевода очень сильно отличается от процесса письменного перевода. В английском языке эти понятия даже обозначаются разными словами: устный переводчик зовется «*interpreter*», а письменный – «*translator*». Синхронный перевод – это вещь очень серьезная. Если для вас желание овладеть синхронным переводом это чисто для понта, то лучше вообще с этим не связываться. Современный синхронный перевод по разбросу переводимых тематик и интенсивности самого процесса коммуникации очень сложный. Сегодня в режиме синхронного перевода организуют и перевод таких сложнейших областей знания как медицина, компьютерная техника, банковское дело и финансы. Синхронный перевод - это тот вид переводческой деятельности, где все время приходится "с места и в карьер". Чтобы учиться синхронному переводу, надо уже изначально быть сильным устным переводчиком, который не испытывает затруднений в переводе текстов средней сложности как с иностранного языка на родной, так и с родного на иностранный. Для синхрониста важно не только иметь богатый запас слов в самых разных областях знания, но и самому бегло и грамотно говорить на иностранном языке. Существуют, конечно, учебные курсы и программы подготовки синхронистов. Но, на наш взгляд, лучше всего учиться на практике. Мы можем сказать, что проще всего овладеть синхронном, хорошо зная данную тематику и данного заказчика. Например, будучи штатным переводчиком данной организации или регулярно выполняя для нее письменные и последовательные переводы. Для синхронного перевода, как и для перевода на неродной язык, колоссальное значение имеет психологический фактор. Чтобы стать синхронистом, нужно в какой-то момент преодолеть психологический барьер. В условиях «учебного» перевода сделать это невозможно. На первых порах, конечно, придется больше готовиться к каждому синхронному переводу: штудировать параллельные тексты, подучивать терминологию, браться только за хорошо знакомые темы. В период обучения как промежуточный вариант пригодится и псевдосинхрон: это когда есть полный перевод выступления и надо только прочесть его, по возможности, не опережая оратора, но и не отставая от него больше чем на полпредложения. Сегодня, когда существует множество всевозможных мультимедийных гаджетов, можно для тренировки вставить себе в ухо наушник от плеера, пустить любой связный текст и попробовать переводить. Хорошо, если при этом рядом будет кто-то, кто сможет сделать ценные замечания со стороны. Можно все это записать на диктофон и потом самому прослушать, что получилось. Но, если приобретаемым навыкам такого скоростного устного перевода не будет практического применения, то учиться синхрону совершенно бессмысленно. И надо всегда помнить, что синхронный перевод даже для опытного и маститого переводчика-синхрониста это всегда тяжелейшая работа на пределе человеческих возможностей. Имитация синхронного перевода на учебных занятиях и реальный синхрон в условиях, когда оратор говорит в бешеном темпе, а половину слов вообще невозможно расслышать - это совершенно разные вещи. Синхронному переводу научиться можно. То, как вы говорите на иностранном языке, зависит от того как часто/как интенсивно вы практикуете устную речь. Та же ситуация с синхронном - чем больше практики, тем лучше результат. Иными словами, все упирается только в практические упражнения. Не думаю, что можно стать синхронным переводчиком после каких-нибудь 2-х - 3-х и т.д. дневных/месячных/годовых курсов. Опять же - нельзя

научиться синхронить прочитав некую книгу или пособие по синхронному переводу. Необходима только практическая работа! А не надо бояться. В любом случае, если не практиковаться, то и научиться этому невозможно. Попробовать можно сначала переводить что-нибудь для себя. Например, включить ТВ, какое-нибудь интервью в среднем темпе и начать переводить про себя. И повторять это упражнение постоянно. Возможно, что через какое-то время (если вы еще не откажетесь от этой затеи) можно переводить что-нибудь для себя, но уже вслух! Это еще более эффективное упражнение. В конечном итоге - как только ваши работодатели будут без разговоров соглашаться на ваши условия, так сразу же можете считать себя состоявшимся синхронистом. А если серьезно, то, как правило, переводчик должен переводить с иностранного на свой родной язык. Как правило, переводчик должен быть специалистом в той области, в которой он переводит. И, как правило, синхронному переводу предшествует определенный подготовительный процесс. Компетентный синхронист должен выбирать свою манеру перевода, учитывая актуальный контекст. Ситуаций, идеальных для перевода, практически не бывает, а в сложной ситуации чем-то приходится жертвовать, и очень важно понять, чем именно можно пожертвовать в данной ситуации.

Список использованной литературы:

1. Климзо Борис. Ремесло технического переводчика. Издательство «Р.Валент». 2011
2. Латышев Л.К. Технология перевода. М., 2000
3. Линн Виссон. Синхронный перевод. М.: Р. Валент, 2000.
4. Чужакин А.П. Устный перевод XXI: теория + практика, переводческая скоропись. М., 2001
5. Чужакин А.П., Палажченко П.Н. Мир перевода - 1. М.: 2000.
6. Ширяев А.Ф. Синхронный перевод. М.: 2005.
7. А.Фалалеев., А.Малофеева. Упражнения для синхрониста. Санкт-Петербург. 2014

М.ӘУЕЗОВ ДРАМАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Нурадинова Нұржанат Жанболатқызы

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің «Гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006 Ақтөбе, Әйтеке би көшесі, 52;

Бұл мақалада ХХ ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды.

ФОЛЬКЛОРНОЕ МАСТЕРСТВО В ДРАМЕ М.ӘУЕЗОВА

Нурадинова Нұржанат Жанболатқызы

*Преподаватель кафедры «Гуманитарных дисциплин» Казахско-Русского
Международного университета*

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би. 52,

В этой статье были собраны работы ХХ века казахской народной литературы и драматургии

FOLK MASTERY IN DRAMA M.ӘUEZOV

Nuradinova Nurzhanat Zhanbolatkyzy

*Lecturer at the Department of «Humanitarian subjects» of Kazakh-Russian International
University*

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi 52

In this article there were collected work of the XX century of Kazakh folk literature and drama.

Тоғыз жасынан қалада өсіп орыс театрларында болу, Еуропа драматургиясымен танысу М.Әуезовті реалистік драматургияға алып келді. Ол осы озық дәстүрді қазақ топырағында тұңғыш қолданды, Шекспир, Гоголь, Погодиндердің шығармаларын аудару Мұхтар үшін үйрену мектебі болды. М.Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың нұсқаларын қосқанда, 50-ден асады.

«Суретті әдебиет ішінде көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол түр - драма», - деп жазған ол қазақ фольклорының жай ғана еліктеушісі емес, шын мағынадағы мұрагері әрі жаңа сипаттағы туындылар берген жасампаз суреткер болды. Бір кездері М.Әуезов ауыз әдебиеті нұсқаларын өз шығармаларына қаншалықты талғампаздықпен, батылдықпен енгізсе, бүгінгі таңда оның туындыларынан сабақ алатын кез келді. Онда аты аталған, түрленген фольклорлық үлгілер бүгінгі ұрпақ үшін уақыт сынына төтеп берген, тексерілген рухани мұра болмақ. Халықтың ежелден сақтап келе жатқан фольклорлық мұралары – батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардың тақырыбы мен сюжетін негізге ала отырып, ол «Еңлік - Кебек», «Айман - Шолпан», «Қара қыпшақ Қобыланды» атты уақыт сынына төтеп берген драмалық шығармаларын жазды. Бұл пьесаларда драматург ауыз әдебиетіндегі тақырып пен сюжетке, жалпы дербес шығармаға жаңаша мазмұн мен форма беріп, жаңа үлгідегі өнер туындыларын жасады.

«Сырлы әдебиетке кірісуді пьеса жазудан бастадым», - деп ағынан жарылғандай М.Әуезов өзінің үлкен әдебиеттегі сара жолын драматургиядан бастаған еді. Драматургиядағы жолы жай әуесқойлық немесе жазушылығы мен ғалымдығының қабатындағы қосымша кәсібі емес, сонау 20-жылдардан-ақ жоғары деңгейде игерген жемісті өнер жолы болатын.

Драматургия – қазақ әдебиетіндегі 20 ғасырдың басында әлеуметтік – қоғамдық факторлардың ықпалы мен ұлттық өнердің тарихи дамуының заңды жемісі ретінде туған жаңа жанрлық форма. Драматургияның тез өсіп, жедел жетілуіне әсер еткен негізгі дәстүрдің бірі – халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған, сұрыпталған, екшелген ғаламат бай фольклоры. Тұңғыш қазақ пьесаларын зерттегенде жанрлық формалардың дамуындағы күрделі процесс айқын көрінеді [1, 513-б].

Ауыз әдебиетінің асыл нұсқаларын екшеп, өңдеп қазіргі өскелең заманның, реализм әдебиетінің қажетіне жарату үлгісін М.Әуезов өзінің жазушылық тәжірибесімен көрсетті. Оның «Еңлік - Кебек», «Айман - Шолпан», «Қара қыпшақ Қобыланды» пьесалары - ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке қаншама қазына ауыса алатынын дәлелдейтін, суреткерлік жаңалықтың соны қырларын ашатын туындылар. М.Әуезовтің фольклоршы ғалым болуының түп себебі халықтың ауыз әдебиеті дүрданаларын теру мақсатынан туғаны кәміл [2, 202-б].

Ал енді осылайша бір жіптің бойына моншақтай тізілген халық қазыналарының, яғни фольклор мен әдебиеттің өміршеңдігі неде? Ә.Молдаханов өзінің зерттеу еңбегінде бұл жайлы былай дейді: «Фольклор мен әдебиеттің өміршеңдігінің басты себебі олардың ажырамас өзара сабақтас бірлігінде. Көркем әдебиеттің үздік туындыларында халық фольклоры, оның көркемдік құрал – тәсілдері қайта түлеп, нәрленіп, құлпырып, жаңарып, жасарып отырады. Тіпті, оның кейбір ұмытылып, жоғалып бара жатқан үлгілері әдебиетте қайта тіріліп, мәңгілік өмір сүру мәртебесіне ие болады. фольклормен тығыз байланыста жазылған көркем туындылардың өміршеңдігінің басты сыры осында» [3, 136-б].

Ауыз әдебиетінің ең шұрайлы көркем жанры халық даналығынан туған шешендік сөздерді, мақал-мәтелдерді іскерлікпен өңдеп, шеберліктің биік шыңына жеткізген мысалдарды бұрын-соңды көркем шығармаларда қайталанбайтын әдеби кейіпкерлерінің сөздерінен жан-жақты көруге болады.

Әдебиет Молдахановтың берген бағасы: «Мұхтар Әуезов – халықтың дағалық сөздерін көкейіне көптеп жинаған майталман жазушы». Сондықтан оның кейіпкерлері сөйлеуге келгенде шетінен сөзге ұста, көп шабылып бауыры жазылған сәйгүлік аттай кілең жүйріктер болып шыққан.

М.Әуезов қазақтың даналық сөздерін, мақал-мәтелдерін пьесадағы кейіпкерлердің сөздері арқылы келтіріп, олардың әдеттегі мағынасын асқан суреткерлік шеберлікпен шыңдап, тереңдете түседі.

Мұхтар Әуезов болса «Әдебиет хрестоматиясынан» атты мақаласында «Фольклор атаулының барлығы әрбір елдің көркем әдебиетіне үлкен ірге, мол қазына есепті болады. Көп ірі шығармалар фольклордың тілінен, көрікті кестесінен, мазмұн түр ерекшелігінен пайдаланып отырады», - деп жазады [4, 92-б].

Осындай фольклор мен көркем әдебиеттің сабақтастығынан туған М.Әуезовтің «Еңлік Кебек» атты туындысы - бірнеше қаламгердің шығармасына арқау болған тақырып. Бұл жайында М.Әуезов «Абай жолы» романында да сөз етеді. Абайдың айналасында бірнеше ақын бірден қызығушылық танытып жырлаған аса бір тартымды трагедиялық әфсана Әуезовті де баурап, қазақ даласында тың өнердің шымылдығын ашуға итермеледі. «Еңлік Кебек» тақырыбының бастау көзі Абай екенін алғаш айтқан Әуезов еді. «Абай жолына» үңілейік. Шәкірттерін ертіп Еңлік пен Кебек моласының басында тұрып: «Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жүз рет жадырап жаз, кірбең тартып күз кепті. Сол бір ықылымнан бергі көп буындар тірлігінің үнсіз куәсі – осы мола. Бұл қос мола

– ішіне аса бір ауыр сыр бүккен молалар. Осы тұсқа соғып өткенде әлдебір арылмаған қарызым бардай боламын. Ақындық қарызым сияқтанады. Бұнда жатқан - бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, Қызы Еңлік аталушы еді!» - деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі – деген сөздерді Әуезов Абайдың аузына тегін салып отырған жоқ. Абайдың ақындық қарызы өтелді. Шәкірттері өтеді. Мағауия мен Шәкәрімнің соңын ала мүлде бөлек, қазаққа бейтаныс жанрда Әуезовтің өзі Еңлік –Кебек жырын қайта түлетті.

«Еңлік - Кебек» - қазақ елінің қоғамдық өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, әр топтың өкілдерінің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін нақтылы сурет, бейнелер арқылы шынайы, шебер баяндаған нағыз реалистік туынды. Ақын ескі әдет-ғұрыпты берік ұстаған ру намысын қорғаушылардың сүйіскен екі жастың адал махаббат сезімін аяққа басып, оларды аяусыз жазаға қиған қаталдығын толғана баяндай отырып, сол замандағы қоғамдық өмірдің шиеленіскен қайшылығын атап көрсеткен.

Сөйтіп, Еңлік пен Кебектің трагедиялық тағдыры – екі ғашық жастың еркіндігін шектеп, бас бостандығынан айырмақ болған қатал шешімнің, қара күш жұмсаудың нәтижесі екенін әбден айқындалады.

Әдебиеттегі бірталай жақсы шығармалар халық аңызы негізінде туындағаны белгілі. Аңыз бен көркем әдебиеттің байланысы, әр жазушы аңызды өз шығармашылығында қалай пайдаланды деген мәселелерді айқындауға болады. «Еңлік - Кебек» нұсқаларына тоқталғанда осы мақсат көзделеді.

Алғашқы нұсқа «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уалаяты» газетінің 31-39 сандарында жарияланды.

«Еңлік - Кебектің» қағаз бетіне түскен бұл алғашқы нұсқасында халықтық сарын, халықтық идея басым. Тілі, сюжеті, композициясы, стилі, образдары – барлық көркемдік компоненттері жіптіктей болып тұрмаса да, бұл әңгіме осы қасиетімен құнды.

«Дала уалаяты» газетінің 1900 жылы 46-санында жарияланған нұсқа «Қазақ тұрмысынан хикая» деп аталды. Алғашқы нұсқадан бірнеше өзгешелігі бар.

Үшінші нұсқа – Мағауияның «Еңлік - Кебек» поэмасы. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясы архивінде сақталған қолжазба бойынша 1960 жылы «Дастандар» жинағында басылды. Мағауия «Еңлік - Кебегінің» оқиғасы, сюжеттік желісі, композициялық құрылысы 1892 жылғы нұсқамен арналас.

Төртінші нұсқа – 1912 жылы Семейде жеке кітап болып басылған «Жолсыз жаза» поэмасы. Ескілікті жақсы білген шежіре ақын Шәкәрімнің «Еңлік - Кебек» оқиғасы 1780 жылдар шамасында болды деп дәл көрсетеді. Ақтабан шұбырындыдан кейін қазақтардың Сырдан кетіп, Шуға, Арқаға қарай аууы сөз болады.

«Жолсыз жазадағы» Еңлік пен Кебектің диалогы ретінде келген шумақтарды Әуезовтің пьеса жазу үстінде пайдаланғандығы анық байқалады. Драматург жеке тіркестерді, сөйлемдерді алып, өз қалауынша қайта құрастырған, қажетіне жаратқан.

Ұсақ ауытқуларды айтпағанда, барлық нұсқадағы оқиға, оның баяндалу реті, аяқталуы, аты аталатын адамдар, негізінен, бірдей. 1900 жылғы нұсқада өзгеріс бар. «Жолсыз жазада» жаңа есімдер айтылады. Адам бейнелерін кескіндеу де ұқсас. Кебек – батыр, Еңлік – асқақ махаббат иесі, Кеңгірбай – опасыз болып көрінеді.

Шәкәрімнің дастаны 1912 жылғы алғашқы басылымында «Жолсыз жаза» деп аталғаны, әрине тегін емес. Ақын Кебек пен Еңліктің тұлға – бейнесін, мінезін, ішкі жандүниесін, психологиясын мейлінше нанымды суреттейді. Еңлік пен кебекті қиған қайырымсыз, қатал жандардың жазықсыз жас сәбиді де бесігімен тастап кеткені дастанның сыншылдық сарынын арттыра түседі. Ақынның дастанды:

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,
Ғаділ, залым, шарқатлі, мейірімсіз,

Соларды айыра алмай қапы қалма! [5, 298-б] – деп тәмәмдайтыны да - көңіл аударарлық жайт. М.Әуезов «Еңлік - Кебек» пьесасында махаббатпен қосылған Еңлік пен Кебектің ескілікті салтқа мойынсұнбай, өз тағдырын өздері шешуге еріктілігін ашық көрсетуге үлкен мән берген. Сонымен қатар заманның қайшылықтарын, ру намысын қолдаушылардың қастықшыл – қатыгездігін аянбай әшкерелеуді шығармаға өзек еткен. Бұл орайда драматург – жазушы пьесасының сол мүмкіндіктерін, мысалы, кейіпкерлерді сөйлету, сөйлестіру тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, олардың мінез-құлқын, психологиясын терең, дәл бейнелейді. Билерді айтыстыру шеберлігі де кімді де болсын таңдандырарлықтай. Және жазушының суреткерлік шеберлігі билердің шешендігін әсерлі жеткізуінен ғана емес, алдымен, олардың тұтас тұлғасын сомдап, көзге айқын елестетіп, әрқайсысының ой-түйін жасай білу қабілетіне, сана-сезім деңгейіне тән ерекшеліктерді нақтылы, анық көрсетуінен танылады. М.Әуезов пьесада Нысан Абыз бейнесін ірілендіріп, оған жаңаша сипат берген. Пьесада Нысан Абыз дастандағыдай жай бақсы-балгер емес. Ол – ру таласынан биік тұрған, бүкіл ел қамын ойлаған дана, ойшыл қарт.

Мұхтар Әуезов «Еңлік - Кебекті» неге жазды? Көркем шығарма аяғы аспаннан салбырап түсе қалмайды, бұл – эстетиканың белгілі шындығы. Талант, тәжірибе, біліммен қоса, ең басты, ең негізгі, ең шешуші фактор – жазушының дүниетанымын, санасын қалыптастыратын өскен орта, әлеуметтік қоршау. Тақырып беретін де, образ ұсынатын да сол орта, сол қоршау. Өнер мен өмір арасындағы байланыстың бір қырын осы заңдылық айқын көрсете алады. «Еңлік - Кебек» трагедиясы автордың «өткен өмірді аңсауынан» туған жоқ. Қаршадайынан құлағына сіңген, өзі жаттаған тамаша аңыз драмалық шығармаға жақсы материал болды. Жас Мұхтардың ең жақсы білетіні өзі өскен орта, төңкеріс алдындағы қазақ ауылының жай-күйі, тұрмысы, тарихы, адамдар психологиясы болса, оның сол туралы толғанбай тұруы мүмкін емес еді.

Спектакльді қоюшылардың бірінің жазғанына қарағанда екі киіз үй қатарластырылып тігілген. Қазіргі ұғыммен айтқанда бірі – сахна, екіншісі – зал есепті болған. «Еңлік Кебектің» 1917 жылы мамыр айында қан жайлауда қойылған тұңғыш қойылымына жиналған көрермен саны жүзден асыпты. Бір қызық деталь – ойынға елу тиыннан билет сатылып, барлығы 54 сом 50 тиын жиылыпты. Бұл ақша Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың пайдасына жөнелтіледі.

Академик Сәбит Мұқанов «Еңлік - Кебек» трагедиясы өзінің ең сүйікті шығармасы екенін айтты. Сөйтіп, әуел баста халықтық аңыз негізінде туған Мұхтар Әуезовтің «Еңлік - Кебек» трагедиясы талант құдіретімен әлденеше рет редакцияланып, жаңғыртылып, байытылу арқасында образдары кесек-кесек, конфликтісі шыңыраудай терең, тілі ғажап шұрайлы классикалық пьесаға айналды.

Әрине, бұл 20 – ғасырдағы қазақ театр өренінің майталмандарына берілген баға болса, қазіргі кездегі «Еңлік - Кебек» пьесасын ойнаушылардың деңгейі қандай дәрежеде? Осыған аз-кем тоқталып өтейік. «Оттелоны» немесе «Король Лирді» қарабайыр әртістердің, жай машық қуған сауыққойлардың күшімен сахнаға шығару мүмкін болмаса, «Еңлік - Кебекті» талантсыз труппа әсте қоя алмақ емес. Ол ол ма, айтылмыш трагедиялар актер үшін үлкен сын, оның мәдениетін, шеберлігін безбенге салып, өлшеп беретін қиын асу.

М.Әуезовтің әдеби шығармаларындағы ауыз әдебиеті тектерін ұқсас фольклорлық үлгілермен жан-жақты салыстырып тексеру - өз алдына жеке тақырыптың міндеті болғандықтан бұл мақалада бір жазушының халық фольклоры қалай пайдаланғаны жайлы кейбір мәселелер қарастырылды. Қазақ фольклорын Мұхтар Әуезовтей жетік біліп, оның поэтикалық сырына терең бойлаған ақын-жазушылар сирек кездеседі [6, 34-б].

Қазақ сахнасының данышпаны Қалибек Қуанышбаевтан кейін Нысан – Абызды, өз алдына тұтас мектеп боларлықтай жол салған Серкеден кейін Еспембетті тайсалмай ойнау үшін жүрек керек. Көзжұмбай тәуекелдің жүрегі емес, өнердібойына жиған есті жүрек керек.

«Еңлік - Кебек» трагедиясын жүз рет көрсе де жалықпайтын, көрген сайын оның өзгеше қырын тауып, соны тынысын естіп, рухани ләззат алатын қалың қауым спектакльдің жаңа орындаушыларының ойынына демін ішіне тартқан қағылездікпен көңіл қояды.

Қазақ драматургиясын қай жағынан болса да, жіктеп, саралап, зерттеуші Р.Нұрғали М.Әуезовтің «Еңлік - Кебек» пьесасына мынадай баға береді: «Ұлттық топырақта драматургиялық дәстүрдің жоқтығына қарамай, басқа елдер әдебиетінен үйрене отырып, Әуезов жанр шарттарына толық жауап бере алатын трагедия жасады. Сюжеттік желінің тартылуы, композиция құрудағы шеберлік қаламгердің драма заңдылықтарын жақсы білгендігін көрсетеді» [1, 25-б]. Ал Т.Жұртбай: «Тарихи саралау көркем шындықты шынайы жеткізу және ондай дәрежеге тұңғыш шығармасы арқылы көтерілу кез-келген таланттың маңдайына жазылмаған. «Еңлік - Кебек» арқылы М.Әуезов сол шырқау биікке көтерілді», - деп пікір айтады.

Мұхтар Әуезовтің қазақ драматургиясы мен театр өнеріне қосқан үлесі зор. Кең қазақ сахарасында Еңлік пен Кебек жырын жырлатып, сахналандырған ол тек қана пьеса жазумен шектелмей, сахна декорациясы, актер шеберлігі, аударма пьесалардың құрылымы мен негізгі қағидаларына үлкен мән берген. Сондай-ақ М.Әуезов қазақтың халық музыка театрының құрылуына да аянбай тер төкті. Қазақ актерлары, пьесалары мен театрлары жайлы жазған мақалаларында олардың әр қайсысының кемшіліктеріне тоқтала отырып, қол жеткізген жетістіктеріне де өз бағасын берді.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың мына бір сөзі ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің халқы үшін атқарған қызметінің оңай болмағандығын дәлелдей түседі: «Мұхтардың Алашқа ішартуы танданарлық дүние емес. Әуезов тағдырын талқыға түсірген тотолитарлық жүйе халқымыздың жарқын болашағы жолында күрескен Әлихан, Ахмет, Мұстафа, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Бейімбет, Тұрар, Ілияс сынды есімдердің өмірін қиды. Тағдырдың халқымызға көрсеткен бір рақымшылығы болар, ұстараның жүзіндей қауіп – қатерде жүріп Мұхтар аман қалды. Дегенмен, осы қудалаудың кесірінен ұлан-ғайыр шығармашылық жоспарын жүзеге асыруға жұмсайтын қаншама қымбат уақытын жазықсыз жаладан арылуға, өз тұғырнамасының дұрыстығын дәлелдеуге сарп етті».

М.Әуезовке тән қасиет - ұлтшылдық емес, халқына деген шексіз сүйіспеншілік, биік парасатқа суарылған отаншылдық ұлы сезім. «Қорғансыздың күнімен-ақ» Мұхтар шын мәніндегі еуропалық проза биігіне көтерілді. Содан бері қазақ прозасы сол биігінен түспей келеді. «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» пьесалары да осындай қиын шақта туған. Демек, жазушы бойындағы ақ арман, өршіл рух тотолитарлық жүйенің дауылына да мойымаған. Бұрынғыны сөйлей отырып, бүгінгі жайлы айтар сөзін астарлап жеткізуге бел буған, басын қатерге тігіп, осыған да барған.

М.Әуезов – біздің бүгінгі адамзатқа ортақ мәдени шеруіне қатысуға жолдама алып берген елшіміз. Мұның өзі біздің халықаралық мәдени байлығымызды насихаттауға үлкен мүмкіндік береді. Ұлт тұлғаларын біз сол үшін де қадір тұтып, қастерлеуге міндеттіміз. Рухани тәуелсіздікке ұмтылмаған ел тәуелсіз мемлекет ретінде ұзақ өмір сүре алмайды.

Ал, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мол мұрасы, соның ішінде драмалары мен пьесалары әлі де болса талай зерттеулердің негізгі әрі басты нысанасына айналып, әр қырынан жан-жақты қарастырылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Арқау. 1-том. Алматы: Жазушы, 1991 – 571 бет.
2. Бердібай Р. Мұхтар шыңы. Алматы: Ғылым, 1997 – 204 бет.
3. Молдаханов Ә. Жылдар, ойлар, ізденістер. Алматы: Дәуір, 2006 – 138 бет.
4. Әуезов М. 17-том. Мақалалар. 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985 – 347 бет.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1988-560 бет.
6. Молдаханов Ә. Әуезов және фольклор. Монография. Алматы: Дәуір, 2005 – 245 бет.

ҮШТІЛДІК ЖЕТІК МЕНДЕРГЕН ҰРПАҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Нурадинова Нұржанат Жанболатқызы

Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің «Гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы

Дилмагамбетова Салтанат Серикқызы

«Филология» мамандығының 3 курс студенті

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006 Ақтөбе, Әйтеке би көшесі, 52;

Бұл мақалада үштіліліктің қазіргі заманда маңыздылығы қарастырылған.

ПОКОЛЕНИЕ ВЛАДЕЮЩЕЕ ТРЕХЪЯЗЫЧЬЕМ – СОВРЕМЕННОЕ ТРЕБОВАНИЕ ЭПОХИ

Нурадинова Нұржанат Жанболатқызы

Преподаватель кафедры «Гуманитарных дисциплин» Казахско-Русского Международного университета

Дилмагамбетова Салтанат Серикқызы

Студент 3 курса специальности «Филология»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би. 52,

В данной статье рассмотрена важность трехязычия в современном мире.

GENERATION THAT POSSESSES TRILINGUALISM IS CONTEMPORARY DEMAND OF ERA.

Nuradinova Nurzhanat Zhanbolatkyzy

Lecturer at the Department of «Humanitarian subjects» of Kazakh-Russian International University

Dilmagambetova Saltanat Serikkyzy

Student of 3 course speciality «Philology»

Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st Aiteke bi. 52

In this article reviews importance trilingualism in modern life.

Ертеректе тіл – пікір алмасу құралы болған. Ал ХХІ ғасыр тілдің адам өміріндегі маңызын одан сайын арттырды. Қазіргі уақытта тіл – білім көзі. Білім мен ғылымның заманында қазақ жастары қатарына қалмай, білікті, білімді болуы үшін шет тілдерін білу маңызды. Осы мақалада тереңінен қозғалған бұл тақырып алдағы уақытта да өз маңызын жоймақ емес. Әлемдегі білімнің 80 пайызға жуығы шоғырланған ағылшын тілі мен әдебиет пен өнердің тілі саналатын орыс тілін, өз ана тілімізбен қатар білген жас, әлемнің кез келген түкпірінде қалаулы маман болары хақ. Біздің білім беру жүйеміздің де ұмтылар шыңы осы емес пе?!


Ел тәуелсіздігінің маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. Тіл – ұлттың өзгеден ерек даралығын анықтайтын белгісі. «Қай

ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады» [1, 6].

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оны елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та атап өткен болатын: «Біз көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз»[2, 24].

Орыс тілі көптеген жылдар бойы мемлекеттік тілмен салыстырғанда басым қолданыста жүріп келді. Халықтың 90% орыс тілін жетік меңгерген. Қазақ тілінің жайы өзгеше. Ол тек қағаз жүзінде жүргізілді. Қолданыстағы жағдайы нашар. Осыған орай мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар, жобалалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев салып берген бұл бағдарлама қазақ тіліне үлкен басымдылық беріп отыр.

Тілдер гармониясы. Тілдер гармониясы дегеніміз – тілдердің үйлесімде бірлесіп өмір сүруі. Бұл көпұлтты мемлекетке тән құбылыс. «Ұлттардың бір-бірінен тілдік айырмашылығы олардың кеңістіктегі гармониялық бірлігін де қамтамасыз етеді. Дүниенің сұлулығы, табиғаттың кереметі – ондағы сан алуан түстердің гармониясы болуымен құнды десек, адамзаттың рухани әлемнің байлығы – әртүрлі ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерінің гармониялы дамуымен де ерекше»[1, 6].



Орыс тілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр.

Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі.

Өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін білеміз, салт-дәстүрімен таныс боламыз.

Тілдердің функциясын арттыруға бағытталған бағдарламалардың бірі – «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

Байқап отырсақ, білімнің негізі отбасы, саябақтар мен балабақшадан бастау алады. Бала «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, алғашқы сөздерді қай тілде меңгеріп, үйренсе, сол тілге жақын тұрады. Сондықтан отбасында, балабақшаларда қазақша сөйлеулеріне назар аудару керек. Бастауыш сыныпқа келген бала сөздік қорын толықтырады, білімін жүйелейді, жаңа ілім-білімге ұмтылады. Қазақ тілін меңгеріп келген бала, білімін ары қарай осы тілде жалғастыруды қалайды. Яғни, баланы, балабақша жасынан бастап қазақ тілінде сөйлеуге бағыттау керек. Осы арқылы біз 100% қазақ тілін меңгерген азаматтарды тәрбиелейміз. Ол келер он – он екі жылдан соң қазақша сөйлейтін қоғамның кепілі болмақ.

Орыс тілі мен ағылшын тілі мектеп қабырғасында жас ерекшелігіне қарай оқытыла бастауы керек. Сонымен қатар, тек грамматикасын меңгертіп қана қоймай, мұғалімдер оқушылардың еркін сөйлеп, өзіндік пікірін білдіре алатын дәрежеде оқытылып шығуларына баса назар аударғаны жөн. Бұл шараның іске асуы, нәтижелі болуы барлық жағдайдың жасалуын қажет етеді. Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген азамат шет елде білім алып,

ел экономикасымен, саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады. Тілді білудің ерекшелігі де осы. Сондықтан жастарды тілге баулу, еркін сөйлеуге машықтандыру балабақшада, мектеп қабырғасында, оқу орындарында қолға алынып, жүзеге асырылуы қажет.

Мектеп қабырғаларында аталған үш тілді оқытуға қатысты түрлі алғашқы жұмыстар бастауын алып кетті.

Ағылшын тілі Қазақстанда оқу орнында әрі оқыту тілінде, әрі арнайы пән ретінде де қолданылады. Қарым-қатынас және ақпараттық қызмет атқара отырып ағылшын тілі Қазақстан өміріндегі көптеген қоғамдық-экономикалық салаларда белсенді қолданылып келеді. Мәселен, туризм, қонақүй кәсібі, шетелдік серіктестермен жұмыс істейтін кеңсе, фирмаларда[3, 14].

Саяси, іскери, іс-қағаздар және жарнама салаларында ағылшын тілі орыс тілімен қатар имидж қалыптастыру, ақпараттық, ықпал ету қызметтерін атқарып келеді.

Ал бұқаралық ақпарат құралдарында ағылшын тілі ақпараттық-прагматикалық, характерлік қызметтерде тек жылдам ақпарат қана беріп қоймай, оқырмандарға оң ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары ағылшын сөздерін қолдану арқылы оқырмандардың іс-әрекеттеріне, қызығушылықтарына әсер етеді.

Ұсынылып отырған үштілділік көпұлтты Қазақстанда ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтудың маңызды факторларының бірі болып саналады. Сонымен қатар жоғарыда аталған тілдерді дамытуға берілген артықшылықтар басқа ұлт тілдері назардан тыс қалатынын білдірмейді. Қазақстанда әр ұлттың тілі мен мәдениетінің дамуына жан-жақты жағдай жасалған.

Осылайша қостілділіктен үштілділікке көшу әрекеті әр қазақстандық азаматтың үш тілді меңгеру идеясына меңдей түскенін байқатса, мектеп пен арнаулы, жоғары оқу орындарындағы жүйе осыған жағдай жасап отыр. Басты мақсат – Қазақстан экономикасының қарқынды дамуына ықпал етіп, оның әлемдік кеңістіктегі бәсекелестігі арттыру және етене енуге жағдай жасау[4, 3].

Мамандардың айтуынша, үштілділік қазіргі қоғамда тамыры тереңге бойлап, болашаққа апарар көпір қызметін атқаруда. Бәсекеге қабілетті, білімді, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі заманның басты міндеті.

Адамның ақпаратты қалай тауып, өндеп, сақтай алатыны туралы танымдық дағдыларға қатысты бірнеше зерттеулер бар. Когнитивті психологтер тілді меңгеруге арналған діл модулінің жоқ екеніне сендіріп отыр. Нақтысын айтқанда, оқу мен ойлау үдерісі когнитивтік (танымдық) үдерістерге негізделген. Ана тілін немесе екінші/ қосымша тілді үйрену өзара ұқсас үйрену үдерістеріне негізделген; өзгешелігі – үйрену жағдайлары мен оқушылардың алдағы алған білімі жаңа тілді ұғынуға қатысты қалай әсер ететінінде болып табылады.

Шетел тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемдері (немесе CEFR) тілдерге қабілеттіліктің нақты, мақсатты көрсеткішін қамтамасыз етіп, екінші тілді меңгерген уақытта жиі қолданылады. Ол Еуропа Кеңесімен бірлесе құрастырылған және бүкіл әлемде оқушылардың тілдік дағдыларын сипаттау үшін қолданылады. Шетел тілін меңгеру деңгейін анықтаудың жалпыеуропалық өлшемдерінің межелігі коммуникативтік мәнмәтіндерді жан-жақты талдаумен, тақырыптармен, мақсаттарымен міндеттерімен, сонымен қатар қарым-қатынас кезінде өзіміз сүйенетін білім мен дағдылардың жан-жақты сипаттамаларымен бірге тіркеледі. Бұл мұғалімдерді дайындауда шетел тілінің білім бағдарламасын қайта жасауда және оқу материалдарындайындауда Шетел тілін меңгерген деңгейді анықтаудың жалпыеуропалық өлшемдері межелігінің не үшін қолданылатынын түсіндіреді. Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық өлшемдері дайын шешімдерді ұсынбайды, алайда олар әрқашан нақты мәнмәтіндердің талаптарына бейімделген болуы тиіс.

Алты деңгей бар: A1, A2, B1, B2, C1, C2

Тәжірибелі қолданушы:

C2 - кез келген естіген немесе оқыған хабарламаларды оңай түсінеді. Хабарламаны еске түсіре отырып, әртүрлі ауызша және жазбаша деректер арқылы ақпаратты қорытып талдай алады. Күрделі жағдайларда қажетті мағыналық реңктерді айқындай отырып, ойынеркін жеткізе алады.

C1 - әртүрлі тақырыптағы күрделі және көлемді мәтіндерді түсінеді, астарлы мағыналарын біледі. Сөздер мен сөз тіркестерін қолдану кезінде ешқандай кедергісіз өз ойын тез жеткізе алады. Тілді әлеуметтік, ғылыми және кәсіби қызметінде шебер және тиімді қолданады. Күрделі тақырыптар бойынша нақты, дұрыс құрылымдалған, жан-жақты мәтіндер құрастыруда лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгергенін көрсетеді.

Тәуелсіз қолданушы:

B2 - абстрактілі және нақты тақырыптардағы күрделі мәтіндердің, оның ішінде өзінің саласына қатысты техникалық мазмұндағы мәтіндерді талқылаулардың негізгі идеясын түсінеді. Өз ойын еркін және тез жеткізе алады, тілдің өкілдерімен кедергісіз, еркін қарым-қатынас жасай алады. Әртүрлі тақырыптарда нақты және негізгі мәселеде өзі ойын анық білдіріп, әртүрлі нұсқалардың артықшылығы мен кемшіліктерін көрсете алады.

B1 - жұмыста, мектепте, демалыста және т.б. жағдайларда тұрақты түрде талқыланатын таныс тақырыптардағы стандартты хабарламалардың негізгі ойын түсінеді. Сол тілде сөйлейтін елге барғанда кездесуі мүмкін көптеген жағдайларда абыржымайды. Өзіне таныс немесе өзін қызықтыратын тақырыптарға байланысты ойын жеткізе алады.

Базалық қолданушы:

A2 - өмірдің негізгі салаларына байланысты жекелеген сөйлемдер мен жиі қолданылатын сөз тіркестерін түсінеді (мысалы, өзінің жеке басына қатысты ақпарат, отбасы, сауда, жергілікті мекенжайы, жұмысқа орналасу және т.б. туралы). Қарым-қатынас барысында өзіне таныс немесе тұрмыстық тақырыптарға қатысты тікелей ақпарат алмасуды қажет ететін қарапайым күнделікті міндеттерді шеше алады. Қарапайым сөз тіркестерімен өзінің өмірі, өзінің жұмыс орнына қатысты, сондай-ақ өзге де тез шешуді қажет ететін мәселелерді талқылай алады.

A1 - белгілі бір нақты бағыттағы қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған күнделікті өмірдегі таныс сөздер мен негізгі сөз тіркестерін түсінеді және қолданады. Өзін және өзге адамдарды таныстыра алады, сондай-ақ жеке өміріне қатысты сұрақтар қойып, оларға жауап бере алады, мысалы, тұрғылықты мекенжайы, таныс адамдар және адамның нені меңгергендігі туралы. Егер адамдарақырын және анық сөйлесе, қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасай алады, көмекке келуге дайындығын білдіреді.

Көріп отырғамыздай, тілді пән ретінде оқытудан басқа, өзге де пәндерді түрлі, яғни, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту арқылы тілдердің үштұғырлығына қол жеткізу көзделген. Сонымен қатар, мектеп кітапханасының үштілді ресурстармен қамтамасыз етуі оқушыларға кез келген мәтінді, шығарманы түпнұсқадан оқуға жағдай жасап, білімін ұштауға мол мүмкіндік ашады әрі шетел жазушысының шығармасы болса, терең эстетикалық ләззатті сезінуге жол ашады.

Сабактан тыс шараларда, факультативтерде, үйірмелерде үш тілді бірдей қолдану, іс-қағаздардың үш тілде жүргізілуі тілді білуді әрі қолдануды қажет етеді. Бұл шаралар тілдердің қолданысы мен дамуына жағдай жасайды және осы жұмыстарды еліміздің барлық мектептеріне енгізу – үштілділік бағдарламасын іске асырудың жолы болмақ.

Қорыта келгенде, Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің үштұғырлылығы. Бағдарлама қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруді көздеп отыр. Көпұлтты мемлекет үшін бұл - қалыпты жағдай. Тілдердің бірлік пен үйлесімде өмір сүруі және бір-бірін ығыстырмауы тілдер гармониясын құрып, солай аталып та жүр.

Басымдылық мемлекеттік тілге беріліп отырғаны баршаға белгілі. Ағылшын тілін меңгеруге ден қойылуда. Алайда, Қазақстан жерінде тұратын азаматтардың басын біріктіретін тіл ретінде қазақ тілі көш бастауы керек. Келер ұрпақтың мемлекеттік тілде сөйлеуі заман талап етіп отырған жағдай. Елбасымыз атап көрсеткендей: «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл заман талабы»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақиқат. 2011жыл, №4. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл», ф.ғ.к. М.Салқынбаев.
2. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
3. Абишева К.М.,Рахимжанов К.Х.,Акошева М.К. Функции языков как компонентов трехязычия в коммуникативной среде РК. // Сборник материалов Республиканской научно-теоретической конференции Теоретико-практические проблемы полиязычия в языковой политике Казахстана. Алматы: 2012, 27 б.
4. Назарбаев Н. А. Толерантность как фактор мира // Казахстанская правда. 2006. 13 июня.

ДИСКУРС ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Тағжанова Ғалия Бектасқызы

«Гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі,

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш. 52

Мақалада тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі дискурс мәселесі жан-жақты талданып, дискурстың түрлеріне сипаттама беріледі.

Түйінді сөздер: дискурс, дискурс типтері, мәтін, ауызша дискурс, жазбаша дискурс, классификация, қарым-қатынас.

ТЕОРИЯ И ВИДЫ ДИСКУРСА

Тағжанова Ғалия Бектасқызы

Старший преподаватель, магистр гуманитарных наук кафедры «Гуманитарных дисциплин»

Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актобе, ул. Айтеке би 52

В данной статье рассмотрено новое направление языкознания «дискурс» и даны определения типам дискурса.

Ключевые слова: дискурс, типы дискурса, текст, словесный дискурс, письменный дискурс, классификация.

THE THEORY AND TYPES OF DISCOURSE

Tagzhanova Galiya Bektaskyzy

*Master of arts, senior lecturer at the Department of «Humanitarian subjects»
Kazakh-Russian International University, Kazakhstan, 030006, Aktobe, st Aiteke bi, 52*

A new direction of linguistic studies “Discourse” is widely considered and determinations to the types of article decided discourse are given in this article.

Keywords: discourse, types of discourse, text, written discourse, verbal discourse, classification

Тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі – дискурс. Қазіргі таңда дискурсты қолданыс аясына байланысты бірнеше түрге бөліп жүргендігі белгілі. Дискурс жанрлары екі үлкен топқа жіктеледі:

I. Коммуникативтік жанрлар: ауызша дикурс және жазбаша дискурс

II. Институционалды дискурс: 1. Ғылыми, академиялық дискурс; 2. Әскери дискурс; 3. Педагогикалық дискурс; 4. Шешендік дискурс; 5. Медициналық дискурс; 6. Іскери дискурс; 7. Саяси дискурс; 8. Дипломатиялық дискурс.

Институционалды дискурс мәртебелі-рөлдік қатынастар аясында жүзеге асырылады және қарым-қатынасқа қатысушылар мен олардың мақсаттары сияқты екі негізгі белгісімен ерекшеленеді.

В.И.Карасиктің ойынша институционалды дискурс дегеніміз – бір-бірін білмеуі мүмкін, бірақ берілген әлеует нормаларына сай қарым-қатынас жасайтын адамдар арасындағы байланыстың арнайы клишелік түрі.

«Институционалды дискурс әлемнің кәсіби көрінісімен танылатын, іскери мәдениеттің базалық ұғымдарымен өзекті, кәсіби бағытталған ойлар мен концепттер, іскери қарым-қатынасты басқарушы институционалды және тұлғааралық мінез-құлық нормалары, схемалар, фреймдер, стереотиптік жағдаяттар, формулалар, арнайы тезаурустан тұратын нормаларды шығармашылық жақтан қадағалау үдерісі» [1].

Институционалды дискурстың заңды, медициналық, іскерлік, жарнамалық түрлерімен қатар ғалымдар саяси дискурсты ерекше атап көрсетеді, оны зерттеумен көптеген саясаткерлер, әлеуметтанушылар, психологтар мен лингвистер айналысады. Саяси дискурстың негізін кембридж және оксфорд философия мектептерінің өкілдері салған болатын.

В.И. Карасик, Е.И. Шейгал, П.Б. Паршин сынды танымал лингвистердің еңбектеріне назар аударатын болсақ, қазіргі ғылымда «саяси дискурс» түсінігі мен термині жоқ екендігін аңғаруға болады.

А.И.Баранова мен Е.Г.Казакевичтің айқындауы бойынша, саяси дискурс – саяси дискуссияда қолданылатын барлық сөйлеу актілерінің жиынтығы, сонымен қатар, көпшілік алдындағы саясат ережелері.

Дискурстың басқа түрлеріне қарағанда саяси дискурс барлық халықтың мәдениетінде қазіргі кезде кең етек жая қойған жоқ. Саяси дискурс – дискурстың институционалды түрінің бірі. Егер дербес дискурс қабырғасында сөйлеуші өз ішкі жан дүниесінен шыққан ойдың иесі болса, институционалды дискурста сөйлеуші әлеуметтік ортаның өкілі боп табылады. Саяси дискурс – билікті одан әрі бекіте түсу және оның бар екендігін көрсету мақсатындағы ауқымды дискурс.

Голланд тілші ғалымы Теон Ван Дейк: «Саяси дискурсты – әлеуметтік ортадағы, нақты айтқанда саясаттағы жанрдың бір түрі» [2], - деп көрсетеді. Үкіметтегі сараптаулар, парламенттегі дебаттар, партиялық бағдарламалар, саясаткерлердің сөздері, т.б. мұның барлығы саясат шеңберіндегі жанрлар. Саяси дискурс – бұл саясаткерлердің дискурсы. Саяси қатынаста саяси акт пен саяси орта сақталған кезде ғана дискурс «саяси» болады. Саяси дискурстың қоғамдағы мақсаты азаматтарды жасалатын ісінің саяси дұрыстылығына сендіру. Қоғам мүшелерінің саясатқа сенімін арттыра отырып, ниетін оятып, іске көшуге жаңа бағыттар ұсынылуы арқылы жүзеге асады. Саяси ортаның сөйлеушісінің сөзі неғұрлым өтімді, нақты, сенімді болуы қажет. Т Ван Дейк: «Саяси дикурстың идеологиялық сараптамасына парламентте өтетін дебаттың қызықты материал болатындығын айтады, өйткені ол – саяси партия өкілдерінің әлеуметтік танымын көрсететін нақты көрінісі» [2].

Саяси дискурс – күнделікті өмірдегі құбылыс. Билікке талас – ең маңызды тақырыбы және қатынас төңірегіндегі саяси ортаға негізделген уәж болып табылады. Өмірде қоғам қаншалықты ашық, демократиялы болса, соншалықты саясат тіліне көп көңіл бөлінеді. Саяси дискурсқа саясаттағы адамдар ғана емес, тілшілер, саясаттанушы және қайраткерлер де қызығады.

Саяси дискурс мәселесінің тууына себепші болған ғалымдар саяси қатынас, герменевтика, әлеуметтану, семиотика, саяси дискуссия төңірегіндегі жазылған еңбектері аса маңызды рөл атқарды. Олар: Т. Ван Дейк, Д. Говард, Г. Ласуэлла, М. Маклюэна, Ф. Уэбстер, М. Фуко, Ю. Хабермас т.б. Ресей ғалымдарының ішінде: М.М. Бахтин, Ю.М. Лотман, И.П. Смирнова, Ю. Руднева т.б. Қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де дискурс теориясының мәселелері арнайы зерттеу нысанына алынып та, өзге мәселелерді сөз ету барысында да талданып жүр. Атап айтсақ: Смағұлова Г.Н., Ерназарова З.Ш, Әзімжанова Г., Есенова Қ., Жұмағұлова Б.С., Бүркітбаева Г., Садирова К.Қ., т.с.с көптеген ғалымдар қарастырған.

Көрсетілген дискурс типтерінің классификациясы қазіргі заман лингвистикасында дискурсқа деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді.

«Дискурс тілдік феномен ретінде өзі әртүрлі ауысымдардан (мәтін, интеракцияға қатысушылар) тұрады да, осы ауысымдардың қатынасы мен бірігуіне байланысты дискурстың жоғарыда көрсетілген түрлері (типтері, топтары) пайда болады. Осындай типтердің бірі – іскери дискурс.

Іскери дискурсты жан-жақты қарастырған Г.Г.Бүркітбаева оған мынадай анықтама береді: «Іскери дискурс – белгілі бір адамдар тобымен белгілі бір коммуникативтік-интеракциялық жағдайда жүзеге асқан дискурстың арнайы жанрларда көрініс тапқан нақты ұғымы». Іскери дикурс – ұжымдық ортада, қызмет бабында, ресми қатынастағы әңгімелерде қолданылатын сөздің ерекше түрі» [3].

Іскери дискурс дегеніміз – жалпы сипаттамасы іскери қарым-қатынас (тауар өндіру, өндірісті қаржыландыру, ақшалай қарыз беру, сауда, сақтандыру, коммерция, өнімдерді, қызметтерді сату мен сатып алу, келіссөздер жүрізу) болып табылатын мекеменің өзін ғана емес, басқа мекемелермен, іскери қоғамдастықта бекітілген байланыс нормалары мен ережелерін сақтай отырып, мекемелер мен жеке тұлғалар арасындағы байланысты қамтитын белгілі мақсаттарға бағытталған статустық-рөлдік іс-әрекет.

Іскери дискурс – менеджмент, маркетинг, экономика, сауда, іскерлік саласында арнайы мамандардың байланыстарының өзегін құрайтын жанрлар жүйесі.

Іскери дискурстың маңызды ерекшеліктері төмендегідей:

1. Нақты бір салада әрекет етеді;
2. Өзіндік лексикасы қалыптасқан жүйе;
3. Статустық-рөлдік қарым-қатынас;
4. Нақты мақсаты мен қатысушылары бар;
5. Нақты нормаларды/ережелерді сақтау;
6. Тұрақты, дәстүрлі, стандартты;
7. Мәтіні, коммуникативтік жағдаяты бар;
8. Академиялық, медиалық, қоғамдық, құжаттық, кәсіби, әдеби сипаттарға ие;
9. Ақпараттық, әлеуметтік, субмәдени байланыстылық тән;
10. Интегративтілік тән.

11. Көпфункционалдылық, полиинтенционалдылық, инструменталды, бағыттаушы, конвенционалдылық беріледі

Осы сияқты дискурстың тағы бір кең тараған түрі – ғылыми дискурс. Негізінен қарым-қатынастың жазба түрінде жүзеге асады, ал ғылым - білім саласындағы негізгі жаңалықтары ғылыми мақалаларда жүзеге асады. Қазіргі таңда ғылыми дискурстың ауызша түрі семинар, конференция, дөңгелек үстел, симпозиум тәрізді түрлерінің өтуімен бұрынғыдан гөрі жанданып, ерекшеленіп отыр.

Кәсіби дискурсты зерттеу когнитивтік терминтанымның басты бағыттарының бірі болып табылады. Кәсіби дискурс деп біз белгілі бір сөйлеу нормалары қалыптасқан, ойлау, көңіл-күй, мінез-құлық ерекшеліктері бар кәсіп иелерінің өзара қарым-қатынас үдерісі деп түсінеміз. Кәсіби дискурс түрлері кәсіби іс-әрекет саласына байланысты анықталады. Мәселен, медициналық дискурс, педагогикалық дискурс, саяси дискурс т.б. атауға болады.

Кәсіби дискурс қарым-қатынасқа түсушілердің ең болмағанда біреуінің арнайы дайындығына негізделеді және қарым-қатынас сол арнаулы сала шеңберімен шектеледі. Кәсіби сөйлеудің төмендегідей төрт өлшемін бөліп көрсетуге болады: 1) ғылым саласын кәсіби деңгейде меңгеру; 2) қарым-қатынас құралы; 3) жұмыс сапасын кәсіби бағалау; 4) қарым-қатынастың кәсіби маркерленген стратегиясы; 5) өзін-өзі танытуы.

Бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы – мәтін қолданыла келе тілші, теледидар, радио, ғаламтор, пресса арқылы таратылады. Мысалы: тілшілер, саясаткерлер, кәсіпкерлер (көбіне БАҚ мамандарының көмегімен) т.б. жазған сұхбат, газеттегі аналитикалық

мәселелерді жатқызуға болады. Тілшілер қарастыратын жағдайларында тындаушылардың назарын мәселеге аударып, оның шешілу жолын ұсынады.

Көркем дискурс туралы К.Садированың еңбегінде мынадай мәліметтер келтіріледі: «Көркем дискурс не көркем шығарма дискурсы дегеніміз – лингвистикалық, когнитивтік, эстетикалық жазба кодтар арқылы көрініс беретін болса, көркем фильм дискурсының жанрына қарай мәтінде алдыңғы екі кодтардың тіл арқылы берілу мүмкіндігі сақтала отырып, үшінші эстетикалық код – экстралингвистикалық құралдар арқылы ғана көрініс береді. Ал, көркем әдебиет дискурсы дегеніміз – өмір шындығын, табиғат көркін, жағдаятты, экстралингвистикалық жағдайды, бейвербалдық әрекеттерді, бүкіл болмысты тілмен жеткізу – оқырманмен диалогқа түсу, оқырманның авторды түсінуі, баяндалушы нәрсені қатесіз қабылдауы» [4].

Педагогикалық дискурс – қарым-қатынасқа түсуші жақтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты жүзеге асатын белгілі бір мәнердегі тілдесім түрі. Біздің түсінігіміздегі педагогикалық дискурс – ЖОО білім беру кеңістігінде қалыптасқан білім беру үдерісі субъектілерінің құндылықтық қатынасы, бұған педагогикалық мақсат, педагогикалық болжам, студенттердің кез-келген педагогикалық немесе басқа да әлеуметтік құбылыстарды мәдениеттанымдық қабілет тұрғысынан бағалай білуі де жатады.

Мұндай тәжірибе студент пен оқытушының әлеуметтік және педагогикалық шындыққа жету үшін бірлескен шығармашылық тәжірибесі деп саналады.

Педагогикалық дискурсты сипаттауда мынадай аспектілерге көңіл бөлеміз: мақсат, білім беру ортасы, білім беру мазмұны, тілдесімге қатысушылар, тілдесім жағдайы, педагогикалық өзара әрекеттестіктің стилистикалық ерекшеліктері.

Педагогикалық дискурстың мақсаты жалпы білім беру мақсатына сәйкес үш компонентті құрайды: кәсіби салада – білім беру үдерісіне қатысушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру, қоғамдық салада – қоғам мүшесі жеке тұлғаны әлеуметтендіру, жеке өмірі жағында – өзіне-өзі сенімді жеке тұлғаны қалыптастыру. Педагогикалық дискурстың жалпы мақсаты адамның психофизиологиялық, әлеуметтік және жеке қасиеттерінің алуан түрлілігіне қарай толық тұтас адам болып қалыптасуына жағдай туғызу.

